

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті

ӘОЖ 378.016:821.512.122

Қолжазба құқығында

АЙТЕНОВА ДИНАРА ОРАЗБАЕВНА

**ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында
оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері**

«8D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі PhD доктор
Мыңбаева Ақбілек Пазылхановна

Ғылыми кеңесшісі PhD доктор
Нұриман Бекарыс

Шетелдік ғылыми жетекшісі
профессор Хулио Касапоглу Ченгел

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ	5
1 ҚАРАХАН ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	14
1.1 Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипаты.....	14
1.2 Қарахан дәуірі мұраларының зерттелуі, жүйеленуі және оқытылуы.....	22
1.3 Қарахан дәуірі туындыларының аксиологиялық негіздері.....	29
2 ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ҚАРАХАН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	36
2.1 Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың философиялық және әдіснамалық негіздері.....	33
2.2 Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері.....	51
2.3 Жаңа гуманитарлық білім беру аясында Қарахан әдебиетін оқытудың психологиялық бағыттары.....	76
3 ҚАРАХАН ДӘУІРІ МҰРАЛАРЫН МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	92
3.1 ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мазмұны мен тұлға құзыреттілігін дамыту шарттары.....	92
3.2 Қарахан дәуірі мұраларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	106
3.3 Қарахан дәуірі мұраларын жеке пән ретінде оқыту эксперименті: кешенді жұмыстар жүйесі, нәтижелері мен қорытындылары.....	127
ҚОРЫТЫНДЫ.....	152
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	156
ҚОСЫМША.....	167

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007ж.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. – Астана, 2011ж.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білі беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004ж.

Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2003ж.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы.

07.12.2010ж. ҚР Президентінің №1118 Жарлығы, Астана.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген. Астана.

Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994ж.

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы, 1996ж.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген.

Кредиттік технологияны оқытудың оқу үрдісін ұйымдастыру ережелері (2011ж.).

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген.

Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер мен PhD докторларын нысаналы даярлау тетігі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2012 жылғы 22 мамырдағы №235 бұйрығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер (2013ж.).

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертациялық жұмыста төмендегі терминдер және олардың анықтамалары қолданылған:

Әдіс (көне грек тілінде метод – зерттеу жолы таным зерттеу объектісінің қозғалыс заңдарынан туындайтын теориялық және практикалық қызметті игеру формасы).

Әдіснама – грек сөзінен алынған, әдіс туралы ғылым немесе әдіс теориясы деген мағынаны білдіреді. Философиялық инциклопедияда: әдіснама – дүниені философиялық тұрғыдан түсіндіретін ілім деп анықтама беріледі.

Білім беру парадигмасы (paradigm (латын тілінен модель, мысал, алгоритм, эскиз дегенді білдіреді) - білім берудің тұжырымдамалық эскизі. Бұл тұжырымдаманы Колесникова енгізген. Білім беру парадигмаларын қалыптастыру адам мен әлем арасындағы өзара әрекеттесудің әртүрлі тәсілдерін игеру процесінде жүзеге асырылады. Әр парадигма әлемді, педагогикалық объектілерді қабылдаудың, олардың мәнін түсінудің әртүрлі түрлеріне сәйкес келеді.

Мәдениетке қатысты амалдар: 1) аксиологиялық; 2) әрекеттік; 3) тұлғалық. Парадигмалар: 1) дәстүрлі-консервативті (аксиологиялық әдіске сәйкес) білім беру арқылы мәдениетті сақтау; 2) рационалистік (әрекеттік амал) – негізгі назар білімге емес, іс-әрекет тәсілдеріне аударылады; 3) феноменологиялық (тұлғалық амал) - мәдениет құбылысы, адамға тәрбиенің мәні ретінде адамгершілік қарым-қатынас.

Функционалдық сауаттылық. Адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуына және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор, яғни қазіргі жаһандану дәуірінде уақытпен бірге жүреді. Басшылыққа алатын функционалдық қасиеттер: белсенділік, шығармашылық ойлау, шешім қабылдау қабілеті, мамандықты дұрыс тандай білу, өз білімін қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолдана білу және т. б.

Мета іс-әрекет – «пәннен жоғары» болып саналатын әмбебап іс-әрекет. **Метабілім** – білім туралы, оның құрылымының қандай болатындығы және құрылымданғаны туралы білім; білімді меңгеру туралы білім, яғни танымның амалдары мен әдістері (когнитивті біліктер) және олармен жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы білім (философия, әдіснама, көпсалалы ғылым).

Кәсіби білім беру – бір мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандарттары мен бағдарламаларының талаптарына сәйкес маманның кәсіптік білімін, дағдылары мен дағдыларын меңгеру процесі.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Әлемдік даму кеңістігінде технологияның дамып, жаһандану бағыты мен бәсекеге кірігуі Тәуелсіз Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін қалыптастыру міндеттерін алға қойды. Білім беру парадигмасы өзгеріп, жаңартылған білім мазмұны қолға алынды. Оқу мен оқыту білім алушыны субъект ретінде, өзін-өзі өзектілендіре отырып, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталды. Жаңа білім парадигмасы бірінші кезекте адамның білім, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын және функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасуын қарастырады. Қазіргі таңдағы білім мен бәсеке, білім алушы болашақ маманның мемлекет мүддесі мен ұлтқа қызмет ету мақсатын берік ету талаптары жоғары білім беру жүйесінде шұғыл түрде өзгерістер енгізуді талап етуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды енді шетінен ұлттық жобалар форматына көшіру жүзеге асырылып келеді. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында енді кезек күттірмейтін мәселелер қарастырылып, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы бәсекелестікті арттырып, дамыған елдердің оқу орындарының дәрежесіне көтеруге күш салынатыны айтылды [1]. Бұл жаңа гуманитарлық білім аясында әдебиетті оқыту, этникалық-мәдени білім беру мәселелерін де қамтиды. Тоқаевтың айтуы бойынша «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында біздің елімізде этникалық-мәдени білім кеңістігін қалыптастырудың маңыздылығы баса көрсетілген [2]. Бұл мәселе, әсіресе қазақстандық қоғамда қазақ тілін жетік білетін, ұлттық-мәдени сипаттарды толық меңгерген білікті маманды, ұлтқа тән ерекшеліктерді сақтаған кемелді тілдік тұлғаны қалыптастыру үшін білім беру жүйесін, кәсіби мамандар даярлауды жетілдіруді, білім беру қызметін үздіксіз жүргізуді талап етіп отыр». Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында: «... іргелі және әмбебап білімді қайтадан саралап, оның өрісін кеңейте түсуді, сөйтіп бұл істі білім беру жүйесі арқылы жүзеге асыруды талап етеді» [3] делінген.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің жұмысы әлемдегі дамыған елдердің көрсеткішімен деңгейлес. Білім беру ісі барынша ізденіске негізделген, қоғам мүшелерінің түсінік-талабы да жоғары: әр азамат өзінің және ұрпағының білімді және өз білімінің қоғамға, адамзатқа қызмет етуін алдыңғы орынға қояды. Қазіргі уақытта педагогика оқытудың озық әрі белсенді үлгілерін: жаңа әрі белсенді оқыту технологиялары, білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған оқыту принциптері мен заңдылықтарын тұлға ерекшеліктерін ескере отырып қолдануда.

Қазақстан Республикасында білікті мамандар даярлауға, орта және жоғары білім беру жүйесінде білім берудің әдіснамалық негіздерін жаңғыртуға бағытталған нормативтік құжаттарда, білім беруді ізгілендіру, кәсіптік шеберлік, адами құндылықтарды жоғары қоятын, елжандылық, ұлтты сүю мен елдіктің мүддесін ойлау қасиеттері жоғары қоғам мүшесін қалыптастыру міндеттерін алға қойылуда.

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бірден-бір жолы – дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану есебінен тұлғаның ой-өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсендірудің, оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдіснамалық негіздерін, әдістемесін жасау болып табылады.

Жеке тұлға – өзіндік құндылық, ел болашағы. Тәуелсіздік жылдарында білім беру ісін қайта қарау, оқу-тәрбие процесіне жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту технологияларын енгізу мен шығармашыл әрі көшбасшы, кез келген жағдаяттан шешім таба білетін жеке тұлғаны дамытуға үлкен мән берудің өзі елімізде болып жатқан реформаларды, оның ұлттық болмысымызбен үндестігін зерттей отырып, тың шешімдерге батыл қадам жасап, жаңаша тұрғыдан қарастыруды талап етуде. Жаңартылған білім беру мазмұны – әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын, қоғамдағы сүбелі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Бұл мәселе қай кезде де өте өзекті болып табылды. Ұлы дала төсіндегі өркениеттің басты мәселесі елдікті сақтау, ұрпақ тәрбиесі берік етіп, білімін дамыту болғанын ежелгі ұлы ойшылдарымыз әл-Фараби, Ж.Баласағұн еңбектерінен айқын байқасақ, адамгершілік, ізгілік, білімімен «кемел, толық адам» ұлы Абайды ерекше толғандырғанын жақсы білеміз.

Қазақ педагогикасы үлкен тәжірибе мектебінен өтті. Көрнекті педагогтер К.Х.Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинскийлердің жеке тұлға қабілеттерін дамытудың жолдары қарастырған, алаштың біртуар азаматтары А. Байтұрсынұлы оқыту негіздерін, Ж. Аймауытов психология тағылымын, педагог-ғалым М. Жұмабаев тұлға шығармашылығына тұлға ерекшелігіне қарай дамытуға бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізгенін өте жақсы білеміз. Оқу процесіне жеке тұлғаның дамуына бағытталған технологияларды енгізуді В.П.Беспалько, П.С.Селевко, В.М.Монахов, В.М.В.Кларин, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов т.б. қарастырса, Қазақстанда Ж.А.Қараев, М.М.Жанпейісова, Т.Галиев, Н.Н.Нұрахметов, А. Қыраубаевалар т.б. теориялық және практикалық жағынан дәлелдеп беріп отыр және осы тәжірибе біздің әдебетті оқыту ісімізде де негізге алынады.

Әлемге танымал психологтар мен педагог ғалымдар Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин т.б. жеке тұлғаны дамыту мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаған болса, бұл ізденісті қазақстандық көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев, С.Қ.Қалиев, К.Ж.Қожахметовалар, Қ.Бітібаевалар өз еңбектерінде тың тұрғыда қарастырды. Сонымен бірге, оқыта отырып, тұлғаның қабілеттерін, шығармашылығын дамыту мәселесі Ш.А.Амонашвили, В.С.Библер, А.В.Петровский, Г.А.Давыдова және т.б. еңбектерінде, өмір және білім сапасы Дж.Локк, Д.Дьюи, А.А. Макаров, А.И.Субетто еңбектерінде қарастырылды. Қазақстанда бұл

мәселеге назар аударған ғалымдар М.Ә.Құдайқұлов, Ж.Ү.Кобдикова, Е.Ө.Жұматаева, Б.А.Тұрғынбаева, А. Рысқалиева, Н. Оразақинова және т.б.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, пәнді оқыту ерекшеліктері мен жеке пәнді оқытуда білімді игеру әрекеттері мен тұлға шығармашылығын дамытуға олардың арнайы тоқталмағандығын, гуманитарлық білім беру аясында филологиялық білім берудің педагогикалық, теориялық-әдіснамалық негіздерінің толық қарастырылмағанын байқадық. Осыдан келіп, жеке тұлғаның *субъект* ретінде өз шығармашылығын яғни, өзіндік іс-әрекетін жана білім технологиялары негізінде дамытуын ұйымдастыру, әдебиет пәнін игеру арқылы сапалы білім көзін меңгерту мен жаһандану жағдайында ортаға бейімділігін дамытуды жеке пәнді оқыту әдістемесі мен практикасы тұрғысынан ғылыми негіздеу тақырыбымыздың өзектілігін арттыра түсті. Біз көтеріп отырған проблема жоғарыда аталған зерттеулерге ғылыми-теориялық талдаулар және Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту барысында студенттермен жұмыс (сауалнама, зерттеу тапсырмалары, кері байланыс т.т.) нәтижесінде айқындалды: оқу процесіне жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын енгізуде студенттердің білім көздерін меңгеру белсенділігін арттыру мәселесінің жүйеленбеуі, тұлға шығармашылығы мен функционалды сауаттылығы бір-біріне байланыссыз жеке-жеке бағытта жүзеге асырылуы, тұлға болмысын қалыптастыруда меңгерілетін білім аспектілері арқылы оқу процесін гуманизациялаудың маңызы нақты немесе жете қарастырылмауы. Әдебиетті оқыту процесінің ішкі механизмдерін айқындайтын тұлғаға бағдарланған оқыту технологияларын ендіру алгоритмдерінің әдістемелік тұрғыда негізделуі әлі де жеткіліксіз деп есептейміз. Эксперимент барысында бой көтерген мәселелер, әдебиетті оқыту, оның ішінде ежелгі әдебиетті оқыту бойынша бірқатар іргелі және қолданбалы еңбектер жазылғанымен, оның ғылыми-педагогикалық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерінің бүгінгі қоғам талабына қарай әлі де болса терең зерттеліп, жинақталып, оқытушы қолданысына ұсыныла қоймағанын дәлелдейді.

Демек, жеке пәнді оқыту процесінде тұлғаның сапалы гуманитарлық білім алуы және өз білімін өмірде жарата білу креативтілігін дамыту тәжірибесінің үйлесімділік теңгерімі қалыптаспауы; тұлға болмысының ғылыми-теориялық, практикалық тұрғыдан кемелденуін кешенді түрде іске асыру мүмкіндіктерінің жүйеленбеуі; ЖОО-да жалпы әдебиетті оқыту әдістемесі қарастырылғанымен ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерінің уақыт талабына сай жеткілікті түрде зерттелмеуі; ЖОО-да жаңа гуманитарлық білім беру аясында ежелгі дәуір әдебиеті маманын даярлау қажеттілігі мен оны жүзеге асыру бағытында нақты нәтижеге қол жеткізетін тұжырымдама, бағдарламалардың, әдістемелік кешендердің жоқтығы; жеке пән ретінде оқыту мәселесі пісіп-жетіліп, айқын көрініп тұрған Қарахан дәуірі әдебиетінің оқытылуы өзге дәуір әдебиетінің тасасында қалып қоюы арасында қарама-

қайшылықтар айқын көрінеді. Біз өз зерттеуімізде аталған қарама-қайшылықтардың шешу жолдарын қарастыруды мақсат еттік. Қарахан әдебиетін оқытуды ғылыми-әдіснамалық негізде, теориялық-әдістемелік тұжырымға сүйене отырып, тұлға ізденісі мен шығармашылығын дамытуға, зерттеу және тың тұжырымдар жасауға қолайлы жағдай туғызу, тиімді оқыту технологиясы мен әдістерін пайдалану және жеке пәнді оқыту негізінде тұлға білімділігіне ықпал ету тиімділігін дәлелдеу керек деп санадық.

Осыдан қазіргі кезде белгілі бір пәнді оқытуда оның кезеңдік ерекшеліктеріне назар аудару, теориялық-әдістемелік негіздеріне сәйкестендірілген оқыту қағидаттарын саралап, білім беру технологиясын енгізу арқылы тұлғаның өміршең іс-әрекеттерін қалыптастыру мен шығармашылығын дамыту мәселесін теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеу қажеттілігі зерттеуіміздің маңыздылығын айқындайды. Сондықтан біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың тақырыбы **«ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері»** деп айқындалды.

Зерттеу нысаны: ЖОО оқу процесі

Зерттеу пәні: гуманитарлық білім беру аясында тұлға ізденісі мен шығармашылығын дамыту.

Зерттеудің мақсаты: ЖООда Қарахан дәуірін тереңдетіп оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру және сол дәуір мұраларын интерактивті технологияларды пайдалана отырып оқыту. Тамыры тереңде жатқан, ұлттық философиялық ой-сананың алтын бесігі болып табылатын, әдеби шығармалардың ерте дәуірден күні бүгінге дейінгі тарихын, стилі мен жанрын, өзіндік поэзиялық, прозалық ерекшеліктерін зерттеп қарастыру;

Зерттеу болжамы:

- Қарахан әдебиетінің философиялық мәнін жете түсінген студент, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді шеше алатын, кез келген жағдайға сыни көзбен қарай алатын тұлға болып қалыптасады;

- Тұлға ізденісін қалыптастыру, өз мамандығына қатысты ақпаратты меңгеру, зерттеу, өңдеу, қолдану қабілеттерін, зияткерлік деңгейін қалыптастыратын құзыреттіліктері дамиды;

- Әдебиеттің оқыту заңдылықтарын қарастыратын, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін дидактика, психология, педагогика, әдебиеттану, әлеуметтану, қоғамтану сияқты ғылым көздерін жан-жақты меңгеруіне мүмкіндік туады;

- жеке тұлға ерекшелігіне басымдық бере отырып, құзыреттілік жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін, мәселелерді шешу қабілетін, кәсіби қызметіне қажетті білім, білім, дағдыларын арта түседі;

Зерттеу міндеттері:

1 «инновациялық технология», «шығармашылық», «құзыреттілік», «әдіснама», «әдістеме» ұғымдарының мәні мен ара жігін ашу;

2 пәнді оқытудың теориялық-әдістемелік негізінде тұлға білімін арттыру және шығармашылық ізденісін дамытудың шарттары мен көрсеткіштерін айқындау;

3 жеке пәнді оқыту технологиясы арқылы тұлғаның ізденісі іскерлігі, функционалды сауаттылығы мен шығармашылығын дамыту;

4 гуманитарлық-филологиялық білім беру аспектілерін, білім беру парадигмалары негізінде, гуманизациялау қағидаларына сүйеніп, тұлғаның білім кеңістігін өрістетуге және шығармашылығын дамыту жөніндегі әдістемелік ұсыным жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда гуманитарлық білім беру, педагогикалық білім беру философиясы аясында құндылықтарды танып-білу мен гуманизациялаудың басты құралы ретінде жеке тұлғаға бағытталған білім парадигмалары мен жаңа технологияны тиімді пайдалану басымдық беру тұлғаның толық білім алуы, кемелденуі мен шығармашылығын дамытуына қолайлы жағдай туғызады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі: жеке тұлғаның әдебиетті меңгере отырып дамуы туралы, оның қоршаған ортамен, топпен қарым-қатынасы; оқу процесіндегі жеке тұлғаға бағытталған жүйелі іс-әрекет және оқу процесін гуманизациялау арқылы ерекшелігі мен құқығын мойындау; жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы оның шығармашылығын дамытуға қатысты тұлғалық, қарекеттік, танымдық теориялар.

Зерттеу көздері: зерттеу тақырыбы бойынша Қарахан дәуірі әдебиетіне қатысты философтардың, тарихшылардың, психологтардың, лингвист, түрколог, педагог, дидакт ғалымдар мен әдіскерлердің ғылыми еңбектері. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасы, гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Базалық жоғары оқу орындарында магистрлер PhD докторларын нысаналы даярлау тетігі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Сонымен қатар ежелгі әдебиет, Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту бойынша педагогикалық тәжірибе жұмысы, автордың педагогикалық зерттеу тәжірибесі.

Зерттеу жұмысының әдістері:

– философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді оқу және талдау жасау;

– пәнді оқытудағы озық педагогикалық тәжірибені анықтау, саралау және талдау;

– ЖОО білім беру құжаттары мен педагогикалық процестерге талдау жасау;

– сауалнамалар, топтық және жеке әңгімелесулер; жеке тұлғаны зерттеу әдістемелері; жеке тұлғаның таным процестерін, метабілімділік, құзыреттілік, интеллектуалдық-танымдық және қажеттілік-себептілік аясы деңгейін анықтау;

– Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін салыстырып, мониторингтік жүйеде жинақтау.

Зерттеу кезендері:

Бірінші кезеңде (2020-2021 жж.) - зерттеу тақырыбы таңдап алынып, бұл жөніндегі философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды. Зерттеудің ғылыми бағыттары анықталды. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту процесін тың бағытта қарастыру, технологияландыру, гуманизациялаудың, тұлға білімі мен шығармашылығын дамытудың өзектілігіне сараптама жасалынды.

Екінші кезеңде (2021-2022 жж.) - тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы дайындалып, Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту, жеке тұлғаның таным процестері, оқу мотивациясы, пәнге деген көзқарасын зерттеу әдістемелері топтастырылды. ЖОО білім алушысының нақты кезеңдегі даму деңгейі анықталды (оқу-техникалық базасы, оқу-әдістемелік кешендер, мамандардың сапалық құрамы, психологиялық микроклимат: студент-оқытушы, студент-ғалым, ғалым-ізденуші, студент-колоборативті орта негізіндегі өзара қарым-қатынастар). Оқытушы үшін жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу туралы педагогикалық-психологиялық, оқу процесіне және жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы бойынша ғылыми-әдістемелік оқыту жүйесі құрылды. Оқыту процесіне білім берудің белсенді түрлері енгізілді. Оқу процесін басқару және бақылау орталығы құрылды. Жұмыс топтарында педагогикалық консилиум өткізілді, зерттеу әдістемелеріне түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, тәжірибеден өткізілді. Оқушының жеке тұлғасының қажеттіліктерін қанағаттандыратын, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік туғызатын білім беру парадигмасы ескеріліп, оқыту технологиясы мен әдістері енгізілді. Оқыту процесінде жеке пәнді оқытуға, тұлғаға бағытталған тәжірибе-эксперименттің әсері анықталып, тәжірибеде дәлелденді және оның өлшемдері анықталды.

Үшінші кезеңде (2022-2023 жж.) - зерттеу материалдары талқыланып, байқаудан өтті. Анықталған өзекті мәселелер бойынша мақалалар жарияланды. Тәжірибе барысында жинақталған материалдар талданып, педагогикалық әдістемелік ұсыныстар жасалды, алынған нәтижелер өңделіп, жүйеге келтірілді. Диссертацияны рәсімдеу жүзеге асырылды. Қарахан әдебиетін оқыту бойынша силлабус үлгісі, нұсқаулар дайындалды. Зерттеу нәтижелері докторлық диссертация түрінде рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми-теориялық жаңалығы мен маңыздылығы:

– Тұлға білімі мен кретивті шығармашылығын дамытудың басты шарты колоборативті оқу ортасын құру, пәнді оқытуды заманауи талаптар негізінде гуманизациялау қажеттігі мен оның негізгі көрсеткіші «субъект-субъектілік» қарым-қатынас екендігін дәлелдеуде (айқындауда);

- Оқу процесінде «субъект-субъектілік» қарым-қатынас қалыптастырудың құралы ретінде интерактивтік оқыту технологиясы мен әдістерін пайдалануға болатындығын негіздеуде;

- пәнді оқыту әдістемесін тиімді қолданудың тұлға біліктілігі мен шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызатын интерактивтік сипатын ашып, оны пайдаланудың педагогикалық-психологиялық алғышарттарын нақтылауда;

- жеке пәнді оқыту нәтижесінде оқушы шығармашылығының көрсеткіші болатын әрекеттердің қалыптасқандығын қадағалау мен бағалау, шешім қабылдау қажеттілігін дәлелдеуде.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- педагогикалық теорияны танымдық іс-әрекет әдісіне айналдыру қабілетінде;

- сыни көзқарас, педагогикалық сананың шындығы мен жағдайына сыни көзқарас қалыптасуында;

- білім алушылардың белсенділігі мен шығармашылық әрекеттері артып, қабілеттерінің дамуында;

- білім алушының шығармашылық мақсат қоя білуі және өз қызметін соған қол жеткізуге бағындыруы;

- өз қызметін жоспарлай және өзі бағалай (қадағалай) білуінде;

- мақсатының негізгі мәселелерін тауып, оларды шеше білуі;

- студенттің өз көзқарасын, пікірін қорғай білуінде.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- жеке пәнді оқыту жұмысын ұйымдастыруда білім алушының шығармашылық болмысы қалыптасуы оқу процесінде жеке тұлғаның дамуына кешенді жағдай жасалуына және оған қатынасұшылардың өзара субъектілік қарым-қатынасына сай колоборативті оқыту ортасы құрылуына тікелей байланысты (тәуелді);

- Қарахан әдебиетін оқыту мен тұлға ізденісін дамытудың жүйелілік құрылымы;

- тұлға метабілімділігін, шығармашылығын дамытатын педагогикалық шарттар және көрсеткіштер;

- интерактивтік оқыту технологиясы мен белсенді әдістер арқылы оқу процесі барысында тұлға білімі, шығармашылығы мен функционалдық сауаттылығын дамыту жүйесі.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту және ұлттық болмыс, жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттеріне арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық қағидаларға сай жасалған эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне сүйенгендігінде.

Зерттеу базасы: *тәжірибе-эксперименттік жұмысқа* (Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университеті мен Шымкент университеті алынды) алынды.

Зерттеу мәселесі бойынша *тәжірибе-бақылау жұмыстары* Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университеті мен Шымкент университетінде жүргізілді.

Осы тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстарды 3 жыл бойы (2020-2023жж.) жүргізу кезінде барлығы 150 студент қатыстырылды.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру: Диссертация тақырыбы бойынша 16 мақала жарияланды. Scopus базасына енгізілген басылымдарда 3 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 5 мақала, Шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-ғылыми практикалық конференцияда 1 мақала, ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 7 мақала жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

Зерттеудің қағидалары мен жаңалықтары, нәтижелері Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда және ҚР ҒЖБМ Ғылыми және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдарда «Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту», «Әдебиетті оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың педагогикалық аспектілері», «Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері», «ЖОО «Қазақ әдебиеті тарихы курсы» оқыту бойынша әдістемелік ұстанымдар», «Formation of students' knowledge by teaching the epic "Kutty Bilik" by J. Balasagun», «Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқытуда заманауи әдістерді қолданудың тиімділігі», «ЖОО-да әдебиетті оқытуда қолданылатын белсенді әдістер», «Тәуелсіздік жылдарындағы Ясауитану мәселелері», «Жаңартылған білім мазмұнын тиімді оқытудың әдістемесі», «Қарахан дәуірі жазба ескерткіштерін тереңдетіп оқыту мәселелері» тақырыптарында мақалалар жарияланды.

Диссертация құрылымы. Докторлық диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, зерттеу жұмысының тақырыбы, мақсаты, міндеттері, объектісі, пәні, болжамы, әдіснамалық негізі, ғылыми жаңалығы, зерттеу кезеңдері, зерттеу базасы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары берілген.

«Қарахан дәуірі әдебиетінің қалыптасуы және дамуының ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші тарауда Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипаты қарастырылып, Қарахан дәуірі мұраларының зерттелуі мен жүйеленуі бойынша еңбектерге талдау жасалады. Қарахан дәуірі туындыларының аксиологиялық негіздері талданып, Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мәселесі қарастырылды.

«Жаңа гуманитарлық білім беру аясында Қарахан әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері» атты екінші тарауда Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік

әдебиеттерге талдау жасалып, Қарахан дәуірі әдебиетінің спецификасы: философиялық мәні және тарихи-әлеуметтік алғышарттары, Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері қарастырылды. Жаңа гуманитарлық білім беру аясында Қарахан әдебиетін оқытудың психологиялық негіздері талданып, осы талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар мен ұсынымдар негізінде тұлға шығармашылығын дамытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері, педагогикалық технологияларды оқу процесінде қолдану тәжірибесінің негіздемесі берілген.

«Қарахан дәуірі мұраларын меңгертудің әдістемесі» атты үшінші тарауда, ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мазмұны мен тұлға құзыреттілігін дамыту шарттары, тәжірибеде қолдану бағыттары, Қарахан дәуірі мұраларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен пәнді оқытуда қолданылуы, Қарахан дәуірі мұраларын жеке пән ретінде оқыту эксперименті: кешенді жұмыстар жүйесі, Қарахан дәуірі әдебиетін меңгертуді жүзеге асыру нәтижелері мен қорытындылары, қолдану тиімділігі, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру нәтижелері талданып, пәнді оқытудың педагогикалық-психологиялық мониторингі дайындалды.

Қорытындыда Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту бойынша педагогикалық, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дайындалған тұжырымдар мен ұсыныстар келтірілді.

Қосымшада пәнді оқыту нәтижесіне қатысты зерттеулер, пәнді оқыту әдістемелері, силлабус үлгісі мен мектепте элективті курс ретінде оқыту бағдарламасы және пәнді оқыту технологиясы бойынша материалдар берілді.

1 ҚАРАХАН ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипаты

Жаңа Қазақстанның әлемдік өркениетке кірігуі, жаһандану жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтар мұрасына үлес қосқан ұлт қазынасын, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мәдени, әдеби мұраларын зерттеп, жинақтап, болашақ ұрпақ игілігіне ұсыну ізденісі адамгершілік, гумандық процестің айқын көрінісіне айналуға. Білім, өнер, мәдениет саласында қабылданатын барлық шаралар жалпы адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбие жұмысын жоғары деңгейге көтеруге ықпал етеді. Қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру басталған кезде біздің ұлттық болмысымызды анықтайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындайды. Біздің ұлттық болмысымызды анықтаудың негізі – «жаңғырған қоғамның өз тамыры, тарих тереңінен бастау алатын рухани коды. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу» [4].

Ұлттық код – ұлттың тілінде, тіл мұрасының ұлы арнасын құрайтын ұлт әдебиеті мен ұлттық мәдениетінде, ұлттың болмыс-бітімін айқындайтын ділінде. Ұлттық код ұлт мәдениетіндегі мәңгіліктің мәңгілігі – адам баласының саналы тіршілік иесі екенін айқындайтын ізгілік, адалдық, адамгершілік, парыз, мәдениет, ақыл-парасаттылық ұғымдарының жиынтығы.

Ұлт мәдениетінің рухани өзегі – ғасырлар тереңінен келе жатқан мәдени-әдеби мұралар, фольклор, халық поэзиясы, түркі халықтары мен ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алып, орта ғасыр мұраларымен сабақтасқан қазақ поэзиясы. Тамыры тереңде жатқан, ұлттық философиялық ой-сананың алтын бесігі болып табылатын әдеби шығармалардың ерте дәуірден күні бүгінге дейінгі тарихын, стилі мен жанрын, өзіндік поэзиялық, прозалық ерекшеліктерін зерттеп, қарастыру – ұлт мәдениетінің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің дамуына үлес қосу. Осы мәселе соңғы жылдары ғалымдардың зерттеу объектісіне айнала қоймай, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың шығармашылық қабілетін дамытумен қатар ұлт мұрасын бағалап, оны болашақ игілігіне ұсыну бағытында да басты нысанаға алынған.

Зерттеу бар жерде – ғылымның ілгерілеуі, ғылым бар жерде – оны адамзат игілігіне ұсыну, білім көзіне айналдыру заңдылығы бар. Соңғы он жылдықта білім беру процесінде ірі өзгерістер мен тың бағыттар орын алды: жаңа білім мазмұны, гуманитарлық білім беру ізденістері әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтып, филологиялық нақты білім аясын метабілімділікпен астастыруға жол ашты. Жаңа Қазақстан тәуелсіздік мәртебесін алған Қазақстан Республикасының білім жүйесін жетілдіру үдерісін уақытпен, заман талабымен үйлесімде қарастыруда. «Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды» [5] – деп атап көрсетілген. Көне

ғасырларда түркі әлемінің бесігі болған Ұлы дала өркениетінің мұрагері, Жаңа Қазақстан да өзінің рухани мұраларын, мәдени құндылықтарын сақтай отырып, білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру көшіне қосылды. Біз қарастырғалы отырған Қарахан дәуірі әдебиеті – еліміздің мәдени мұрасының тарихи маңызы мен мәнін айқындайтын құрамдас әрі аса бағалы бөлігі.

Кез келген әдеби мұра – тұтас білім көзі болып табылатын тарихи, мәдени, философиялық, филологиялық, теориялық және т.б. білім координаттарының шектесуі. Осы білім көздерін ашып, зерттеген сайын әдеби туындының да сан қырлылығы таныла түседі. Бағалылығы артып, өз кезеңіндегі тарих пен уақытты қайтарумен қатар, сол дәуірдегі Адам баласының ақыл-ойы, тіршілігі, болмысы мен мәдениеті туралы энциклопедиялық дереккөзге айналады. Қарахан дәуірі әдебиетінің бойында осы белгілер толық: ол мемлекет тұсындағы идеологиядан бастап, ұлт мәдениетінің озық үлгілерін, адам баласының өмір сүрудегі ізгілік негіздерін, сол кезеңдегі ойшылдардың даналық ойлары мен тұлғалық ұстанымдарын кеңінен таныта алады. Сол арқылы ұлттық ерекшелікпен қатар, адам Универсумының сипаты ашылады. Осының өзі Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипатының алғышарттарын танытады.

«Феномен» ұғымы грек тілінен аударғанда «құбылыс» ұғымын білдіреді. Даль сөздігінде «явление, случай, событие в природе; || редкое, необычайное явление» [6], Кононов құрастырған «Большой культурологический словарь» [7] және басқа да түсіндірме сөздіктерде: «(греч. *phainomenon* - являющееся) 1) необычный, исключительный факт, явление; 2) философское понятие, означающее явление, данное нам в опыте, чувственном познании» деген бағыттағы біртекті түсініктер беріледі. Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипатын нақты тану үшін ұлттық мәдениет, түркі мәдениеті мен қазақ мәдениеті универсумы тұрғысынан қарастырамыз. Бұл бізге өз тұжырымымызды жинақтайтын бірізді, жүйелі логикалық тұтастық береді: мәдени мұра, әдебиет, түркі әдебиетіндегі тың құбылыстар, Қарахан дәуірі әдебиетінің ерекшелігі мен өзгеше сипаты, әдеби мұралар сабақтастығы, заманауи әдебиеттегі қалдырған «ізі» – көріністері т.т.

Қарахан дәуірі – Қазақстан және Орталық Азия түркі халықтарының тарихындағы адамзат ақыл-ойының, даналығы мен парасатын танытатын ерекше кезең. Қазақстанның оңтүстігінде, Жетісу жерінде және Шығыс Түркістанда X ғасырда орнаған Қарахан мемлекеті Жетісу аймағы түркі халықтарының өмірінде ерекше тарихи-мәдени рөл атқарды. Түркі халықтарының мәдениеті жаңғырып, ғылымның, қолөнердің, қала мәдениетінің дамуына, адами құндылықтар, өмір құндылықтары мен ислам дініне қатысты ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. Бұл кезең адамзат тарихына дүниежүзі ғалымдары мен түркология мамандарының зерттеу еңбектерінен бірде-бірі тыс қалмаған бағалы туындылар мен ұлы тұлғаларды сыйлады. Қараханидтер дәуірінде материалдық және рухани мәдениет дамыды, ал жазбаша мәдениеттің жоғары деңгейге көтерілуінің басталуын Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Сүлейман Бақырғани, Ахмет Иүгінеки еңбектерінен көруге болады. Бұл ғұламалар еңбектерінің күннен-күнге маңыздылығы арта түсуде. Олар өз кезеңінде Еуропаға таралып

зерттеулерге негіз болған болса, бұл күнде адамзат тарихына қатысты зерттеулер мен мерзімді басылымдарда жарияланым материалдарына негіз болуда. Жоғарыда берілген мәліметтер негізінде ойымызды жүйелесек, Қарахан дәуіріндегі әдебиет:

Ғалым-тарихшы М.Қозыбаев мемлекет қайраткері болу үшін осындай белгілер мен рәміздердің болуы қажет екенін атап өтті: «Ұлы далада мемлекеттік құрылымдар, тайпа одақтары мен қағанаттар Еуропадан ерте пайда болды» [8] деп атап көрсеткеніндей, Ұлы даланың тарихына негіз болған, тарихи-географиялық негізі, басқару құрылымы мен мемлекеттік басқару тілі болған, көшпенділердің ғана емес, отырықшылықтың да жоғары деңгейдегі даму үлгісін танытқан мемлекет туралы мәлімет беретін құжаттық сипаттағы бай деректер қоры;

Мемлекеттің тұлғалар мен басқару ісіне қатысты стратегия, идеологиясы мен ұстанымдарын таныта алатын сипаттағы мағлұматтарға бай, бағалы еңбектер;

Түркі тілінің мазмұндылығы мен көркемдігін таныта білетін, әлем мәдениеті мен әдебиетінде ойып тұрып орнын алған, танымал ғалым, ақын, философтардың еңбектерінен тұратын бірегей әдеби мұралар.

Мемлекет, мемлекеттің тарих сахнасына енуі – тарихтағы күрделі құбылыс болса, сол біртұтас табиғи этномәдени және әлеуметтік құрылым туралы толыққанды деректер мен мәліметтер беретін, сол дәуірдің тынысымен таныстыратын еңбектер – сол мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси, этностық, мәдени үдерістерінің көрінісін танытатын жинақ. Ең бастысы – этностық сана-сезімнің нығаюы мен мемлекетке бірігуінің дәлелі.

Бүгінгі таңда біз үшін өте өзекті мәселе-мемлекет пен Қарахан мәдениетінің дамуына үлес қосқан түркі тарихының біртұтас аспектісінде, сол кезде өмір сүрген белгілі ғалымдардың еңбектерін қарастыру. Бұл еңбектер сол кездегі Қарахан мемлекетінің мәдениетін ғана емес, сонымен бірге сол кезеңде өмір сүрген түркі халықтарының мәдени мұраларымен астасып, түркі халықтары әлемі туралы тың, толыққанды мәліметтер қорын құруға үлес қосатынын да ескеруіміз керек. Біз Қараханның нақты дәуірі туралы араб-парсы дереккөздерінен, фольклорлық шығармалардан және аңызға айналған әңгімелерден, археологиялық деректерден және біз талдап отырған Қарахан мемлекетінде өмір сүрген авторлардың шығармаларынан білеміз. Осының ішінде археологиялық қазба жұмыстар арқылы табылған керамика, қыш, тіпті әйнектен жасалған бұйымдар олардың өзіндік технологиясының ерекшелігімен таңдандырды [9]. Мысалы, әйнектен үрлеу, арнайы қалыпқа құйып жасалған ою-өрнекті бұйымдар. Ал темір, жез, алтын, күмістен жасалған бұйымдар дәстүрлі колөнер туындылары ретінде ғасырдан-ғасырға жалғасқаны мәлім.

Қарахан мемлекетін басқару ісі туралы деректерді растайтын дәлелдер де Қарахан дәуірі әдеби туындыларынан табылады. Билеушінің елді басқаруы, қолбасшылар мен қала басшыларын тағайындауы туралы тарихи деректер қаған билігі, орталықтанған басқару туралы мағлұматтармен толығымен [10]. Қарахан қағанатының мемлекеттік немесе саяси құрылымына байланысты жекелеген фактілер Шығыс авторларының шығармаларынан, әсіресе Махмұт

Қашқари мен Жүсіп Баласағұнның еңбектерінен алынған ақпаратпен толықтырылды.

ХАН: түрктердің ең үлкен басқарушысы. Афрасиабтың балаларына айтылған.

ҚЫНЫҚ-ҚЫНЫҚТАР. Заманымыздың хақандары солардан шыққан.

ОРДҰ: орда. Хан қаласы. Сондықтан да хақандар тұратын Қашқар шахарын: Ордү кент – Орда кент» деп атаған.

ОРДҰ: Баласағұнға жақын қала. Баласағұнды да: Күз ордү – "Күз орда» дейді.

ОРДҰ: орда, сарай. Ордү башы – Орда басы, хақанның қасында қызмет етуші»

ТАЙАНҰ: таяныш; сүйеніш. Түрктерде «хажыб...» сөзі көп қолданылып кеткендіктен, бұл сөз айтылмай қалып қойған. Бұл сөз сүйену, арқалау мәніндегі «тайанды: тайанды – таянды» етістігінен жасалған. Хақан сол адамға сенеді, сүйенеді. Халық та өздерінің арыз-тілектерін, хал-ахуалын хақанға таяныш арқылы жеткізіп, олардың тиісті жауап алып беретініне сенеді.

ИОРТУҒ: ұрыс уақытында, бір жерге барғанда хақанның қасында бірге жүріп қорғайтын сақшылары.

ИАРЛЫҒ: жарлық. Хақанның жарлығы, жазған бұйрығы. (Шігілше).

ТУҒ: ту. тұғлұғ Тоқұз: хан Тоқұз хан – Тоғыз тулы хан, яки хақан». Ханның қол астындағы елі мен жері, қалалары қаншама көбейіп кетсе де, мәртебесі қаншама өссе де, ту тоғыздан асырылмайды. Өйткені, тоғыз санына қасиеттеп мән беріледі. Ханның бұл тулары көкпенбек түсті асыл жібек, не шәйі матадан жасалады. Оны да жақсы ырыммен қасиетті деп санайды.

ТАНҰҚ: хандар сапарға, не сол секілді жерлерге шыққанда оларға берілетін тарту. Тағам, жібек киім-кешектер

ТҮРКМЕН: түркмен. Бұлар оғыздар. Олардың «түркмен» деп аталуы хақында мынадай хикая бар: Зұлқарнайын Самарқандтан асып, түрк қалаларына қарай беттеген кезде, түрктердің «Шу» есімді бір жас хақаны болған екен. Ол үлкен қосынның иесі болған. Баласағұн жанындағы «Шу» қаласын (осы – А.Е.) Шу басып алған да өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған.

БОЗ моншұқ Бодз: «Боз моншақ – жұпар сіңіріп тізілген тұмар моншақ» және т.б..

Махмұт Қашғари сөздігінен алынған жоғарыдағы мысалдардан басқару ісі, басқару орны, ордалар тарихы мен ақсүйектер салтанаты туралы мәліметтерді жинақтап, сол кезеңдегі сарай өмірі туралы тұжырымдарды жүйелеуге болады [11].

Қарахан мемлекетінің тарихын, материалдық және рухани мәдениетін зерттеп бастаған В.В.Бартольд [12] қарахандықтардың мемлекеттік саяси құрылымын, мәдениеті мен ғылым салаларын еңбектеріне арқау етті. «Қараханидтер қағанатының пайда болуы қарлықтар әкелген көне түркі мемлекеті дамуының табиғи заңды жалғасы» екенін тап көрсеткен Кляшторный С.Г. [13], Түрік қағанатының тарихына тереңдеп, этникалық, саяси және діни

аспектілерін талдап көрсеткен Гумилев Л.Н.[14], қазба жұмыстар негізінде Орта Азия, ерте орта дәуіріндегі түркі текті халықтар тарихына қатысты маңызды тұжырымдар жасаған В.М.Массон [15] Тараз тарихын зерттеп, түркі дәуірі қазбаларына қатысты мағлұматтар берген Т.Н.Сенигова [16], Қарахан қағанаты тарихын зерделеген О.Караев [17] Қарахан дәуіріндегі материалдық мәдениет, қала мәдениетіне көп көңіл бөлген К. Байпақов.[18], қарахандық ғалымдардың философиялық, әлеуметтік көзқарастары жөнінде кең мағлұмат берген Х. Маданов [19] және т.б. тарихшылар түркі дәуірі, қарахан тарихына қатысты мол тарихи деректердің жүйеленуіне ықпал етті.

Түркілердің жазба ескерткіштері туралы зерттеу жасаған түрколог, әдебиетші, тілші ғалымдар В. В. Радлов [20] зерттеулерін негізге ала отырып, жазба ескерткіштерге қатысты деректерді Қарахан дәуірі тұлғаларының еңбектері бойынша жан-жақты толықтыра түсті. Түркі мәдениетінің алтын бесігі Әулиета қазбаларына қатысты П.М. Мелиоранский [21], түркі жазба ескерткіштерін зерттеген С.Е. Малов [22], қарахан дәуіріндегі әдеби мұраның поэтикалық сипатын зерттеген И.В. Стеблева [23], түркі тілдес халықтар мұраларының, шығыстану ғылымының бірегей зерттеушісі академик А.Н.Кононов [24], Жүсіп Баласағұни мен Махмұт Қашғари еңбектері негізінде зерттеу жұмыстарын жүргізген Короглы Х.[25], «Алты шаһар ахуалы» атты бөлімде Сыдық (Сатұқ) Бұғрахан, «Қутадғу білік» кітабын жазып, ханға сауға еткен уәзір Жүсіп Қадырхан туралы деректер қалдырған Құрбанғали Халид [26], түркі әдебиеті мен тілдік ерекшеліктерін Бакудегі түркологтар сиезінде тілге тиек еткен ұлы ғалым А.Байтұрсынұлы [27], «Диуан дұғат ат-түрк» атты еңбегінде Ыстамбұлдан табылған «үш түп кітапты жанып не өртеніп жоғалудан қорқып», барынша іждаһаттылықпен басып шығарғанын, түрк ғалымының «Қараханы» түрк хандарының ең күшті болып, Күн Шығыс Түркістанды билеп, дәуірлеп тұрған заманда болған адам екенін талдап, ақпарат берген Х. Досмұхамедұлы [28], Қазақ әдебиеті тарихының сүбелі бөлігі Қарахан дәуірі әдебиетінің еншісінде екенін талдап көрсеткен Х. Сүйіншалиев [29], Ғ.Айдаров [30], VIII-XI ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштеріне қатысты Махмұт Қашғари сөздігінен мысал келтіре отырып, талдау жасаған Қ. Өмірәлиев [31] ежелгі дәуір әдебиетіне қатысты зерттеулері негізінде мектеп оқулығын жазуға үлес қосқан А.Қыраубаева [32], ежелгі дәуір әдебиеті, оның ішінде қарахандық ұлы тұлғалар еңбегіне қатысты мазмұнды ақпараттарға толы зерттеулер қалдырған Н.Келімбетов [33], Қарахан дәуірі әдебиетінің мәтіндерін аударма жасап, ғылым дамуына мол үлес қосқан А. Егеубай [34] т.б. ғалымдар еңбектерін қарастыра отырып, Қарахан дәуірі мәдениеті мен әдебиетінің феномендік сипатын толық танып біле аламыз.

Түркі дәуірін зерттеген қай саланың маманы болсын Қарахан дәуіріне тоқталмай, сол кезеңнің туындыларына баға бермей өтіп кете алмайды. Себебі бұл кезеңдегі мемлекеттік құрылым мен данышпандар еңбектері бүгінгі күндегі ғылым үшін бағалы, аса құнды зерттеу өрісі болса, адамзат баласының саналы тіршілігінің, озық ойлылығының қай кезеңде де алда тұратынын дәлелдейтін

мәдени, әдеби, рухани мұра. Ол – зерттелген сайын өзінің ашыла түсетін мың талшықты жанды құбылыс, феномендік сипатын жан-жақты жарқырата таныта алатын, өзіне ғана тән ерекшелігімен таңдандыра беретін қайталанбас мұра. Феномендік сипатының мазмұнына теориялық тұрғыдан тереңдер болсақ, Қарахан әдебиетінің «ерекше құбылыстық» сипатының алғышарты – адамның дүниені тануы мен мағыналы «ойлау тамыры» болып табылатын Түркі сөзі, ұлттың болмысын берік еткен, рухани күшін еселеген сөз саптау өнерінің күдіреттілігі. Ғалым Н. Уәли қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасы туралы еңбегінде қараханид кезеңі туралы: «Аталмыш кезеңдерде араб мәдениеті әлемдік мәдениеттің көш басында болып, ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің, ізгілік пен даналықтың өрістеуіне жол ашып, соны серпін берді. Ғылымның жаратылыстану, медицина, философия т.б. салалары ерекше дамыды. Әлем әдебиетінің інжу-маржаны саналатын көркем туындылар мен философиялық трактаттар дүниеге келді» дей отырып, отандасымыз әл-Фарабидің танымалдылығы, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Югнаки, Ахмет Яссаудың шығармаларының құндылығын айтып өтеді [35]. Сөз саптау өнерінің ғасырдан-ғасырға жеткен өміршеңдігіне мысал Ә. Құрышжановтың V-XVII ғасырлардың жазба ескерткіштері материалдары негізінде құрастырған «Сөз атасы» жинағы [36]. Бұл қазақ халқының жан-дүниесін дүр сілкіндірген жаңалық болғаны рас. Қазақ әдебиетін оқыту мектепте ары кеткенде ақын-жыраулар әдебиетімен ғана шектелетін оқырман қауым ғасырларға тереңдеп, даналық ойдың тұңғиығындағы жауһар ойлармен танысты. Осы жинақтың алғысөзінде: «Әрбір тілде, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі» дей отырып, халқымыздың мақал-мәтелдермен астасып кететін Қорқыт баба, Қашқари, Баласағұни, Йүгінеки, Сарайи сөздерін ұсынғанда қарапайым халық, оқырман қауым даналық толғамдарына тәнті болып, бір-бірінен осы кітапты аттай қалап алғаны, өз кітапханаларының төрінен орын бергені де уақыт шындығы. «Өнер алды – қызыл тіл» деп танитын, адамның адамгершілік болмысын танытатын сөз саптау өнерін ерекше бағалайтын қазақ халқының даналық сөздерінің тереңде жатқанын сезінді, білім мен ғылымға қадам басқан ұрпақ ғұламалар тағдыры мен тарихын танып-білуге ұмтылды.

Қарахан дәуірі әдебиеті – дәстүрлі түркі дүниетанымының негізгі категорияларын қамтыған, философиялық, этикалық, онтологиялық және антропологиялық, діни, мифологиялық мәселелерді көтеріп, этикалық-дидактикалық құндылықтарды өз бойында жинақтаған адамзаттық ақыл-ой қазынасы. Оның феномендік сипатын біржақты қарастыру мүмкін емес. Жан-жақты белгілері мен сипаттарын жинақтап тұжырымдасақ, Қарахан дәуірінде жазылған шығармалар:

- біріншіден, қазақ халқының мәдениеті мен өнерінің бастауы болған, өз кезеңіндегі түркі мәдениетінің, тілдік және әдеби мұрасы, халық даналығы мен шешендік өнерінің, сөз өнерінің жоғарғы деңгейдегі үлгісі. Адам шығармашылығы, болмысы мен өмір философиясын танытатын, ғасырлар

бойы мағыналылығы мен мазмұнын, құндылығын жоғалтпаған шебер туындылар;

- екіншіден, Қарахан дәуіріндегі шығармалар тарих, тіл, жаратылыстану, әдебиет т.б. бағытта мол ақпарат көзі болып табылатын энциклопедиялық сипаттағы, түркі дүниетанымының рухани және ғылыми танымдық негіздерін зерттеуге мүмкіндік беретін, талдап қарастырған сайын ғылыми тұжырымдар, тың жаңалықтарымен толыға беретін тылсым құбылыс;

- үшіншіден, Қарахан дәуірі қазақ этносы мен қазақ мемлекеттігінің көне дәуірден бастап тәуелсіздік кезеңіне дейінгі қалыптасу және даму сабақтастығын толықтыратын, түркі дәуірінен жүйелі түрде жалғасып келе жатқан ұлттық мүдде, қоғамдық бірлікті қалыптастыру ұстанымдарының арқауы, ұлттық код негіздері болып табылатын кезең, ал данышпандардың жазба еңбектері дүниежүзі мәдениетінің алтын қорына қосылған, адамзаттың ақыл-ой мәдениетінің бірегей үлгілері.

Қарахан дәуіріндегі туындылар – түркі дәуірінің гүлденген мәдениеті мен өнерінің, дәстүрлі түркі дүниетанымын, философиясының негізгі принциптерін тануға мүмкіндік беретін және ұлт мәдениетінің этикалық-дидактикалық құндылықтарын саралап көрсететін шынайы әрі тылсым құбылыс. Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипатын ашу және осы дәуір еңбектерінің педагогикалық негіздері және шығарма авторларының педагогикалық көзқарастары арқылы материалды жүйелеп, бірізділікпен оқытылуын қамтамасыз ету – білім мазмұнын байыту, тұлғаны дамытудың және ЖОО-да оқыту әдістемесін қалыптастырудың маңызды бағдары.



Сурет 1 – Әдебиеттің феномендік сипаты және педагогикалық таным, әрекет негіздері

Олай болса, Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипатын танып-білу және оны оқытудың педагогикалық аспектілерін қарастыру:

Әдебиетті оқытудың теориялық-әдістемелік негіздерін терең әрі жүйелі түрде меңгеруге;

Тұлға ізденісін қалыптастыру, өз мамандығына қатысты ақпаратты меңгеру, зерттеу, өңдеу, қолдану қабілеттерін, зияткерлік деңгейін қалыптастыратын құзыреттіліктерді дамытуға;

Оқу процесі арқылы тұлғаның танымдық және тәрбиелік мән-мазмұнға қол жеткізетін іс-әрекеттері жүйесін сапалы қалыптастыруға;

Әдебиеттің оқыту заңдылықтарын қарастыратын, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін дидактика, психология, педагогика, әдебиеттану, әлеуметтану, қоғамтану сияқты ғылым көздерін жан-жақты меңгеруіне мүмкіндік тудырады.

Қорыта келе айтарымыз, М. Қашғари, Ж. Баласағұни, А. Яссауи шығармаларының негізгі идеясы – қоғам тұлғасының кемел болмысын қалыптастыру. Сол себепті шығармаларының дені тұлға бойындағы ізгілік, елдікті сақтау, ұрпақ тәрбиесі – жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің іс-қимыл әрекетін бейнелейтін құбылыс. Ұлтты тәрбиелеу мен білім берудің ұлттық білім көздері. Көшпенділер өлкесіндегі өркениет пен білім беру, даму идеяларының ЖОО-да оқыту бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерден көрініс табуын келесі тармақшаларда қарастырамыз.

1.2 Қарахан дәуірі мұраларының зерттелуі, жүйеленуі және оқытылуы

Қарахандар дәуірі біздің заманымыздың IX-XII ғасырларын, нақтырақ айтқанда 840 жылдан 1212 жылға дейінгі аралықта қамтитыны белгілі. Бүгінге дейін жүргізілген зерттеулерге қарағанда ол кезеңде хатқа түскен жазба дерек ретінде Әл-фарабидің трактаттары, Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білігі», Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркі», Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқаты сыйы», Сүлеймен Бақырғанидің «Хакім Ата кітабы» және Құран Кәрімнің аудармалары сынды ескерткіштер аталады. Бұдан бөлек Қарахан дәуіріне қатысты мәліметтер араб, парсы, қытай деректерінде, түркі халықтарының фольклорлық мұраларында және тарихи-мәдени ескерткіштерде сақталған. Аталған шығармаларды жоғарғы оқу орнындағы білім беру бағдарламаларында оқыту мәселесін зерттемес бұрын олардың зерттелуіне, жүйеленуіне және бүгінге дейін оқу үдерісінде қолданылуына тоқталу қажет. Себебі Қарахандар дәуірі ескерткіштерін жан жақты тану мен оның әдебиеттегі орнын нақтылау маңызды. Сондықтан бұл тараушада диссертацияның зерттеу нысаны ретінде тандалған «Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат-түрк», «Диуани хикмет», «Ақиқаты сыйы» және Құран Кәрімнің аудармаларының зерттелуі, аталған әдеби жәдігерлердің жүйеленуі және ЖОО-да оқытылуы қарастырылады.

Қарахан дәуірі мұралары Қазақстанда бүгінгі қазақ әдебиетінің орта ғасырлық кезеңі болып есептелетіні белгілі. Дегенмен ол қазақ әдебиетінің ғана

емес, өзге түркі халықтарының да орта ғасырлық әдеби мұрасына жататын ортақ қазынасы. Сондықтан оның зерттелуі деген мәселе қозғалғанда Қарахан дәуірі мұраларының Қазақстандағы, басқа түркі халықтарындағы және әлемдік түркітанудағы зерттелуі тұтас қарастырылуды қажет етеді. Сонда ғана Қарахан дәуірі мұраларының зерттелу тарихына толыққанды баға беруге болады.

Қарахан дәуірі мұралары ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап зерттеу айналымына ене бастады. Мысалы, «Құтадғу білік» 1825 жылы, «Диуани хикмет» 1904 жылы, «Ақиқаты сыйы» 1906 жылы, Тефсир (Satır Arası Kuran Tercümesi) 1914 жылы, «Диуани лұғат ат-түрк» 1914 жылы зерттеушілердің назарына ілінді. Содан бері бұл жәдігерлер түркі ғалымдарының ғана емес, әлемнің белгілі түркітанушы ғалымдарының зерттеу нысанына айналып, бүгінгі күнге дейін қызу талқыға түсіп келе жатыр.

Бүгінге дейін «Құтадғу біліктің» зерттелу тарихы туралы Т. Гүленсой, М. Өлмес, Ө. Бағдатлы, З. Каймаз, А. Тилавов, Т. Имин, А. Серткая, Ю. Иасин, Э. Ұчар, Р. Аскер және Б. Нұриманов сынды ғалымдар 15-тей библиографиялық көрсеткіш жасады. Бұлардың бәрі де хронологиялық реттілікпен берілді және өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, Б.Нұриманов мақаласында Қазақстандағы [37, б.30-50], А.Тилавов еңбегінде Өзбекстандағы [38, б.535-539], Т.Имин зерттеуінде Қытайдағы [39, б.253-259], Ю.Иасин еңбегінде Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиясындағы [40, б.81-109] «Құтадғу білік» зерттеулері қарастырылса, қалған авторлардың еңбегі Түркиядағы еңбектерге басымдық бере отырып, әлемдік зерттеулердің библиографиялық көрсеткішіне арналады.

Осы еңбектерді негізге ала отырып қарағанда, Ж.Баласағұнидың «Құтадғу білік» шығармасын ең алғаш ғылыми ортаға танытқан белгілі француз ғалымы Амедей Жауберт екенін көреміз. Ол 1825 жылы «Құтадғу біліктің» Венада бір нұсқасының бар екенін және оның ішкі мазмұнын таныстыра отырып, Парижде шығатын «Asiatique» журналында хабарлады [41, б.39-52]. «Құтадғу білік» көзқарастар одан кейін 1857 жылы И.Н.Березиннің Қазанда жарық көрген «Турецкая хрестоматия» [42]. 1962 жылы Н. Ильминскийдің «Вступительное чтение в курс турецко-татарского языка» атты еңбегінде жарық көрді [43, б.1-59]. 1867 жылы неміс ғалымы Г.Флугел [44] назар аударса, 1870 жылы Г.Вамбери [45, б.1-264] «Құтадғу біліктің» транскрипциясы мен немісше аудармасын дайындап, көлемді еңбек жариялайды. Бұл еңбек батыс түркітанушыларының қызығушылығын одан әрі арттырды. 1871 жылы В.Скотт пен 1873 жылы А.П.Коуртейлле де [46, б.377-412] өз пікірін білдіреді. 1890 жылы «Құтадғу біліктің» екінші нұсқасы Мысырдан табылғаны туралы ақпарат тарады. Алайда ол қолжазба бірден зерттеушілердің қолына жете қоймады. Дегенмен 1891 жылы В.Радлов [47, б.1-252] «Құтадғу біліктің» Вена нұсқасына сүйене отырып, оны көне ұйғыр графикасымен қайта теріп басады. Мәтіннің транскрипциясы мен немісше аудармасын да қоса береді. Мұны Г.Вамбериден кейін Ж.Баласағұни еңбегін тану бағытында жасалған іргелі жұмыстың бірі деуге болады. Осындай іргелі зерттеулерден кейін Қарахандар мұрасы батыстық ориенталист ғалымдардың назарын түспеді. 1900 жылы О. Албертс [48, б.319-336], В.В. Бартольд, М.Ф. Гренард [49, б.5-79], П.М. Мелиоранский секілді ғалымдар тереңірек зерттеуге кіріседі. 1902 жылы М. Хартманн [50, б.141-153] да зерттейді.

«Құтадғу біліктің» Мысыр нұсқасының көшірмесін алдырған В.Радлов оны Вена нұсқасымен салыстыра отырып, 1910 жылы кезекті іргелі еңбегін жариялайды [51, б.1-561]. Осы еңбектен соң 1911 жылы А.Н. Самойловичтің [52, б.38-47], 1912 жылы Ж.Цуридің [53, б.81-133] мақаласы жарық көреді. Осы кезде Ферғана аймағында далалық зерттеумен жүрген З.У.Тоған «Құтадғу біліктің» үшінші нұсқасының табылғаны туралы жариялайды. Жаңа нұсқаның табылуы әлемдік түркітану ғылымында Баласағұнтану зерттеулерінің аясын онан әрі кейте түсті. Нәтижесінде әлемнің түкпір-түкпірінен В.В. Бартольд, К. Брокельман [54, б.50-73], А.Н. Самойлович [55, б.148-151], А.Фитрет, М.Көпрүлүзаде, С.Е.Малов, А. Мусаханлы, Р.Р. Арат, Л. Бонелли, М. Рахми, С. Үнвер, З.Ф. Фындыкоглу, Х.Н. Оркун, А. Жафероглу, А.А. Валитова, М.С. Аране, Е.Е. Бертельс сынды ғалымдар жан жақты зерттеу жүргізді.

1942 жылы Түркияда «Құтадғу біліктің» Вена, Мысыр және Ферғанадан табылған үш нұсқасының көшірмесін, яғни факсимилесін жеке-жеке кітап етіп жариялады. Ал, 1947 жылы Түркия ғалымы Р.Р. Арат сол үш нұсқаны мәтіндік тұрғыда салыстыра отырып, үш қолжазбаның ортақ мәтінін жасады және бәйіттерді нөмірмен белгілеп шықты. Бұл еңбек әлемдік түркітану ғылымында Баласағұнтану зерттеулерін жаңа бір сатыға көтерді. Мысалы, бүгінде қолданыста жүрген ағылшын, әзербайжан, орыс, ұйғыр, қазақ және қырғыз тілдеріндегі аудармалары осы Р.Р. Арат еңбегін негізге ала отырып жасалды. Мысалы, қазақ тілінде толық нұсқасын 1986 жылы А.Егеубаев аударса, 1991 жылы Б. Сағындықов үзіндісін, 2004 жылы Ә. Құрышжанов Наманган нұсқасын және 2020 жылы Б. Нұриман үзіндісін жариялады.

Қарахандар дәуірі ескерткіштерінің ішінде ең көп зерттеліп, әлі күнге әлем түркітанушыларының назарынан түспей келе жатқан жазбаның бірі – Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі». Авторы мен шығармасы да, кесенесі де пайда өз дәуірінен бері Орталық Азияға қала берді, әлемге кеңінен танылды. Сондықтан болар, Иасауитану зерттеулері бір жағынан Иассы қаласымен де, Иасауи кесенесімен де тығыз байланысты. Мысалы, Орталық Азияға саяхат жасаған венгер ғалымы А.Вамбери Түркістан өлкесінің тарихы мен мәдениеті, тілі және әдебиеті туралы 1867 жылы жариялаған зерттеуінде Иасауи хикметтерінен үзінді береді. Мұны бір жағынан Иасауитандың алғашқы зерттеулері ретінде де атауға болады [41, б.115-123]. Иасауи хикметі туралы ғылыми көзқараспен бірге әлемге ескерткіштің қолжазбасы мен әр тілдегі аудармасы да тарады. Оған 1876 жылы Э. Сшуйлер, 1898 жылы К. Залемань [56, б.105-150], 1901 жылы П. Комаров, 1915 жылы А. Самойлович, 1916 жылы Н. Лыкошин, 1919 жылы М.Ф. Көпрүлү [57, б.101-121], 1923 жылы А. Гарритский, 1944 жылы Е.Э. Бертельс, 1964 жылы А. Жафероглу, Д. Деуесе, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, Э.Р. Рустамов, Н.М. Малаев, В.И. Зохидов, С. Дәуітұлы, М. Жармұхамедов, М. Шафиги, Е. Дүйсенбайұлы, М.Мырзахметов, Д.Кенжетаев және т.б. ғалымдар үлес қосты.

Қарахандар дәуірінен жеткен келесі жазба – Ахмет Иүгінекидің «Ақиқаты сыйы» кітабы. Бүгінге дейін шығарманың 3 толық және бір толық емес мәтіні бар, бас-аяғы 4 қолжазбасы белгілі. Аталған еңбекті ең алғаш ғылым әлеміне 1906 жылы түрік ғалымы Нәжіп Асим танытты. Ол 1918 жылы шығарманың қолжазбасын, транскрипциясын, аудармасын және оған қатысты ғылыми

көзқарасын қосып жариялады. Одан кейін М.Ф. Көпрүлү, В.Радлов, Ж. Дени (J. Deny), Р.Р. Арат, Е.Э. Бертельс, С.Е. Малов, Қ. Махмудов, Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов және т.б. ғалымдар қарастырды.

Қарахан дәуірінің ең көлемді қолжазбаларының тағы бірі қазақша «Тефсир», түрікше «Сатыр арасы Куран тержумесі» (Satır Arası Kuran Tercümesi) деген атпен белгілі Құран-кәрім аудармасы. Бұл ескерткіштің бүгінге дейін 6 нұсқасы белгілі болып отыр. Олар Манчестер, Петербор, Ташкент, Стамбұл және Кония сынды қалаларда сақтаулы. Ең көлемдісі – Манчестердің Риландс кітапханасындағы нұсқасы, ол 14 томнан тұрады. Аталған ескерткіш туралы Ж. Екман, З.У. Тоған, Ф. Көпрүлү, А. Инан, А.Б. Ержиласу, Е. Үшенмез, А. Көк, М. Томанов және т.б. ғалымдар қарастырды. Қазақ ғылымында 1971 жылы Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов жариялаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбекте кездеседі.

Қарахан дәуірінде хатқа түскен келесі бір көлемді еңбек – Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» жазбасы. Ол – араб тілді халыққа түрікше үйрету үшін жазылған арабша-түрікше сөздік. Алайда автор әрбір сөздің мағынасын ашу үшін түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінен, тілі мен әдебиетінен, өмір салты мен дәстүрінен, әдет-ғұрпы мен наным-сенімінен көлемді дерек береді. Аталған еңбек ең алғаш Стамбұлда 1915 жылы жарияланды. Содан бері К. Броккельман, Ф. Көпрүлү, Б. Аталай, Р.В. Тоoley, И.Ю. Крачковский, Р. Данкоф, Ж. Келли, Х. Досмұхамедұлы, А. Егеубаев, З. Әуезова және т.б. ғалымдар зерттеумен айналысты. Қазақ тіліндегі аудармасын түркітанушы ғалым А.Егеубаев жасады.

Қазақстандағы Қарахан дәуірі әдебиеті зерттеулерінің бастауында белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиевтің еңбегін атауға болады. Ол 1967 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты еңбегінде Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білік», М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», А.Иүгінекидің «Хибатул Хақайық» және А.Иасауидың «Диуани хикмет» шығармасына арнайы тоқталады [58, б.29-52]. Келесі еңбек – 1971 жылы жарық көрген Ғ. Айдаров, Ә.Құрышжанов және М.Томановтың бірге дайындаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің жазба тілі» атты кітабы. Онда жоғарыда аталған төрт шығармаға қоса, «Тефсир», яғни Құран кәрім аудармасы туралы да мәліметтер беріледі [59, б.16-26]. Бұдан бөлек Қарахан дәуірі әдебиетін Б. Кенжебаев, Р. Бердібаев, Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, Ә. Қоңыратбаев, М. Мырзахметов, А. Аманжолов, А. Қыраубаева, А.Н. Көшербаева, Б. Әбдірахымұлы, Қ. Сарбасова, Ұ. Исабекова, Б. Құлжанова, А. Көшербаева, Т. Ахметов, Р. Арзиев, Қ. Молдасан, М. Әліпхан, Б. Нұриман және т.б. ғалымдар қарастырды.

Қарахандар дәуірі әдебиеті қазақ әдебиетінің орта ғасырлық кезеңі болғандықтан оның жүйелеу әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесімен тығыз байналысты болды. Әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің мынадай бес кезеңге бөледі:

1. Бұрынғы әдебиет (V-XV ғасырлар арасы).
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғасырлар арасы).
3. Қазақтың XIX ғасырдағы жаңа, сыншыл реалистік әдебиеті.
4. Қазақтың XX ғасыр басындағы (1900-1920 жылдардағы) әдебиеті.

5. Қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі советтік әдебиеті [60, б.32].

Гуманитарлық білім беру аясында оқытудың жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне қарай бағыт алынуда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оқыту тәжірибесі жаңа көзқарастағы сындарлы қатынасқа негізделген технологиялармен толысуда. Жаһандану дәуірінің талабына сай білім беру барысында жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіруге, танымдық әрекетін дамытуға, ұлттық құндылықтарды зерттеп, зерделеп, бағалай білуге ерекше назар аударылуда. Оқыту барысында тұлғаның белгілі заңдылықтарды зерделеп, білімді меңгеру дағдылары мен құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады.

Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту – Қазақстан және Орталық Азия түркі халықтарының тарихында ерекше орын алатын құнды мұраларды зерттеу, жүйелеу және меңгерту, орта ғасырда орнаған Қарахан мемлекетінің тұсында дүниеге келген әдебиет жауһарлары – түркі халықтары мәдениетінің қайта жаңғырып, ғылыми ойдың дамуына, қала мәдениетінің өсіп-өркендеуіне байланысты ақпараттарға тың көзбен қарау, жеке тұлғалардың ғылыми-педагогикалық көзқарасын зерттеу мен оқу процесінде сапалы да нәтижелі білім беру негіздемесі.

Немат Келімбетовтың айтуы бойынша: «Қарахан дәуірі кезінде материалдық және рухани мәдениет дамып гүлдену деңгейіне жеткен болатын. Осы кезде жазу мәдениетінің жоғарғы сатыға көтеріле бастауын біз Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Иүгінеки еңбектерінен көре аламыз. Осы аталған ғұламалардың еңбектері әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Осыған дәлел ретінде біз соңғы кезде осы мәселеге байланысты шығып жатқан зерттеулерді, мерзімді басылымдарда жарияланып кем жатқан материалдарды айта аламыз».

Қарахан дәуірі әдебиеті ежелгі дәуір әдебиетінің бір бөлімі. Ол өзі жеке оқытылмайды және зерттелу мәселесі де ежелгі дәуір әдебиетінен жеке қарастырылуы соңғы кезде ғана бой көтеріп келе жатқан мәселе. Ежелгі әдебиеттің дәуірі туралы мәселеге келетін болсақ, қазақ әдебиетінің ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі дамуының өзіндік ерекшеліктерін, даму кезеңдерін халықтың жалпы тарихи дамуының дәуірлік үдерісінен бөлек қарастыруға болмайды. Қазақстан аумағында ежелгі түркі мемлекетінің өмір сүру кезеңі VI ғасырдан бастап XXI ғасырға дейін жалғасатын қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін нығайтқан ұзақ кезеңді қамтиды.

Жалпы, қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлері де осы әлеуметтік құрылымды дамытудың негізгі кезеңдері болып табылады – қалыптасуы мен нығаюы, дамуы, дағдарысы мен тоқырауы, қайта дамуы және, ақырында, тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік даму процесінің ерекшеліктерін толық сипаттайтын ақпарат пен білім көзі. Біз жүздеген ғасырлар бойы қазақ әдебиеті дамуының әртүрлі тарихи дәуірлеріне назар аудара отырып, әр кезеңнің бір-бірінен дараланғанын, өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері, жанрлық және көркемдік ерекшеліктері бар екенін анық көреміз.

Б.Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихының бастау көзі ретінде VI-IX ғасырдан жеткен түркілік ортақ дәуірдегі жазба ескерткіштерді меже етіп алды [43]. Ғалым Б.Кенжебаев бастаған Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин

сияқты ғалымдардың құрастырған «Ежелгі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматиядан кейін қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесі бойынша Б.Кенжебаев идеясы дами түсті. Сөйтіп А.Қыраубаеваның еңбектері арқылы дәлелденген қазақ әдебиетінің тарихы Н.Келімбетов зерттеулерімен толығып, б.з.д. әдеби жәдігерлерді қарастыру мүмкіндігіне жол ашты. Немат Келімбетов осы ғылыми бағытты одан әрі жалғастыра отырып, «Сақтардың қаһармандық дастандары», «Алып Ер Тоңға» дастаны, «Атилла» дастаны, «Көк бөрі», «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары, «Қорқыт ата кітабы» туралы мәтіндік талдаулар барысында бұл жәдігерлердің түркі халықтарына ортақ мұра екенін, сондықтан қазақ әдебиеті тарихының да бастауы болатынын ғылыми саралап берді.

Осы себепті ежелгі дәуірден XI ғасырға дейінгі кезенді қамтитын қазақ әдебиетінің кезеңі ежелгі дәуір деп аталады, ал XII ғасырдан XV ғасырға дейінгі Қазақ хандығы құрылған кезең орта ғасыр деп аталады.

Он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-томында ежелгі әдебиет пен Орта ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері, Қарахан халқы мен Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттер егжей-тегжейлі баяндалып, зерделенді [44]. Бұрын зерттелген жұмыстармен қатар кейбір өнер туындылары ғылыми айналымға алғаш рет енгізілуде. Зерттеу барысында ежелгі қазақ әдебиетіне қатысты дереккөздер тек қазақ тілінде ғана емес, түркі халықтарының, араб, парсы, орыс, батыс еуропа тілдерінде де қолданылды. Зерттеушілердің еңбектерінің арқасында ежелгі әдебиет тарихының хронологиялық шекаралары және оның дамуының негізгі кезеңдері анықталады. Тарихи дәуір әдебиетіне, көне түркі әдебиетіне, Қараханидтер әдебиетіне және Алтын Орда әдебиетіне қатысты экспонаттар төрт кезеңге бөлінген, әр бөлімнің алдында сол кезеңдегі әдебиет туралы алғашқы мақалалар бар. Бұл ғасырлар бойғы мұраға – өз заманының мәдениеті контекстіндегі әдебиеттің көркемдік даму процесіне арналған, орта ғасырларда қазақ даласында ислам әдебиетінің қалыптасуына алып келген зерттеулердің алғашқы сериясы.

1. Біздің заманымызға дейінгі жазу-сызулар мен аңыз-жырлар (Сақ,үйсін дәуірі б. з. б.VII ғ. - б. з. IV ғ.);
2. Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет (V-VIIIғ.ғ.);
3. Оғыз дәуіріндегі әдебиет. (I IX-X ғ.ғ.);
4. Ислам дәуіріндегі әдебиет. (X-XII ғ.ғ.);
5. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. (XIII-XIVғ.ғ.).

Қазақстанда Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселесі XX ғасырдың ортасынан кейінгі уақытта басталып, бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Барлық кезенді қамтығанда бас-аяғы 7 оқулық, 9 оқу құралы, 7 кітап, 2 хрестоматиялық оқу құралы, 1 зерттеу, 1 ғибратнама, 1 антология, 4 аударма, монография және 30-ға жуық педагогикалық бағыттағы мақала жарық көрді.

Кесте 1 – Қарахан дәуірі әдебиеті қамтылған оқу құралдары

№	Автор	Атауы	Еңбек	Жылы
1	2	3	4	5

1	Ханғали Сүйіншәлиев	Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері	Кітап	1967
2	Ғ.Айдаров, Ә.Құрысжанов, М.Томанов	Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі	Оқу құралы	1971
3	Рахманқұл Бердібаев	Ғасырлар толғауы. Мақалалар мен зерттеулер.		1977
4	Н.Келімбетов	Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі	Оқулық	1986
5	Ғ.Айдаров	Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі	Оқу құралы	1986
6	Ханғали Сүйіншәлиев	Ғасырлар поэзиясы	Зерттеулер	1987
7	Ханғали Сүйіншәлиев	VIII-XVIII ғасырлардағы Қазақ әдебиеті	Оқулық	1989
8	Н.Келімбетов	Ежелгі дәуір әдебиеті	Оқулық	1991
9	Алма Қыраубаева	Ежелгі дәуір әдебиеті	Хрестоматиялық оқу құралы	1991
10	Ә.Қоңыратбаев Т.Қоңыратбаев	Көне мәдениет жазбалары	Оқу құралы	1991
11	К.Аманжолов, Қ.Рахметов	Түркі халықтарының тарихы	Оқу құралы	1996
12	Ханғали Сүйіншәлиев	Қазақ әдебиетінің тарихы	Оқулық	1997
13	Арыстанбек Нұрмаханов	Түркі фразеологиясы	Кітап	1998
14	Рахманқұл Бердібай	Жұлдыздар жарығы	Кітап	2000
15	Алма Қыраубайқызы	Ежелгі дәуір әдебиеті	Оқу құралы	2001
16	Қанипа Бітібаева	Әдебиетті тереңдетіп оқыту	Оқу құралы	2003
17	Ә.Нысанбаев, Д.Кенжетай	Қазақ халқының философиялық мұрасы	4-том Ислам философиясы	2005
18	Н.Келімбетов	Ежелгі дәуір әдебиеті	Оқулық	2005
19	Н.Келімбетов	Ежелгі әдеби жәдігерліктер	Кітап	2005
20	Ханғали Сүйіншәлиев	Қазақ әдебиетінің тарихы	Оқулық	2006

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

21	Алтынбеков Қ.С.	Ежелгі дәуір әдебиеті	Оқу құралы	2007
22	Алма Қыраубаева	Ежелгі әдебиет 2-том	Оқу құралы	2008
23	Немат Келімбетов	Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері	Кітап	2011
24	Г.Умарова, С.Шарабасов	Қазақ әдебиетінің тарихы	Оқулық	2011
25	Жұматаева Е	Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту	Оқу құралы	2016
26	Рахманқұл Бердібай	Гүлстанның бұлбұлдары Жұлдыздар жарығы	Он томдық шығармалар жинағы	2018
27	Сәрсенбі Дәуітов	Ғибратнама	Ғибратнама	2019
28	Немат Келімбетов	Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері	Хрестоматия	2019
29	Т.Е.Қыдыр, Б.Нұрман	Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы 2-том	Антология	2020

Осының ішінен Қарахан дәуірі әдебиетін өзектеп алып, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани еңбектері негізінде оқытар болсақ, ислам дәуірі әдебиетінің мазмұндылығы мен өрістілігі айқындала түсер еді. Қарахан дәуірін бөліп оқыту мәселесін шешу оны зерттеп-жүйелеу, оқыту процесінің педагогикалық аспектілерін анықтау мүмкіндігін арттырып, әдебиетті оқытудың әдістемелік қырларын толықтырар едік.

Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мәселесі пісіп жетілген: теориялық-методологиялық негіздері және ғылыми-әдістемелік зерттеу нысандары нақты, хроникалық кезеңдері айқын, гуманитарлық білім беру саласының, жүйелі түрде іштей жіктелген ежелгі әдебиеттің бір бағыты болып табылады. Өз алдына дербес ғылым ретінде қарастыруға болатын, зерттейтін нысаны, мазмұны, зерттеу әдістері мен тәсілдері бар [60, б.40].

Қазіргі кезде ЖОО-да Қарахан әдебиетінің оқытылуы әр түрлі бағытта көрініс табуда: көне түркі мұраларымен қатарластыра, бірде хандық дәуір әдебиетіне телініп, енді бір оқу орындарында ақын-жыраулар поэзиясымен қосып оқытылып жүр. Ал Қарахан дәуірі әдебиетін зерттеліп, жинақталған материалдар негізінде жеке пән ретінде оқыту педагогикалық процесті қарқынды ұйымдастырумен қатар, әдістемелік бағытында тың ізденісті дамытып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берер еді: қарастырылып отырған әдебиеттің кезеңдерін анық білу педагогикалық

көзқарастардың тарихи кезеңдерінің ерекшелігін екшеп, танып, зерттеуге жол ашады; сол кезеңдегі әлеуметтік байланыстар жүйесі және қарым-қатынас, рухани тәжірибе тәсілдері және қоғамдық сана, ондағы педагогикалық амалдар жүйесін анықтауға мүмкіндік береді; қазіргі ғылым мен оқыту әдістемесіндегі педагогикалық шынайылық, білім беру тәжірибесі мен парадигмаларының функциялық формаларын нақтылауға және араға ғасырлар салған архаикалық өткен кезеңдегі ағартушылық идеялар мен көзқарастарды қазіргі заманауи терминдер мен ұғымдар тұрғысынан салыстыра, толықтыра қарап, педагогикалық феномендік сипатын ашуға, оқып-үйренуге негіздеме бола алады. Мәселені анықтау, қайшылықтар тұрғысынан мәселені шешу үрдістері ақиқатты танудағы компаративті зерттеулерге жол ашып, отандық, ұлттық педагогикалық ойларға қатысты тың әдіснамалық, педагогикалық зерттеулер арнасын кеңейтіп, ұлттық тамыры мен арнасы бар педагогикалық, инновациялық әдістемелердің қалыптасуына бағдар болады.

Ал әдебиет туындаларын оқыту процесінде аса маңызды аксиологиялық (бағалау) аспектісі туралы келесі бөлімде қарастырамыз.

1.3 Қарахан дәуірі туындыларының аксиологиялық негіздері

Антропоцентристік ұстаным оқыту әдістемесінде белсенді дами бастады. Филологиялық білім беру жүйесінде тілдік коммуникативтік қызмет жетекші сипатқа ие. Алайда тілдің қызметі әдеби шығарманың мәтінімен тығыз байланысты. Көркем мәтінмен жұмыс жасай отырып, студент ұлттық дүниетаным мәдениетін игереді. Қарахан дәуірі әдебиетінде антропоэзектік концептілер айқын көрінеді. Ежелгі дәуір әдебиетінің бастапқы кезеңдерінде тұлға бойындағы адамгершілік өмірлік өлшем, табиғи сипат ретінде көрініс тапса, ал Қарахан дәуірі әдебиетінде антропоэзектік ұстаным гуманизмнің маңызды шарты әрі ағартушылық идеология негізіне айналды. Шығармалар өзегінде тұлға еркі мен мінез-құлықтары туралы тұжырым қалыптасқаны, оның айқын қағидалары, тұлғаның қоғамдағы орны, ізгі қоғамды орнату мен тұлғалық болмыс, әлеуметтік шынайылық пен ұлттық дүниетанымға негізделген тұлға мәдениеті басшылыққа алынған. Бұл оқыту мазмұнында аксиологиялық концептілердің өзектілігін, аксиологиялық құндылықтардың басымдығын айқын байқатады. Оқыту әдістемесі студенттердің құндылықтарды бағалау көзқарасы және әдебиет негізінде тіл мен мәдениеттің тарихи байланысын түсіну арқылы өз бойында ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып дамуына құрылады.

Отандық педагогиканың қалыптасуы мен дамуының тарихи және әдіснамалық заңдылықтарын, оның қазіргі заманғы жетекші білім салаларымен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық теориялар мен оқытудың жетекші педагогикалық идеяларының даму кезеңдерінің арақатынасының деңгейін жан-жақты қарастырудың маңыздылығы көрсетілген. Жаңа гуманитарлық білім біздің зерттеу бағытымызды нақтылайды. Елімізде қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуы контекстіндегі педагогикалық фактілерді, құбылыстар мен процестерді зерттеудің әдіснамалық негіздерін әзірлеу және бекіту қорытындысы шығарылды.

Профессор Таубаева Ш.Т. бойынша әдіснамалық тұғырларды жіктеу төмендегідей бағыттарда көрінеді [61].

Педагогика және жалпы білім беру тарихын және Қазақстандағы оқытушылық әдебиет тарихын дамыту қоғамның табиғи, құқықтық, тарихи қозғалысының процесі ретінде қарастырылады. Сондықтан педагогикалық құбылыстар мен процестерді талдау олардың философиялық және әлеуметтік көзқарастарын ескере отырып жүргізілуі керек. Бұл тұрғыда аксиологиялық ұғымдар басқа тіректермен байланыста болатындығы рас. Қазақстанның педагогикасы мен білім беру тарихының мазмұнын жүйелеу мен жалпылаудың әдіснамалық негіздерін бірыңғай қарау біздің идеяларымызды нақтылауға мүмкіндік береді. Тұғырлардың проекциялау сипаттамасы төмендегі кестеде берілді.

Кесте 2 – Педагогика және білім беру тарихының мазмұнын жүйелеу мен жалпылаудың әдіснамалық негіздері

Тұғырлар	Мәні	Педагогика мен білім тарихының мазмұнын жүйелеу мен құрылымдандыру тұғырларының трансформациясы
Мәдениеттанушылық	Педагогика мен мәдениет интеграциясы арнасында жалпымәдени фонда педагогикалық фактілер мен құбылыстарды зерттейді. Мәдениеттің жүйекұраушы белгілері мен білім стратегиясын осы белгілерге бағдарлану арқылы айқындайды.	Зерттелетін құбылыстардың қазіргі және болашақтағымен байланысын айқындауға және осылайша зерттеудің болжамдық қызметін жүргізуге көмектеседі, алынған мәліметтердің жан- жақтылық деңгейін көтереді.
Аксиологиялық	Жалпы қоғам деңгейінде құндылық бағдарлардың жиынтығы және оның жалпы бағдарлылығын көруге мүмкіндік береді. Жеке тұлғалық-мағыналық деңгейде нақты педагогикалық шынайылық құбылысты талдау үшін осы санаттың мәнін ашуға көмектеседі	Тарихи-педагогикалық зертеулерде педагогикалық процесті ізгілендіру тұрғысынан біліммен тәрбие проблемаларын қарастыруға мүмкіндік береді.
Өркениеттік	Түрлі дәуірлердің педагогикалық құбылыстарын салыстырмалы ауқымда талдауға мүмкіндік береді.	Тарихи-педагогикалық процесті қазақстандық қоғамның әлеуметтік және мәдени үлгілерінің ерекшеліктеріне ескере отырып қарауға ықпал етеді.
Синергетикалық	Өзін өзі ұйымдастыру логикасы, өзін өзі дамыту, тіршілік ету, даму заңдылықтары, ішкі рухани резервтерді өзектендіру.	Тарихи-педагогикалық білімдерді (өзіндік білім негіздерін) реттілікпен жүйелеуге көмектеседі.

Педагогика әдістемесі мен білім беру тарихы әртүрлі тұғырларға сүйенеді. Өйткені, тұғыр-бұл зерттеу мәселесін шешудің негізгі әдісі, бұл шешімнің бағыты мен стратегиясын анықтайтын бағдар. Егер тұғыр тарихи-педагогикалық таным процесінің арақатынасын, оның мазмұнын мен түрлерінің

маңызды сипаттамаларын, тарихи-педагогикалық зерттеу шеңберіндегі тарихи және логикалық, сапа мен санды анықтайды десек, онда әдістемелік тұғыр-бұл авторлық көзқарастың моделі ғана емес, таным тарихындағы құбылыстарды, фактілер мен оқиғаларды түсіну және түсіндіру, бірақ жалпы ғылыми негізделген талдаудың бір түрі. Білімді игеру кезеңдерінде логикалық-бағдарланған тәсіл қалыптасады, оның негізінде фактологиялық материалды іріктеу және түсіндіру жүзеге асырылады, зерттелетін фактілер мен құбылыстарды бағалаудың аксиологиялық параметрлері құрылады және т. б. тарихи-педагогикалық шындықты талдау әдіснамалық тұжырымдамаларға негізделуі керек: мәдени, аксиологиялық, инновациялық, синергетикалық және т. б. әдеби оқу арқылы педагогикада қалыптасатын мәдениет, жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің, экологиялық құндылықтарды игерудің басты үйлесімді шарты болып табылады. В.С.Библер сөз, сөйлеу, ойды жеткізу мәдениетін тұтас тұлғаның ішкі жан-дүниесінің «микродиалог» әлемі ретінде қарастырып, тұлғаның өзгеруі мен жетілдірілуінің шарты мен процесі ретінде таниды. Ол: «...внешнее бытие внутреннего «микродиалога». Однако микродиалог жив и особенно напряжен тогда, когда оба собеседника молчат и человек лишь «накануне» речи. В ее предположении» деп, айтылатын ойдың даналық өлшемі мен ойдың жүйелі процес екенін сипаттап өтеді [62]. Осы пікірге сәйкес, мәдени платформа сөйлеу және ойлау мәдениеті білім мен білімді біріктіретін интеграциялық құрал ғана емес, сонымен қатар білім мен педагогикалық қызметтің тиімділігіне, болашағы мен бірлігіне қол жеткізуге қызмет ететіндігін хабарлайды.

А.Н. Быстрова: «Мәдениет – адамзаттың айрықша өмір салты, ол өзіне өндірісті, оған қатысты қызмет тәсілдерін, қоғамдағы қатынастарды ұйымдастыруды, діл ерекшеліктерін, білім, мораль, өнер, дін, құқық деңгейін және басқаларды қамтиды» [63] деп көрсетсе, В.М.Межуев мәдениетке адамның өзінің өндірісі ретінде қарайды [64]. Осы айтылғандарға қарай адамзат мәдениеті ұғымына енетін әдебиет туындыларын құндылықтар, адамның қызметі, шығармашылығы, болмыстық күштері арқылы көрініс табады деген тұжырымға келуге болады. Бұл оның көпқырлылығы мен көпқызметтігі бар екенін көрсетеді.

Қарахан дәуіріндегі әдебиеттің рухани феноменальды табиғатын қарастыра отырып, біз білім мен мәдениеттің қиылысу нүктесін анық көреміз. Халықтың қоғамдық-әдеби құбылысын игере отырып, адам ұлттық мәдениет пен білім беру мен тәрбиелеу процесінің мұрагері болады. Ол ұлттық менталитеттің ерекшеліктері бар адам мәртебесі – қоғамның әлеуметтік бірлігіне ие.

Педагогика ғылымында аксиология идеяларының білім саласына прогрессивті енуін көрсететін парадигманың өзгеруі байқалады. Білім беру жүйесінің трансформациясы әрқашан тұтастай алғанда мәдениеттің дамуы аясында жүреді. Білім аксиология тұрғысынан құндылық ретінде қарастырылады, әдебиетті оқыту және оқу - бұл құндылықтарды интроспекциялау процесі, сонымен бірге олардың жиынтығын іздеу, құру және иелену. Білім беру мен тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын

идеалдар мен құндылық бағдарлары педагогикалық құндылықтарды қарастырудағы маңызды буын болып саналады.

Егер біз аксиология тұжырымдамасын сипаттайтын болсақ, онда бұл ғылымның ең маңызды ерекшелігі ("axia" - грек "құндылығы", "logos" - ілім, ғылым), оның философиялық сипаты басым, өйткені ол шындыққа, ақиқатқа ұмтылады.

ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін қарастыру барысында, білім мен тәрбиенің проблемаларын зерттеуде мәдениеттанушылық, аксиологиялық тұғырлардың өзара байланысы байқалады. Дәл осы себепті аксиологиялық тұғыр теория мен практика арасындағы қажетті байланыс ретінде қарастырылады. Мұнда Аксиологияның педагогикалық мәселелермен байланысы тұжырымдалған. Педагогикалық ұжымның мұрасын зерттеудің аксиологиялық негіздері оның өмірлік жағдайларын, педагогикалық, дүниетанымдық тұғырлар мен нақты тарихи шындықтардың эволюциясына байланысты жеке деңгейдегі іс-әрекеттің субъективті қажеттілігін зерттеуге мүмкіндік береді. Әр ұрпақтың құндылығы сырттағы жағдайларға, қоғамның дамуына қарай өзгереді.

Гуманитарлық білім-бұл жеке тұлғаны дамытудың аксиологиялық, жүйелік, процедуралық және өнімді компоненттерін жиынтықта жүзеге асыруға бағытталған болжамды, жоспарлы, мақсатты және дәйекті жүйе. Біз әдебиетті оқытудың, білім берудің аксиологиялық компоненттеріне көбірек тоқталамыз. Аксиологияда құндылық субъект үшін (жеке тұлға, топ, қабат, этнос, адамзат) өмірлік маңызы бар объектілер (материалдық және идеологиялық) ретінде түсініледі. Рухани мақсаттар ретінде өмір сүретін жалпыадамзаттық құндылықтар жоғары деңгейде тұжырымдалған ұғымдарда айқын көрінеді. Негізгі құндылықтарға мыналар жатады: сөйлеу, ой білдіру мәдениеті, тұлға, даму, еркіндік, жауапкершілік, шындық, жақсылық, Сұлулық және т. б.

Құндылықтардың көпвекторлы бағыты болғандықтан, рухани тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үшін нормаға айналуы тиіс жалпыадамзаттық, жеке, қоғамдық және мемлекеттік құндылықтардың тепе-теңдік қажеттілігін мойындау қажет.

Уақыт бойынша өмір сүрудің үздіксіздігін түсіну, субъективті уақыттың экзистенциалды құндылығын мойындау адамға сағат сайын, минут сайын нақты әлеммен қарым-қатынас орнатуға және оларды әртүрлі іс-әрекеттерде игеруге мүмкіндік береді. Бұл адам мен қоғам үшін адамның өзімен, басқа адамдармен, табиғатпен, іс-әрекетпен, мәдениетпен қарым-қатынасының барлық аспектілерін өзектендіре алатын руханилық. Бұдан шығатыны, руханият функциясын жүзеге асыру адамның ішкі әлемін де, оның айналасындағы шындықты да өзгертеді, ал адамның рухани дамуы мен өзін-өзі жетілдіруі өркениеттің одан әрі үдемелі дамуы үшін объективті қажеттілік болып табылады. Дамудың құндылық қателігі мұғалімнің қызметінде шешуші рөл атқаратынын атап өткен жөн. Қазіргі философия дамуды төменнен жоғарыға қарай өзін-өзі жарнамалау процесі ретінде түсіндіреді, нәтижесінде

жаңасы көтеріліп келеді. Даму процесінде сапалы өзгерістер орын алады. Егер қалыптасу пайда болса, көрінбейтіннен болмысқа ауысу, ал Даму - болмыс құрылымының, экзистенцияның өзгеруі. Өзін-өзі дамыту проблемасы тұлғаны, оның табиғатын, оның қалыптасуы мен дамуының детерминанттарын, оның ішкі өзгерістерінің негізін түсінумен тығыз байланысты.

Педагогика әр адамның әлеуетін дамытуға мүдделі. Оқушының дамуы үшін оған рухани өзін-өзі анықтау үшін еркіндік кеңістігін беру өте маңызды. Құндылықтарды тандау еркіндігі жеке тұлғаның дамуына жағдай жасайды. Жеке тұлғаның құндылықтарды еркін тандауының болмауы сәйкестікке әкеледі және жеке тұлғаның дамуына кедергі болады. Құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған заманауи білім берудің мазмұны мыналарды қамтиды, тиісті әдебиеттерді оқыту процесі коммуникативті, прагматикалық құзыреттілік түрлерін, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруды, студенттің негізгі принциптері ретінде құндылықтардың аксиологиялық жүйелерін игеруді қамтиды. Адамның танымы сыртқы әлемді құндылықтар жүйесі арқылы, белгілі бір бағалау критерийлерінің сүзгісі арқылы өткізеді. Әлемді тану және бағалау критерийлері әр халықтың мәдениетімен, әдебиетімен және тарихымен тығыз байланыста қалыптасады. Құндылықтарды бағалау жүйесі немесе аксиологиялық құндылықтар жүйесі әдеби мұра арқылы беріледі. Жеке тұлғаны қалыптастыруда әдебиеттен алынған білімнің тиімділігі мен құндылығы алынған құндылықтардың негіздеріне байланысты.

"Жалпы оқу әдебиетінің мазмұнындағы аксиологиялық құндылықтар қалай ұсынылуы керек? оқыту әдістемесінде "қалай оқыту керек" деген сұрақ?. "не үйрету керек?" сұрақтармен араласады. Әлбетте, адамда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін аксиологиялық тұжырымдамаларды қалай ұсыну керек деген сұрақ туындайды. А. Вежицкая әр ұлттың менталитетін анықтайтын жалпылама семантикалық ерекшеліктер бар екенін атап өтті [65]. Мысалы, неміс халқының дүниетанымындағы негізгі семантикалық ерекшелік өмірдің барлық салаларында тәртіп ұғымында көрінеді, француз халқы үшін - құқықтық қадағалау ұғымында. Осылайша, біз Қарахан әдебиетін оқыту процесінде қазіргі қазақ менталитетінің негізгі ерекшеліктерін қарастырып, білім берудің адамгершілік бағытын, түркі дүниетанымының құндылықтарын жинақтайтын негізгі ұғымдарды талдайтынымыз анық. Қарахан дәуіріндегі әдебиет мазмұнындағы ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін ашатын, ойлаудың бірегей үлгілерін көрсететін, тілдік материалды талдайтын, тірек ұғымдармен байланысты ассоциативті байланыстарды сөз тіркестері түрінде анықтайтын, сөздің этимологиясын, оның тарихын анықтайтын, осы сөзбен байланысты адамдардың білімін сипаттайтын әдеби қолданыстар. Осылайша, Қарахан дәуіріндегі әдебиет мұрасын меңгеру әдебиет пен тілдің үйлесімін талап етеді деген қорытындыға келеміз. Себебі аксиологиялық құндылықтың қалыптасуы мәтіндермен жұмыс жасау, сөйлеу жағдайларында, талдау, бағалау, зерттеу, рөлдік ойындарды ұйымдастыру, сөйлем құрылымын талдау

және сөзді, сөз тіркестерін қолдану жүйесінде жүреді, мақал-мәтелдер мәтінді жан-жақты қарастыратын тілдік білім негіздерімен байланысты жұмыс модельдері түрінде жүзеге асырылады. Менің ойымша, материалды игеру барысында әдеби және лингвистикалық білімнің негіздерін қатар жарықтандыру студенттің аксиологиялық құндылықтар туралы білімін тереңдетеді, жүйелі құрылымы бар білім беру ресурсын қалыптастырады және бағалау құралына айналады.

Аксиологиялық құндылықтар мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау әдебиетті оқыту әдістемесін дамытуда, оқу материалдарын жүйелі беру мен білім алушының таным әрекетіне сай тапсырма түрлерін құрастыруда аса маңызды. Ойымызды төмендегідей қорытындылап, әдебиетті оқытудың аксиологиялық негіздері, жұмысымыздың бағыт-бағдары туралы ойымызды тұжырымдасақ:

1) Қарахан дәуірінің әдебиеті-адам бойындағы аксиологиялық құндылықтардың қалыптасуының бастауы, ұлт тарихында маңызды ұғымдармен, қатынастармен, өмір салтымен байланысты қалыптасқан ережелердің көп ғасырлық жиынтығы;

2) Қарахан дәуірінің әдебиетінен алынған аксиологиялық құндылықтар Ұлт дүниетанымы мәдениетінің бастапқы негіздерін көрсететін білім іргетасы болып табылады. Педагогикада жеке тұлғаны қалыптастыру процесінде аксиологиялық құндылықтарды қалыптастыру басым болып табылады, ал аксиологиялық құндылық шеңберінде бағалау компоненті басым болып табылады. Себебі бағалау компонентінің мазмұны негізінде ұлттық мәдени код анықталады. Бұл әдебиетті оқытудағы басты мәселе;

3) Қарахан әдебиетін оқытуда лингвистика мәселелерін жариялау қажеттілігі айқын. Себебі әдеби қолданыстарды талдау барысында тілдік білімнің негіздері, аксиологиялық құндылықтарды сипаттау әдістері, бірқатар синонимдерді қалыптастыру, ассоциативті тізбектер құру, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық бірліктерді анықтау, ғылыми жобалық жұмыс жүргізіледі.

Бұл келесі тарауда қарастырылатын Қарахан әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері мен Қарахан дәуірі мұраларын меңгертудің әдістемелері тақырыптары бойынша қозғалатын ойларымызға, докторлық жұмысты жазу барысында жүргізілген ғылыми-педагогикалық, әдістемелік зерттеулердің критерийлерін нақтылауда, инновациялық технологияларды жаңашылдық бағыттауда, педагогикалық тың, жаңашыл құбылыстарды зерделеп, қолданысқа ұсыну немесе өзіндік жаңашылдық сипатын танып-білуде ізденіс іргетасы, берік негіз болып табылады.

2 ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ҚАРАХАН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қарахан дәуірі әдебиетінің спецификасы: философиялық мәні және тарихи-әлеуметтік алғышарттары

Жаһандану дәуірі қойып отырған талаптар тұрғысынан қарасақ, бүгінгі таңдағы ЖОО-да білім берудің басты мақсаты – сапалы білім, саналы тәрбие берумен бірге парасат деңгейі жоғары, құзыреттілік амалдарын жетік игерген, білімді де білікті маман болумен қатар көшбасшы тұлға ретінде танылатын, әлемдік мәдениетке өз болмысымен құбылыс ретінде енетін жан-жақты тұлға дайындау. Тұлға дайындаудың зертханасы – оқу мен оқыту процесі. Тұлғаны сыртқы әлемді өз ерекшеліктері тұрғысынан қабылдайтын сезімнің, әсердің, қабілеттің және ішкі жан-дүние өзгерістерімен қабылдайтын мінез-құлықтың иесі, белгілі бір кезеңдерде тәжірибеге сай көзқарастарды қалыптастырып, үнемі дамып отыратын жан-жақты психикалық құрылым леп танитын болсақ, онда жеке тұлғаны қалыптастыруда оқу-білімнің, ғылыми зерттеу әдістерінің алатын орны ерекше екенін де жете түсінеміз. Оған ықпал ету құралы – біздің жағдайымызда әдеби мұралар, өзіміз басшылыққа алып отырған Қарахан дәуірі әдебиеті. Яғни Қарахан дәуірін оқыту барысында теория мен тәжірибе, тарих пен педагогикалық білім көздері, пәнді оқытудағы әдіснамалық, әдістемелік негіздер басшылыққа алынады.

Жаңа гуманитарлық білім беру аясында білім беру парадигмасы фокусының өзгеруіне сәйкес, білім берудің мақсаты да өзгерді: әдебиетті оқытуда жеке тұлға болмысының рухани мазмұны мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру басымдық алып, құндылық, ойлау, сана, таным, дүниетаным секілді ұғымдармен байланыстыра оқыту өзектілігін анықтайды.

Философия – дүниетаным ілімі. Дүниені тану – адамның, тұлғаның, болмысын айқындайтын, саналылығының өлшемі болатын түсініктер. Адамзат дамуындағы кезеңдердің кілт сөздері – «адам» және «дүние» десек, осы ұғымдар – тоғыспалы ғылым мен білімнің негізгі мәселелері екеуінің арақатынасынан туындайды: табиғаты бөлек болғанмен, бір-біріне тәуелді және дүниенің дамуы адамның дүниетанымы мен ізденісіне, түсінігі мен құндылықтарды зерделеуіне байланысты, ал адам санасының дамуы дүниені танудан, зерттеуден бастау алады. Философияның негізгі мәселесі – адамның сыртқы дүниеге қатынасы. Демек, әдебиет туындыларыда адам санасы мен дүниенің дамуына қатысты, ойлау мен пайымдау негізінде пайда болған философиялық құбылыс.

XVII ғасырдағы ағылшын философы Томас Гоббс: «Философия сенің ойлауыңның жемісі болып табылады... және сенің өзінде өмір сүреді» деген тұжырым айтқан [66]. Кез келген жан өзі келген дүние, өмір сүру және адамгершілік, азаттық, әділет пен мәңгілік туралы ой толғайды және оған

құқылы. Ақыл-ой мәдениетінің негізі тура осы пайымдаулардан тұрады. Қарапайым толғаныс жүйелі пайымдауға жол салса, ойлау, толғану тұжырымдау нәтижесінде ұғымдар, категориялар мен ұстанымдарды пайдалана білу ілімі бастау алады. Бұл адамдардың саналылығының көрінісі, өзге табиғат перзенттерінен артықшылығы. Алайда қарапайым ойлау, бір нәрсеге баға беру кемелділікті білдірмейді, «толық адам» болу, кемелдену – даналық деңгейдің көрінісі. Өйткені пайымдаулар мен дәлелдердің дәйектілігі, ақиқатты іздестірудегі дұрыс әдіс, логикалық ойлау – жан-жақты білім, тәжірибе мен үнемі ізденіс нәтижесі. Әсіресе әдебиетті оқытуда тұлға бойына даритын білім нәтижесі, білімді қолдану шешімін табатын мәселелер түсінігі философия тұрғысынан талданады.




Сурет 2 – Қарахан дәуірі әдебиетінің философиялық негіздері

Әдеби шығарма – тұнып тұрған философия, дүние құбылыстары туралы білім көзі мен мысалдары. Себебі әр кезеңдегі тарихи өзгерістер, әлеуметтік-тұрмыстық жағдай мен адамзат дамуына қатысты мәдениеттің өркендеуі не құлдырауы, соған байланысты бастан кешетін қилы заман салдарынан білім алу, өмірге қажет дағдыны меңгеру, білікті дамыту әрекетін қиындата түсуі және озық ойлы адамдардың осы қиындықтармен күресі т.т. шығарма мазмұнына беру, сипаттау, дерек көзіне айналдыру – бәрі әдебиеттің көтеретін жүгі, атқаратын міндеті, яғни антропология мәселесіне келіп тіреледі. Жалпы, адам мәселесі, оның болмыс-бітімі мен түр-тұлғасы, мінез-құлқы мен әрекет-қимылы – бәрі де ежелгі кезеңдерден ғылыми зерттеулер негізі. Адамның мәселесі, оның жоғарыда айтқан барлық ерекшеліктері ғылымда антропология деп аталатын ғылым еншісінде. Философия адамды біртұтас жүйе деп қарастырады. Ал енді көбінесе философиядан бастау алатын әдебиеттану

мәселесінде антропология көркемдік әлемді тануды басты мақсат етіп қояды. Көркем антропологияның зерделейтін басты мәселелерінің қатарына туынды авторының ойы мен қиялы, оның шығармашылығы туғызатын адам образының көркем мәтінде бейнеленуі, оқырман немесе ғалым тарапынан қабылдануы, түсінуі және баға беруі т.б. жатады. Антропологиялық философияда адамның ерекше болмысы, оның табиғаты және рухани дүниесі, өмір сүру мәні деген ұғымдар қарастырылады. Сонымен, білім беру философиясы «адамның мәдениеті мен рухани байлығын арттыру мақсатына қызмет етеді» [67].

Әлемдік және отандық философтар білім беру философиясына қатысты тұжырымдары да, ежелгі дәуір данышпандарының білім беруге байланысты ағартушылық идеялары да назарымыздан тыс қалып отырған жоқ. Гегельдің философиялық ойларынан, әл-Фарабидің еңбектерінен әлқиссаны бастау осы білім беру идеяларының алып іргетасы. Гегель даралылық адам дамуының бастапқы нүктесі, адамның қалыптасуын рухани жұмыс деген бағытта ой айтса, Фараби философиясы – «дүниенің мәңгілігін тану», «парасат туралы ілім» мәселелері арқылы «қайырымды қала тұрғындарының» болмысын қалыптастыру, рухани өсу философиясы. Сонымен бірге «адамзатқа қатер тудырмайтындай тәрбиелей отырып білім беру» педагогикалық ұстанымы да екінші ұстаздың педагогикалық философиясы. Ол Гегельдің: «педагогика – адамдарды инабаттылыққа апаратын өнер: ол адамды табиғи тіршілік иесі ретінде қарастырып, оның бірінші тіршілігін екінші тіршілігіне – руханилыққа жеткізе алатын жолын көрсетеді. Осылайша руханилық оның әдетіне айналады» деген пікірімен астасып жатыр [68]. Яғни, білім беру философиясы – білім алушыны руханилыққа, адамгершілікке апаратын жол, қоғам құндылықтарын бойына сіңірген жеке дара тұлға ретінде толық қалыптасуының негізі.



Сурет 3 – Құндылықтар бағдары

Біз алдыңғы бөлімде білім беру құндылықтары туралы, оның қоғам, мемлекет құндылықтарымен тығыз байланыста болатынына да тоқталып өттік. Ұлт мәдениетінің өзегі – ұлттық код болып табылатын рухани құндылықтар. Ұлттық код – рухани қайнар көзі, ұлттық болмыстың тарихи негізі. Ұлттық код түсінікті болған кезде ғана ұлт тарихынан алынған ақпарат, мәдени құндылықтар ұлт ұрпағының санасында бірігіп, таным философиясының өзектілігі артады. Ұлттың пайдасына негізделген барлық тарихи және заманауи ақпарат ұлттық код арқылы біріктіріледі, жиналады, таратылады және ұлттың санасында өңделеді.

Білім берудің аксиологиялық бағдарының әдістемелік негізі – құндылықтар теориясы. «Құндылықтар – дүниедегі әртүрлі құбылыстар мен деректердің жеке тұлғалық, қоғамдық және өркениеттік деңгейдегі маңыздылығын білдіретін ұғымдар. Олар – әлеуметтік практикадағы субъектіаралық, адамаралық қатынастарды реттеуші рухани мәнділік. Құндылықтар – адам өмірінің мәнділігін, бағыт-бағдарын анықтаушы рухани күш» [69]. Аксиологияда құндылықтар қоршаған ортаның әлеуметтік маңызы бар нысандары мен құбылыстары адам мен қоғам үшін рухани тетік болып анықталады. Бұлар жеке және қоғамдық мәнге ие болады. Мән – «құндылық» түсінігінің негізгі сипаттамасы. Құндылық адам руханилығының бастауы болып табылады.

Қазіргі философтар құндылықтар иерархиясында мақсатты бағдар ретінде бірінші орынға «тұлғаны» қояды. Аксиологиялық құрылымда орталық құндылыққа «адам өмірінің мәні» түсінігі маңызды. Адамдардың бойында дамыған моральдық қадір-қасиет рухани құндылықтарға, ал тұтыну заттары мен адамдардың қолымен жасалған іс-әрекеттер материалдық құндылықтарға жатады. Біз Абай айтқандай, «қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған» қисынды (логикалық) ойлау, сөз саптау, тіл өнерін және күнделікті тіршілікте қолданылатын ұлттық қолөнерін заманауи келбеттегі ұлттық құндылықтар ретінде меңгертіп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлт мұрасын, қастерлейтін, рухани байлығынан нәр алған, ұлтжанды, өз мемлекетін құндылығын бағалап, көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелейміз.

В.С. Веселова: «Функционирование, развитие образования тесно взаимосвязано с ценностями общества и государства. В философии образования одним из интересных направлений сегодня является аксиология образования. «Аксиология образования» и «педагогическая аксиология» на первый взгляд синонимы, хотя понятие «аксиология образования» претендует на более высокий статус» деп, «білім беру аксиологиясы» мен «педагогикалық аксиология» ұғымдарының арасалмағын екшеп, айырмасы барын атап өтеді [70]. Жаһандану дәуірінде оның осы пікірі біздің «құндылықтарға» бағдарлай оқыту барысында ескеріп, мән беруіміз үшін маңызды. Білім беру барысында игерілетін құндылық пен педагог

құндылықтары ұсынылуы, қабылдануы және игерілу барысындағы өзгеріс түрлері әр қырымен ерекшелене түседі. Әсіресе бұл пікірдің құндылығы біз қарастырып отырған Қарахан дәуірі әдебиеті материалдар негізінде айқын байқалады.

Жаһандану, техника дәуірі, байланыс желісінің дамуы адамзат өркениетінің озық жетістіктерімен қатар, адам санасына кері әсері бар құбылыстарды да көлденең тартуда. Санасы өзге тілмен шұбарланған, қойыртпақ тілді ұрпақтың ана тілдің уызымен келетін төл құндылықтарға көзқарастарының өзгеруі, ұялы телефон мен компьютерге телмірген, дайын ойын бағдарламаларымен жұмыс жасауға бейім, дені ауған құлтемір саналы ұрпақ қорқыныш пен қауіп тудыруда. Бүгінгі өркениет ағымы «Мені» жоғары азаматқа зәру бола бастады. Сөйлеу тәжірибесі, қол қимылы, ұсақ моторика мен жадымен жұмыс азайды, бұл өз кезегінде ойлау, сөйлеу, жазу, тыңдау, ой тұжырымдау дағдыларын қалыптастыру, дамыту проблемалары бой көтерді.

Білім туралы заң әр азаматтың білім алу құқығына негізделген өмірлік құндылықтарын қалыптастыру міндеттерін қамтиды. Дидактикалық жағдайлар туындайды, яғни оқу процесін, тәрбие жұмысын, дамуды жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Өйткені озық ойлы тұлға тәрбиелеу – педагогика еншісінде. Яғни тәрбие мен оқу процесінің маңызды қайнар көзі – біздің ұлттық рухани құндылықтарымыз. Оның бірі және бірегейі – ұлттың дүниетанымы мен тіл қазынасы болып табылатын әдеби мұралар. Әдебиет туындылары – ұлттың шешендік сөз, тіл өнерінің айнасы, ажырамас бөлігі. Ол – ұлттың шығармашылық шеберханасы. Әдебиетті меңгерту тұлғаның ішкі «Менінің» жетілуіне, рухани дүниесінің кемелденуіне өріс болады.

Тіл, ойды жеткізу – адамның болмысын, ұлттың ерекшелігін айқындайтын құндылық. Тіл – таным құралы болумен қатар, әдебиет арқылы өмірді суреттеу құралы. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, ақиқат адам санасында көрініс беріп, сүбелі сөз, орманды ойға айналып жарыққа шығады. Біздің жоғарыда қозғап отырған ойларымыздың бәрі – заман дамуының оң, теріс әсерлері, «Мені» жоғары азамат, құндылықтарды тану, құрметтеу, білім құндылықтарының өміршең мәнін түйсіну – Қарахан дәуірі әдебиетінің өзегіндегі өзекті мәселелер. Міне, осыдан барып Қарахан дәуірі әдебиетінің спецификасы айқындалады.

Ең бірінші, Қарахан әдебиеті – түркі дүниетанымы мен философиясының алтын арнасы. Қарахан дәуірі әдебиеті антропоөзектілік, аксиологиялық құндылықтардың қай-қайсының болсын тегеурініне төтеп беріп, тақырыбын толық аша алатын кемел білім көзі. Оның құндылығы – көне замандарда жазылған еңбектердің қазіргі кездегі уақыттан озған адамзаттың білім қазынасының алтын қоры болып танылуында. Махмұт Қашғаридың көтерген «таза мемлекеттік тіл» мәселесі бүгін де өзекті, Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғу білігі» – білім философиясының мәңгілік құты болатын тақырыптарды ашады. Мазмұны терең сөздердің мағыналылығы сонша – академиялық білім көзін

меңгерген адамның өзі іздеп отырып, тілге тиек етер дәйексөздер, ойлы тұжырымдар, сөз мәйегі.

Екіншіден, шығармалар кеңістігі адамзатқа аса қажет бүкіл білім көздерін қамтиды: тарих пен география, тіл, әдебиет, философия, табиғат пен өмір, тұрмыс-тіршілік, мәдениет, қолөнер, шаруашылық, психология, менеджмент т.т.. Кез келген тақырыпта білім көздерін әр пәнге қатысты қарастыруға болады. Аңдап, зерделеген адам халықтың математика, физика мен химияға қатысты білім мысалдарын тауып, талдап, ой тұжырымдай алатын мол білім қоры. Ал дін тақырыбына қатысты философиялық ой-тұжырымдар ізгілік рухына толы. Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Йүгінеки еңбектерінде ислам өркениетінің алтын діңгегін танытып тұр.

Үшіншіден, Қарахан дәуірі тарихы мен шежіресінің ұйытқысы да, кейіпкері де, еңбектердің авторы да – мәңгіліктің мәңгілігінің алтын кілтін ұстап, өзінің өшпес есімін тарих бетінде қалдырған тарихи тұлға. Көп дүние көмескі көрінсе де, ізденіп білімнің шырағын жаққан, оның сәулесін мыңға түсірген, сол арқылы ағартушылық сүрлеуін салып, педагогикалық идеяларын туындыларында таңбалаған ғұлама, данышпан, дарын иесі. Көне дүние философиясын толғаған кемел адам. Жүсіп данышпан:

*«...Бірі – дана, ғалымдар, зейінділер,
Бірі – хатшы, білсін деп кейінгілер.
Үшіншісі – жүректі ер, батырларың,
Жау десе, жайдай жайтар жасындарың».*

Жүсіп Баласағұн: *«Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса, қалған жұртты үйіріп, қоңсыға алса...»* – деп, көшбасшы, көкірегі қазына, ел қорғаны болып табылатын үш түрін түсіндіреді [71, б.320].

Әдебиеттің философиялық мәнін ашуға негіз болатын принциптердің бірі – *тіл мен саналы ойдың бірлігі*. Дүниені тануда дүниетанымдық шынайы білім арқылы жер бетіндегі барлық ұлтқа бірдей тән әрі ортақ жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Ал ұлт ретінде танымдық қабылдау, өзіндік ойлау ерекшелігі ұлттық сананы қалыптастырады. Демек тіл мен ой арқылы жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетаным көрініс табады. Тіл ұлттың танымын, салт-дәстүрін, ділін, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды. Сөйтіп сөйлеушінің образды стилі мен өзіндік ойлау, қабылдау ерекшелігін, сол арқылы ұлттың мәдени кодын қалыптастырады. Білім алушының көркем мәтінді түсінбей жатуы, қабылдай алмауы көп жағдайда ұлт мәдениетін білмеуден, сөз мағынасын ұғынбаудан туындайды. X-XII ғасырларды қамтыған дәуір шығармаларын түсіну, оның түсінігін заманауи ұғымға сай талдай білу жаһандану дәуіріндегі ұрпаққа оңай болмасы анық.

3. Ахметжанова: *«Жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бөлшегі болып табылатын ұлттық мәдениеттің терең, философиялық мәнін жас буын өкілдері түсіне алмай жүр»*, – деген сөздері осы ойымызға дәйек [72, б.175]. Алайда оның философиялық сипатын ашып, өзіне тән ерекшеліктерін көрген үстіне

көріп, зерттей білетін ұрпақты дайындау әдебиетті оқыту әдіснамасының жүгі. Жоғарыда айтылған ойлардың бәрінің талабына сай келетін ежелгі әдебиетті оқыту Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселелерінің де өзектілігін айқындайды. Ең алдымен тілге тиек болатын мәселе – Қарахан дәуіріндегі әдебиет туындыларының бүтін бір мемлекеттің, түркі дәуірінің алтын кезеңі – Қайта Өрлеу дәуірінің діңгегі болып табылатынында. Шығыстанушы А. Мец бұл кезеңді «Мұсылман Ренесансы» деп бағалағанын, білім алушының осы бағыттағы білімін тереңдету туралы ойларымды өз мақаламда айтып өттім. [73].

Философтар адамның санасын қарапайым сана және философиялық сана деп бөліп қарастырады да, адамның қарапайым түсініктерін жоғары бағалайды. Н. Нұрышева «қарапайым сана тәжірибені нақты сезімдік бейнелерде белгілей отырып, философиялық сананың негізін» қалыптастыратынын дәлелдей отырып, әдебиетке қатысты тұжырым жасайды: «Қарапайым сананың нақты көрінісі – халық ауыз әдебиеті болғандықтан, қазақ халқының философиялық дүниетанымын зерттеу ісін қазақтың ауыз әдебиетін тереңдеп тексеруден бастаған жөн» [74, б.160]. Демек, халық ауыз әдебиетінің ең шұрайлы, ең бай мысалдарын жинаған Қашқари жинағы мен түркі халқының ой-өрісі терең философиялық ойларының шырынын берген Баласағұни туындысы да осы зерттеу ісіне негіз болып қана қоймай, педагогикалық ізденістің іргелі арнасы болмақ. Ойымызды Ә. Қоңыратбаевтың фольклор образдарының жандылығы мен шынайылығы туралы ойларымен толықтыра түссек: «Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл деген ғибрат» [75, б.13]. Құдды Қарахан дәуірі әдебиеті туындыларына қарап айтылған сипаттама.

Заман өтер, кісі тоймас, адам ұлы мәңгі қалмас.

Көркем тонды өзіңе,

Тәтті асыңды өзгеге (қалдыр),

Қонағыңды құрметте,

Даңқың жайсын еліңе.

Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле, Елде ұлық, дана болып, білік үлес.

Қашғари жинағынан мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Бұл сол кездегі түркі халқының сана-сезімінің жоғарылығын, өзіндік терең философиясын байқатады. Философия – адамға өз өмірінің терең мағынасы мен мақсатын, тілдің мәнін түсіндіретін бірден-бір ғылым саласы. Қоғамдағы өзгерістердің шешуші факторы болып табылатын адам әдебиетті оқып, үйрену және оны тілдік тәжірибеде қолдану арқылы оның философиялық мәнін үстеп, әлеуметтік қызметін арттыра түседі. Адам басқа адамдармен тіл арқылы қарым-қатынасқа түседі, өз ойын білдіреді, алға қойған мақсаттарын дәлелдейді, соған қол жеткізу үшін тіл мүмкіндіктері мен әдебиет білімін барынша белсенді

пайдаланады. «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан» деп Абай айтқандай, өмірден өз орнын табуға ұмтылады.

Ақпараттар ағымы мол жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болу үшін білімге ұмтылатын әр жасқа артылар жауапкершілік жүгі зор. Өйткені уақыт пен заман қойып отырған талап шарттары бойынша, ол өз ұлтын дәріптеуге, мәдениетін асқақтатуға, тарихын сақтауға, өз елінің рухани мұрасын көз қарашығындай қорғап болашаққа жеткізуге, ана тілін қадірлеуге тиісті тұлға болуы қажет. Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей, өмір күрделенген сайын адамға өмірден өз орнын табу, өз мүмкіндіктерін толыққанды көрсете білу немесе діндеген мақсаттарын жүзеге асыру қиындық тудыруда.

Қарахан дәуірі кезеңіндегі туындылардың философиясы – өз кезеңінің озық ойлы парасаттылығы мен данышпандығының көрінісі. Ол түркі тектес халықтардың ортақ мұрасы бола отырып, қазақ ауыз әдебиетінің, шешендік өнерінің қайнар көзі болып табылады. Себебі бүгінгі күнде мақал-мәтелдер қатарында Жүсіп Баласағұнидің, Қашғаридың, Яссауи мен Йүгінекидің аздап өзгеріске ұшырағанмен, даналық ойдың түпкі формасын аңдауға болатын қанатты сөздері де кездеседі. Сөзімізге мысал ретінде «Сөз атасы» жинағынан алынған мысалдарды кесте түрінде ұсынылды.

Кесте 3 – Махмұт Қашғари сөздігінен алынған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер

Мақал-мәтелдер	Қанатты сөздер
1	2
Тау мен тау кездеспес, Адам мен адам кездесер.	Тау тауға қосылмас, Адам мен адам қосылады. (Қашғари)
Арсыздан адам түңілер	Арсыз – адамның қоры (Баласағұни)
Жақсының сөзі өлмейді	Туар адам, өлер өзі – ат қалар, Кеткендердің сонда сөзі жатталар (Баласағұни)
Тіл тас жарады, Тас жармаса, бас жарады	Табынған тас жарады, Тас келіп, бас жарады (Қашғари)
Жақсының артынан сөз ереді	Атағы жақсы адамға сөз ереді (Қашғари)
Жомарттың тоны тозбас, Аты арымас.	Жомарттың мақтауын ел асырады, Жуытпай жаманатты ол қашырады (Баласағұни)
Ашу – дұшпан, ақыл – дос	Ашу қысса, ақылың ғайып болады (Қашғари)
Көп күлген – бір жылдар	Көп сүйінсең – бір өкінерсің де (Қашғари)
Іріктен шірік шығады	Іріген ауыздан, шіріген сөз шығады (Баласағұни)

3 – кестенің жалғасы

1	2
Түсі жылыдан түңілме	Түсі игіден түңілме (Баласағұни)
Өнерлі адам – өрелі	Өнерлінің қапасы көп, Өнерсіздің өкініші жоқ (Йүгінеки)
Ұрының арты – қуыс	Арам малдың арты – азап (Йүгінеки)
Басқа пәле – тілден	Тіл біреуді көтерсе, біреудің түбіне жетер (Йүгінеки)
Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер	Ажал анық болса да, мезгілі жетпей ер өлмес (Баласағұни)
Қасқыр да қастық етпес	Бөрі қоңсысын жемейді (Қашғари)
Жастықта – бейнет, қартайғанда – зейнет	Жасында тырысқан – қартайғанда қуанады (Қашғари)
Көресіні көрмей, көрге кірмейсің	Тірі адам талайды көреді (Қашғари)

Көптеп келтіруге болатын мұндай үндестік мысалдары қазақ шешендік өнерінің, шешендік философиясының түбі түркі мұраларында жатқанын көрсетеді.

Білім беру философиясында адам үшін ең басты нәрсе *өмірдің мәнін түсіну* деп санайды. Философиялық еңбектерде өмірдің мәні «адам болмысының сыры қоғамдық дамудың толғағы жеткен міндеттерін шешуге жәрдемдесуде, жеке адамның жан-жақты дамуы үшін алғы шарттар қалыптасатын жасампаздық еңбекте тұжырымдалған» [76]. Қарахан әдебиетінің философиялық мәнін жете түсінген студент, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді шеше алатын, кез келген жағдайға сыни көзбен қарай алатын тұлға болып қалыптасады. Қазіргі білім беру философиясының негізін қалаушылардың бірі – Джон Дьюидің «Психология и педагогика мышления» еңбегінде негізгі ойы – білім берудің басты мақсаты пәнді оқыту емес, осы білімдер арқылы өмірді, оның мәнін білу, ұғыну [77]. Кез келген білім беретін оқу орны білім берудің негізгі тәжірибесі – өмірлік тәжірибе үдерісінде ғана идеяларды жүзеге асыру мен осы үдерісте біліммен қордалану қажеттігін есепке алу қажет.

Қазақ философиясындағы өмірдің мәні, ең алдымен, – бауыр еті баласы, яғни жас ұрпақ. Бұл – қазақтың ең басты байлығы, өйткені ұрпақ жалғастығы бар жерде ұлт та, тіл де, халық та, жер де сақталады. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі алдыңғы орында тұрады.

Адамның дүниетанымдық қабілеті оның тілдік тұлғасын анықтауға ықпал етеді. В.А. Маслова тілдік тұлғаның компоненттерін төмендегідей береді [78, б.119]:



Сурет 4 – Тілдік тұлға компоненттері

Бұл пікірде дүниетаным ұғымын тануға негіз болатын *дүние болмысы, таным, адам болмысы* үштігі тұр. Тап осы үштік Қарахан дәуірі әдебиетінің тақырыптар өзегі. Дүниетаным – дүниеге көзқарас, адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи құбылыс. Адам күнделікті өмірде өзіне қажет көптеген мәселелерді шешуі қажет болғандықтан, ерекше білімдер жүйесіне зейін аударады, ден қояды, білімдер жүйесін бойында қалыптастырады. Қоршаған орта туралы, бүкіл әлем туралы, бүкіл әлем туралы, ондағы адамдардың орны, өмірдің мәні туралы білімдердің, идеялардың жүйеленген жиынтығы әлемге көзқарас немесе дүниетаным тұжырымдамасын білдіреді. Философтар «дүниетаным – дүниені түсінудің, ондағы адамның алар орны және өмірлік позициясы туралы көзқарастардың, принциптердің жиынтығы» деп түсіндіреді. Дүниетаным шығуының қайнар көзі – өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы. Дүниенің пайда болуы, ондағы адамның орны, оның тіршілік мәні, қоғам дамуының бағыты секілді мәселелер қай дәуірде де адамдарды толғандырып, ізденіске салып келді. Сөйтіп, дүние құбылыстарын түсіндіруге талпынған әрекеттер үнемі дамып отырады. Осыдан келіп, жалпы адамзаттың дүниетанымы, дүниеге көзқарасы кеңейеді және тереңдей береді [79].

Дүниетанымның бірлігін құрастыратын негіз – білім. Білім бірнеше түрге бөлінеді: күнделікті тіршіліктен қалыптасатын білім, кәсіпке қатысты игерілетін білім, сондай-ақ, ғылыми ізденісте меңгерілетін білім. Ертедегі ойшылдар білімнің нарқын танып, қараңғылықты, надандықты жоятын, халықты халық етіп ұстап тұрар күш деп ұққан.

Профессор Н.Келімбетов бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып, дәуір шындығын, заман ақиқатын қалпына келтіріп жатқан бүгінгі таңда көненің

көзіндей болып, бізге ғасырлар қойнауынан жеткен рухани мұраларды, ежелгі әдеби жәдігерліктерін ғылыми негізде танып білуіміз керек дейді. [80, б.6].

Қазақ халқының өмір туралы талғамдары – терең философия. Күнделікті ойларының іргетасы да, даналық ойларының дінгектасы да – объективті шындықты айнытпай бейнелеген әлеуметтік тұжырымдары. Философиялық тұжырымдар халықтың мақал-мәтелдерінен айқын байқалады. Халықтық дүниетаным жүйелі философиялық құрылымға емес, қоғамдық-тарихи тәжірибеге негізделеді. Халық ой тұжырымын өзінің күнделікті практикалық қызметін, табиғатпен қоян-қолтық араласуы арқасында білген тәжірибесін ой елегінен өткізіп, оны өмірдің заңдылықтарымен байланыстырып отырған. Б. Адамбаев: «Шешендік сөздерді атадан бала қайталап басынан кешірген алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйір дәні», – деп тұжырымдайды. Махмұт сөздіктерінен өмірден алынған мысалды шешендік иірім, образды оймен жеткізіп отырған ой шеберлігін байқаймыз [81].

Профессор Х. Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығында: «Диуани лұғат ат-түрк» – көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы» деген тақырыпта ой қозғап, оны сөздік деп біржақты қарамау керек екенін шындығында оның әдебиет материалдарына мол екенін де айта келіп: «...автор өз мақсаттарын да ескерткен: «Мақсатым – талапты жас ізденімпаздарға дәл бағыт-бағдар сілтеп, ілім-білім болашағына барынша сол көмектесу, – дейді» деп тоқталып өткен [82, б.86]. Бұл – Қашғаридың педагогикалық ойларының, ғылыми ізденісінің айқын көрінісі.

Тілші ғалым Н. Уәли еңбегінде қарастырылған сөзге өң, бедер беретін гипербола, литота, синонимдер тізбегі, градация, қайталау, эпитет, риторикалық сұрақ, метафора, метонимия, астарлы сөз, аллюзия, перифраза, субъективті модальдылық, қыстырма сөздер мен сөйлемдер т.б. сөйлеу тіліне эстетикалық рең берудің стильдік құралдарын аңдаймыз. «Осы құралдар арқылы сөйлеуші белгілі бір ақпарат беруде өзінің тіл дербестігін таныта білуі, ... эстетикалық факторлар» деген тұжырымдарымен келісеміз [83, б.44]. Бұл біздің Қарахан дәуірі әдебиетінің әдеби, тілдік қолданыстарының мәні мен маңызын ашатын ойларымызды, оқыту бағдарымыздың әдіснамалық бағдарын негіздей түседі.

Қарахан дәуірі әдебиетінің үлгілері жазба мұралар екенін, ауызша әдебиет үлгілеріне қарағанда тасқа таңба басқан тұрақтылық, жазба мәтін ерекшеліктері мен стильдік ерекшеліктері бар екенін ескерсек, Ж.Т. Дәулетбекованың: «Сөз – адам әрекетінің бір түрі. Адамның өзгелер айтқан сөздердің қадірін білуі ғана емес, өз сөзін де қадірлі ете білуі оның өзінің ішкі мәдениетіне, тәлімі мен тәрбиесіне тікелей тәуелді. Сөз мәдениетінің кез келген қоғамда атқаратын қызметін, адамдар қоғамында шешуші фактор деңгейіне көтеріле алуының сырын тереңірек ашуға септесетін бұл қағида ұлттық философияда тілдің дүниетанымды қалыптастыруда қаншалықты мәнге ие болғандығын да таныта

түсетініне» тоқталғанын да назарға аламыз. «Бар асыл тілегін, асқақ арманын ұрпағына ұлағатты сөз өнерімен сіңіріп отырған қазақ ұлты үшін философия – өмір салты, рухани азық, ал философиялық жүйелердің басты арқауы – ізгілік. Оның өміртаным өзегінде қауымдастық, ұжымдық идея кеңінен орын алған, сондықтан әлеуметтік мәселе әр адамның негізгі мәніне айналған. Бұл желі осы күнгі педагогика ғылымында кең тарала бастаған тұлғаның топта жұмыс істей білу құзыреттілігін қалыптастырумен табиғи байланысады. ...сол бағыттағы білім мен тәрбие дұрыс берілсе болғаны», – деген пікірі де білім беру барысында даналық, дүниетанымдық, тұлғалық философиясын тиімді қолдануға назар аудартады [84, б.90]. Сонымен бірге З. Қабдоловтың «... тіл жоқ жерде көркем әдебиет те жоқ, ... тіл жоқ жерде философия да жоқ...» деген сөздерін келтіре отырып, әдебиетті оқытуда тіл білімінің қажеттілігін ескеруді орынды санаймыз [85, б.27]. Әдебиет туындыларын оқытудың мәні мен маңызы туралы сөз қозғағанда В.Г. Белинскийдің «Философ говорит силлогизмами, поэт – образами и картинами, а говорят оба они одно и то же» деген қанатты сөзі біздің қарастырып отырған мәселеміздің мазмұнын аша түсіп, оқытылатын туындының философиялық, әдеби және педагогикалық қырларына қатысты пікіріміздің дұрыстығын нақтылайды. Демек, Қарахан дәуірі әдебиетінің спецификасы туралы сөз еткенде, ең алдымен, түркі кезеңінен бастап, бүгінгі күнде қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан туындылардың адамзат мәдениетіне қосқан үлесі мен маңызы, ойшылдық пен даналық философиясының үздік үлгілері болып табылатыны туралы айтып өтеміз. Түркі жазба әдебиетінің басы болумен қатар, әдеби сөйлеу мәдениетінің сипатын танытатыны және мәңгілік тақырып тұлға, ұрпақ тәрбиесіне қатысты озық ойлы шығармалар болып табылатыны тілге тиек болады.

Түпкі жазба әдебиетінің тууының алғышарттары да жоғарыда айтылған ойлармен астасып, философия өрісінен бастау алады. Әдебиетті оқыту әдіснамасы философиялық диалектикаға негізделеді. Біз жоғарыда әдебиеттегі айтылған ойларды өмір құбылыстары, дүниетаным мен заттар, олар туралы ұғымдармен байланыстыра қарадық. Әлеуметтік ғылым түрлері қоғамдық құбылыстардың байланыстары мен тәуелділіктерін қарастыра отырып, ойды кеңітіп, сананы өрістетуге жол ашады. Әдебиеттің тууы, қалыптасуы, дамуы - бұл ғылым, сондықтан ол тарих пен қоғам, адам мен өмір, әлемдегі кез-келген объектілер мен құбылыстар арасындағы әр түрлі қатынастарды зерттей отырып, өз дамуында болып жатқан процестерді басқаратын пәндерді бөліп көрсетеді және маңызды етеді. Қысқаша айтқанда, бұл біз заң ретінде бөлетін белгілі бір байланыстарда жұмыс істейді.

Заң – бұл тек оларға тән құбылыстардың қайталанатын және өте мұқият байланысы. Адамдар бұл заңның атауын өзгерте және жоя алмайды, олар оны біледі, біледі, зерттейді. Ол өз қызметінде сол тәжірибеден алынған білімді пайдаланады. Әдебиет-бұл оны сипаттайтын, мысалдарды қарастыратын модель, бұл білімді жинақтауға мүмкіндік беретін визуализация. Бұл

карапайым адамның өзгеру процесі, қозғалыстарды тудыратын, әлемде жүзеге асырылатын қозғалыстарды шешетін және адам дамуының қозғалысын, яғни диалектикалық процесті тудыратын диалектикалық процесс.

Диалектика – оршаған әлемнің барлық салаларындағы заттар мен құбылыстарға тән жалпы заңдылықтарды анықтауды мақсат етеді. Бұл табиғат құбылыстары, әлеуметтік құбылыстар, жалпы заңдар туралы ғылым, оған адамның ақыл-ойы да бағынады. Диалектиканың соңғы қасиеті-қозғалыс, өзгеріс. А қозғалыс заттардың күйін өзгертетін, қасиеттерін Жоғалтатын немесе жаңа қасиеттерін тудыратын және осылайша олар материяға айналатын, дамиды заттарда болатын әртүрлі процестерді қамтиды.

Өзгерістердің күрделі түрі – Даму. Даму барысында заттар мен құбылыстар мүлдем түбегейлі сапалық өзгерістерге ұшырайды және бір кезеңнен екінші кезеңге өтеді. Қарахан дәуірі әдебиетінде осы өзгеріс, құбылыстардың барлығы көрініс тапқан. Біз ол туындылар арқылы тарихтың, тілдің, адамдардың ой, саанасының, білімді игеру мен әлеуметтік өмірдің, мемлекеттің өзгерісі мен дамуын көре аламыз. Әдебиетті оқытуда философиямен ұштастыра оқыту оның мәні мен мазмұнын тереңдетіп, ғылымның дамуына ықпал ететінін назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Дамуды түсіндіру белгілі бір әдістер мен заңдарға бағынады. Әдебиет те мұнан тыс қалмақ емес. «Даму үдерісінде заттар мен құбылыстар қандай өзгерістерге ұшырайды, бұл өзгерістердің өзара байланысы қандай, даму үрдерісін, заттардың арасындағы әр түрлі байланысты адам өз санасында қалай бейнеленетінін түсіндіретін – *диалектикалық әдіс. Диалектиканың негізгі заңдары: қарама-қайшылықтар бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне және кері айналуы, терістеуді терістеу*» [86, б.9].

Диалектика ұғымдары сонымен қатар әдебиетте қамтылған тақырыптар: кеңістік пен уақыт, даралық пен әмбебаптық, себеп пен салдар, мазмұны мен формасы, мәні мен құбылысы, қажеттілігі мен кездейсоқтығы, мүмкіндігі мен шындығы. Әдеби шығармалардың бойында жатқан осы философиялық ұғымдар оқырманның, ғалымның талдау тілінде көрініс табады.

Осы айтылғандар негізінде ойымызды қорытындылар болсақ, Қарахан әдебиетін оқытудың философиясы, мәні мен маңызы, оны туындатқан тарихи-әлеуметтік шарттар да айқындала түседі. Ойлау, өмірдің дамуы мен адам, мемлекет, қоғам, уақыт өзгерістерін түсіндіруде әдебиет өз рөлін атқарды. Ол:

– Адам баласының озық дүниетаным иесі, ойшыл тұлға екенін, саналы тірлігімен ғасырларға кететін білім негізін қалап, өткен мен әдебиетте бейнеленген нақты кезеңді, оның даму тетіктерін, даму әдістерін көркем және ғылыми әдебиет негізінде бере білуін зерттеп, зерделеуге;

– Өз кезеңінің озық ойлы ғұламалары өз туындыларын танымның белгілі бір “*әдістер жүйесін*” таңдау арқылы өз кезеңіндегі оқырмандарға түсінікті болуын қамти алды және ол әдістер қазіргі философиялық диалектикалық әдістерге сәйкес келіп, ағартушылық идеядан туған педагогикалық

көзқарастарымен құнарлана түсті. Біз оны Қарахан дәуірі әдебиетінде қарастырылатын кез келген еңбектен тауып, тілге тиек ете аламыз: демек, бұл бізге құбылыстардың орны мен нақты жағдайларын, олардың қоғамдық өмірдің басқа құбылыстарымен байланысын өзара әрекеттесуде қарастыруға, оның философиясы мен дамуын тануға және білуге кең мүмкіндік береді.

Түркі ғұламаларының еңбектері туралы сөз қозғағанда мұндай бағалы еңбектердің жазылуының саяси-әлеуметтік және мәдени-тарихи алғы шарттары да болғандығын ескерген жөн. Көне тарихқа көз салсақ, түркі мемлекеті қилы тарихи кезенді бастан кешкенін, Ұлы даланың төсінде алмасқан көшпенділердің саяси, тарихи тағдыры мен ислам діні мен мәдениетінің орын алуы, түркі мемлекетінің ұлттық сипатта сақталып қалуын ойлаған ұлтжанды тұлғалар мен оны ғылым-білім арқылы берік етуді ойлаған ағартушылық философиясы орын алғанын байқаймыз. Осы бағытта Жүсіп Баласағұнның түркі тіліндегі тұңғыш дастаны – «Құтадғу білік» жазылды. М. Қашқари құнды ғылыми еңбек жазса, А. Йасауи, А. Йүгінеки сынды ойшыл, шайырлар да өзінің поэзиясын ерекше даналықпен өрнектеп, тарих беттерінде тағылымды із қалдырды.

Бұл өз кезегінде Қарахан дәуірі әдебиетінің:

– Ерте ғасырлардан басталған түркі әдебиеті мен мәдениетінің ғасырлар елегінен өтіп, түрлі тарихи, әлеуметтік қиындықтармен күресінен кейін өзінің ұлттық келбетін қалыптастырып, болмысын танытатын кезеңі келуі, осы процесті жүзеге асыра алатын ғұламалардың «алтын шоғыры» тарих сахнасына шығуына және Даналық кезеңі ретінде әлемге танылуына;

– Түркі ғұламаларының өз кезеңінің тарихын, мемлекеттік тұрақтылығы мен дамуын, болашаққа жеткізілер мұраларын, түркі мәдениеті мен әдебиетінің өзіне тән белгілері мен жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін, ел басшысы, елге қызмет ететін азаматтың тұлғалық қасиеттерін, білімнің құты мен діни ұстанымдарды адамгершілік пен ізгілікке бейімдеуі, ғылым мен өнердің тақырыптарын көтеріп, ұсынуы мен орта ғасырдағы Қайта өрлеу құбылысының көрінісі болуына;

– Жеке тұлғаның өмірді, қоғамды өзгерту кілті – білім екенін түсініп, ұлттық қалыпты, болмысты сақтауды мақсат етіп, тағылымды еңбектер жазуы, түркі әдебиеті мен тілін мемлекеттік деңгейде көтеріп, болашаққа жететін қуатты күшке айналдыруы. Жоғары деңгейде жазылуының өзі күні бүгінге дейін бағаланып, адамзат тарихы мен өркениетінің алтын қорына енуіне жол ашты.

Әлемнің түрколог ғалымдары үлкен баға берген «Құтадғу білік» туралы Құрбанғали Халид Сыдықтың уәзірі «Жүсіп Қадырхан – лақап аты Имам Падишах – Сыдықтың үндеуімен мұсылман болып, «Құтадғу білік» кітабын жазып, Сыдық Буғраханға сауға еткен» деп жазады [87, б.35]. Махмұт Қашғаридың еңбегінің құндылығын М. Хартман, Н. Баскаковтар тілге тиек етсе, Н. Самойлович оған «ХІ ғасырдың Радловы» деуінің өзі биік баға [88, б.8].

Қазіргі таңда сөйлеу мәдениетіне мән бермейтініміз жасырын емес. Бұл – ұлтын сүйген, ана тілін, төл әдебиетін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ұлт

даналығын танытатын тарихи, саяси, әлеуметтік факторлар үдесінен табылған ұлы ғалымдар мен ойшылдардың ғасырларға кеткен ерен еңбегі. Б. Хасанов «Ана тілі – жалпыадамзаттық құндылық әрі ол ұлттық өмірдің күллі саласын» қамтитынын айта келіп, ана тілінің «тайпадан ұлысқа, ұлыстан халыққа, халықтан ұлтқа ұласу процесінде этноспен бірге жасап, біте қайнасып, күллі қауымдастықтың басын біріктіре қызметін» тұжырымдағанына тоқталып, жазба әдебиеттің үздік үлгілері мен тарихи құнды еңбектер берген ғұламалар еңбегінің биік деңгейі мен адамзат мәдениетіне түркі құндылықтарын танытып кеткен шынайы философиялық дүниелер екенін бағалаған орынды. [89, б.50].

Әдебиетті оқыту әдіснамасын негіздеу барысында педагогика ғылымының өзіне тән әдістерін қолдана отырып, әр құбылысты өзінің даму кезеңі, ерекшеліктері мен дамуының алғышарттарын қарастыра отырып жүзеге асырады. Қарахан дәуірі әдебиетінің өзінің дамуының саяси-әлеуметтік және мәдени-тарихи алғы шарттары да болғандығын ескеруіміз керек. Ол:

– Түркі дәуіріндегі Қазақстан өңірінде мекен еткен тайпа, ру, ұлт, ұлыстардың мәдениеті қалыптасуы, өз іргетасын қалдыруы, соның негізінде ауыз әдебиеті үлгілері бастау алуы;

– Феодалдық қатынастардың қалыптасуы, дамуы және қоныстар мен қалалардың өсуі. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қала мәдениеті дамыған аймақтарда (Сыр бойы, Шу және Талас өңірі, Жетісудың солтүстік-шығысы) елді басқару, тұлға тәрбиесі, адамгершілік құндылықтарына негізделген ағартушылық идеясы қалыптасуы;

– Ұлы Жібек жолындағы түркі-соғдылық синтез. Ұлы Жібек сауда жолының саяси өмір, сауда, қолөнер және мәдениетке ықпалы болуы, ислам дінінің түркі халықтарының өміріне ене бастауы. Түркі мәдениетін сақтап қалу мақсатындағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі, Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі сияқты ұлттық құндылықтарға негізделген әдебиеттің бастау алуы. Ислам мәдениетінің адамгершілік пен ізгілікке негізделген қуатын жеткізе білген Қожа Ахмет Яссауи, Сүлейман Бақырғали және т.б. ортағасырлық мәдениет қазынасына қосылған құнды шығармалардың дүниеге келуі себебі.

Осы негізде әдістеме жасалады, зерттелетін құбылыстар мен фактілерге сәйкес келетін зерттеуге нақты, жұмысқа лайықты тәсіл таңдалады. Зерттеу құбылыстардың ішкі қайшылықтарына терең ену, қанықтыру және жаңа және ескі қасиеттер арасындағы қайшылықтардағы жетекші негізгі күшті анықтау арқылы жүзеге асырылады. Келесі бөлімде ғылыми-педагогикалық мәселелер аясында Қарахан әдебиетін оқыту әдіснамасы туралы ойымызды толық қарастырамыз.

2.2 Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері

Жаһандану жағдайында тәуелсіз Қазақстанның алдындағы ең басты мақсат – өркениетті елдер қатарынан орын алу. Оған жетудің бірден-бір жолы – бүкіл

әлемдік білім мен ғылым кеңістігінен танылу. Осы бағытта ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттары айқындалды. Ғылым мен білімді дамыту реформасы қолға алынып, жаңа сапа мен тың нәтижелер межеленді. Білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологияларды белсенді қолдану, заман талаптарына бейім, жан-жақты дамыған, білімді де білікті ұрпақты қалыптастыру, дамыту – педагогика алдындағы кезек күттірмейтін мәселелер.

XXI ғасырдағы әлемнің дамуы, қоғамдық санадағы өзгерістер, уақыт тынысы білім беру мақсаттары мүлде жаңа арнаға бағыттады. Әлеуметтік өзгерістер мен кез келген жағдаятқа жедел бейімделе білетін, білімі, дарыны мен қабілетін орнымен қолдана алатын жеке тұлғаны дамыту, дарыны мен қабілетін жетілдіру басымдыққа ие болды. Білім парадигмасы өзгеріп, білім философиясында субъект принципіне негізделген антропоцентрилік парадигмасы басты орынға шықты. Гуманитарлық білім берудің мәні айқындалды: «адамның әлеуметтік-мәдени тұрпатын сомдау тәсілі ретінде көрінеді, өйткені ол жеке тұлғаның дамуындағы сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеруге жәрдемдеседі, сол арқылы оның ішкі әлеуетін ашуына деген мүмкіндігін кеңейтеді» деген түсінік берілуі – адамды, оның әлемге деген дүниетанымын, көзқарасын, танымын тану және онымен жұмыс бағыттарын нақтылау көзі. [3, б.5].

Болашақ-бұл дамыған білімі мен ғылымы бар елдің абыройы мен беделін анықтайтын уақыт кеңістігі. Болашақта мемлекеттің ар-намысы мен қадір-қасиетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қадам-бүгінде берілетін білім мен тәрбиенің сапасы болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және қайта даярлау, педагогикалық білім беруді жаңғырту, студенттердің зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету мәселелері қаралды" негізгі мақсаттар мен міндеттердің қатарына қойылады [90]. Бұл міндеттерді жүзеге асыру қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындауға қызмет етеді.

Әдебиетті оқыту мәселесі А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов секілді қазақ халқының маңдайына біткен ұлтжанды азаматтардың еңбектерінен бастау алғандығын көруге болады. А. Байтұрсынұлы өзінің «Әліппе - астар», «Баяншы», «Қай әдіс жақсы?» атты еңбектерінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін ұсынады. Ғалым: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиетті өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын

біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халық оңды емес. Осы күні орыс школлы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса да, өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істемегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті» деген сөздері бүгінгі күнде де өзекті [91, б.9]. Түптеп үңілсек, тап осы мәселе ежелгі әдебиет дәуірінен адамзат баласымен бірге жасасып келеді екен. Бққылым замандарда аралас жатқан халықтар арасында тіл мен әдебиетке қатысты сан алуан өзекті мәселелер болғаны анық. Бір тілдің үстемдік алуы, екінші тілдің жұтылуы немесе әдеби мұралардың өзгерістерге ұшырауы, сонан көпнұсқалы болуы осының нәтижесі.

Біз қазіргі уақытты ақпараттың молдығымен суреттейміз. Ал адамдар арасындағы тілдесімнің төмендеуі, оқу дағдысының күрт азаюы жаңа проблемаларға әкелді: тіл жұтандығы, ойын жеткізе алмау, проблемаларын шеше алмауы, сөзді орнымен қолдана алмау. Сөз мәдениетін сан қырынан зерттеп жүрген ғалым Ж. Дәулетбекова: «Сөз қордың молдығы – білімділіктің көрінісі» деп тұжырымдап, сөз байлығының көрсеткіштеріне синонимдер, антонимдер, мақал-мәтелдер, сөз зергерлерінің афоризмге айналған сөздері, тұрақты тіркестер, ауыпалы мағыналы сөздер, троптар, фигуралар, қайталамалардың атқаратын рөлі зор екендігін дәлелдейді [92, б.43-53].

Тағы бір мәселе – қазіргі қоғамда «сауаттылық» ұғымы мазмұнының тың сипат алып, «функционалдық сауаттылық» ұғымы белсенді пайдаланыла бастады. Қазіргі білім беру жүйесінде барлық пәндердің міндеттері білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс.

Қарахан дәуірі әдебиетінің оқытылу барысында бүгінгі күн мәселелерімен сәйкес келетін тұс та осы, бүгінгі күндегі әдістемемен астасатын жайы да сол себепті. Сол ғасырлардың өзінде ең маңызды мәселелер тұрғысынан қарастырылуы, рухани болмысы бекем тұлға қалыптастыру мәселесіне басымдық беруі ұтымды. Сондықтан Қарахан дәуірі туындыларын оқытқанда тіл мен әдебиет мәселелерін өзара сабақтастықта қарастырып, осы пәнді оқытуда мәдениеттанымдық тұрғыдағы әдістерді енгізу, бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсілдерді жетілдіру маңызды. Әсіресе, тіл мен әдебиет мәселелерін астастыратын фондық білімге нақты көңіл бөлу арқылы білім алушының ұлт пен мәдениет байланысынан туындайтын білімін жан-жақты жетілдіріп, қалыптастыруға болады. Сонымен бірге кез келген өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай алатын, белсенді, интеллектуалды әлеуеті жоғары, креативті ойлай білетін ұрпақ тәрбиелеуге басымдық берілуі қажет. Осыған орай, білім беру жүйесінде білім алушының білім, білік, дағдысын оның құзыреттілігімен сабақтастыру мәселесі алға шықты. Құзыреттілік, құзыретті тұлға мәселесі жан-жақты зерделене бастады. Жалпы «құзыреттілік» терминін

ғалымдар мен әдіскерлер әртүрлі түсіндіріп жүр. «Құзыреттілік», «құзырет» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланыста айтылып, педагогикада «құзырет» және «құзыреттілік» терминдерімен қатар «түйінді құзыреттіліктер», «кәсіби құзырет», «кәсіби негізгі жеке қасиеттер» және т.б. терминдер синоним ретінде қолданылып келеді. Көптеген ғалымдар құзыреттілікті білімге, тәжірибеге, негізделген оқу барысында жинақталған қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырады.

Р.С. Рахметова: «Құзырет» және «құзыреттілік» термині көбінесе бір-біріне синоним ретінде қолданылып жүр. Ал «біліктілік» термині белгілі адамның бір мамандықты игеруінің деңгейін байқатады», – дей келіп, оған мынандай анықтама береді:

Сонымен, «құзырет» және «құзыреттілік» терминдері өзара сабақтас, мағыналас. «Құзырет» кең мағынадағы ұғым да, «құзыреттілік» – осы құзыретті қолдана білуі, іске асыруы, білімі, білігі, дағдысы:

- білім жүйесінің іске асуы;
- тұлғаның өзіндік ерекшелігі мен тұлғалық сапасы;
- кез келген қызметке даяр болу критерийі;
- қажетті міндеттерді шешу мен белгілі нәтижеге жету жолындағы қабілеттілігі;
- кәсіби қызметті қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылар жүйесінің бірлігі;
- адамның практика жүзінде өзінің құзыретін жүзеге асыратын қабілеттілігі;
- міндеттерді шешудегі білімі мен тәжірибесінің көрсеткіші;
- кез келген практикалық жағдаятты шешуі мен іске асырудағы өзіндік әлеуеті;
- әлеуметтік және кәсіби ортада кез келген қызметтің әлеуметтік мәнін түсініп, өзінің жауапкершілігін сезініп, шығармашылықпен жүзеге асыруы [93, б.73-74].

Педагогика ғылымдарының докторы К.С.Құдайбергенова өз еңбегінде құзырлылық категория ретінде адам болмысына тәуелді екендігіне тоқталып, *тұлға, құзырлылық, қызмет* ұғымдарын бірлікте қарастырады. Қызметтің аралық қатынасын ескере отырып, құзырлы тұлға сипаттамасын береді [94]. Демек, құзыреттілік адамның өміріне қажетті білім, білік, дағдыларды игеруі болып табылады. Бұл пікірімізді М.В. Кондурардың білім беру жүйесіндегі «құзырет» және «құзыреттілік» терминдеріне талдау жасап, әдістер мен қызметтің қойылған міндеттерге сай білім нәтижесі екенін, білім, дағды, қабілетті меңгерген адамның мақсатқа қол жеткізуі мен іскерлік жетістіктерінің көрсеткіші екенін айтқан: «совокупность характеристик (мотивы, убеждения, ценности), обеспечивающая выполнение профессиональной деятельности и достижение определенного результата; соответствие специалиста предъявляемым требованиям компетенции» деген сөздерімен дәйектей аламыз [95, б.189-191]. Құзыреттілік жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін, мәселелерді

шешу қабілетін, кәсіби қызметіне қажетті білім, білім, дағдыларын арттыра түседі.

Мәдени құзыреттілік тұлғаның білімі мен қабілетін, ой-өрісі мен таным деңгейін байқатады. Ғалымдар коммуникативтік құзыреттілік пен мәдени құзыреттілікті бір-бірімен сабақтастырып, лингвомәдени құзыреттілік деп атап жүр [96]. Ә.Әлметова аталған құзыреттіліктің тіл мен мәдениеттің бірлігінен туындайтынына: «...лингвомәдениеттану құзыреттілігі дегеніміз – рухани мәдениет пен көркем мәдениетті біріктіре оқыту арқылы студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, мәдени білімінің кеңеюіне, интеллектісінің дамуына, қазақ мәдениетінің әлемдік мәдениеттен алатын орнын түсінуге және өз мәдениеті мен қазақ мәдениетін салыстырып көруге, қазақ тілінде сөйлейтін адамдармен, ұлты қазақ азаматтармен тілдесу арқылы қазақ халқына тән сөйлеу ерекшеліктерін, сол тілдегі қалыптасқан стереотиптерді түсініп қабылдауға көмектесуі», – деген анықтама береді [97, б.189].

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік тұлғаның әлеуметтік және жеке тұлғалық тәжірибесі, оқылым барысында ақпараттарды қорытындылау, кезеңге сай тұжырым жасауы арқылы қалыптасады да, әдеби, мәдени білімдер жиынтығын құрайды. Көркем мәтіндегі этномәдени бірліктер халықтың өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен хабар, мәлімет береді. Бұл мысалдарды біз Қарахан дәуірі әдебиеті туындыларынан көптеп келтіре аламыз. Жалпы айтып өтсек, Қашғари еңбегі сол кезеңдегі түркі халықтарының әлеуметтік, географиялық, тарихи, мәдени мәліметтерге толы тұрмыс-тіршілігі туралы, Баласағұни еңбегі адамзат мәдениетінде үнемі өзекті қарапайым азаматтан бастап, ел тағдырын шешетін көшбасшы тұлға деңгейінде танылатын тұлға тәрбиелеу, оның құндылықтары мен даналық қағидаттары туралы болса, Йүгінеки мен Яссауи еңбегі адамның жан-дүниесіндегі сенім, азаматтық құндылықтар мәселесін қозғайды. Бұндағы басымдық түркі тіліне берілуі – басты бағдар. Сөзімізге дәлел ретінде Ж. Манкееваның пікірін келтіре кетсек, ол ортағасыр ғалымдарының ұлт тілінің рухы мен қуатты күшін тап басып тани білгеніне негіз болады: «... әрбір этностың мәдениеті – оның тілі арқылы сақталған, таңбаланған ішкі мазмұнында. Сол мазмұнды ашу арқылы ұлт мәдениетінің мәні айқындалады десек, мәдениетті тану «кілті» тіл арқылы сақталған мәдени ұғымдардың мәдени фонында астарланған» [98, б.299].

Қарахан әдебиетін оқыту барысында құр әдебиет мәтінін меңгерту сол дәуір әдебиетін игерту мақсатын толық ақтай алмайды. Оны тұтас, кәсіби деңгейде меңгертуде мәтіннің аудармасы, түпнұсқасы, әдеби мазмұны мен тілдік этномәдени бірліктері мен түркі тілі ерекшеліктерін жан-жақты қарастыра оқыта білу – шарт. Яғни Қарахан дәуірі әдебиетін біржақты емес, әдебиет пен тілдік ерекшеліктерін ұштастыра отырып оқыту қажет. Ойымның ғылыми дәйегі Г. Әзімжанованың пікірі: «Көркем мәтін – коммуникация формасы, оған байланыс, белгі (код), меңгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи, ұлттық ерекшеліктері, интенцияның

(мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті-прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуі жатады. Көркем мәтіннің ақпараттық-мазмұндық және прагматикалық деңгейдегі экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі коммуниканттардың тілдік және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді, ақпараттық дүниетанымына және қатынасушылардың мақсатына сәйкес болады» [99, б.28]. Көркем мәтінмен жұмыс білім алушының бойындағы бірнеше құзыреттіліктер жиынтығын қалыптастырады: коммуникативтік (қатысымдық), тілдік, танымдық, мәдени. Қалыптасқан мәдени құзыреттілік мәдениеттанымдық ақпараттар қорымен сауатты жұмыс істеуге негіз болады.

Қазіргі таңда жеке тұлғаның, индивидтің өмірін интеграциясыз елестету мүмкін емес. Қарахан әдебиетін оқытудағы әдебиет пен тілдің интеграциясы тұлғаның өмірдің кез келген саласында тәжірибесін жетілдіреді, біліктілігін арттырады. Өйткені ол қазіргі нарық заманында бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс. Интеллектуалды әлеуеті жоғары тұлға болу үшін жан-жақтылық керек. себебі жаһандану заманында түрлі ақпараттар ағымы мен қоршаған орта білім алушының мәдени құндылықтарды символдық, эталондық, бейнелі-метафоралық мағынада түсіндіретін этномәдени, лингвомәденитанымдық бірліктерді меңгере отырып білімін арттыруын талап етеді.

Әдебиетті оқытуда әдіскер-ғалымдар ғылымилық, жүйелілік, теория мен практиканың байланысы, көрнекілік, саналылық пен белсенділік ұстанымдарын дидактикадағы ең негізгі ұстанымдар ретінде қалыптастырды, ол оқыту ұстанымдарының негізінде тарихи және педагогикалық тәжірибе жататынына негізделген.

Ғылымилық ұстаным бойынша студент Қарахан дәуірі әдебиеті материалдарымен жұмыс істегенде немесе оқыту барысында әдеби ұғымдарды түсіндіру кезінде тіл ғылымында нақтыланған, дәлелденген материалдарды ұсынуы шарт. Ғылыми негіздеме жасай білетін білім алушы оны ғылыми түсініктер негізінде қолдана біледі. Қарахан дәуірі әдебиетінің тілі қазіргі қазақ тілінен алшақтығын ескере отырып, Мәулен Балақаевтың пікірін назарға алған жөн: «Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек» [100, б.67]. Яғни білім мазмұны ғылыми тұрғыдан негізделуі қажет. Б. Сағындықовтың: «Дұрысы, әр нәрсені өз атымен атаған орынды. X-XV ғасырлар арасында тараған жазба әдебиеттің кез келген үлгісін *көне түркі әдеби тілінде* жазылған деп есептесек, қателеспейміз. «Көне әдеби тіл» деген түсінікке қазіргі әдеби тіл тұрғысынан келу қисынсыз. Мәселе ертеректе бір әдеби дәстүрдің, бір әдеби тілдің әр аймақта, әр түрлі кезеңде сан алуан рең алып өз ерекшеліктерімен көрінуінде. Нақтырақ айтқанда, көне түркі әдеби тілінің бірнеше тармақтары мен варианттары болды. Мысалы, оғыз-қыпшақ, көне түрікмен, көне өзбек, қыпшақ-оғыз, т.б. әдеби тілі деп жүргеніміз. Еділ өзені бойында, Орта Азия мен

Қазақстанда қалыптасқан көне түркі әдеби тілінің әр түрлі тармақтары мен көріністері. Олардың қай-қайсының да диалектілік негізі – белгілі бір тайпаның тілі. Біздіңше, арғу, шығыл (чигіл) тайпалары. Мұны атышулы Махмуд Қашғаридың мәліметіне сүйеніп айтып отырмыз» деген сөздері – Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту барысында көне түркі тілі ерекшеліктері мен ғылыми негіздемелерден айналып өте алмайтынымызға дәлел, осы негізде білім мазмұны мен жұмыс барысындағы теориялық материалдар осы тіл мен әдебиетке ұатысты ғылыми ұстанымға негізделеді [101, б.4].

Жүйелілік ұстанымы ғылыми қағидаларға сүйенеді. Психологтардың айтуынша, оқушы айналадағы ұғым мен түсініктерді бір-бірімен байланыстыра алғанда ғана оның қоршаған орта туралы түсінігі қалыптасады. Оқу материалы мен оқушының танымдық мүмкіндігі арасындағы жүйелілік және бірізділік сақталғанда ғана оның білімі толығады. Бұл оқытудың өз мақсатынан, пәннің ғылыми логикасынан, білім алушының ойлау заңдылығынан туады. Негізінде жүйелі, реттеліп берілген білім пайдалы. Яғни әдеби шығармаларды мазмұн, тақырып жағынан немесе хронологиялық тәртіп бойынша әр сабақта байланыстырып отыру – тиянақты білім көзі. Сондықтан оқу материалын меңгерту кезінде жүйелілік қатаң сақталуы шарт. Қ. Жұбанұлы айтқандай, «жүйелі білім беру үшін мұғалімнің өзінде жүйеге салынған білім болу керек» [102, б.14].

Теория мен практиканың байланысы ұстанымының нәтижелілігі пәннің білім мазмұнына, оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдарға байланысты. Жаңа білім мазмұны бойынша оқу материалдары мағыналық бөліктерге бөліп меңгерткен тиімді болып есептеледі. Сабақ үрдісінде пәнаралық байланысты іске асыруға мән беріледі. Теориялық материалды меңгерту кезінде оның нысанын, қолданылу аясын нақты көрсету мен тақырыптарды логикалық тұрғыдан сабақтастыра отырып түсіндіру де білімнің сапалы берілуі үшін ұтымды болады. Оқу сапасы практика жүзінде дәлелденіп, қолданылып отырылуы шарт екені алдағы тарауларда біздің экспериментімізде де көрініс табады.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы бойынша студенттің білім қоры оның ақыл-ой қызметі арқылы саналы түрде игерген білімі мен тәжірибесінен тұрады. Білімді саналы түрде игеру барысында бірнеше факторлар: оқушының танымдық белсенділігі, оқытудың мотивациясы, оқу үдерісін ұйымдастыру мен танымдық қызметті жоспарлау, жүйелеу, басқару мен оқыту үшін қолданылатын құралдар мен әдістер қамтылады. Бұл оқу мен оқыту процесінде төмендегідей талаптарды межелеп, міндеттейді:

– Оқыту мен оқу мақсаты мен міндеттерін нақты қою. Ұсынылып отырылған оқу материалының мәні мен маңызын ашып түсіндіру (не үшін, қалай оқыту мен оқыту маңызы мен мәні, қажеттілігі т.б.);

– Материалды меңгеру, тапсырмамен жұмыс механикалық түрде орындалмау үшін, оны орындаудың механизмін, тиімді орындау жолдарын үйретіп, баулып, саналы түрде қабылдауына мән беру (түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану);

– Түсініксіз мәселелерді жан-жақты қарастыруға баулу, зерттей отырып, оқу бағыттарын көрсету. Меңгерген білімі мен меңгеретін білімі арасындағы логикалық байланысты игерту;

– Өмірмен байланысын көрсету мен өміршең тәжірибе негізінде қабылдауға дағдылану үшін түрлі жағдаяттық тапсырмалар беру, кемшіліктер мен қателіктерді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік туғызу (мәтіннің аударма нұсқаларымен жұмыс, салыстыру, тарихи деректерді зерттеу, көне түркі сөздері мағынасы мен бүгінгі қолданыс ерекшелігін, ондағы мағынаның өзгергендігін талдау, дұрыс шешім мен тұжырым жасауға бағдар беру т.б.);

– әр материалды түсіндіру кезінде нақты фактілер мен дәлелдерді келтіріп отыру (нақты деректер, түркологияға қатысты еңбектер мен түркі тілдес мемлекет ғалымдарының зерттеу еңбектерін келтіре отырып дәлелдеу және т.б.);

– ең негізгі мәселені немесе назар аударуға тиіс мәселені студенттің өзі анықтауына жағдай тудыру (өздік жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, жұмыс барысында оқытудың жаңа технологияларын ұтымды пайдалануға, нәтижелі жұмыс істеуге жағдай тудыру және т.б.);

– сабақ үрдісінде студенттің белсенділігі мен саналы қабылдауын қалыптастыру үшін проблемалық сұрақтар қоюға және студенттің проблемалық сұрақтар қоя білу дағдысын қалыптастыруға (проблеманы анықтау, бағдарлаушы сұрақтар арқылы кластер құрғызу, мәселелер бойынша диаграммалар сыздыру және т.б.).

Көрнекілік ұстанымы материалды жеңіл әрі түсінікті меңгертуде ерекше рөл атқарады және студенттің есту, көру және есте сақтау мүшелерінің белсенді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Оқытушы дайын көрнекіліктерді қолданғаннан гөрі студенттердің өздері түрлі көрнекі құралдарды АКТ құзыреттілігін қолдана отырып дайындауын ұйымдастыруы қажет. Мысалы, Қарахан дәуірі әдебиеті материалдары негізінде сызба кестелер, SmartArt сызбалары, диаграммалар және слайд материалдары, постер, бейнематериалдар даярлау қызығушылық туғызып, материалды берік есте сақтауға көмек әрі болашақта осы материалдармен жұмыс істейтін студенттер идеяларын өрістетуге зор мүмкіндік.

Жоғарыда аталған ұстанымдармен бірге Қарахан дәуіріндегі әдебиетті меңгертуде төмендегідей арнайы ұстанымдар іріктеліп алынды:

– *Антропоэектілік ұстанымы*. ХХ ғасырдың екінші жартысында адам тұлғасын тану мәселесі алға шығып, адамның танымы, психологиясы, мәдениеті және т.б. сабақтастықта зерделене бастады. Әдеби туындыларды түсіндіруде антропоэектілік ұстанымына сүйенеміз. Өйткені тіл мен ойлау, тіл мен сана, тіл мен қарым-қатынас, тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет және т.б. мәселелер адам мен тілдің бір-біріне деген ықпалын зерделеуден тұрады.

– *Лингвомәдени ұстаным*. «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалаған халқымыздың даналығы адам мен тіл тақырыбының қай кезеңде болмасын өзекті мәселе екенін білдіреді. Адам өмірінде тілдің алар орны мен маңызы

терең: біріншіден, тіл жеке адамның таным мен ой-тұжырымын жеткізу құралы болса, екіншіден, тарихта танылған халықтың, ұлттың, ұлыстың өзіне тән белгісі, оның өзгерістері мен дамулары, мұралары туралы мәлімет қоры. Тіл мен адамның бір-бірімен диалектикалық бірлікте дамуы – қай дәуірде болмасын маңызды мәселе.

– *Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу ұстанымы.* Оқу процесінде студентке мамандық бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде біршама тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріледі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыттылығы шығармашылық қабілеттерінің дамуына тиімді әсер етеді. Жоғары оқу орнында жинақталған ғылыми-зерттеу тәжірибесі кейіннен өндірісте шығармашылық міндеттерді қоюға және шешуге көмектеседі. Ол ең алдымен, жоғары оқу орынының және пәннің спецификалық ерекшелігіне қатысты ғылыми-зерттеу және білім беру қызметінің бірлігіне байланысты жүзеге асырылады. Болашақ маман жоғары оқу орнында оқу барысында өзі оқитын ғылымның даму болашағын көруі керек. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бүкіл оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге ықпал етеді. Бұл ұстаным аса маңыздысы. Ғылыми-зерттеу жұмысы белгілі бағытпен жүргенімен, әдебиетті зерттеудің ерекшелігі мүлдем бөлек. Қай кезеңде жазылған әдеби туынды болса да оны зерттеген сайын тылсым сырлылығы мен көп қырлылығы сан алуан зерттеулер мен тұжырымдар тудыра береді. Әдебиет пәнін оқытудың ерекшеліктерін Қ. Бітібаева былай түсіндіреді: «Әдебиет пәні – өнер пәні, адамтану пәні дедік. Сонымен қатар, әдебиет пәні – жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Ең бастысы, әдебиеттің басқа пәннен айырмашылығы – онда дәлелденген ешқандай заң жүйесінің, формулалардың, элементтердің, бұлжымас, айнымас ережелердің жоқтығы» [103, б.11].

Қарахан дәуірі әдебиетінің қозғаған мәселесі мен оның жазылу ерекшелігі жоғарыдағы ойларымызды растай түседі. Ең басты назар аударылатыны тілдің ерекшелігі. Біз бүгін танысып отырған әдеби туындының тілге қатысты алуан өзектілігі айқын. Бұл гуманитарлық пәндер бойынша лингводидактикалық білім беру базасына мәдени ақпаратты, атап айтқанда, прецеденттік атаулар мен фактілерді, елдің мәдениеті мен тарихынан жасырын және эксплициттік ақпаратты жинақтаған фактілерді толық және жеткілікті енгізу жолымен жүзеге асырылатын, біз айналып өте алмайтын лингвомәдени білім беру бағытына байланысты проблема адамдар, өмір және әдет-ғұрып, қоршаған ортаны көру [104, б.599].

Ғалым-педагогтің ұстаздық іс-әрекетінің тиімді бір қыры – білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысымен, өзіндік ізденісі және шығармашылығымен баурап алуы. Оларды ғылымға баулып, олардың бойында нақты білімге құштарлықты қалыптастыру аса қажет. Мұндай жағдайда студенттер ғылыми мәселелерді талқылауға ықыласпен қатысады, ғылыми шаралардың тыңдаушылары және қатысушылары болып табылады. Ол

студенттердің жоспарлы әрекет, ғылыми бағытта дамуына зор ықпал етеді. Педагогтік ізденісі айқындалады. Нысан – әдебиет пәні, ондағы туындылар өнімі ойлау, таным мен ойды жеткізу әрекеттерінен құралады. Тағы да әдебиет пен тілдің бірлігі, оның үстіне қазіргі қазақ тілі емес, көне дәуірден бастау алатын түркі тілі. Алдымыздан ашылатын тағы бір жол тіл мәдениетімен, шешендік тіл иірімдерімен тығыз байланысты. «В самом существе языка заключен путь к его речи. Путь к языку в смысле речи есть язык как сказ. Самобытность языка таится поэтому в пути, в качестве которого сказ дает слышавшим его прийти к языку» [105, б.259]. М. Хайдеггердің адамның тұлғалық қасиеті, оның тілі арқылы көрінетіні туралы пікірін Н.Нұрахметұлының Абай дүниетанымы, жалпы ақындық, шығармашылық болмыс туралы ойымен астасады, біздің пікірімізді толықтыра түседі: «Абайдық ақындық болмысы әлі толық ашылып болмағаны жұртқа аян. Бұл зерттеле беретін мәңгілік тақырып. Оның себебі көп. Біріншіден, екі дәуірдің алмасу кезеңінде өмір сүріп, дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстаған...Екінші, ақынның мұрасы терең мазмұнды, жүйесі аса күрделі...образ бен логиканы қатар ұстау екінің бірінің қолынан келмек емес... Үшінші, ақын шығармаларын бағалау субъективті болғаны тағы бар. Төртінші, Абай өлеңдерінің мәтінін тануда текстологияға ерекше назар аударған жөн» деп санамалай тоқталады. Әдеби мұраны түсінудің қиындықтары мен факторлары туралы ой қозғап, «тіпті Абай мұрасының бірегей білгірі М.Әуезовтің өзі де Абай өлеңдері құрылысындағы табиғи қалпын түгелдей, бірден бастапқы түпнұсқа үлгісінде бере алмағанын да дәлелдермен (қолжазбадан көз жазып қалу, саясатқа қатысты бұрмалаушылықтар т.т.) тілге тиек етеді [106, б.53].

Таным мен шығармашылық қатар жүреді. Адам өзінің танымында бейнеленген, сақталған ақпаратты тіл арқылы сыртқа шығарады, оның ерекше сомдалуына, өзіндік ерекшелігіне жауапты болады. Адамның танымы – үнемі даму үстінде болатын құбылыс. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту барысында таным, адам әрекеті мен тұрмысыны, оның шығармашылығының өмірмен тікелей байланысына назар аударамыз. «Санада сыртқы әсердің көмегімен пайда болған ақпараттар адамның эмприкалық тәжірибесімен толықтырылады. Онымен қоса, дүниенің онтологиялық үзіктері тілде көрініс табатын дүниенің қарапайым бейнесінде туындайды. Мысалы, ойдың метафоралануы – негізгі ментальді әрекет, дүниені тану және таныту тәсілі» [107, б.77].

Біз Қарахан дәуірі әдебиетін оқытқанда мәдениет деген ұғымды тереңдететін үш ұғымды бірлікте ұстаймыз: ол Әдебиет – Тіл – Тарих ұштағаны. Қай халықтың болсын әдебиеті – белгілі бір дәуірдің жәдігері. Сол себепті ол сан қырлы. «Тарих, әдебиет, тіл, этнография бір-бірімен байланысты болғандықтан, олардың материалдары, әсіресе, өткенді зерттеуде қатар қолданылуы керектігі, қажеттілігі ғалым жазбаларынан байқалады» деп, Ш. Сәтбаева айтқандай, зерттей отырып, оқыту студенттің ғылымға, ғылыми тұрғыдан педагогтік мақсаттарын жүйелеуіне қадам болмақ [108, б.25].

Сонымен бірге, әдебиет – тарихтың хатшысы болса, М.М. Маковский айтқандай, тіл – «барометр, точно отражает все колебания и особенности нравов, обычаев, верований, способов мышления, в нем как в зеркале, непосредственно отражаются различные модели «видения мира», характерные для отдельных человеческих коллективов на протяжении их истории, а тем самым и различные возможности формирования и развития, языковых значений и форм» [109, б.16]. Толғауы тоқсан тіл арқылы ұлттың мәдениеті, болмысы, салт-дәстүрі, діні, ділі көрініс табады. Оқыту барысында әдеби шығарманың болмысын таныту, тану бұл ерекшеліктерді ескеруді талап етеді.

Жоғарыда аталған принциптерді басшылыққа алу ғылыми және педагогикалық дайындықтың негізі болып табылады. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі барлық білім беру мекемелеріндегі қызметтің негізгі өзегі болып табылатын педагогикалық процестер барысында қалыптасады. А. Мұханбетжанова: "қоғамдық дамудың қазіргі курсы педагогика мен барлық" гуманитарлық ғылымдарды " – Философия, әлеуметтану, психология, Тарих, физиология, этика, эстетика, биология, медицина, кибернетика, лингвистика және т. б. қамтиды. бұл терең ғылыми синтездің қажеттілігін объективті түрде дәлелдейді", біз осы уақытқа дейін қарастырған идеяларды қорытындылайды және оқытушылық қызмет саласын бүгінгі күннің контекстінде қарастыру қажеттілігін түсіндіреді [110, б.11].

Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздерін анықтау біздің тарауымыздың өзекті мәселесі болып табылады. Әдістеме-бұл теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыруға және құруға принциптер мен тәсілдер жүйесі. Ашық энциклопедия Википедия "әдіснаманы — әдістер туралы ілімді, әдістер теориясын, зерттелетін объект туралы ақпарат пен жаңалықтарды біріктіру тәсілдерінің жүйесін"анықтайды. Әдістемені ең алдымен ғылыми танымның әдіснамасы, яғни ғылыми-танымдық іс-әрекетті құру принциптері, формалары мен әдістері туралы ілім ретінде түсіндіретін қазіргі ғылыми әдебиеттерде ғылым әдіснамасы Ғылыми зерттеудің құрамдас бөліктерін оның объектісі, талдау пәні, зерттеу міндеттері, оны шешуге қажетті зерттеу құралдарының жиынтығы ретінде сипаттайды. Зерттеу міндеттерін шешу процесінде зерттеушінің іс-әрекеттерінің реттілігіне көзқарас бастама ретінде де қарастырылады. Әдістеменің ерекшеліктеріне сәйкес:

а) үнемі өзгеріп отыратын педагогикалық шындықты көрсететін ғылыми білім алу тәсілдерін анықтайды;

Б) нақты зерттеу мақсатына жетудің негізгі жолдарын бағыттайды, алдын ала айқындайды;

В) зерттелетін процесс немесе құбылыс туралы ақпарат алудың әмбебаптығын қамтамасыз етеді;

В) пәннің теориялық қорына жаңа ақпарат енгізуге көмектеседі;

Д) ғылымдағы тақырыптар мен тұжырымдамаларды сәйкестендіруді, байытуды және жүйелеуді қамтамасыз етеді;

д) ғылыми-танымдық объективті фактілерге және логикалық, Талдамалық құралдарға негізделген ғылыми ақпарат жүйесін әзірлейді.

Әдістеменің ерекшеліктері келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді: пәнді оқыту әдістемесі мақсаттың, мазмұнның, зерттеу әдістерінің тұжырымдамалық презентациясын, педагогикалық процестер мен құбылыстар туралы ең объективті, дәл, жүйеленген ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Әдістеменің бұл анықтамалары бір-біріне қайшы келмейді. Олар әдіснамалық рефлексия саласының біркелкі даму процесін көрсетеді. Педагогикалық ғылымның әдіснамасын педагогикалық таным мен шындықты өзгерту туралы теориялық ережелердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады деген қорытынды жасалады. Әдістеме негізінен реттеуші функцияны орындайды. Бұл оның жұмысы.

Э. Г. Юдин әдіснамалық білім құрылымында төрт деңгейді ажыратады: 1) философиялық, 2) Жалпы ғылыми, 3) нақты ғылыми және 4) Технологиялық. Философиялық деңгейде, білімнің жалпы принциптерінде және ғылым категориялары қарастырылатын бастапқы деңгейде О.Ю. Колосова былай дейді: «Одна из наиболее четких концепций уровней методологии принадлежит Э.Г. Юдину. Он различает четыре таких уровня. Приведем их краткую характеристику. Содержание первого, высшего, уровня – философской методологии составляют общие принципы познания и категориальный строй науки в целом. Методологические функции выполняет вся система философского знания» [111]. Жалпы ғылыми деңгейде теориялық ұғымдар жалпыланады. Ғалым В. Гончаровтың түсіндірмесі бойынша ол ғылыми деңгейде арнайы ғылыми зерттеуде қолданылатын әдістері мен принциптерінің жиынтығы белгіленгенін, ал технологиялық деңгейде зерттеу әдістемесі мен техникасы сипатталғанын талдады: «Второй уровень – общенаучная методология. Это уровень содержательных общенаучных концепций, воздействующих на все или на достаточно большую совокупность научных дисциплин. Сюда относятся, например, системный подход или теоретическая кибернетика, представляющая собой, по определению Э.Г. Юдина, разновидность системного подхода» дейді.

Әдістеме – ғылыми-танымдық қызметтің құрылымы, формалары мен әдістері туралы ілім. Ғылым әдістемесі ғылыми зерттеу компоненттерінің сипаттамасын береді (объект, талдау пәні, тапсырма, құралдар жиынтығы). Әдістеме-бұл теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыруға және құруға принциптер мен тәсілдердің жиынтығы. Әдебиетті оқыту әдістемесі мыналарды қамтиды:

1. әдебиеттің құрылымы мен қызметі туралы ілім;
2. негізгі, іргелі жалпы ғылыми және педагогикалық принциптер (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар) ;
- 3.әдебиеттегі педагогикалық зерттеулерді оқыту әдістемесі. Пән әдістемесі оқыту, тәрбие жұмысы және даму заңдарын тану мен қолданудың жалпы

принциптерін анықтайды. Әдістеменің мақсаты-Оқыту, Тәрбие жұмысы және тұлғаның даму құбылыстарын тану.

Әдебиетті зерттеу әдістемесі келесі принциптерді қамтиды:

- 1.гуманитарлық білім берудің құрылымы мен функцияларын оқыту.
- 2.жалпы ғылыми маңызы бар бастапқы, негізгі, іргелі педагогикалық принциптер (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар).
- 3.педагогикалық зерттеудің логикасы мен әдістерін оқыту.
4. тәжірибені жетілдіру мақсатында алған білімдерін қолдану тәсілдері туралы ілім.

Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқыту процесінде әлі де зерттеу мен толықтыруды қажет ететін мәселелер бар екені рас. Осы тұрғыдан алғанда, студенттерді ғылыми зерттеулерге тарту үшін ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін ұсыну қажет екеніне күмән жоқ. Осыған байланысты студент те, оқытушы да нақты әдістемелік негізсіз бірде-бір күрделі мәселенің шешімін таба алмайтыны анық. Жалпы, оқытушының ең жоғары кәсіби деңгейі оның әдістемелік мәдениетімен байланысты. Мұны жақсы түсінген кезде студент оның негізгі ерекшеліктерін де ажырата алады:

- оқу әдебиетіндегі педагогикалық және философиялық ғылымдардың негізгі ұғымдарының мәнін түсіну;
- білім берудің әртүрлі тұжырымдамаларын нақты ойлаудан абстрактілі ойлауға көшу деңгейі ретінде түсіну;
- педагогикалық теорияны танымдық іс-әрекет әдісіне айналдыру қабілеті;
- мұғалімнің ойының педагогикалық формалардың генезисіне және олардың біртұтас қалыптастырушы қасиеттеріне бағдарлануы;
- сыни көзқарас, педагогикалық сананың шындығы мен жағдайына сыни көзқарас;
- пәнді оқыту кезіндегі педагогикалық процеске қатысты пікірлер, педагогикалық білім беру процесін жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылдар, қорытындылармен байланысты ойлар;
- ғылымға қарсы көзқарастардың жалған екендігі немесе олардың пікірлері дұрыс екендігі туралы адам білімі саласында дәлелдер келтіріңіз;
- игерілетін материалдың педагогикалық, гуманистік, дүниетанымдық қасиеттерін түсіну және т. б.

Білім беру бірлігі мен әлеуметтік саясат қағидаттарын жеке ғылыми әдіснама деңгейінде меңгеру аса маңызды. Болашақ мұғалімнің педагогикалық процестің ережелері мен принциптері, мақсаттары мен заңдылықтарының өзара байланысын түсінуі – әдістемелік мәдениетті игеру. Болашақ мұғалімнің әдіснамалық мәдениетті меңгеруі педагогикалық процестердің құрылымын және таным әдіснамасының мәнін түсінуге жол ашады.

Қарахан әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздерін меңгеру өте өзекті.

Біз Қарахан әдебиетін, мәдениетін, тарихын ежелгі әдебиет құрамындағы жеке пән ретінде оқып, оның бай мазмұнын әр қырынан ашып, түркі тілінің

ерекшеліктерін ескере отырып қарастыруды ұсынамыз. Мақсаты-Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқыту әдістемесін негіздеу. Сондықтан оқу барысында студентке әдіснамалық мәдениетті сіңіру мәселесі өте маңызды. Әдістемелік мәдениетті қалыптастыруға диалектикалық көзқарас келесі кезеңдерден тұрады: қарсылық жағдайларын саралауға бағдарлау; шешімнің нәтижесіздігін ашу; логиканы педагогикалық практика мен жұмыс тәжірибесі саласына көшіру мүмкіндіктерін алға қойылған міндетке сәйкес жалпылау. Осы тұрғыдан алғанда, студентке сіңетін әдіснамалық мәдениет:

– Қарахан дәуірі әдебиетін бөліп оқытуға қарсы пікірлер туындаған жағдайда айтылған пікірлерді сараптау, дұрыс не бұрыс екенін нақтылау және өз пікірі мен ұстанымдарын әдіснамалық негізде, ғылыми тұрғыдан дәйектей білу;

– ұсынылып отырған бағыттарды жүйелі түрде қарастырып, сыни талдаулар негізінде шешімнің өнімсіздігі немесе өнімді, нәтижелі екеніне сенімді болуы;

– ЖОО-да жүргізілген зерттеулер, эксперименттер т.б. педагогикалық әрекеттер аясындағы педагогикалық практика аймағында логикалық алгоритм, сыни ойлау, креативті ойлау мүмкіндіктерін белсенді қолдану және берілген тапсырмалар, атқарылған іс бойынша жұмыс тәжірибесін қорытындылай алу.

Біз өз тәжірибемізде әдіснамалық негізді студенттердің меңгеруіне арнайы тапсырмалар, өздік жұмыстар мен ғылыми конференцияларға қатысу барысында барынша мүмкіндік тудыруды мақсат тұттық. Сабак тақырыптарына қатысты дебат, пікіралмасу, «Дәлелденген ойлар алаңы», «Ғылыми белдесулер» т.б. форматта айтылған қарсы уәждер мен пікірлерді сараптау, дұрыс не бұрыс екенін нақтылау және өз пікірі мен ұстанымдарын әдіснамалық негізде, ғылыми тұрғыдан дәйектей білу дағдыларын дамытуға басымдық бердік.

Ал ұсынылып отырған бағыттарды жүйелі түрде қарастырып, сыни талдаулар негізінде шешімнің өнімсіздігі немесе өнімді, нәтижелі екеніне сенімділік, іскерлік, заманауи ізденістерге қадам жасауға барынша жағдай тудыруды «Іскерлік» коучтары, тренингтер мен зерттеу жұмыстарына бағдар беретін «Ой зертханасы» алаңдарында жүзеге асырып отырдық. Арнайы топтар мен ауысымдық еркін жүйеде жұмыс істеу мүмкіндігін қарастырып, шығармашылық орта қалыптастыруға басымдық бердік.

Жүргізілген зерттеулер, эксперименттер т.б. педагогикалық әрекеттер аясындағы педагогикалық практика аймағын «Педагог шеберханасы» ретінде ұйымдастырып, студенттердің арнайы тапсырма, жаттығулар арқылы логикалық алгоритм, сыни ойлау, креативті ойлау мүмкіндіктерін белсенді қолдануға бағдар бердік. Туындаған тың идеяларды түрлендіріп қолдану, ақпаратты өңдеу, қолдану мүмкіндіктерін дамыту да назардан тыс қалмады.

Әдістемелік мәдениет ғылыми-педагогикалық ойлауды заманауи енгізуді, жаңа идеялармен жаңартуды көздейді. Педагогикалық жұмыс бағытының

сипаттамаларының бірі-оқушыларда жаңа психологиялық құрылымдардың қалыптасуын қамтамасыз ететін модельдеу қызметінің ұстанымы. Модельдеудің ұстанымы-маңызды өзгерістерді іс-әрекеттің қарапайым логикасына сәйкестендіру және педагогикалық процестің оның талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету. Ойлаудың осы аспектісін игеру біздің педагогикалық логиканы меңгеруге итермелейтін арнайы тапсырмаларымыз бен жаттығуларымызда көрінеді. Кез-келген эксперименттік, педагогикалық зерттеуде әдістемелік негіздің белгілері келесідей:

- ғылымның даму деңгейін, практиканың қажеттіліктерін, әлеуметтік маңыздылығы мен нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, зерттеу мақсатын анықтау.

- сыртқы және ішкі тәуелділіктердегі олардың дамуы мен өзін-өзі дамытудағы барлық өтілетін процестер мен құбылыстарды зерттеу. Осындай көзқараспен қараған кезде педагогикалық, танымдық іс-әрекет студентті қоғамда, әлемде болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарды дербес тануға және дамытуға қабілетті етеді, сыртқы әсерлерге және ішкі қажеттіліктерге сәйкес қабілеттерін өзгерте алады, өз әрекеттерін бағалай алады және т. б.;

- барлық гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан білім беру мәселелерін шешу: әлеуметтану, психология, антропология, физиология, генетика және т.б. салаларды қарастыру кезінде "субъектіден тыс" қарастырылатын әмбебап әрекет - бұл адамның мета-белсенділігі, метабілімі (оның құрылымы қандай екенін және оның құрастырылуы білу) немесе білім алу туралы білімі, яғни жаңа заттарды меңгерудің әдістері мен амалдары туралы таным (танымдық дағдылар) және олармен жұмыс істеу мүмкіндіктері (философия, әдістеме, пәнаралық ғылым) және метатануды меңгерген маман ретінде қалыптасады.

Метабілім метақұзыреттілікпен астасатынына Қ.Б. Жанадилова өз мақаласында: «...білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Сондықтан, ойлау мәдениеті, ақпаратты синтездеу, талдау, танымдық әдістер мен құралдарды қолдану, зияткерлік даму, оқыту және өзін-өзі басқару, кәсіби біліктілікті арттыру студенттердің назарында болуы тиіс. Яғни, жаңартылған білім мазмұнындағы оқу үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдер, әдістемелер, технологияларды және білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін озық меңгеруде білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін жаңа сапа метабілімділік пен метақұзыреттілік қажет. Ол үшін «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін - өзі дамытатын адамға ауыстыру қажет». Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен матақұзыреттілікті “функционалдық сауаттылық” ретінде “кәсіби және өмірлік міндеттерді шешу үшін адами және қоғамдық ортамен өзара іс-қимыл жасаудаға практикалық қабілет” ретінде қарастыру керек. Метақұзыреттілікті басқару теориясы тұрғысынан “жұмсақ” дағдылар класына жатқызылады

(ағылш. soft skills), ол маманға тұлғааралық өзара іс-қимыл, топта жұмыс істей білу, нақты жағдайда стандартты емес шешімдер қабылдау т.б. қабілеттері арқылы кәсіби қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді» деп тоқталып өтеді [112]. Метақұзыреттілік термині де “Soft skills немесе икемді дағдылар” сияқты әмбебап біліктіліктер арқылы тұлғаны дамытуға бағытталаатынын айта келіп, Х.Шәпер: «оған:

- ойлаудың аралас түрі (мәселені шешу + мүмкіндіктер жасау);
- кәсіби ойлау;
- креативті қабілеттер;
- ынтымақтастық;
- эмпатия және эмоционалды интеллект;
- зейіннің шоғырлануын басқару;
- икемділік және бейімділік;
- дамуға деген көзқарас (сана-сезім, ақыл-ойдың өсуі);
- рефлексиялық қабілеті (ойлау) жатады» деп тоқталады.

Қ. Жанадилова ақпарат құзыреттілігі туралы өткен ғасырлардағы «адамның бүкіл өмірі бойындағы алған ақпаратты қазіргі заманғы адам 1 айда ғана алады және өндейді. Әлемде ақпарат әрбір екі жыл сайын екі еселенеді, бұл оны қарапайым жаттаудың мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін көрсетеді» салыстыра көрсетіп, бүгінгі ақпарат кеңістігінің ерекшелігіне тоқталса [113], С.В. Санникова Еуропа Кеңесі анықтап, жас еуропалықтар игеруі керек деп таныған 5 негізгі құзыреттілікке тоқталады: әлеуметтік-саяси құзыреттілік, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, үнемі кәсіби дайындық деңгейінен көріну үшін үздіксіз білім көтеру, оқу қабілеттілігі. Осының ішінде ақпараттық құзыреттілікке терең мән беріп, АКТ құзыреттілігімен қатар, ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамыту қажеттілігін айтады. Ол: «Ключевые компетенции вводятся как конкретизированные цели обучения. Компетенции не сводятся к знаниям и умениям, однако последние есть формы их проявления на разных этапах формирования и в разных ситуациях. Всякое противопоставление компетенции знаниям и умениям ошибочно – это две стороны одного процесса формирования личности» деп ой тұжырымдайды [114]. Бұған қоса кететініміз, метақұзыреттілік қатарынан танылатын АКТ құзыреттілігі метадеректермен жұмыс қарқынын арттырады. Бүгінгі күнгі педагог келбетінің бір қыры – метабіліктілік.

Интеграция, белсенді ізденістер нәтижесінде қалыптасқан метатәсілдерге жол ашқан, жалпы-оқу, пәнаралық (пәннен тыс) танымдық біліктер мен дағдылар мен құзыреттіліктердің жоғары деңгейінен танылатын *метабілікті* маман болашақта дәстүрлі оқу пәндерінен тыс құрылатын жаңа білім беру формасы болып табатын *метапәнді* ұсына алатын, оқу материалын біріктірудің ойлау әрекетіне негізделген және дәстүрлі мектеп пәндерінің үстіне

құрылған білім беру формасы – *метапәндік тәсілдемелерін* игерген, ұшқыр ойлы *метабілімділік* деңгейінен көрінетін педагог ретінде танылары сөзсіз. Жалпы қазақстандық педагогика, әдебиетті оқыту ізденісінде осы бағытта еңбек еткен ғалым және оның озық тәжірибесі бар: ол – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде көп жылдар қызмет еткен, Еуразия Ұлттық университетінде өмірінің соңғы жылдарында жұмыс істеген, қазақ ғылымына елеулі үлес қосқан филология ғылымдарының докторы, профессор, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттық мектеп моделін жасап, «Авторлық мектеп» технологиясына жол салған «Сенім» бағдарламасының авторы, алғаш өзінің Гуманитарлық Қазақ мәдениеті мектеп-лицейіне «Ежелгі әдебиет», «Ислам мәдениеті» метапәндерін, бастауыш сыныптарға алғаш «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» пәндерін енгізген ғалым педагог Алма Қыраубаева [115]. ҚР ҰҒА корр-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф. Ш. Оразбаева «А. Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары» деген баяндамасында ғалымның педагогикаға қосқан үлесін айта келіп, жаңашылдық бағыттарына кесте сызба ретінде беріп өтеді [116].



Сурет 5 – А. Қыраубаеваның педагогикалық жаңашылдық көзқарастары

Алма Қыраубаева «Ежелгі әдебиетті оқыту» тақырыбындағы қолжазбасында: «Әдебиет тарихын оқу жазба мұралардың мазмұнымен танысу десек, мақсатты тым жадағай түсінген болар едік. Әдебиет – әлемді түсіну, айналадағы өмірді зерттеу, адамды тану. Оқушы әдебиет тарихын оқыған кезде одан өзін толғандырған өмірлік мәселелерге жауап іздейді. Әдебиет проблемалылығымен қызықты екендігін айтып кеткен.

Білім алушы белгілі дәрежеде осы сияқты өмірлік мәнді сұрақтарға жауап алып отырғаны жөн. Ежелгі әдебиеттің көтерген мәселелерін тарихи уақыт


контексінде қарай отырып, қазіргі кезең мен кеше ғана басымыздан өткен тарихи оқиғалармен үндесер тұстарын тауып алу қажет. Ретіне қарай осы жағына көбірек назар аударылғанын қалар едік. Оның тәрбиелік мәні де зор екені дау тудырмайды» деген ойларымен бөлісуі, ғалымның өз тәжірибесіндегі интеграциялы оқыту нәтижесінен хабардар етеді [117, б.336]. Бұл – заманауи және өрісті білім көзіне апарар мәңгілік сұрлеу, шығармашыл педагог соқпағы.

Қарахан әдебиетін оқыту барысында біз жоғарыда айтылған әдіснамалық негіздерді, осы бағытта жүзеге асырылған тың ізденістерді, барлық ғылыми ақпаратты бағдарға аламыз. Бұл ретте бағдарлау тәрбие мен оқу үрдісіндегі ұжым мен тұлғаның дамуындағы қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу, қарт пен жаңаның, бала мен ересек арасындағы қарым-қатынасты қарастыру, тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу, мақсаттар қою және оларды іске асыру, басқару және өзін-өзі оқыту болып табылады. үкімет және т.б., күрес туралы философиялық ілімнің педагогикалық интеграциясы және нақты пән негізінде жеке құзыреттіліктерді қалыптастыру. Теория мен практика, идеялар мен оларды іске асыру арасындағы байланыс, студенттерді іздеуді жаңа ғылыми тұжырымдамаларға, жаңа педагогикалық ойларға бағыттау, өзектілігін жоғалтқан теріс педагогикалық көзқарастардан аулақ болу, зерттеу және оқыту.

Зерттеу – дүниені, құбылысты, материалды зерделей танып, білудің негізі болатын әрекет. Қарапайым түсінік бойынша ол қандай да бір белгілерді анықтап, оның ерекшеліктері салыстырып, бақылап, сол нәрсе туралы өз пікірін қалыптастыру болса, ғылыми зерттеу ауқымы кең, арнайы зерттеу бағыттары, бағдары, тіпті жұмысты жүзеге асыру шарттары мен алгоритмі жүйеленген үрдіс. Зерттеу әдістемесі зерттеу стратегиясын анықтайтын шарттар жиынтығын анықтайды, зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді: 1. Басқа ғылымдармен пәнаралық байланысты қолдану. Қазіргі уақытта ең көп қолданылатын ұғымдарды білу, олардың мағынасын түсіну. 2. Философия, Әлеуметтану, Психология және т.б. көмегімен ғылыми зерттеулердің процесі мен құрылымын жетілдіру 3. Ғылым мен іс-әрекеттің өзара әсері, дамуды тең және тиісті бағытта бақылау. Жалпы ғылым мен практика байланысы туындатқан проблемалар негізінде шешілетін міндеттер көлемі мен түрлері бойынша ең ауқымдысы кәсіби міндеттер шоғыры тұрады. Бұл міндеттер кез келген мамандық үшін үш түрге бөлінеді:

- Зерттеуші міндеттер (білімнің сол немесе басқа саласында зерттеушілік іс-әрекетті жоспарлау және жүргізуді іскерлігін талап етеді);
- Практикалық міндеттер (болашақ кәсіби қызметінде нақты нәтиже алуға бағытталады)
- Педагогикалық міндеттер (сәйкес пәннен оқу орнында не өндірістік оқыту жағдайында сабақ беру).

Пәнді оқыту (педагог) және оқу (студент) процесіне қатысты теориялық ұғымдарды сызба ретінде жинақтасақ:



Сурет 6 – пәнді оқыту процесіне қатысты теориялық ұғымдар

Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту, ең алдымен, педагогикалық процесс. Біз біз бүгінгі педагогика талаптарын ескере отырып, белгіленген бағыт, теориялық ұғым, жүйеленген бағдарды ұстана отырып оқытамыз, алайда сол кезеңдегі ойшылдардың педагогикалық көзқарастарын да негізге алу немесе уақыт айырмашылығына қарамай, пәнді оқыту барысында, шығармашылық сәттерінде қызықты идеялар мен тосын ойлардың туындауына (ол белгіленген қалыптың талабынан ауытқыса да) тосқауыл қоймау – студенттің қызығушылығын оятып, ғылыми, шығармашылық ізденісін үстеу, тың нәтижелерге қол жеткізу бастауы болары сөзсіз. Мысалы, студенттермен бір зерттеу жұмысымызды Қарахан дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі Махмұт Қашғаридың педагогикалық көзқарастарына арнадық. Жобаға кіріспес бұрын, үлгі ретінде Ш.Т.Таубаеваның «Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы» тақырыбындағы мақаласын негізге алдық [118].

«Ой зертханасында» қарастырылған жұмыс жобасының негізі ретінде талдауға ұсындық. «Ой зертханасы» – студенттің ғылыми бағытта шығармашылықпен жұмыс істеуіне арналған зерттеу, ізденіс алаңы әрі психологиялық қолдау көрсету, шығармашылық орта құру кеңістігі.

«Ой зертханасының» жұмыс бөлімдері: ақпаратты тану, түсіну, қабылдау; айтылған ойды (пікірді) зерделеу, талдау, жинақтау; өзіндік көзқарас, түсінік, интерпретация негізінде өз (өзгелердің) идеяларын топтастыру, сұрыптау, өңдеп ұсыну; ұсынылған ойды жоба ретінде қорғау, нәтижелі ой өнімін алу механизмдерін қамтитын 4 бөлімнен тұрады. Бұл бөлімдер жұмыс мазмұнына қарай екіге жіктеледі: талдау (1,2-бөлім) және ой өнімі (3,4-бөлім). Жұмыс мерзімін студенттермен келісе отырып анықтадық: талдау бөлімдерінің екі аптасын ғалым Ш. Таубаеваның еңбегін талдауға, ал ой қорыту бөлімі бойынша екі аптаны М. Қашғаридың педагогикалық идеяларына, өз таңдауы бойынша Қарахан дәуірі әдебиеті материалдары негізінде зерделеп, өз

таңдауларымен шығармашылық топ құрып, тың тұрғыдан жаңа идеялар тудыруға, сол негізде жоба қорғауға арнадық.



Сурет 7 – зертхана бөлімдері

Мақсат – берілген нақты үлгі негізінде талдап, талқылау барысында тың тақырып, қызықты идеялар туындауына жағдай тудыру. Нәтиже бойынша студенттердің талдауы нәтижесіндегі тың идеялары мен жоба тақырыптарын кесте түрінде жинақтап назарларыңызға ұсындық.



Сурет 8 – Ш. Таубаеваның «Әл-Фарабидің дүниетанымы мен педагогикалық тұжырымдамасы» атты сызбасы

Кесте 4 – Студенттердің зертханалық талдау жұмыстарының нәтижесі

Талдау, ой қорыту нәтижесі		
	1. Ш.Таубаеваның мақаласы бойынша студенттер таңдаған ой, пікір, тұжырымдары	2. Студенттер тарапынан талқылау барысында туындаған тың идеялар (батыл тұжырымдар) негізіндегі жоба тақырыптары
1	2	3
Кіріспе бойынша	<p>Қазақстандағы педагогика ғылымының қазақтың тәрбие тәжірибесін әлемдік педагогикаға танытатын ғылым болуы;</p> <p>Қазақ педагогикасының әдіснамалық негізі – қазақы болмыс, мәдениет, ұлттық білім мен тәрбиеге негізделуі;</p> <p>Педагогика ғылымының әдіснамасы философия заңдылықтарына сүйенетіні;</p> <p>Ол – адамның өмір дамуы заңдарын, өмір шындығын ұғынып, білімді, сенімді болу көзқарасын қалыптастыратын негізгі жүйесі.</p> <p>Қазақ педагогика ғылымының қалыптасуын зерттеу барысында тарихи-педагогикалық танымның әдіснамасы мен тарихи-педагогикалық ілімнің құрылымы сияқты екі талап;</p> <p>Фарабидің ұлы шәкірттерінің бірі – Әбу Әли ибн (Сина Авиценна) болған;</p> <p>Фарабидің өмірбаянының, ғылыми мұрасының бірсарынды сипатталуы, қайталануы, пікірлердің ұқсастығы болашақ зерттеушілерге аманат тапсырмаға негіз болуы т.б.</p> <p>Зерттеудің мақсаты – әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасын заманауи педагогиканың философиясы мен әдіснамасы тұрғысынан жүйелеу және құрылымдау.</p> <p>Зерттеудің әдістері – әдебиетті зерделеу және талдау, теориялық талдау мен жинақтау, индукция мен дедукция, жүйелеу, моделдеу, түсіндіру.</p> <p>Әл-Фараби өмір сүрген уақыт – Ренессанс, яғни Қайта Өрлеу дәуірінің басы;</p> <p>Орта Азиялық Ренессанс дәуірінің қағидаларын атауы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - гуманизм мен ізгілік – Ренессанстың негізгі ұстанымдары; - ізгілікті қоғам орнату – дәуірдің мұрат-мақсаты; адамгершіліктің күшеюі, мәдениеттің дамуы, адамды ең жоғарғы тұлға деп қарастырып, оның еркіндігін, жақсы өмір сүруін насихаттау – заманның құндылығы; 	<p>Қазақстан педагогика ғылымының даму тарихы және жаһандану дәуіріндегі тегеурінді тұғырлылығы</p> <p>Қазақ педагогика ғылымының даму тарихы және әдіснама арнасы</p> <p>Қарахан дәуірі әдебиетінің үлгілері және авторлық философия</p> <p>Данышпандар – Ұлы дала мектебінің ұстаздары</p> <p>Қарахан дәуіріндегі білім беру: түркі дәуіріндегі ұстаздар мен шәкірттер шоғыры</p> <p>М. Қашғари дәрістері – ғасырлар ілімі</p> <p>М. Қашғари мұрасын зерттеуде мен ұсынатын тың әдіс</p> <p>Түркі дәуірі Ренессансы және ХХІ ғасыр ұрпағының көзқарасы мен бағасы</p> <p>Орта Азиялық Ренессансының тек мен байқаған ерекше қағидалары</p> <p>Дәуір қағидаларын заманауи бағытта жаңғырта қолдану ұсыныстары</p>

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
<p>Әдебиеттер шолу бойынша</p>	<p>- халық тәрбиесіндегі салт-дәстүрлерді әдет-ғұрыптарды, тілді жаңғырту – кезеңнің өзегі. Әл-Фарабидің философиялық дүниетанымы үш басты ұстанымына тоқталуы. Олар: 1) дүниенің мәңгілігін тану; 2) детерминизм – зерттеу ұстанымы ретінде; 3) парасат туралы ілім. Бұл үш принцип – әл-Фараби философиясының биік шыңы, әрі ерекшелігі болды. Ғұламаның еңбектеріндегі педагогикалық философия мен әдіснамалық (гуманистік, жүйелілік, антропологиялық, құндылықтық, іс-әрекеттік, тарихи, тұлғалық, психологиялық, социологиялық, герменевтикалық, экономикалық) тұғырлардың негізін салып және оларды қисынды пайдаланудың үлгісін көрсетті деген пікірі. Басшыға қойылатын талаптарға және ғұламаның сол кезеңдегі халықты топтарға бөлуіне назар аудартуы; Ғұламаның дүниетанымдық негізіндегі ақылдың төрт тұғыры – топырақ, ауа, от, су деп және оны түсіндіруі; «Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары арқылы жасөспірімдер тәрбиесінің тұтас тұжырымдамаларын ұсынған» дей келіп, «Қайырымды қала» идеясы – гуманистік және адамгершілік бағдар екендігін жүйелей тоқталып, тәрбиеге басымдық беруіне назар аудартуы; Әл-Фарабидің «тәрбие» ұғымы туралы кестесі; Бақыт этикалық ұғымына тоқталуы; Отбасы туралы идеяларының сызбасы адамгершілік бағдар екендігін жүйелеп, отбасыдан бастау алатын мемлекетті мүддеге сай тәрбие беру туралы пікірін өзектеуі; Білім беру қисыны, парасат, психологиялық тұжырымдары, ұстаз бейнесі туралы түсініктері; Ғұламаның заманауи педагогикаға қажетті идеялары т.т.</p>	<p>Түркі дәуірі Ренессансы және ХХІ ғасыр ұрпағының көзқарасы мен бағасы</p> <p>Орта Азиялық Ренессансының тек мен байқаған ерекше қағидалары</p> <p>Дәуір қағидаларын заманауи бағытта жаңғырта қолдану ұсыныстары</p> <p>Қызықты зерттеу: егер дүниетаным құндылықтарын өзгертсек, қандай құбылыс пен нәтиже орын алар еді?</p> <p>Түркі дәуірінің білім философиясы неге негізделген?</p> <p>ХХІІ ғасыр педагогикасы: Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың ғарыш заңдарына сәйкестендірілген тың бағыттары</p> <p>Фантастикалық жоба: «Ғұлама еңбектері – ғарыш деңгейіндегі мәселелерді шеше алатын кванттық жобалар!»</p> <p>Данышпандарша ойланамыз: «Ақылдың төрт тұғырын толықтыру»</p> <p>Жүсіп Баласағұнидің педагогикалық тұжырымдасының сызбасы менің көзқарасыммен</p> <p>Махмұт Қашғари: дала академигінің дәрістері</p> <p>Қарахан дәуірі әдебиетінің туындыларындағы дүниенің мәңгілік мәні мен табиғаттың таңғажайып жаратылысы</p> <p>Мен оқытатын Қарахан дәуірі әдебиетінің бағдарламасымен танысыңыздар!</p>

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
Қорытынды бойынша	<p>Әбу-Насыр әл-Фараби дидактикасы бойынша «оқытудың мақсаты», «оқытудың түпкі мақсаты», «дидактиканың негізгі ұғымдары», «оқыту ұстанымдары», «ұстаз бойындағы қасиеттер» сияқты ұғымдарды беру тұжырымы;</p> <p>Әл-Фарабидің зерттеушіге қойған талаптарын, ғылым классификациясын, тәрбие мен білім, досгерлік пен үнемшілдік, рақат пен азап, үнемшілдік пен ысырапшылдық, қайырымдылық, бақытқа жету туралы ойларын қолданысқа ұсынуы;</p> <p>Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамалары, идеяларын ғылым мен білім берудің философиясына, педагогика мен психологияның пәндік-теориялық матрицасына, білім беру идеалына, зияткерлікке, көптілділікке, тәрбие парасаттылығына бағдарлап байланыстыруы;</p> <p>Мәдениеттің рухани құндылықтары, заманауи қазақ жастарының саналылық тәрбиесіне, қазақ елінің ғылымына, мәдениетіне қосылар үлес ретінде қарастыруы және баға беруі</p>	<p>Студенттік сенсация: Қарахан дәуірі әдебиетінің педагогика, медицина, жаратылыстану ғылымдарымен үйлесімділігі</p> <p>Махмұт Қашғари – кондуктология ілімінің маманы.</p> <p>Еркін тақырыптық жоба: Жүсіп Баласағұни Президент бола ала ма?</p> <p>Қарахан дәуірі әдебиетінің зияткерлік әлеуеті: жаңа ғасыр ұрпағының көзқарасы мен бағасы.</p>

Жұмыс нәтижесінде біз студенттердің шығармашылық ойлау деңгейін байқадық. Бұл – «Ой зертханасының» бір ғана мысалы.

Түпкі нәтиже – жүзеге асырылған мақсат. Біз мақсаттың реалды және идеалды мақсаттар болып бөлінетінін білеміз. SMART өлшемі бойынша реалды мақсаттың жүзеге асырылуы ұтымды әрі өнімді. Яғни, реалды мақсатқа жетуде барлық ресурстар, атап айтқанда, адамдардың қарым-қатынасы, уақыты, қаржы, материалдық-техникалық база, технология, әдістеме т.с.с. жан-жақты ескеріледі. Осы мақсатты қамтитын үрдіс *үш кезеңнен* тұрады:

Бірінші кезең – күтілетін түпкі нәтижені айқындау. Бұл кезеңді іске асыру кезінде іс-әрекет (*жеңілден– ауырға, қарапайым түсініктерден – күрделі тұжырымдарға* ұстанымы бойынша) бағыты, негізгі идеясы айқындалады, білім алушының басты мақсаты, стратегиясы, түпкі нәтижеге жету ізденісі бастау алады. Болашақта бірге жұмыс істейтін шығармашыл топ, жұп анықталады. Білім алушылар өздерінің мақсаттарын айқындап, өзіндік нәтижеге жетудің жолын бағдарлайды, болжайды және оны өздерінің жоспарларына енгізіп дағдыланады. Бірінші кезеңде күтілетін нәтиже болжанып, жұмыс бағдары нақтыланады, шығармашылық топ және оның жеке

мүшелерінің жұмыс жасау қарым-қабілеті, ерекшелігі танылады. Бұл кезең біздің зертханада бірінші бөлімді қамтиды.

Екінші кезең жағдайға, жағдаяттарға қатысты әрекеттер кезеңі. Бұл кезеңнің ерекшелігі – студенттің ақпаратпен жұмыс стилі, әдіс-тәсілдері, талдау ерекшелігі, автордың ойы, айтқан пікірлерінен өзіне маңызды деп тапқан ойтұжырымдардан өзіндік ой, идея, тұжырымдарын туындатып, оны ой өнімі ретінде ұсынуы сияқты жұмыс алгоритмдері, шығармашылық іс-әрекеттері танылуы. Осы белсенді жұмыс кезеңі біздің зертханадағы екінші және үшінші бөлімді қамтиды және осы кезең студент шығармашылығын дамыту үшін психологиялық қолдау көрсетілуін міндеттейді.

Үшінші, яғни соңғы кезең – нәтиже және бағалау кезеңі. Бұл кезеңде студенттің қол жеткізген нәтижесі шығармашылық топтары арасында, ұжым алдында жоба түрінде қорғалып, оның ерекшелігі мен тиімділігі, ой өнімінің сапасы, болжанған күтілген нәтижемен сәйкестігі анықталып, қорытынды жасалынады. Осы қорытындылар негізінде жұмыс жоспарланып, жобаны дамыту, жүзеге асыру стратегиясы белгіленеді.

Бүгінгі таңда білім берудің басым бағыттарының бірі тұлғаға бағытталған педагогикалық қызмет болып табылады. Осы тақырып бойынша зерттеушілердің (С. Степанов, И. Якиманская, А. Хуторский) жұмыстарына сүйене отырып, тұлғаға бағытталған тәсіл педагогикалық қызметтің әдіснамалық жаңа бағыты болып табылатындығына көз жеткізуге болады. Соларға сүйене отырып, біз тұлғаға бағытталған тәсілді педагогикалық қызметтің әдіснамалық жаңа бағыты және студенттің жеке тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыруын, өзін-өзі жетілдіру мен дамуын қамтамасыз ететін бір-бірімен тығыз байланысты идеялар, тұжырымдамалар мен әрекеттер жиынтығы ретінде қабылдаймыз. Біз жаңа тұлғаға бағытталған тәсілдің үш компонентін бөліп көрсетеміз: бірінші компонент-жеке тұлға, тұлға, белсенділік, өзін-өзі көрсету, өзіндік тұжырымдама, таңдау, педагогикалық қолдау ұғымдарын қамтитын тұлғаға бағытталған тәсіл тұжырымдамасын ашатын негізгі ұғымдарды қамтиды. Екінші компонент-студенттерге арналған білім беру құрылымының негізгі ережелері мен бастапқы күйін қарастырады, ол тұлғаға бағытталған тәсілдің негізгі принциптері негізінде қалыптасады. Бұл принциптер белсенді тұлға, даралық, субъективтілік, таңдау, шығармашылық жетістік, сенім және қолдау принциптері деп аталады. Үшінші компонент технологиялық компонент деп аталады. Бұл компонент осы бағыттағы педагогикалық қызметтің негізі болып табылады. Ол ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес (В. А. Бордовский) келесідей көрінеді:

- диалогтық;
- шығармашылық қызмет;
- жеке тұлғаның дамуын қолдауға назар аударыңыз;
- оқушыларға өз бетінше шешім қабылдауға, шығармашылықпен айналысуға, білім алудың мазмұны мен тәсілдерін таңдауға еркіндік беру қағидаттарынан тұрады [119].

Негізгі мақсат – әдебиетті оқыту процесінде студентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін арнайы педагогикалық және психологиялық орта құру. Ол қазіргі студенттің, болашақ маманның жеке тұлға ретіндегі сипаттамаларын қалыптастыруға, оның бейімділігін анықтауға бағытталған. Әлемдегі көптеген мемлекеттердің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайды. Бүгінгі уақыт талабы бойынша білім берудің мақсаты – білімді игерту кәсіби білім мен құзыреттілігін арттыру: ақпаратпен жұмыс, талдау және ұтымды қолдану. Батыл қадам мен шешімдер жасауға баулу. Оқытудың психологиялық негіздері бойынша жұмысымыздың келесі бөлімімізде қарастырылады.

2.3 Жаңа гуманитарлық білім беру аясында Қарахан әдебиетін оқытудың психологиялық негіздері

Қоғам дамуының маңызды бөлшегі болып табылатын жеке тұлға қалыптасуы барысында оның жан-жақты қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы өзі меңгерген білімінің қарқынды дамып отырған сан алуан (философиялық, педагогикалық, психологиялық, экономикалық т.т.) білімсалаларымен байланыста қарастырылып, өзін дамытуы аса маңызды. Осыған орай кез келген ғылым саласында жеке тұлғаға қажетіне қарай білім беру мен тәжірибе жинақтаудың ұлттық моделін қалыптастыратын стратегиялық басымдықтарды белгілеп, міндеттерді нақтылау күн тәртібінен түспейтін міндеттер қатарында. Әдебиетті оқыту, оның ішінде біз межелеп отырған Қарахан әдебиетін оқыту, осы міндеттерді жүзеге асыруды аса қажет ететіні сөзсіз.

Оқыту мен даму арасындағы байланыс, оған негізделген проблемалар, руханият мәселесі барлық уақытта педагогиканың өзекті мәселесі болды. Бір ғылымды оқытудың басынан бастап білім беруге қатысты "қалай оқу керек" мәселесін шешу үшін адамның мүмкіндіктері мен дағдыларының ғылыми негізін іздеу біліммен қатар жүрді. Сондықтан педагогика саласында жеке тұлғалардың мүмкіндіктері мен олардың жасын, даму процесінде коммуникативті қабілеттердің өзгеруін ескеретін оқытудың ғылыми негізін іздеу басталды. Орыс педагогикасының негізін қалаушы К.Д. Ушинский де осы мәселеге назар аударды. "Адам тәрбиесінің пәні" атты еңбегінде ол әртүрлі жас кезеңдеріндегі баланың психологиялық дамуының негізгі ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жүргізеді [120, б.678].

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде баланың болмысы, тұлғалық қалыптасуы мен жан-дүниесіне қатысты психология мәселелері негізді берілген [121].

Тұлға дамуындағы білім алу мен тәрбиеге қатысты психологиялық ерекшеліктерге аса бір мән беріп, зерттеген ғалымдар: П.Друкер, Х.Сильва, К.Роджерс, В.М.Шепель, Р.Х.Шакуров, Ф.Р.Филиппов, Қ.Б.Жарықбаев, К.Ж.Қожахметова және т.б

Педагог үшін оқыту мен тәрбиелеу, оқу сапасы, нәтиже аса маңызды процесс, алайда оқыту біржақты болып қалмайды, тұлға қатысуымен оқу және алынған білім сапасына жауапты даму әрекеті де нәтижелі болуы шарт қой. Ол үшін оқыту мен оқып-үйренуге тәрбиелеу негіздері болуы керек, оның арақатынасын жақсы білу де қажет. Психологиялық ғылымның көрнекті өкілдерінің бірі Л.С.Выготский сонымен қатар оқу мен тәрбиенің арақатынасы мәселесін зерттеп, оқыту мен дамуға қатысты өзіндік қорытындыларын ұсынды:

- оқыту және дамыту бір-бірінен тәуелсіз екі түрлі процесс;
- оқыту жетілуге, оқу және даму процесінде туындайтын мүмкіндіктерді пайдалануға негізделген;
- оқыту және дамыту - бұл екі түрлі салыстырмалы процесс;
- оқыту дамудан кейін пайда болуы мүмкін, бірақ ол дамуға ықпал ете отырып, оның алдында болуы мүмкін [122].

Баланың оқуы мен дамуы арасындағы байланыс мәселенің шешімі әр түрлі зерттеушілер әртүрлі жолдармен іздейді:

— В.Давыдов пен Д.Б.Эльконин оқыту мазмұнындағы өзгерістерді іздеу керек деп есептеді [123, 124];

— Б.Г.Ананьев әртүрлі оқыту әдістерінің таралуымен жағдайды зерттеуге үлкен мән береді [125];

— Л.В.Занков оқытудың дамытушылық әдістеріне, ең алдымен, оқу процесінің өзін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болатындығын айтады [126];

— Ш.Амонашвили бала шығармашылығы мен ішкі мүмкіндіктерін оята отырып, И.П.Волков шығармашылық әлеуетін дамыта отырып оқыту керек екенін баса айтты, тәжірибе жүзінде көрсетті [127, 128];

— В.Ф.Шаталов символдық белгілердің баланың ой-өрісінің дамуына, ақыл-ой әрекеттерінің кезеңдерін қалыптастыруына әсерін зерттеді [129];

— Е.Н.Ильин шығармашылық ізденістің, көркем әдебиеттің педагогикалық әдебиеттегі тұлғаның қалыптасуына этикалық, эстетикалық, дамытушылық әсерін зерттейді, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнында, өмірге байланысты оқытуда проблемалық оқытудың артықшылығы мен шынайылығын дәлелдейді [130].

Психологиялық-педагогикалық теориялардың тұжырымдарына сүйене отырып, бұл ұғымдар нақты қарастырылды және тұтастай алғанда даму, дарындылық, шығармашылық ұғымдарының психологиялық анықтамаларын қолданады, etc.as жүйке жүйесіндегі, психикадағы, ағзаның даралығындағы, көп қырлы дәстүрдегі сандық және сапалық өзгерістердің көрінісі анықталды және оқыту мен тәрбиенің ұлттық сипаты танылды.

"Педагогика" оқулығында: Тәрбиеленген және оқытылған адам дерексіз емес. Ол белгілі бір ұлттың өкілі, ол барлық уақытта ұлттық сана мен өзін-өзі танудың ерекшеліктерін, ұлттық білімді, сезімдер мен ерік-жігерді басқа адамдармен қарым-қатынас барысында көрсетеді, олардың іс-әрекеттері ұлт

келбетінің идеологиялық ерекшеліктерінде көрінеді. Осы себепті ұлттық психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнымен тікелей байланысты, сондықтан оқу процесінің аспектілерінің бірі ретінде белгілі бір позициялар негізінде жүзеге асырылады. Ол:

- Біріншіден, педагогикалық әсердің этноспецификалық детерминизмінің ұстанымы.

- Екіншіден, ұлттық сана мен ұлттық өзін-өзі педагогикалық қызметтің бірлігі қағидаты.

- Үшіншіден, Ұлттық идеалға сәйкестік. Нақты өмір мен жұмыс жағдайында педагогикалық әсердің позицияларын елемеуге болмайды.

- Төртіншіден, педагогикалық үдерісте ұлттық шындыққа бейімделген мүмкіндіктерді дамыту ұстанымы.

Оқу процесі Дидактикалық жүйелер деп аталатын психологиялық тұжырымдамаларға негізделген. Дидактикалық жүйе біртұтас құрылым құра отырып, оқу мақсатына жетуге қызмет ететін элементтер жиынтығын құрайды. Білім беру мақсатының, мазмұнының, дидактикалық процестердің, әдістердің, құралдардың, оқыту нысандарының және оның ұстанымдарының сипаттамаларына сәйкес жүйенің сипаттамасы. Үш дидактикалық тұжырымдаманы ажырату қажет: дәстүрлі, педоцентрлік және қазіргі дидактикалық жүйе."Дьюи Жүйесі, Т. Кершенштейнер Еңбек мектебі ХХ ғасырдың басындағы педагогикадағы реформа кезеңінің теориясын келтіреді в. лай [131].

Оқыту мен тәрбие тұлға қалыптастырудағы маңызды бағыт екеніне тоқталдық, оның психологиялық аспектілерін сөз еткенде, дәстүрлі білім беру жүйесіндегі басты рөлді педагогте, педагогтің іс-әрекеті маңызды екенін жете түсінеміз. Жоғарыда шетелдік педагог, ғалымдар еңбектері бойынша талдауымызда айтылған пікірлерімізді А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М. Жұмабаев т.б. алаш тұлғалары мен ұлттың психологиялық ілімдері негізінде мектеп ашқан А. Қыраубаеваның еңбектері тұрғысынан нақтылап, тұлға психологиясымен жұмыс өзектілігін айқын байқаймыз.

Л. М. Фридман, И. С. Якиманская, З. И. Калмыкова, Е. Н. Кабанова—Меллердің пікірлеріне сүйене отырып, педагогикалық және жас психологиясы туралы айта отырып, білім беру процесі тұлғаның психикалық дамуымен тығыз байланысты, тиімді ойлауды оқу мен оқытудың негізі тиімді ойлау ерекшеліктерінің сыртқы көрінісі болып табылады деген тұжырымдарды толықтырады. жаңа білімді өз бетінше игеру және оны іс-әрекетте қолдану [132].

Осы түсініктемелерге қатысты «Педагогика» оқулығында: ойлаудың негізгі көрсеткіштері:

- ойлаудың жеке даралығы, әдеттегіден тыс жауап табу мүмкіндігі;
- ассоциативті байланыстардың қалыптасу және даму жылдамдығы;
- мәселе тұжырымдамасы, оның ерекше шешімі;

- ойлау жылдамдығы-бұл белгілі бір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциативті идеялардың саны. З. И. Қалмақованың пікірінше, даму процесінде оқыту келесі дидактикалық ұстанымдарға баса назар аудара отырып өтуі мүмкін:

а) оқу мәселесі;

г) оқытудың даралығы мен өзіндік ерекшелігі;

Б) ойлаудың әртүрлі компоненттерін (нақтылық және дерексіз теория) біріктіріп дамыту;

В) ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру;

Г) естелік іс-шараларды арнайы ұйымдастыру".

Ғалымдар оқу процесінде психикалық белсенділікті дамытуға ерекше назар аударады (қабылдау, тиімді есте сақтау, ойлау және тұжырымдамаларды қалыптастыру, теориялық толықтырулар және ақыл-ой белсенділігі. Оны шешу үшін білім алушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай психологиялық білім, білік, педагог шығармашылығы мен ұйымдастыру тәжірибесі керек. Бұл – оқытудың психологиялық қыры, тұлға психологиясының ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді көтеретіні айдан анық. Осы жерде педагог жоспарлаған оқыту процесі білім алушының психологиялық ерекшеліктеріне қарай шешім қабылдау қажеттілігін ескеріп, оқу процесінің сапалы, нәтижелі болуын қамтамасыз етуге бағдарлайды. Білім алушы әрекетіндегі үш бағытты айқындап алу мәселесі бой көтереді:

- білім алушының мұғаліммен және бір-бірімен өзара әрекеттерін ұйымдастыру;

- пәнді оқыту барысында оқу әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі формаларын кеңінен пайдалану;

- білім алушылардың белсенділігі мен шығармашылық әрекеттерін арттыру, тұлғалық қарымын, қабілеттерін дамыту.

Осы бағыттағы білім беру процесін ұйымдастыру, психологтардың пікірінше, жеке тұлғаның психикалық қасиеттерін, жеке өзін-өзі тануды, өзін-өзі қанағаттандыратын қызметті анықтауға және қалыптастыруға ықпал етеді. Егер студенттің жеке тәуелсіз қызметі ұйымдастырылса, онда студент қиындықтарды жеңетіні, жаңалық ашатыны, жақсы нәтижелерге қол жеткізетіні және танымдық іс-әрекеттің өзі жағымды эмоциялар алатыны анық. Әйтпесе, біз студентті ғылым әлеміне "енгізгіміз" келсе де, бұл әрекет оқытушы мен студенттің күткен нәтижелеріне әкелмейді. Оны сәтті ететін шарт-әр студентке психологиялық қолдау көрсету, психологиялық тұрғыдан жайлы (жайлы) орта құру.

К. Роджерстің айтуынша, мұғалім мұндай жағдайды жасай алады, тек осы мақсатта ол келесі принциптерді басшылыққа алуы керек:

1. Әрқашан балаларға сенім білдіріңіз;

2. Студенттерге оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтауға және түсіндіруге көмектесу;
3. Оқушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына баса назар аудару;
4. Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі бола отырып, студент проблемаға тап болған кезде әрдайым кеңес алуға болатын адам ретінде әрекет етеді;
5. Мұғалім әр оқушы үшін осындай рөлде болуы керек;
6. Топта өз сезімдеріңізді ашық білдіріңіз;
7. Әр оқушыға өз сезімдері мен толқуларын түсінуге мүмкіндік беретін эмпатия дәрежесіне ұмтылу;
8. Өзіңізді жақсы біліңіз [133].

Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту барысында психологиялық қолдау көрсете отырып, білім сапасын арттырып, шығармашылықпен жұмыс жасау, нәтижелі білім беруді мақсат тұттық. Ол үшін студенттердің барынша шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай тудырудың барлық мүмкіндіктерін қарастырдық. Осы бағытта ғалымдардың талдау нәтижесінде шығармашыл тұлғаның төмендегідей негізгі қасиеттері анықталғанын ескере отырып, өз жұмысымызда негізге алдық:

- білім алушының шығармашылық мақсат қоя білуі және өз қызметін соған қол жеткізуге бағындыруы;
- өз қызметін жоспарлай және өзі бағалай (қадағалай) білуі;
- еңбекке төзімділігі жоғары болуы;
- мақсатының негізгі мәселелерін тауып, оларды шеше білуі;
- өз көзқарасын, пікірін қорғай білуі.

Бұл үшін біз студент ізденісін, оның тың проблемалармен жұмыс істеу қабілеттерін ескере отырып өз жұмыстарымызды жоспарладық. Біздің діттегеніміз – оқу процесін жоспарлы әрі жүйелі ұйымдастыру, білім беруде танымдық, ізденушілік, зерттеушілік оқытуды қамтамасыз ету. Нәтижелі іздеу де, зерттеу де, танымдық белсенділіктің жоғарылығы мен креативті шығармашылық та мүмкіндігі мол ортада жүзеге асады. Осыған орай, біз өз жұмысымызда білім сапасын арттыру, нәтижелі ізденіс бағдарын беру мақсатында инновациялық технологиялармен қатар, оның психологиялық негізіне мән бере отырып, студенттің білімі мен шығармашылығын дамыту мәселелерін де қарастырдық. Өз ойымызды сызба түрінде былайша жүйелеп алдық:



Сурет 9 – Инновациялық технология арқылы білім алушылардың шығармашылығын дамыту жүйесі

Бұл жүйе білім беру процесінде өзіне сенімді, шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыруды талап етеді. Тағы бір ескеретін мәселе шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру үшін берілетін тапсырмалар жүйесі дифференциалануы, оқулық, оқу құралдары және өзге де қосымша әдебиеттерді қолдануды талап етуші оқу материалдарымен жұмыс жасау жүйесінің болуы, сөйлесу, оқытудың түрлі формалары арқылы жүргізілуі тиіс.


А.Орақова тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі бойынша қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді қарастырып, талдау негізінде шығармашылықты дамытудың құрылымдық-компоненттік құрамын анықтауды, оған қызығушылық, әрекетшілдік, бағалаушылық құрамдары қарастырып, әрбір құрамның өлшемдік сипаттамасын беруді ұсынады.

Қызығушылық құрамы өзінің шығармашылығын дамыту қызығушылығы мен қажеттілігі болуымен; *әрекетшілдік* – өзін шығармашылық қызметтің субъектісі ретінде тануымен, өзінің жеке-дара ерекшеліктерін және өзін-өзі шығармашылық дамытудың тәсілдерін білуімен; шығармашылық қызметті іске

асыру іскерлігімен сипатталады; *бағалаушылық* құрамға рефлексияға қабілеттілігі, яғни жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін талдау қабілеті енеді [134].

Қарахан әдебиетінің көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұн өзінің "Құтты білік" дастанында өзінің барлық қабілеттері бар адамды "толыққанды тұлға" деп атап, оған жетудің басты жолы білім мен ғылым екенін атап өтті. Ол адамның ақыл-ойы барлық нәрсенің мағынасын түсінуге қабілетті екенін айтады [135].

Біз, ең алдымен, білім алушының өз таңдауын қызығушылығы негізінде жасауы үшін бірнеше тақырып ұсындық: «Құт білімі: ел басқаратын тұлға моделі», «Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» шығармасындағы адамгершілік идеялары», «Жүсіп Баласағұни – өз кезеңінің құзырлы тұлғасы», «Тұлға құпиясы» және т.б. Осы бағытта студенттердің өзіндік зерттеулерін жүргізуіне жағдай тудырып, психологиялық қолдау көрсету мақсатында әрі жоғарыдағы кесте бойынша тұлғалық танымы мен көзқарастарын негіздеу үшін Жүсіп Баласағұни еңбегі негізінде жеке тұлғаға қатысты ізденіс жобасын жасауға тапсырма берілді. Бұл студенттің Жүсіп Баласағұни шығармашылығын мазмұндық тұрғыдан игеріп қана қоймай, тұлғалық болмыс қалыптастырудың маңызы мен мәнін танып білу білімін тың идеялар, соны пікірлермен толықтыру мақсатымызға негізделген. Тың сұрлеу әрқашан психологиялық ахуал туындататыны сөзсіз. Осыдан жол тауып, шешім қабылдап, өзіндік ерекшеліктерімен танылу да студенттің психологиялық біліктілік тәжірибесін қалыптастырары сөзсіз. Берілген тақырыптарды талқылау барысында студенттердің таңдауы «Жүсіп Баласағұни – өз кезеңінің құзырлы тұлғасы» тақырыбына түсті. К. Құдайбергенованың еңбегімен танысқан студентке төмендегідей сызба кесте ұсынылды.



Сурет 10 – «Жүсіп Баласағұни – өз кезеңінің құзырлы тұлғасы» тақырыбы бойынша орындалған сызба

К.Құдайбергенованың: «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады», – деген тоқтамы бойынша ой, пікірлерін ортаға салған студенттер өз тұжырымдарын бекітіп, жұмыстарын жүргізуге бағдар алды [136].

Енді психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, біз адам бұл күйге бірден емес, біртіндеп жетеді деген кең таралған пікірді көреміз. Студенттер психологиялық сөздікте берілген анықтаманы талдады: "индивид - бұл әлеуметтік ортада қалыптасатын және өзіндік ерекшеліктерімен (талғамымен, идеалдарымен, мінез-құлқымен, қабілеттерімен және т. б.) сипатталатын тұлға және жеке тұлғаның даму деңгейінің тұжырымдамаларын, тұжырымдамаларын анықтады, олар өз көзқарастарының негізі болып табылады [137].



Сурет 11 – жеке тұлғаның даму деңгейі туралы түсінік, ұғымдар

Ж.Пиаже, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Б.Г.Ананьев сияқты психологтардың пікірлерін қорытындылай келе, кез-келген адам белгілі бір табиғи қасиеттермен өмірге келеді, әлеуметтік факторлардың арқасында қоғаммен қарым-қатынаста тұлға ретінде қалыптасады және өзінің ішкі болмысын білдіреді, бұл ойлау ерекшеліктерімен (қабілеттер, қажеттіліктер, моральдық қасиеттер, моральдық және эстетикалық көріністер) анықталған қасиеттер жиынтығы, эмоциялар, ерік), оның психикасының, мінезінің тұрақты көріністері болып табылатын жеке болмыс [138-143]. Енді осы тұрғыдан жоғарыдағы өз сөзбаларын толықтыра отырып, Баласағұнның кемел тұлғалық болмысын анықтап, ой қорытты.



Сурет 12 – Жүсіп Баласағұнидің тұлғалық болмысы туралы толықтырылған студент жұмысы

Осы талдау, өз пікірлерін қорғау барысында студенттер Жүсіп Баласағұнның құзырлылық тұлғасы болып табылатынына, «Құтты білік» дастанында көрініс тапқан құтты, мәнді өмір сыйлаудағы тәлім-тәрбиеге, өсиетке толы ізгіліктің өнімділігін, өзіндік көзқарастарын ортақ кестеге жинақтап, тұжырымдады.

Кесте 5 – «Құтты білік» дастанының тағылымдық мәні

«Құтты білік» дастаны	Ізгілік кейіпкерлері	Кейіпкер мұраты	Танымдық тағылымы
рухани асыл қазына негізі: атадан балаға аманат аңыз-әңгімелер, ел дәстүрі мен ұлт құндылықтары	Әділет, Дәулет, Ақыл, Қанағат – тұла бойы ізгілікке, адамгершілікке әділеттілікке толы тұлғалар	құтты өмір құпиясын табу, ізгі қарым-қатынасқа негізделген қоғам орнату, елдік дәстүріне берік болу	Ұлағаттылық: ізгі тұлға тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері, әдепті қарым қатынас жасау ережелері, ақыл-кеңес беру құты

Мақсатымыз межеленген бағытта нәтиже берді, зерттеу нәтижесінде жасалған жұмыстар Жүсіп Баласағұнның педагогикалық көзқарасымен танысып, зерделеген студенттердің қызығушылығын үстеп, тіпті заманауи тұлға бойына тән өлшемдерді психолог Рэймонда Кэттелдің интеллект теориясы негізінде «интеллект можно условно разделить на подвижный и кристаллизовавшийся» деген пікірін негізге алып, «қозғалыстағы» да, «кристалданған» да [144] деп және техника тіліне қатысты (IQ, млн ТБ /тиробайт/) терминдерді қолдану үлгілерін байқатты. Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамсасындағы»: «Ғарун өлген соң, Сыдық таққа отырып, жылдары айналасының бәрін ислам дініне кіргізді. Бұл кісінің уәзірі Жүсіп Қадырхан – лақабы Имам Падишах – Сыдықтың үндеуімен мұсылман болып, «Құтадғу білік» кітабын жазып, Сыдық Буғра ханға сауға еткен Қыдырхан хан болмаған, атына «хан» сөзі тіркелгені өз аты солай болуы керек» деген жазбасына сүйеніп, Жүсіп Қадырханның ұлы деген алғашқы ғылыми болжам айтты [145, б.35].

Уақыт көрсетіп отырғандай, оқыту мен оқу процесінің әлі күнгі қиындық тудырып келе жатқан бір кемшілігі – білім беру ісінде психологиялық аспектілердің жеткілікті деңгейде ескерілмеуі. Бұл қоғамда балабақша, мектепте білім беру ісінде толыққанды жүзеге асырылмауы себепті, кейін ЖОО-да да үлкен проблема тудыруда. Бұл жерде кемшіліктерді бала қабілетінің дамуына психологиялық қолдау көрсетілуі жүйеленбегендіктен, мақсатты бағыт-бағдар беру, өзіндік әрекеттерінің еркін дамуына жол ашу, шығармашылығын өрістету мазмұны ашылмай, көмескі күйінде қалып келгендігінен екенін мойындау керек. Нақты айтсақ:

Біріншіден, білім беру процесін ұйымдастыруға және адамның білімі мен дағдыларын жетілдіру кезінде психикалық тәрбиенің қажетті дәрежесіне негізделген нормативтік құжаттарды барабар психологиялық қамтылмауы болды. Бұған дәлел ретінде М.Жұмабаевтың, ж. Аймауытовтың психология және логика аспектілерін егжей-тегжейлі зерттеуді атап өтуге болады. Профессор Л. В. Занковтың және білім беру және сараптама орталықтарының белсенді мүшелері зерттеулері негізінде біз соңғы жылдарға дейін оқу бағдарламаларындағы келесі кемшіліктерге назар аударамыз. Олар:

1. оқу бағдарламаларында оқытудың педагогикалық-психологиялық ұстанымдарының жүйелі сақталмауы;

2. оқу бағдарламаларын жасау, оқулық мазмұнын құру барысында оқушылардың психологиялық ерекшеліктері жеткілікті деңгейде ескеріліп, ынталануы мен қызығушылығын өрістететін теориялық мәселелердің енгізілмеуі;

3. оқыту процесінде психологиялық қолдау көрсету, оқушының материалды қабылдау ерекшелігі ескерілмеуі себепті алған білімдері олардың шығармашылық еркіндігі мен ой-өрісінің дамуына жеткілікті деңгейде ықпал етпеуі;

4. оқулықтағы тапсырмалардың бала психологиясы мен ерекшелігі тұрғысынан оқушылардың ойлау қабілеті мен қызығушылығын оятарлықтай деңгейде ойластырылмауы;

5. оқу бағдарламасынан ауытқымау көзделгендіктен, білімді игертуде де ұстаздар тарапынан материалдардың даяр білім күйінде берілуі, бала ізденісін ұштауға ықпал етпейтіндей, жалықтыратындай жалаң сипатта жалғастырылуы. Ал мұндай олқылықтар орын алып отырғанда оқушылардың ой-әрекет шығармашылығы дамуы, жеке тұлғаның кез келген жағдаятқа даяр психологиялық болмысы қалыптасуы мүмкін емес.

Екіншіден, жаңа білім мазмұны бойынша жазылған оқулықтардың сапасы мен психологиялық негізінің әлсіз болуы. Бұл оқулықтардың негізгі кемшіліктерін көрсетеді: ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиеге сәйкес келмейтін, психикаға зиян келтіретін дидактикалық материалдар, орфографиялық және стилистикалық қателіктер, оқушының қабылдауы үшін тұжырымдардың ауырлығы, тілдің күрделілігі және т.б. бұл пікір барлық оқулықтарға қатысты айтылмайды.

Тәуелсіздік кезеңінде мектептерге енгізілген Қазақ оқулықтарының өзіне тән ерекшеліктері болғанын атап өткен жөн. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор М. Ж. Жадринаның айтуынша, Қазақстан Республикасының түпнұсқа оқулықтарының басты жаңалығы: "бірінші рет әрбір оқу курсының мазмұны оқу материалының құрылымы мен логикасын (презентация логикасын) өзгерту арқылы құрылады. білім беруді ізгілендіру, саралау, интеграциялау және гуманитаризациялау принциптері" [146]. Ол сондай-ақ оқулықтардың жаңалығы қуантса да, оқушылардың бойында ойлау мен рефлексияның дербестігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру әлеуетін күшейту қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты ол оқу пәні – студенттің шығармашылық белсенділігін арттыру құралы ретінде оқулықтың ролін жалпылау, терең түсіну қажеттілігін атап өтеді. Оқулықтың негізгі функциялары:

- үйлестіруші;
- жүйелеуші;

- оқулықтың дидактикалық функциясы толығымен жүзеге асырылуы керек:

- ақпарат;
- түрлендіргіш;
- мақұлдау және өзін-өзі бақылау;
- өзін-өзі тәрбиелеу;
- кіріктірілген;

- оны дамушы және білім беруден ажыратады. Демек, қазіргі кезде оқушы шығармашылығын дамыту үшін әр пән бойынша оқулықтар жоғарыда аталған қызметтерін толық орындайтындай сапаға ие болуы тиіс екен. Ал психологиялық қызметі тәрбиелік түсініктер тасасында қалып кетті. Ал осы олқылық жас жеткіншектің жүрегіндегі бір қабілеттер мен қасиеттердің тасада қалуына ықпал ететінін көпке дейін назарға ілінбеді.

Үшіншіден, баланың бұйығылықтан арылып, шығармашылық әрекет жасай алмауы, тұлға ретінде жағдаяттан жол мен шешім таба білетін психологиялық еркіндігінің қалыптаспау себебі – оқу процесінің ұйымдастырылу деңгейі заман талаптарына сай болмауы. Баланың психологиясын зерттеп, оның ерекшеліктеріне назар аудармауы, әлем психологтарын зерттеп, Ли Кэрролл, Джен Тоубер еңбектеріндегі индиго балалар туралы, Нейл Хоув, Уильям Штраустың Х, Y, Z буындар теориясы туралы еңбектерге мән беріліп, зерделенбеуі, жас ұрпақ бойындағы заманауи өзгерістер талқылау негізінде қарастырылмауы, мектеп мұғалімдерінің психологиялық біліктілігі өз деңгейінде болмауы себебінен ескі сарын негізінде сабақ материалының жалпыға бірдей деңгейде ұсынылуы [147, 148].

Мектептегі білім жаңашыл технологияларға негізделіп жатыр дегенмен, мектептің ішкі проблемалары (сыныпта бала санының көптігі, пән маманының жетіспеушілігі, мұғалімнің әдістемелік көмек алу мүмкіндігі өз дәрежесінде болмауы, қағазбастылық т.т.) салдарынан сабақтардың деңгейі дәстүрлі оқыту аясында өтіп, сабақ үдерісінде әр баланың тұлға ретінде дамуын ескеру назардан тыс қалып, білім алушының белсенділігін ұштайтын, ізденісін арттыратын әрекеттер жүзеге асырылуы төмендеп кетті. Айтылған сөз бен жасалған істің алшақтығының көрінісі – «субъект-субъектілік» қатынас жүзеге аспауы немесе тек ізденістегі мұғалім шығармашылығы аясында ғана қалып кетуі, ұстаздың әдістемелік біліктілігін арттырып, тұлға қалыптастыру тәжірибесінің зерттеліп, таратылмауы т.т. Осы олқылықтардың орнын толтырып, тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызудың психологиялық негізін нығайту туралы нақты ұсыныстар, тың идеялар, әдістемелер жасалып, әлі де назарға алынуы керек.

Педагогика тәжірибеге түрлі бағытта жаңашылдық енгізіп көрді: білім беру технологиялары, оқыту жобалары т.б. Осы ізденістер оқу үдерісін психологиялық әрекеттерге негіздеу қажеттілігіне айқын көз жеткізді. Шығармашылық ойлауды дамыту мәселесі бойынша зерттеулерді талдай отырып, біз ең маңызды шарттардың бірі, ең алдымен, шығармашылықты дамыту үшін қолайлы психологиялық климат құруды қамтамасыз ету деген

қорытындыға келдік. Оқу үдерісіне психологиялық қолдау көрсетуді енгізу ізденістері нәтижесінде жаңаша оқыту технологияларының психологиялық аспектілері қарастырыла бастады. 12 жылдық эксперименті кезінде де, “Назарбаев Зияткерлік мектептері” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталықтары ұйымдастырған деңгейлік курстарда да, білім мазмұнын жаңартудың негізінде де білім беру процесінің психологиялық шарттары қарастырыла бастады. Интербелсенді әдістерді қолдану барысында оқушының жан-дүниесіне үңіліп, олардың белсенділігін психологиялық интербелсенді тәсілдер арқылы арттыру қолға алынды. Диалогтік оқыту қолданыстары табысты нәтижелерге қол жеткізе бастады. Білім алу барысында жинақтаған теориялық білімді тәжірибеде қолдану өзіндік психологиялық проблемаларымен көрініс табады.

Саналы тіршілік иесінің кәсіби тұрғыдан да, адами тұрғыдан да өзіндік ой қорытуы, өз өмірі немесе жұмысына байланысты есеп беруі орын алатыны сөзсіз. Осы тұста кәсіби талдау, болжаммен қарау, атқарылған немесе атқарылатын істердің адамға қажеттілігін сұрыптау, қоғамдағы немесе белгілі бір ортасына қарай баға беру, орнықты пікір қалыптастыру сияқты ойлау жүйесіндегі сан алуан сұрақтарға жауап іздеу белгілі бір психологиялық қиындықтар мен кедергілерге тап қылады. Соның салдарынан біз өмірде өзінің ішкі «МЕН-інен» көз жазып, тұғырлы азаматтық пікірін нақтылай алмайтын күйге түскен білім алушылармен жұмыс істеуімізге тура келеді. Ол олқылықтың орнын толтыру біздің еншімізге тиеді.

Жеке тұлғаның шынайы болмысы оның «Мен» тұжырымымен үйлесімде болуы керек. Р.Бернс «Реальное поведение индивида выстраивается в соответствии с его Я-концепцией. Человек пытается интерпретировать события, исходя из существующей у него Я-концепции для того, чтобы обеспечить соответствие чувств и поведения» деп көрсетеді [149]. Ал ішкі жан-дүниедегі сенімсіздік, ішкі қарсылықтар мен күмәндану – өз алдына бір әлем.

Психологиялық қолдау көрсету — мазмұнында түрлі теориялар мен тәжірибелер тоғысатын; сұхбаттан бастап, сан алуан бағыттағы әлеуметтік-қоғамдық психологиялық тренингтер формасын ұштастыратын; түрлі жұмыс әдістері мен арттерапияға дейінгі түсінік-тәсілдердің кәсіби деңгейдегі әдіснамасын қамтитын ауқымды ұғым. Ол әрекет тұлғаның жан-дүниесіндегі қиындықтар мен кедергілер, проблемалар мен жанын мазалаған сауалдар жиынтығымен жұмыс істейтін іскерлікпен астасады. Маман жұмысы әлеуметтік тіршілік иесінің, адамның, психикалық ерекшелігі мен арадағы жұмыс нәтижесінде психологиялық қызмет мазмұны танылатын орта өзгешелігін қамтиды. Ол әлеуметтік ортадағы адамның жан-дүниесінен туындаған ауқымды проблемалар мен кез келген ортада орын алатын психологиялық жағдаяттарда бірлесе жұмыс істеу мүмкіндіктерін қарастырады. Оқу процесінде психологиялық қолдау көрсету алуан сипат, сан қырлылығы кәсіби маманның жұмысындағы проблемалар қорын айқындайды, соның

ішінде: тұлғааралық қарым-қатынас, эмоциялық қордаланған (тереңдік, жағдаяттық) кикілжіңдер мен қобалжулар, әлеуметтендіру проблемалары т.б. барлық адамның эмоционалдық-психологиялық мәселелерді қамтиды. М.К. Тутушкинаның айтуынша [150], психологиялық қолдау көрсету психодиагностика, түрлі тренингтер, мамандыққа бағдарлау және т. б. мәселелерді қамти алады.

Осы қозғалған ой, туындаған проблемалар Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда философиялық, педагогикалық негіздерге ғана емес, сонымен қатар білім алушының білімді игеруде алдынан шығатын психологиялық проблемаларға да назар аудару қажеттілігін айқындайды. Өйткені біз білім алушылардың материалды түсінуі, қабылдауы, оны интерпретациялауы, ойлауы, сөйлеуі әрқелкі екенін жақсы білеміз. Белгілі орыс ғалымы В.В. Виноградов: «Наука о речи (или лингвистика речи) открывает возможность приблизиться к психическим действиям личности, занятой воплощением своей мысли в слове...» [151, б.29] – деп, сөйлеу тілі мен ойды жеткізуін зерттеу арқылы жеткіншек психологиясына үңіле алу мүмкіндігін сөз етеді. Психологтар тұлғаның сөйлеу әрекеті мен тұлғаның жалпы психологиялық дамуы арасындағы байланысты зерттеуді назардан үнемі тыс қалдырмаған. Ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде жылдар бойы тұлғаны зерттеуді жалғастыруға ықпал ететін болжамдар, феномендер, ғылыми тұжырымдамалар мен әдістемелер дүниеге келді. Пәнді оқыту барысында осыны ескерген оқытушы өз пәнін білім алушының қабылдауына, сіңіруіне жағдай тудыра біледі. Осы мақсатта біз «Тұлға – Уақыт – Мен» атты психологиялық таным сағаттарын ұйымдастыруды қолға алдық. Оны әр студент Қарахан дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдерін, сол кезең туындыларындағы тұлғаларды зерттеу және бүгінгі ұрпақпен салыстыру негізінде дайындайды. Сабақ барысында немесе оқудан тыс уақытта он минуттық «Даналық минуттары» атты диалогтар ұйымдастыруды қолға алдық. Дайындалған студент өзі таңдаған тақырыбы бойынша кейіпкер рөлін сомдайды. Өзге студенттердің сұрақтарына жауап береді. Бұл жерде біз сауатты сұрақ қоюға, сындарлы ой айтуға, сыни пікірге басымдық бердік. Осы ізденіс бізге төмендегідей нәтиже берді:

1. студенттің оқу материалын ден қойып зерттеп, қызығушылықпен жұмыс істеу белсенділігі артты;
2. білім алушы қосымша ізденіп, өз бетімен әдебиеттің ішкі әлемінің: автор, кейіпкер, оқырман психологиясының бірлігін ұғыну түсінігі мен білімін толықтыруға қол жеткізді;
3. студент білімді қабылдау нәтижелілігі мен шығармашылықты өрістетуде психологиялық біліктіліктің қажетті екенін жете түсінді, оның оқу мен оқыту процесінде жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін маңыздылығын, шығармашылық еркіндігі мен ой-өрісінің дамуының басты кепілі екеніндігін танып, білді.

Студенттер бұл сағаттардың өз индивидуалдығын ұғыну, өмірлік жоспарларының пайда болуы, өзін-өзі билеуге деген дайындық, өз өмірін саналы түрде құру, өмірдің әртүрлі салаларына кіру деген сияқты түсініктерді

ұғынуына ықпал еткенін кері байланыс парақшаларында жазып қалдырды. Бұл үлкен табыс, өйткені ол болашақ ұстаз ретінде тұлғаны әлеуметтендіру процесін бойынан өткеріп, осы түсінікті ұғынады. «Әлеуметтендіру – индивидтің қоғамның толық мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік беретін білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеруге жол ашатын барлық әлеуметтік және психологиялық процестердің жиынтығы». Э.Эриксон еңбегінде әлеуметтік-мәдени детерминанта тұлғаның дамуына биологиялық детерминантаға қарағанда көбірек әсер етеді. Ғалымның зерттеулерінің арқасында «ұқсастық сезімі», «Мен»-ді ұқсастыру», «психологиялық мораторий» түсініктері енгізілді. Яғни осы түсініктер жеткіншек кезеңдегі тұлға дамуына ерекше рөл атқарады [152, б.108].

Ж. Аймауытов өзінің «Психология» атты еңбегінде тарих, әлеуметтік құбылыстар, өмір шындығы тұлғаның қалыптасуына, рухани дамуына әсер ететіндігін көрсеткен. Тұлғаның ішкі әлемі оның сыртқы әлеммен тығыз қарым-қатынаста болады және ол қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерден тыс қала алмайды. Қоғамдағы оқиғалар тұлғаның рухани дамуына әсер етіп, осыдан ішкі және сыртқы қайшылықтар туындап жататынын, оның белгілі бір өнермен (әдебиетпен) байланыста болып, оған қабілет, қарымы қосылғанда ғана нәтиже болатынын былай түсіндіреді: «Әр адам, – дейді Жүсіпбек Аймауытов, – әлеуметке мүше болғандықтан әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Көмектес болу үшін өнер таңдау керек. Әрбір өнер белгілі мінез қасиетін тілейді. Ондай қасиеті болмаса қызмет жемісті болмайды. Белгілі бір өнерге арналып, бейім бола тұрған адамда ондай қасиет анық байқалады» [153].

Қарахан дәуірі әдебиетінің үлгілері – өз кезеңінің асыл мұрасы, адамзат даналығының баға жетпес туындысы. Данышпандардың өмірден көрген, түйгендерін жазып, рухани мұра ретінде қалдыруы – жоғары саналылық үлгісі. Сана адамның өзіне, табиғатқа, басқа адамдарға қарым-қатынасын сезінуге, алдына мақсат қоя білуге, оны жүзеге асыра білуге мүмкіндік туғызады. Сана – әрбір жеке адамға тән дара қасиет. Адам санасының дамуына оның өскен ортасы, қоғамдық болмыс әсер етеді. Адам санасы бүкіл жан-қуаттары (түйсік, ес, ойлау, қиял т.б.) арқылы айналадағы дүниенің сырларын біртіндеп ашып, танып-біліп отырады да, сол құбылыстарды қабылдау оқырман психологиясына ықпал етіп, сезім түйсіктерін әсерлендіреді. Ол өз кезегінде адамның түрлі бағытта, шығармашылықпен ойлануына, өзіндік тұжырымын жасауына әкеледі. Осы жерден *ойлау* туралы мәселе туындайды. М. Жұмабаевтың пікірінше: «Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа шығару үшін адамның екі құралы бар – біреуі ым – мимика, біреуі сөз. Мимика дегеніміз жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Ым сынын әркім ұғады. Бірақ ыммен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Ым – ішкі сезім «тілі». Ым арқылы ойды жарыққа шығару мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз, һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз» [154, б.114].

Психологтар ойлаудың үш түрін атайды: заттық-әрекеттік, сөзді-логикалық, көрнекі-бейнелі (образды) [155]. Әдебиетті оқыту барысында тұлғаның тілі дамып қоймай, ойлау қабілеті де барынша дамиды. Өйткені көрнекі-бейнелі ойлау заттар мен құбылыстарды тікелей емес, екінші затпен, құбылыспен салыстыру арқылы көркемдеп, бейнелеп, болжап, көз алдына елестетіп жеткізеді. Образды ойлаудың белсенділігі шығармашылық әрекетке жетелейді. Образды ойлау арқылы қалыптасатын кеңістік, уақыт, заман туралы қағидалар негізінде, бір жағынан, болмыс шындығы дәйектелсе, екінші жағынан, жеке тұлғалардың өз бағыт-бағдарлары, қалаулары сұрыпталады. Мұның бәрі – тұлға дамуында орын алатын болатын психологиялық өзгерістер, психологиялық ахуал. Адамзат санасының қызметі қоршаған әлемнің жалпы заңдылықтары, өзара байланыстары туралы мәліметтерді, білім негіздерін жүйелеуге мүмкіндік беретіндіктен, кез келген адам оның көмегімен алдына мақсат қоя білуге, жоспарлы әрекет етуге, табиғи және әлеуметтік орталарда өзін-өзі ұстауға дағдыланады.

Біз әдебиетті оқыта отырып, тұлғаны қалыптастырамыз: қоғамдағы қызметі мәнді, маңызды, уақыт өзгерістеріне бейім, қоғам дамуына үлес қосатын, білім алушының қызығушылығын үстеп, жан-дүниесіне үңіліп, оның таланты мен шығармашылық қабілеттерін арттыра білетін психологиялық білімі мен педагогикалық біліктілігі тең түсетін маман дайындауды мақсат тұтамыз. Қазіргі уақыт – ақпараттар ағыны мол кез. Ол танымдық үдерістерде тұлғаның ойлау стилін: ақпараттарды алу, жинау, өңдеу және қолданудың түрлі жолдарын қамтитын қабылдау, есте сақтау және ойлау тәсілдеріндегі жеке вариациялардың тұрақты жиынтығын қажет етеді. Бұл студенттердің дербестігі мен шығармашылығын, қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін білім беруде индивидуалды инновациялық тәсілдер қажеттілігін көрсетеді. Алдағы тарауда Қарахан дәуірі мұраларын меңгерту әдістемесін тарата отырып, білім беру үдерісіндегі тың ізденістер мен эксперимент, жеке тәжірибемізді таратып, пәнді оқытудағы ізденістер мен идеяларға тоқталып өтеміз.

3 ҚАРАХАН ДӘУІРІ МҰРАЛАРЫН МЕНГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

3.1 ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мазмұны мен тұлға құзыреттілігін дамыту шарттары

ЖОО-да педагог маманды даярлау бүгінгі күнде тың ізденістерге жол ашуда. Педагог – қоғамның тынысын сезіне отырып, заманауи талаптар деңгейінде жұмыс істейтін және уақыттан оқ бойы озық жүретін мамандық иесі. Тәуелсіз Қазақстанда соңғы жылдарда ғылымның дамуы мен білім беру саясатында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Жаңартылған білім мазмұны барысында оқыту мен үйретудің анағұрлым нәтижелі тәсілдері анықталып, педагог пән маманы ғана болып қалу деңгейінен асып, білім беру үдерісінің маңызды тұлғасына айналды. Заман талап етіп отырған педагог – құзыреттілік дағдысы жоғары, білікті тұлға, әдіскер, психолог, сараптаушы, зерттеуші, ұйымдастырушылық, көшбасшылық сияқты сан қырымен танылатын тұлға. Тек осындай жан-жақты маманның әлем стандартына сай білім беріп, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп, табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастырған тұлға тәрбиелейтіні хақ.

Филология мамандығын меңгеретін студенттердің бірден ғылыммен айналысуға ден қоятындары да бар екені де, тіл мен әдебиет мұғалімі ретінде педагогикалық еңбек өтілін бастап, жалғастырып немесе мұғалім мамандығы арқылы ғылымға қайта оралатындар да бар. Әрине, мектептегі тәжірибе негізінде ғылымға келген жас ғалымның ізденісі табысты әрі өнімді. Оның сыры неде? Оның сыры – теориялық білім мен тәжірибенің ұштасуында. Өзіндік ізденісін күнделікті жұмыс бағытында қолданыстан өткізіп, кемшіліктерді сараптай білуінде. Теория мен тәжірибенің тоғысуы – заманауи білім беру ізденісінде оқытушы үшін де, болашақ маман үшін де «қалай», «қайтіп» оқыту мен оқуды қамтыған, ғылыми-теориялық, әдіснамалық, әдістемелік негіздері айқын, оқыту мазмұнына сәйкес ғылыми-шығармашылық жұмыс үлгілері мол нәтижелі әрі сапалы білім арнасы. Төрт негізгі элементті: білім, дағды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі және шындыққа эмоционалды және құнды қатынас тәжірибесін қамтитын оқыту мазмұны оқу процесінде қолданылатын белгілі бір ақпаратты білдіреді. Осы бағытта жоғары мектептегі жүйелі оқыту принципі жүзеге асырылады. Мазмұн-бұл жас ұрпақты оқыту үшін "неге" және "қайта оралу" сұрақтарына жауап.

Ежелгі әдебиеттерді оқыту барысында білім мазмұнының категориясы адамдардың табиғат, адам, қоғам туралы алған білімдерін, белгілі бір іс-әрекет тәсілдерін орындау кезінде адамға тән дағдыларды; қоғам алдында туындайтын жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін; туралы идеяларды көрсететін әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. өмір, табиғат, қоршаған орта және т.б. Осыны және адамзаттың әлеуметтік тәжірибесінің жалпы адамзат мәдениеті деген ұғымға саятынын ескерер болсақ, тіршіліктің даму тарихында жинақталған адамзат білімінің бір бөлігінің көрінісі Қарахан дәуірі әдебиеті екендігіне екендігіне дау жоқ. Демек, жұмысымыздың бастапқы тарауларында сөз еткеніміздей, уақыт өткен сайын адамзат тәжірибесі жинақтала береді, өзекті проблемалар

кордаланады, шешім табу үшін жаңа білімнің бастауы болар көне дәуір мұраларын жете танып, білу аса қажет. Ол – білімнің, ғылымның, дамудың жолы. Жас ұрпақ осы білімді осылай алған кезде ғана өркениеттің дамуы жүреді.

Қазіргі ғылымның даму бағытында мойындалар бір шындық бар: «барымыз осы» деп жинақтап қойған дүниеден арыға бармау – дамуды кейіндетеді, зерттелген және жинақталған барлық білімді адам толық игере алмайды. Сол себепті тұтастың бөлшектенуі, бөлшектің тұтас дүниеге айналуы – заңды нәрсе. Сондықтан ежелгі әдебиеттің ішінен Қарахан дәуірі әдебиетін бөліп қарастырып, жеке пән ретінде оқыту мәселесі – уақыт тұрғысынан пісіп-жетіліп келе жатқан маңызды мәселе. Ол ұлт мәдениеті дамыту ғана емес, жаһандану дәуірінде ұлт болашағының, түркі халықтарының болашағының берік болуына қызмет етеді.

Барлық ЖОО-да қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлаудағы басты ұстанымдары сауатты, білікті, шығармашыл тұлға дайындау және жас маманың жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптарын қанағаттандыру. Және де бірнеше ЖОО-ы студенттің төрт жылғы алған білімін толыққанды өмірде жүзеге асыруын көздегендіктен кәсіби біліктілікті көтеруде жаңашыл ізденістерге барып, студенттің сабақтан бос уақытын дұрыс пайдалануының да әдістерін қарастырған. Жас ізденушінің кәсіби жетілуі деген де студентке ғылыми мағұлматтар жинау мен оларды зерттеп талдаудың әдіснамасын белгілі ғалымдардың зертханалық еңбектерінен алуға ұсыныс жасаған. Дегенмен, маман дайындау да тек ғылыми ізденіске жол беріп, әдіснаманы оқытып, үйрету барлық мәселені шешпесі анық. Біз зерттеу барысын да Қазақ әдебиетінің тарихын оқытудағы бірнеше кемшіліктерді анықтадық. Олардың бастылары:

- Пәнді оқытудағы сағат санының азаюы;
- Бірнеше дәуірді қамтитын әдебиетті бір ғана пәнмен шектеу;
- Тарихи тұлғаларды жеке-дара тақырып ретінде қарастырмау.

Пәнді оқытудағы жүйеліліктің сақталмауы т.б. [156, б.31].

Академиялық пән - бұл белгілі бір ерекшеліктерімен ерекшеленетін, құбылыстардың белгілі бір класына жататын және университеттік дайындық қажеттіліктеріне бейімделген әлеуметтік практиканың (адамзат мәдениетінің) бөлігі екені түсінікті. Яғни, біз білім мазмұны оқу процесінің құрамдас бөліктерінің бірі екенін және ғылыми білім, Дағдылар мен дағдылар жүйесі екенін анықтадық. Біз осы жүйе негізінде оқушылар өздерінің интеллектін, қабілеттерін, ғылыми және материалистік көзқарастарын, мінезін дамытатынын нақтыладық.

Білім беру мазмұны – бұл, біріншіден, берілген белгілі бір білім негізінде алдыңғы ұрпақтардың тәжірибесін игеру тәжірибесімен, екіншіден, білім алушының жеке басының мінез-құлқының қасиеттерін тәрбиелеумен, үшіншіден, психикалық тұрғыдан тұлғаның дамуымен сипатталатын үш бірыңғай процестің мазмұны.сонымен қатар өмірлік білім, Дағдылар мен белсенділік. Білім беру мазмұнын игеру көптеген нормативтік құжаттар

негізінде анықталады, біз оны басшылыққа аламыз және тәжірибеге сүйене отырып кемшіліктерді толықтырамыз. Егер біз елімізде және шетелде білім беру мазмұны әлі де жеткілікті түрде зерттелмеген десек, бұл уақыт ағымы, уақыт талаптары өзгеретінін және осыған байланысты жаңа ашылулар болып жатқанын көрсетеді. Біз Тәуелсіздік кезеңінде, әлемдік білім беру кеңістігіне енген кезде өзгеруіміз керек деп ойлаған кезде, біз көптеген аспектілерді қайта қарастыруға мәжбүр болдық және жаһандану процесі реформамызға ықпал етті. Реформалардың әрбір енгізілуімен уақыт талаптарына сәйкес білім беру мазмұны өзгерістерге, біркелкі, дәйекті жүйелеуге ұшырайды.

Білім беру мазмұнын жаңарту стандарттың, Тұжырымдаманың, білім беру бағдарламасының қайта қаралуына әкеп соғады, білім беру мазмұнын қалыптастырудың ғылыми негіздерін, білім беру мазмұнының құрамын және құрылымын айқындайтын негізгі қағидаттарды біріздендіру қажеттілігі туындайды. Мұндай өзгеріс білім беру жүйесін дамытудағы өмірдің талабы, объективті заңдылық болып табылады.

Білім мазмұнының мәніне жеке тұлғаға бағытталған көзқараспен қарау тәсілі жеке тұлғаның білім беру, рухани, мәдени және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру, дамып келе жатқан тұлғаға адамгершілік қатынасы, оның даралығын қалыптастыру және мәдени-білім беру кеңістігінде өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін қанағаттандыру мақсатында білім беру мазмұнын таңдау еркіндігіне жол ашады. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру мазмұны адамның табиғи ерекшеліктерін (денсаулық, ойлау, сезіну, әрекет ету қабілеті); оның әлеуметтік қасиеттерін (азамат, отбасы адамы, еңбекқор болу) және мәдениет субъектісінің қасиеттерін (бостандық, адамгершілік, руханият, шығармашылық) дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, табиғи, әлеуметтік және мәдени принциптерді дамыту жалпыадамзаттық, ұлттық және аймақтық құндылықтар аясында жүзеге асырылады. Білім беру мазмұнының мәніне көзқарастардың өзгеруі білім беру мазмұнының тарихи сипатқа ие екенін көрсетеді. Ол қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде білім берудің мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Өмір талаптарының, өндірістің және ғылыми білімнің даму деңгейінің әсерінен білім мазмұны да өзгереді.

Білім беру мазмұнының компоненттері: тұлғаның танымдық тәжірибесі, практикалық тәжірибе, шығармашылық тәжірибесі және жеке қарым-қатынас тәжірибесі. Білімнің түсінігі жалпы білім беру мазмұнының негізгі элементі ретінде шындықты, табиғаттың, қоғамның және ойлаудың даму заңдылықтарының көрініс ретінде беріледі. Ол адамдардың жинақталған тәжірибесі немесе адам тәжірибесінің санаттарында өңделген заттардың, заттар мен шындық құбылыстарының қасиеттерін бейнелеу болып табылады.

Жалпы білім беру мазмұнының және жеке тұлғаның негізгі мәдениетінің барлық компоненттері өзара байланысты. Білімсіз дағдылар мүмкін емес, шығармашылық іс-әрекет белгілі бір білім мен дағдылардың негізінде жүзеге асырылады, Білім белгілі бір көзқарас қалыптасқан шындық туралы, белгілі бір

эмоциялар тудыратын іс-әрекет туралы білімді қамтиды, мінез-құлық дағдыларын қамтамасыз етеді.

Білім беру мазмұнының өзгеруі – бұл педагогикалық бейімделген білім, Дағдылар мен дағдылар жүйесі, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, әлеммен эмоционалды және құндылық қатынастар арқылы тұлғаның дамуын және оны игеруді қамтамасыз етеді. Ол әлемге көзқарасты, құндылықтар мен идеалдар жүйесін қалыптастырады, ол әр адамның азаматтық ұстанымын анықтайды, оның ондағы орнын, әлемге деген көзқарасын анықтайды. Әсіресе Қарахан әдебиетін жеке оқыту барысында іздену мәнділігін, мәселенің теориялық та, тәжірибелік те сипаты мен ұлттығымыздың түп бастауын танып, білу, зерттеу, студент бойында өз ұлтының тарихы мен мәдениетіне деген терең сезім ояматынын анық көрер едік, «...түбі бірге туыс елдер фольклорын, соның ішінде дастандарының тарихи-генетикалық тамырларын, эволюциясын, тарихилығын, көркемдік ерекшелігін түбегейлі тексеру бағытында болашақ қыруар істер атқаруға тиістілігімізді ғылыми парызымыз деп білсек абзал. Түрік эпосын тарихи-генетикалық мақсат биігінен зерттеу: а) түрік халықтарының бұл кезге дейін үзіліп қалған байланысын қайта жандандыру; ә)мәдени мұрамыздың таралу өрісін, түптөркінін, түрлі нұсқаларын, сақталу дәрежесін, көркемдік қасиетін тереңірек танып білу үшін аса қажет. Бұл үшін түркі халықтарының эпосын типологиялық зерттеудің кең ойластырылған бағдарламасы керек» [157, б.180].

Қарахан дәуіріндегі әдебиеттерді оқыту процесінде әлеуметтік тәжірибенің 4 элементі айқын көрінеді: *Білім* /олардың түрлерінің жиынтығы қоршаған шындықты жалпы түсінуді және адамның қажетті іс-әрекетке бағдарлануын анықтайды/; *іс-әрекеттің тәжірибесі (іске асыру)*/процесте оны зерттеу және игеру нәтижесінде жинақталған мәдениеттің көбеюі мен дамуын қамтитын Дағдылар мен дағдылар қалыптасады, осылайша қоғамның репродуктивті белсенділігін қамтамасыз ету; *шығармашылық іс - әрекеттің тәжірибесі* / функциясы-мәдениетті одан әрі дамыту/; *шындыққа, өз іс-әрекетіне, өзіне деген эмоционалды-құндылық қатынасты сезіну*. Бұның айқын мысалы: қазақ әдебиетін оқыту барысында оның бастауын іздеп, ғылыми ізденіс жүргізу күресі, әдебиеттің тарихын тереңдеткен ғалымдардың іс-тәжірибесі, сонан бастау алған шығармашылық ізденіс пен ауқымды әрі үнемі алға жылжыған (орта ғасыр, ежелгі дәуір, көне дәуір әдебиеті бойынша) ғылыми зерттеулер, жалпы адамзат, халық, ұлт мәдениетіне қатысты зерттеулер негізінде ашылған тың мәліметтер, күмәнді тұстары мен шынайылығы және оның тұлғаны қалыптастыру қуаты.

Білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптерінің ішінде негізгілері: 1. мектепте берілетін білім беруде көрсетілген ғылыми, әлеуметтік және мәдени дамудың соңғы жетістіктері туралы ғылым;

2 әрбір жаңа білімнің алдыңғы біліммен байланысты екенін және олардан туындайтынын көрсететін білім мазмұнын жоспарлаудан тұратын дәйектілік; 3 Тарихи, яғни мектептердегі білімнің кез келген салаларының білім мазмұнында, зерттелетін мәселелер бойынша белгілі бір ғылымдардың даму тарихында көрініс табуы;

4 жүйелілік, яғни адамзат мәдениетінің жалпы жүйесінде және барлық өзара байланысты оқу курстары мен білім берудің негізгі мазмұны жүйесінде оқылатын білім мен қалыптасатын біліктіліктерді есепке алу; 5 университеттік білімді нақты тәжірибеде бекітудің әмбебап құралы ретінде және алынған білім мен қалыптасқан Біліктіліктің әсерін тексеру тәсілі ретінде өмірмен өзара байланыс принципі;


6. игеруге, дайындық деңгейіне және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін кез-келген білім, біліктілік жүйелерінің сәйкестігі; егер материал тым жеңіл болса, онда оқу процесінде когнитивті процестер олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келмей өте баяу дамиды.

7 оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымын, ғылыми білімді оқулықтарға беру деңгейлерін, зерттелетін ғылыми ұғымдар мен терминдерді ендіру деңгейлерін анықтайтын түсінік принципі.

Заманауи оқыту мазмұнын қалыптастырудың жалпы негіздері: гуманитаризация, ізгілендіру, саралау, интеграция, әлемдік және ұлттық мәдениеттің мұрасын кеңінен пайдалану, жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану, кәсіби қызметтің шарты және нәтижесі ретінде кәсіби құзыреттілігі бар шығармашылық тұлғаны, маманды қалыптастыру болып табылады. көп компонентті, толыққанды оқу процесі (сурет 13).



Сурет 13 – Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, 1 бет



Сурет 13 – 2 бет

Реформа интеллектуалды, адамгершілік және рухани кемелдікті жеке іздеуге ұмтылатын тұлғаның түрін көрсететін жаңа модель болып табылатын білім беру мазмұнын біріктіруге негізделген. Гуманитарлық (латын тілінен *humanitarius* - адамға қажет) - бұл кім немесе кім болғысы келетініне қарамастан, барлық адамдарға қажет білімді, біліктілікті игеруге бағытталған білім мазмұнының жалпы бағыты. Білім беру мазмұнына, әрине, гуманитарлық қана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның қалыптасуына, адам мен табиғаттың қарым-қатынасына, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының, математиканың, биологияның, техникалық пәндердің теңдігіне үлкен әсер ететін пәнді оқыту арқылы қол жеткізуге болады, оларды адам туралы біліммен толықтырады, метакогнитив саласында. Дегенмен, бізде гуманитарлық білім бар. "...біз тұлғалық кемелдікті қалыптастыруға бағытталған білім беру мазмұнындағы жалпы мәдени компоненттердің даму ерекшелігін ескереміз" [158, б.87]. Білім беру мазмұнын ізгілендіруде өзін-өзі тануға, өзінің мінез-құлқын реттеуге және өз қызметін ұйымдастыру дағдыларын игеруге ықпал ететін лингвистикалық және әдеби білімнің маңызы зор. Білім беру мазмұнын тиімді игеру үшін жағдай жасау үшін интеграция мәселесін егжей-тегжейлерді ескере отырып, әдеби материалды игеруге негіздеу, оқушыны ақпаратты жүйелеуге, өңдеуге және сұрыптауға үйрету қажет. Ашық энциклопедияда "Уикипедия", "интеграция (латын тілінен *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, тұтас) - бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің бөлінуі, олардың арасындағы байланыстардың бұзылуы және өзара ынтымақтастықтың бұзылуы. Халықтың және бизнестің жеке мүдделері мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында бүкіл әлем бойынша елдер бірлескен жақындасуға, яғни интеграцияға бағытталған саясат жүргізеді. Мұны процесс ретінде де, жақындасудың нәтижесі ретінде де қарастыруға болады. Бірінші мағынада бұл бірлескен қызметке, ал кейбір жағдайларда әртүрлі елдердің бірігуіне әкелетін процестер. Екінші мағынада интеграция дегеніміз-ортақ мақсатқа бірлесіп қол жеткізу үшін құрылған мемлекетаралық бірлестіктер."Шын мәнінде, Қарахан дәуіріндегі әдеби шығармалар түркі мемлекеті интеграция құбылыстарынан ерекшеленбеген уақыттың көрінісі болып табылады және бұл оқиғалар осы шығармаларда көрініс тапты (түркі тайпаларының араласуы, исламның таралуы, түркі әдеби тілін сақтау әрекеттері және т.б.). Яғни, студент үшін тұтастық туралы ойлауға, бөліктерді қорытындылауға, ақпаратпен нәтижелі жұмыс істеуге тамаша мүмкіндік.

Интеграция – бұл жеке оқу пәндері мен бөлімдері арасындағы маңызды қатынастарды анықтауға негізделген тұтастықты қалыптастыру процесі мен нәтижесі. Оның мақсаты-білімді олардың бөліктерін біріктіру арқылы ретке келтіру. Интеграция әртүрлі деңгейлерде көрінеді: пәнішілік (негізгі ядро айналасында білім беру мазмұнын жинақтау), пәнаралық (өзара "байланысты" академиялық пәндердің әдістеріне немесе жалпы принциптеріне негізделген).

Интеграциялық оқыту барысында ақпаратпен жұмыс істеу, материалды түсіну, мазмұны мен компоненттерін қарастыру, зерттеудің мәнін тереңдету және т.б. үшін кең өріс ашылады. Оқу әдебиеттерінде интегративті оқытудың артықшылықтары өте зор: шығармашылық қарым-қатынасқа негізделген орта құру, қызығушылықтар мен мотивациялар кестесін құру (мотивациялық-құндылық компоненті); интеграция негізінде білім алу, ақпаратпен жұмыс істеу, деректерді салыстыра білу, қажетті тоқтату, пайымдау нәтижелі, жүйелі қызметке айналады (когнитивті, белсенділік компоненті); эмоционалды тұрақтылық пен өзін-өзі Этика, ақпаратпен жұмыс істеу мәдениеті (жеке-мінез-құлық компоненті) қалыптасады. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру толыққанды, көп компонентті білім беру мазмұнының және оның негізінде білім беру процесін ұйымдастырудың нәтижесі болып табылады.

Алдыңғы тарауларда біз бүгінгі оқушының қабілеттері, дағдылары мен іс-әрекеттері мектеп қабырғасында қаланғанын айтқан болатынбыз. Мектепте қажетті дағдылар мен дағдыларды дамытпаған оқушылармен жұмыс істеу талаптары тиісті деңгейде ашылмайды. Себептердің бірі - мектеп бағдарламасының кемшіліктері. Орта білім беру мазмұнындағы өзгерістерге байланысты. Ж. Дадебаев мектепте әдебиетті оқыту туралы: "базалық орта білім беруде, жалпы орта білім беруде басшылыққа алынуы қажет негізгі мемлекеттік нормативтік құжаттар бар. Бұл" негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты "және"жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты". Осы стандарттар негізінде "Қазақ әдебиеті" пәнінің жаңартылған мазмұнының үлгілік білім беру бағдарламалары әзірленді. Аталған стандарттарда білім беру мақсаттары білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Ол нәтижелер нақты күзiреттiлiктер түрінде көрсетiлген: 1) бiледi; 2) түсiнедi; 3) қолданады; 4) талдайды; 5) жинақтайды; 6) бағалайды. Стандарттарда, үлгілік оқу бағдарламаларында белгіленген мақсаттар мен нәтижелер Блум таксономиясының 1956 жылғы иерархиялық жүйесіне сай анықталған. Ол жүйе мынадай: 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау. Бұлар – білім алушылардың танымында кезең-кезеңімен қалыптасатын ойлау дағдыларының, білім алушылардың оқу материалдарын меңгеруінің танымдық деңгейлері. Осындағы 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану – үш сатыдан тұратын әуелгі деңгейдегі таным дағдылары. Бұл деңгейдің практикалық сипаты басым. Ал кейінгі 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау – үш сатыдан тұратын жоғары деңгейдегі ойлау дағдылары. Ендігі тұста мемлекеттік стандарттарда бекітілген осы жүйенің негізінде пәннің үлгілік оқу бағдарламаларын жасау керек еді. Пәннің үлгілік оқу бағдарламалары жасалды, бірақ оларда (5-9, 10-11-сыныптар бағдарламаларында) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда бекітілген танымдық дағдыларды қалыптастыру, дамыту мақсаттары, оқу мақсаттары таксономиясы бұрмаланды.

Танымдық сипаттағы дағдылардың біразы «Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламасында қолданылмай, олардың орнына жауап беру, интерпретация, салыстыру дегендер қосылған. Білім мен ғылым саласын басқарушылар оқу мақсаттарының жүйесін өздері жасай алмай, Блумның таксономиясын мемлекеттік стандарт деңгейінде қабылдап отырып, оны дұрыс қолдана алмады. Нәтижесі де дұрыс болмады» деп, орта білім беру кемшілігінің басты себебін атап көрсетті. Осы бізге дейінгі кемшіліктермен жұмыс істеу бізге артылған жауапкершілік. Интеграциялық оқытуды тиімділікпен жүзеге асыру мәселесі ойландырады. Интеграциялық оқыту коллаборативті орта құрып, өнімді жұмыс істеуге жақсы бағдар. Коллаборативті оқыту (ынтымақтастықта оқыту) – педагогикалық тәсіл, ол проблеманы шешу, тапсырманы орындау немесе қандай да бір өнімді жасау үшін оқушылардың топтық жұмысын білдіреді. Ол топтық жұмыс негізінде жүзеге асырылады және интеграциялық оқытумен үйлесімді. Бұл бағытта жұмысты ұйымдастыру әлеуметтік сипатта және қатысушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын қызметі арқылы жүзеге асырылады, бір-біріне қайшылығы жоқ оқыту түрлері. Коллаборативті оқыту топтық жұмыс аясында ынтымақтастық, өзара түсіністік, іскер шығармашылық ортасын қалыптастыруды көздейді. Коллаборативті орта топтарда жұмыс істей отырып, ақпаратты жан-жақты талқылауға, тың мазмұндағы деректер табуға және материалды сапалы игеруге мүмкіндік береді. Коллаборативті ортада жұмыс істеген студенттің танымдық уәждемесі жоғарылап, міндеттерді шешу ізденісі ілгерілейді.




Сурет 14 – Студент шығармашылығын дамытуға бағытталған шығармашылық орта қалыптастырудың құрылымдық жүйесі

Қашықтан оқыту және жақын арада коллаборативті орта құру ерекшеліктері мен тиімділігі туралы Строкова Т.А., Тарханова И.Ю., Павельева Н.В., Фрайсин Ж., Куликов А.В., Асилова Ш.С. өз еңбектерінде кеңінен мәлімет береді [159-164]. Шығармашылық орта құра отырып, жұмыс істеу барысында білімді меңгеру мен өзектендірудің тиімділігі айқындалып, тапсырманы бірлесіп орындап, диалог жүргізу, талдау және өз көзқарасын дәлелдей білу белсенділігі артады. Бұл біздің студент шығармашылығын дамыту ізденісімізге нәтижелі негіз болды. Студент шығармашылығын дамытуға бағытталған шығармашылық орта қалыптастырудың құрылымдық жүйесін қалыптастырдық.


Мұндай іс-әрекеттің біртұтас жүйесін жасау идеясын біз ежелгі әдебиетті оқыту барысында қолға алдық. Идея бастауы А. Қыраубаеваның әдістемелік мұраларымен танысудан басталды. Профессор өз сабақтарына өте жауапкершілікпен қарап, мұғалімге арналған жиырма тоқтам жасаған екен. «Ой зертханасын» құруда педагог-ғалымның «*Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе: ол – адамды жасаушы адам*», «*Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл*», «*Таңғалдыруды ұмытпа:*

«Даналыққа ұмтылу таңғалудан басталады», «Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу» т.б. тоқтамдарын және А. Қыраубаеваның авторлық мектеп технологиясы негізінде жазылған «Арман-ПВ» баспасынан шыққан оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтар авторы А. Қасымбектің шығармашылық зертхана туралы еңбектерін негізге алдық. Қасымбек мұғалім авторлық мектеп мұғалімдерінің жұмыс жүйесін тұтас шығармашылық шеберханасы ретінде қарастырған. Соның ішінде зертхана жұмысының мақсатын, міндеттерін, ерекшеліктерін атап көрсеткен: «Мұғалімнің шығармашылық зертханасы қандай болмақ? Бұл тұста, ең алдымен, оның қызметін қарастырып алғанымыз жөн болар.



Сурет 15 – зертхана сипаттамасы

Сол себепті де зертхана шығармашылық шеберханасының екі бөлімін қамтиды: іскерлік пен нақтылық бөлімдерін. Сызба бойынша бұл бөлімдер ойды, игерілген білімді іске асыру негіздері мен іске асыру заңдылықтарын және ой сынағынан не тәжірибелік қолданыстан өткізу мен сұрақтар не ұсынылған жобаны талдап, ой қорыту, нақтылығына көз жеткізу әрекеттерін қамтиды.



Сурет 16 – зертханалық жұмыс бағыттары

Зертхана мақсаты: айтылған ойдың, жауаптың немесе қабылданған шешімнің ғылыми-тәжірибелік сипатын танып, дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу және бұл мәселеге қатысты тағы басқа нұсқалар болуы мүмкін бе деген іскерлік ізденіс пен нақты сенімділікке баулу.

Зертхана міндеттері:

– Мәселенің (идея, пікір, жауап, шешім, ұсыныс т.б.) зерттелу мақсаты мен жүзеге асырылу қадамдарын анықтау (Бастапқы мақсат, күтілетін нәтиже қандай еді? Іске асыру негіздерін қалай таңдаған? Қандай заңдылықтарды негізге алған? Алынған нәтиже қандай?);

– Ұсынылған мәселенің (көкейкесті өзектілігі) маңыздылығы мен кемшіліктерін айқындау (Қабылданған шешім, жауап, идеяның маңыздылығы неде? Қабылданған шешім, жауап, идеяның дұрыстығын қалай дәлелдейміз? Мәселені қарастыру барысында қандай кемшіліктер, қарама-қайшылықтар байқалып, проблемалық мәселелер немесе тың шешім, жауап нұсқалары туындады? Онан мәселенің өзектілігіне нұқсан келді ме?);

– «Мүмкіндік беру кеңістігін» іске қосу (зертханалық сынама, талдау негізінде қайта қарап, нақты бағытты анықтау мақсатында сараптама тобымен кеңесуге мүмкіндік беру);

– «Соңғы тексеріс алаңындағы» жұмысты жүзеге асыру (ескерту, ұсыныс иелерімен алдыңғы ескерту, ұсыныстар негізінде жұмыс жасау).

Мәселенің зерттелу мақсаты мен жүзеге асырылу қадамдарын анықтау барысында зерттеуші осы мәселенің жүзеге асырылу негіздері қалай анықталғанын зерделеп қарайды және оған негіз болған заң, ереже, пікір, заңдылық, идея және тағы басқаларды талдап, тануға назар аударады. Зертханалық жұмыс бағыттары таңдалған тақырып, мәселеге байланысты кұрылады:

– Бастапқы мақсат, күтілетін нәтиже;

– Іске асыру негіздерінің таңдалуын зерделеу;

– Негізге алынған ереже, заң, идея, заңдылықтарды зерделеу;

– Алынған нәтиженің бастапқы күтілетін нәтижемен сәйкестігін салыстыру;

– Сәйкессіздік пен кемшіліктерді қарастыру т.б .

Ұсынылған мәселенің маңыздылығы мен кемшіліктерін айқындау барысында жұмыс бағыттары нақты әрі іскерлік әрекет талап етіледі. Зерттеуші:

– Шешім, жауап, идеяның өзектілігі мен маңыздылығын анықтау;

– Қабылданған шешім, жауап, идеяның дұрыстығына нақты көз жеткізу;

– Мәселені қарастыру барысында байқалған кемшіліктер мен қарама-қайшылықтарды назардан тыс қалдырмау;

– Проблемалық мәселелер, кедергі-қиындықтар немесе тың шешім, жауап нұсқалары туындауы мүмкін екендігін жоққа шығармай (тіпті іздеу);

– Мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы қандай дәрежеде көрінетінін саралау;

– Жұмыстың орындалу дәрежесін бағалау және тағы басқа іскерлік дағдыларын қолдануына тура келеді.

«Мүмкіндік беру кеңістігін» іске қосу - жауапкершілік пен іскерлікті ұштау мүмкіндігі. Бұл жерде зертханалық сынау, талдау жұмысын жасаған (алдын ала танысып, сараптама жасаған топ, жалпы қатысушылардың ескерту, ұсыныстарын жинақтап, жұмысты ұсынған (жеке, топ, ұжым) қайта қарап, нақты өзгерістер енгізуіне немесе өз пікірлерін қорғап қалуына мүмкіндік тудырады. Бұл емтихан емес, керісінше көмек-кеңес ретінде жүзеге асырылады.

«Соңғы тексеріс алаңында» (ескерту, ұсыныс иелерімен алдыңғы ескерту, ұсыныстар негізінде жұмыс жасалып) қандай өзгеріс болғаны немесе жұмыс авторларының өз пікірінде қалғаны тыңдалынады. Қолданысқа ұсыну, ұсынбай немесе қайта қарауға т.т. кеңестер беріледі. Біз қарастырып, қолданып отырған зертхана шығармашылық шеберханасының ішінде болатындықтан, жұмыстың соңғы қалпын, өнімін шеберханада көретін боламыз. Ол тұсаукесер, жобаны қорғау, көрме жұмысы және т.б. түрде ұсынылады». Біз осы идеяны негізге алып, Қарахан әдебиетін оқытуда студенттің ой зертханасына айналдырдық [165, б.26]. Бұл әдістемені қолдану себептері: оқу процесіндегі білім алушының өзіне сенімділігі артуы, шығармашылықпен жүйелі түрде жұмыс жасауына жағдай тудыру ізденісі, тең дәрежелі «субъект-субъект» процесінде оқытушы – студент, студент – студент, студент – ғалым *ынтымақтастық-іскерлік* ортасын сезінуіне ықпал ету, бағдарлы нұсқау, реттелген алгоритм бойынша көзделген мақсатқа өз бетінше іздену нәтижесінде қол жеткізуге ықпал ету, т.б. Қызметтегі өзара әрекеттесуді ұйымдастырудағы зертхана жұмысында негізінен келесі ережелерге негізделген Л. Фридман тұжырымдамасы ескерілді. Зертхана:

1. Жеке, топтық және ұжымдық жұмыс барысында студенттің әртүрлі іс-әрекеттерінің жүйесі ретінде қарастырылады. Ол оның логикалық ойлауын, визуализация қабілетін, есте сақтау қабілетін, шығармашылық қабілетін және т.б. дамытуға, яғни білім берудің мақсаты болып табылатын жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқытуды басқарудың психологиялық тұрғыдан сенімді түрі, ең алдымен, оқушының қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен мақсаттарын дамыту үшін жағдай жасау болып табылады.

3. Оқытуды басқару икемді, бейімделгіш болуы керек. Бұл әрекетті жүзеге асыру оқушылардың ішкі өсуі болған кезде ғана тиімді болады, өйткені білім әлеуеті мен дәрежесі артады.

4. Студент белгілі бір білім беру қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару жеке бағдарланған болуы керек.

5. Оқу процесін басқару білім алушылардың ішкі мүмкіндіктері мен дағдыларына негізделуі керек [166].

Белгілі бір пән мазмұнын ашуда оқу жоспары, оқыту бағдарламалары оқу әдебиеті болуы маңызды. Қарахан дәуірі әдебиетінің мазмұнына қатысты бұл жұмыстарды жүзеге асыру тәжірибеде апробациядан өткен бастапқы деңгейде. Сол себепті біз жұмыс барысында Қарахан дәуірі әдебиеті жеке оқытылмайтын болғандықтан ежелгі дәуір әдебиеті материалдары бойынша жұмыс істей отырып, басымдықты Қарахан дәуірі әдебиеті материалдарына

бердік. Материалды түркі мұраларын зерттеген ғалымдар еңбегімен, сол кезеңдегі Шығыс, Батыс әдебиетіндегі мұралармен байланыстыра отырып және тың идеялар мен ұсыныстар көзі болып табылатын студенттер зерттеулерімен толықтыруымызға тура келді. «Ой зертханасы» – біздің ізденісіміздегі тың сүрлеу, оқу мазмұнын зерделеу мен тәжірибедегі нәтижеге қол жеткізуіміздің, студент құзыреттілігін дамытудың алғы шарттарын жүзеге асыруда эксперимент алаңы болды.

Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартына негізделетін пән мазмұны екі бөлімнен тұрады: өзгермейтін инвариантты және жүйелі жанартылып, қайта қаралып отыратын вариативті бөліктен. Осы бағытта оқыту заңдылықтары айқындалады: дидактикалық заңдылықтар, танымдық /гносеологиялық/ заңдылықтар, психологиялық заңдылықтар, әлеуметтік заңдылықтар, ұйымдастырушылық заңдылықтар.

Жоғары кәсіптік білімнің мазмұны мазмұнды толтыру тұжырымдамасымен және оның оқу жылдарындағы құрылымымен байланысты стандартқа негізделген негізгі оқу бағдарламасын қамтиды. Жалпы білім беретін мекемелер үшін арнайы нормативтік құжаттар, яғни оқу жоспарлары, біліктілікті арттыру бағдарламалары, сондай-ақ оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірленеді.

Қарахан дәуірінің әдебиетін терең зерттеу, осы бағыттағы ізденістің бағыты студенттердің құзыреттілігі мен шығармашылығын дамыту үшін жағдай жасау қажеттігін көрсетті. Осындай шарттардың бірі-білім беруді ізгілендіруге негіз болатын жаңа білім беру технологиялары. Студенттердің құзыреттілігі мен шығармашылығын инновациялық технологиялар арқылы дамытудағы ғылыми-практикалық тәжірибенің рөлі зор: ең алдымен, бағалау, адамның өмірін сақтау студенттермен тек ізгілендірілген білім беру процесінің арқасында қалыптасады және дамиды; екіншіден, студенттердің құзыреттілігі мен шығармашылығы дамуы үшін инновациялық оқыту технологиялары, тәжірибедегі тиімді әдістемелерді ұтымды қолдану жолдары қарастырылуы керек; үшіншіден, Қарахан дәуірі әдебиетінің құзыреттілікті қалыптастырып, шығармашылықты дамыту процесіндегі прогрессивті әсері арқылы ұлт мәдениетіне адал, жанашыр, білімді тұлға болмысын кемелдендіру. Тұлға құзыреттілігін жетілдіру үлгісі дамытушылық білім беру ортасында оның шығармашылық қабілетін толық дамытуға мүмкіндік береді.

Студенттің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған құрылымдық жүйе құрылымын қарастырдық, сол негізде жүргізілген тәжірибе қорытындылары келесі бөлімде баяндалады.

3.2 Қарахан дәуірі мұраларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі реформа – уақыт талабына бейімделген тың қадам. Білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері пайда болып, білім мазмұнының толығымен жаңару өзгерісі орын алды. Танымның жаңа парадигмасы студентті білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде қарастыру, шығармашылық қызығушылықтарды

дамыту, құндылық бағдарларын анықтау, танымдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру арқылы жан-жақты дамыған, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Тұлғаның осылай қалыптасуы оқыту әдістерін үнемі жетілдіру және заманауи педагогикалық технологияларды игеру міндетін қояды. Басқаша айтқанда, мұғалім инновациялық және интерактивті әдістерді жақсы біледі, тиімді оқыту мәселелерін шеше отырып, сабақтарды сапалы және қызықты өткізу мәселесімен жұмыс істейді.

Педагогикада "технология" ұғымы ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап жиі қолданылады. Алғаш рет "технология" термині педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқу бағдарламаларын қолданумен байланысты болды. Америка Құрама Штаттары мен Англияда пайда болған бұл термин осы күннің қажеттілігінің арқасында бүкіл әлемге таралды. Педагогикада бұл ұғым тиімді тәсілді қолдана отырып, ең жоғарғы нәтижеге жетудің ұтымды принциптері мен әдістерін анықтауға қатысты айтылады. Жалпы өндіріс саласында еңбек өнімін сапалы жасаға қатысты айтылса, білім беру саласында білім беру, оқыту әрекетінің нәтижелі жүзеге асырылуына жол ашатын мақсатты, кезеңдерге бөлінген, әр кезеңде жұмыс нәтижесі ойластырылған жұмыс жүйесі болып табылады.

"Технология" термині гректің *techne* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім түсініктерінен құралған. «Педагогикалық технология» ұғымы қалыптасқанға дейін «Білім беру технологиясы», «Оқыту технологиясы» деп те аталды. Ғалымдар «технология» ұғымы туралы түсініктерді жан-жақты зерделеп, түсіндіріп келеді.

Д.Г. Левитестің пікірінше, "білім беру технологиясы" - бұл педагогикалық мақсатқа жетуге кепілдік беретін реттелетін әрекеттер жүйесі. Бірақ бұл өте кең анықтама. Ол білім беру технологиясын, коммуникация технологиясын және оқыту технологиясын қамтиды [167].

Егер технология ұғымына берілген түсініктерді қарастырсақ педагогикалық энциклопедияда: «Технология - өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай даяр заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы» делінсе, «Орыс тілінің сөздігінде» бұл ұғымға төмендегідей түсінік берілген: «1) Қандай да бір өндірістік процестерді іске асырудың тәсілдері туралы білімдер жиынтығы. 2) Белгілі бір тәсілмен және белгілі бірізділікпен іске асырылатын іс-әрекет жиынтығы» [168].

В.П.Беспальконың педагогикалық технологиясы келесі төрт негізгі шартқа сәйкес келуі керек:

а) педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспериментті болдырмауы керек;

ә) студенттің танымдық іс-әрекетінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын білім беру процесінің жобасына негізделуі керек;

б) диагностикалық зерттеу арқылы оқытудың мақсатын анықтау және оны игеру сапасын дәл бағалау;

в) практика білім беру процесінің толықтығын қамтамасыз етуі керек екенін атап көрсетеді және педагогикалық технология - бұл практикада жүзеге

асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деген көзқарасты білдіреді [169].

ЮНЕСКО анықтамасына сәйкес: "педагогикалық технология - бұл техникалық және адами ресурстарды оңтайландыру міндеттерін, олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формаларын ескере отырып, бүкіл оқу процесін жүзеге асырудың және білімді игерудің жүйелі әдісі", - делінген [169, б.15].

Г. С. Сельвконың пікірінше, "педагогикалық технология" үш түрлі салада көрінуі мүмкін: ғылыми, бейнелі және нақты.

Бірінші жағдайда, бұл оқытудың мақсатын, мазмұны мен әдістерін зерттейтін және педагогикалық процесті, саланы жобалайтын педагогика ғылымының бөлігі;

Екінші жағдайда, бұл процестің алгоритмі, жоспарланған нәтижеге қол жеткізудің мақсаты, мазмұны, әдістері мен құралдарының бірлігі;

Үшінші жағдайда бұл барлық жеке, материалдық және әдістемелік құралдардың жұмыс істеуі және енгізілуі.

Осы себепті Г.С.Сельвконың педагогикалық технологиясы құрылымында келесі бөліктерді анықтады:

а) тұжырымдамалық негіз;

Б) мазмұндық бөлім: оқытудың жалпы және нақты мақсаттары, оқу материалдарының мазмұны;

Б) процессуалдық бөлім – технологиялық процесс: оқу процесін ұйымдастыру; оқушылардың оқу іс-әрекетінің әдістері мен түрлері; оқытушының материалды игеру процесін басқару жөніндегі қызметі; білім беру процесінің диагностикасын қамтиды [170, б.17].

Мәселені зерттейтін басқа ғалымдардың пікірін қорытындылай келе, "педагогикалық технология - бұл оқытудың мақсатын, мазмұны мен әдістерін анықтайтын және педагогикалық процесті жобалайтын зерттеудің бөлігі" деген қорытынды жасауға болады. Бұл көп қырлы ұғым, білім беру стандартында көзделген оқу нәтижелеріне қол жеткізудің мақсаты, мазмұны, әдістері мен құралдарының бірыңғай функциясын орындайтын процесс. Яғни, қазіргі педагогикалық теорияда кейбіреулер "педагогикалық технология" ұғымы мектепті технологияландыру деп айтады, басқалары бұл оқытуды компьютерлендіру, оны аудиовизуалды құралдармен қамтамасыз ету, содан кейін дидактикалық жобалар мен педагогикалық жүйені жетілдіру, оны практикада қолдану дәрежесі деп санайды. Мұның бәрі осы Тұжырымдаманың (құбылыстың) көп қырлы сипатын сипаттайды. Бұл оқытудың тиімді жүйелерін әзірлеумен, білім беру процестерін жобалаумен айналысатын педагогикалық ғылымның бағыты.

Біріншіден, оқыту технологиясы-ақпаратпен жұмыс істеу әдістері мен құралдарының жиынтығы, оны өзгерту, өңдеу; екіншіден, оқу процесінде қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, білім беру сапасын арттыруға әсер ету тәсілдері туралы ғылым.

Оқыту технологиясы-бұл мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқыту әдістері, құралдары мен түрлері жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге

асыру тәсілі. Осылайша, оқыту технологиясында мазмұн, әдістер мен құралдардың өзара байланысы мен себеп-салдарлық байланысы бар, ал қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды педагогикалық тапсырмада белгіленген бағдарламаға сәйкес таңдау мүмкіндігі педагогикалық шеберлікке байланысты. Педагогикалық технологиялардың қазіргі мағынасы-білім беру тәсілдерін қолдана отырып, адам іс-әрекетінде белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кепілдік беру. Технологияның негізгі ерекшеліктері:

- белгілі бір құрамдардың жиынтығы (сәйкес келуі, кірігуі);
- логикасы, құрамдардың бірізділігі;
- әдіс-тәсілдер, әрекеттер;
- нәтиженің кепілі деген қорытындыға келдік.

Білім берудегі педагогикалық технологияның жеке аспектілері мен түрлерін В.М.Монахов, М.В.Кларин, Ш.А.Амонашвили, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Ю.К.Бабанский, В.К.Дьяченко, П.М.Эрдниев, В.Ф.Шаталов және т.б. еңбектерінде қарастырса; Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Т.Галиевтың, Н.Н.Нұрахметовтың, Г.К.Нұрғалиеваның, М.М.Жанпейісованың, Қ.Бітібаеваның, Н.Оразақынованың, Ә.Жүнісбековтың педагогикалық технологиялары кеңінен танымал.

Оқыту технологиясы – педагогикалық практиканың нақты жағдайында ол білім беру процесін өте жақсы жүзеге асырады, оқыту мен білімді игерудің шынайы қызметін көрсетеді. Сонымен, оқыту технологиясы-бұл оқу іс-әрекетін және тренингті ұйымдастырудың әдістерін, әдістерін, әдістерін қолдану теориясы.

Сонымен, педагогикалық технологияның өзіне тән сипаттамаларына мыналар жатады:

- диагностикалық негізде оқыту мақсаттарын анықтау;
- оқу мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуге назар аударыңыз;
- кері байланыс, ағымдағы және соңғы нәтижелерді бағалау;
- оқу қызметін қайта бастауды қамтиды.

М. Чошанов "оқыту технологиясы" мен "әдістемелік жүйе" арасындағы негізгі айырмашылықтарды атап өтті, диагностика, тиімділік, үнемділік, түзету сияқты педагогикалық технологияның негізгі ерекшеліктерін атап өтті [171].

Егер педагогикалық технологияда бұл белгілер айқын байқалса, онда әдістемелік жүйеде олар өте әлсіз немесе мүлдем болмайды. А. А. Жайтапова мұны салыстыруда былайша көрсетеді [172]:

Кесте 6 – оқыту әдістемесі мен оқыту технологиясын салыстырмалы талдау

Салыстыру өлшемі	Оқыту әдістемесіне тән белгілер	Оқыту технологиясына тән белгілер
1	2	3
Мақсаттылық	Білім алушылардың ақырғы мақсатты жете түсінбеуі	Білім алушылардың ақырғы мақсатты жете ұғынуы
Тұжырымдамалылық	Оқытушының теорияны субъективті түсіндіруі	Ғылыми негізделген теорияға сүйену

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
Жүйелілік	Жүйелілік міндетті емес	Оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, әдістемесін, амалын жоғары деңгейде жүйелі пайдалануы мен жобалауы
Диагностикалық	Оқытушы қоятын талап деңгейіне байланысты	Ғылыми объективті көлемдермен негіздеу
Оқыту сапасына кепілдік	Оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты	Тұрақты жоғары
Жаңашылдық	Көбіне тактикалық (әдістемелік) сипатта болады	Стратегиялық (іс-әрекеттік) сипатта болады

Оқыту технологиялары жіктемесіндегі жеке тұлғаға бағдарланған технологиялардың біздің зерттеулеріміз үшін алар орыны ерекше. Өйткені жеке тұлғаға бағдарланған технологиялардың мақсаты – білім алушыны жан-жақты, еркін және шығармашылық дамыту. Осыған байланысты Е. В. Бондаревская тұлғаға бағытталған оқытудың мазмұны міндетті түрде тұлғаны дамыту және қалыптастыру үшін қажетті келесі 4 компонентті қамтуы керек екенін атап өтті. Олар: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-белсенді және жеке. Осы тұлғаға бағытталған оқу мазмұнының барлық төрт құрамдас бөлігі бізге әр адамның жеке дамуы үшін жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылықпен айналысуға, оқыту әдістері мен мазмұнын, негізінен қарым-қатынас, шығармашылық қызмет арқылы таңдауға мүмкіндік береді деп санаймыз [173].

Педагогикалық технологиялардың сабақтың қызықты өтуіне, оқытушының үнемі ізденуіне, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдануына, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына ықпалы зор. Осыны жақсы түсінген ұстаздар білім беру саласында инновациялық технологиялардың қолданылуын ерекше құлшыныспен қарсы алды. Өз тәжірибелеріне енгізіп, шеберлік алаңының өрісін кеңейтті. 2009-2011 жж аралығында жұмыс істеген ББЖ КБАРИ Педагогикалық технологиялар зертханасының зерттеуі негізінде Қазақстан мектептерінде қолданылған технологиялар мен жүйе, әдістердің төмендегідей тізімі келтірілген [174, б.39].

Шетелдік авторлар технологиялары мен жүйе, әдістері:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л. Занков, Д. Эльконин, В. Давыдов, В. Репкин, В. Левин);
- дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі (П.Эрдниев);
- түсініктерді қабылдау (С.Лысенкова);
- нәтижелі әдістемелеу және оны қабылдау;
- іс-әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили, И.Волков);
- оқулықсыз оқыту (В.Агеев);

- ойын әдістемесі;
- М.Монтессори, Р.Штейнердің жүйесі;
- мәселелік оқыту;
- іздену, зерттеу әдістері;
- топпен оқыту тәсілі (В.Дьяченко);
- нәтижелі технологиялар;
- тірек және тірек конспектісінің көмегі арқылы оқыту (В.Шаталов);
- өзіндік жұмыс әдістері;
- бағдарлы оқыту (машинасыз және компьютерсіз);
- оқытудың коммуникативті әдісі (қарым-қатынастық);
- дискуссиялық әдіс;
- дидактикалық ойындар;
- өзіндік жұмыстың әдістемесі;
- нәтижелі технология, жобалау әдісі;
- «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы (Дж.Стилл, Куртис С.Мереди, Ч.Темпл)
- ақпараттық-коммуникациялық технология;
- даралап (жекеше) оқыту, «мектеп-парк» моделін қабылдау (М.Балабан);
- оқушының іс-әрекеті бойынша ұйымдастырылған ойындар;
- Толық меңгеру технологиясы (Б. Блум, Дж.Кэрролл).
- «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» әдістемесі (ТРИЗ) (Г.Альтшулер);
- бағдарламалы оқыту;
- Гуманистік педагогика (К. Роджерс);
- әлеуметтік-педагогикалық сынау, әлеуметтік мәні бар ойындар;
- профильді және кәсіптік бағдар бере отырып оқыту;
- тірек конспектісін қолдану;
- диалогтік әдістеме, дискуссияның негізінде оқыту;
- модульдік технология;
- семинар-сынақ түрлері;
- өз бетімен білім алу (компьютерлік варианттар);
- С.Пейперттің «Оқу процесінде компьютерлерді қолдану» жүйесі.
- «Step by step» халықаралық бағдарламасы.
- «Пікірсайыс» халықаралық бағдарламасы (К.Поппер және басқалар).
- Эвристикалық оқыту технологиясы.
- «Ұжымдық ойлану әрекеттері – адамның өзін-өзі дамытуы моделі» технологиясы.
- «Өзін-өзі тану» үйрету моделі (П.Иванов).
- Метакогнитивтік оқыту (Э.Браун, Д.Грейвз).
- Оқу ақпараттары жүйесі. Ақпараттандыру технологиясы.

– Халықаралық «Street Law» жобасы.

Қазақстандық оқыту технология, әдіс, жүйелер:

- Модульдік оқыту технологиясы (М.Жанпейісова)
- Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі (Ж.Қараев, Ж.Кобдиқова)
- Биоақпараттану және синергетика технологиясы (Ф.Вассерман)
- Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту технологиясы (Қ.Бітібаева)
- Сызба-кестелерді кешенді әдіс ретінде қолдану (Ж.Жеткізген)
- Сатылай-кешенді талдау (Н.Оразақынова)
- Авторлық мектеп технологиясы (А. Қыраубаева)
- Мемлекеттік тілді оқыту ізденістері (К.Сариева)
- География пәнін іздене оқыту (Ұ.Есназарова)
- Жинақтай-қарқынды оқыту (Н.Нұрахметов, К.Абдығалиев) т.б.

Қазақстандық педагогикада «педагогикалық технология» ұғымы оқыту мен тәрбиелеу процесінде бірдей қолданылады, ал шетелдік педагогикада ол тек оқыту саласымен шектеледі. Білім беру практикасында «педагогикалық технология» ұғымы өзара байланысты үш деңгейде қолданылады;

1. Жалпы педагогикалық (дидактикалық) деңгей: жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық, жалпы білім беру). Технология белгілі бір аймақтағы, оқу орнындағы біртұтас білім беру процесін, дайындықтың білім деңгейін сипаттайды. Мұнда педагогикалық технология педагогикалық жүйе ұғымымен байланысты: ол мақсатты, оқытудың мазмұнын, құралдар жиынтығын, әдістерді, объектінің, процестің субъектісінің іс-ұимыл алгоритмін қамтиды.

2. Жеке әдістемелік (пәндік) деңгей: бұл «жеке әдістеме», яғни әдіс, құралдар жиынтығы (мысалы, оқу пәндерін оқыту әдістемесі және т.б), онда бір пән шеңберінде оқыту мен тәрбие жұмысының белгілі бір мазмұны жүзеге асырылады, сонымен қатар сынып, шеберхана қолданылады.

3. Модульдік деңгей: бұл білім беру процесінің жекелеген бөліктерінің технологиясы, жеке дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді шешу (бір қызмет түрінің технологиясы, ұғымдарды қалыптастыру, жеке қасиеттерді қалыптастыру, сабақ технологиясы, жаға білімді игеру технологиясы және т.б.)

Барлық технологиялардың мақсаты ортақ: оқытудың тиімді жолдарын қарастыру, әртүрлі тиімді әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру ізденістеріне жол ашу. Технологиялардың ықпалымен оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар, оқытудың «инновациялық әдістері» деген термин де жиі қолданыла бастады. Айқын болу үшін салыстырмалы кесте түрінде ұсындық.

Кесте 7 – әдістердің салыстырмалы кестесі

Қалыптасқан әдістер	Инновациялық оқыту әдістері
а) сұрақ-жауап; ә) суретті немесе көрнекілікті пайдалану; б) аударма; в) сөйлем және сөзді толықтыру; г) мәтін бойынша әңгімелесу; ғ) тест сауалдарымен жұмыс; д) мақал-мәтелдер жарысы; е) өлең, тақпақтар жарысы т.б.	а) пікірсайыс (дебат) әдісі; ә) коммуникативтік әдісі; б) драматизация әдісі; в) іскерлік ойын әдісі; г) бейнетаспа арқылы сабақ беру әдісі; ғ) жобалы сабақ өту әдісі; д) саралап оқыту әдісі т.б.

Ағылшын тілінде «innovation» деген сөз «жаңашылдықты енгізу» деген мағынаны білдіреді. Инновациялық әдіс термині өз арнасын кеңейтіп, «инновациялық технологиялар» атауын иеленді. Білім алушының қызығушылығын ұштау, мазмұнды білім беруді көздеген педагогтер ізденісі инновациялық технологияларды қолдану кезеңінде тіптен қарқын алды. Білім беру жүйесіндегі инновация – білім саласында жаңашылық енгізуді көздеп, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу, оқу процесін басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу және т.б. мақсат, міндеттерді қамтыды.

Инновациялық процестің дамуына ықпал ететін екі фактор да назар тыс қалмады:

– Объективті фактор – инновациялық қызметтің дамуына ықпал ететін жағдай жасау ескерілді.

– Субъективті фактор – инновациялық процестің субъектісімен байланысты екеніне назар аударылды (инновациялық процестердің субъектілері педагог, ғалымдар, мұғалімдер мен инновациялық бағыттағы білім саласының қызметкерлері болып табылады).

Білім беру үдерісіндегі инновациялар көптеген жаңа оқыту технологияларын дамытудың жаңа құрылымдарын қамтиды. Бұл біздің тәжірибеде Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту әдіс-тәсілдерінің мазмұнын жаңаша қарауды және құруды талап етеді. Инновациялық технологияларды қолдану мақсаты – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын, білім беру үдерісін жетілдірудің әдіснамалық негіздерін танып-білу, студенттердің еркін ойлау белсенділігі мен шығармашылығын арттыру, сонымен бірге ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеу. Осы мақсаттан шығармашыл тұлғаны дамыту, тың педагог ізденісінің мәні мен маңызын айқындап, білім алушының тұлғалық болмысының сапалық белгілері мен қасиеттерін қалыптастыру міндеттері туындайды. Біз инновациялық технологияны қолдану мақсатымыз бен әдіснамалық қадамдарды нақтылап алу үшін студенттермен бірлескен «Ой-пікірлер алаңын» ұйымдастырдық. Студенттерге әдіснама, инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемелері

туралы әдебиеттер тізімі ұсынылды. Осы пікір алмасу, ойталқы негізінде студенттер әдебиетті оқыту барысында инновациялық технологияны қолданудың әдіснамалық амалдары, педагогикалық технологияның философиялық негізі, инновациялық технологияларды енгізу мақсаты мен пәнді оқытудың педагогикалық аспектілері туралы мол ақпарат алды.

Қазіргі уақытта ғалымдар өзара әрекеттесудің үш түрін білдіреді: тұлғааралық интерактивті (interpersonal iteractivity); ақпараттық интерактивті (iformational iteractivity) және ақпараттық-коммуникациялық ортадағы адам мен компьютердің өзара әрекеттесуі (human-computer interactioni). Компьютерлердің, интернеттің және әлеуметтік желілердің дамуы "тұлғааралық интерактивтілік" ұғымының мағынасын кеңейтті: адамдар арасындағы екіжақты өзара әрекеттесу әрекеттер мен уақытты жылдам орындауға, хабарламаларды қабылдаушы мен жіберушіні ауыстыруға мүмкіндік беретін белсенді және табысты байланыс процесіне әкеледі. "Ақпараттық интерактив" ақпарат алуға және кез келген ақпаратты жариялауға бағытталған, интернет көздерін пайдалануды, кілт сөздер бойынша деректерді іздеуді және өзара іс-қимылдың басқа да нысандарын қамтиды. Бұл қазіргі білім алушылардың АКТ құзыреттілігін белсенді етеді және қызыға жұмыс істеуіне жағдай тудырады. Осыны ескере отырып, біз осы мүмкіндікті барынша пайдалануға басымдық бердік. Электронды материалдарды пайдалану, онлайн талқылаулар мен кеңесу, пікірлесу чаттарын өткізіп, Қарахан дәуірі әдебиеті өкілдері мен олардың еңбектері туралы челлендж, бейнероликтер түсіріп жариялау т.б. интерактивті әдістерді қолдануға тапсырмалар бердік. Нәтижесі көңіл толарлық екенін өз мақаламызда айтып өттік: «Ғасырлар бойы ұрпақ игілігіне жарайтын көне мұралар заманауи әдістер және жаңаша ойлау тұрғысынан оқытылуы – күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі және өзектісі. Міне, осы талапқа сай келетін инновациялық технологиялармен жұмыс әдеби мұраларды оқыту барысында төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- дерек көздері және қажетті материалдармен тиянақты жұмыс жүйесін қалыптастыру;

- еңбектер мазмұнына қатысты тың идеялар мен мәселелер тұрғысынан проблема көтеру, зерттеу және жұмыс тәсілдерін кеңейту;

- әр мәселенің мәні мен маңызын анықтау тұрғысында жобамен жұмыс, бағалау және ғылыми тұжырым негіздерін меңгертуге басымдық беру.

Бұл тұста PBL (probleм based learning–мәселеге-бейімдеп оқыту) технологиясы үздік нәтиже береді. Жобаға бағытталған оқытудың басты бағыттары: проблеманы анықтап жоба ретінде жоспарлау, жүзеге асыру барысында жан-жақты жұмыс істейтін топты (команданы) қалыптастыру және атқарылған жұмыс фазалары бойынша жұмысты бағалау.

Жобаға бейімдеп оқыту бойынша Жүсіп Баласағұни еңбегі негізінде жоба жұмысы қолға алынды. Жұмысты жүзеге асыру фазалары анықталды.

Кесте 8 – жобаны жүзеге асыру фазалары

Жұмыс алгоритмі	Бағалау параметрлері
Проблеманы анықтау	Проблеманың өзектілігі
Жұмыс жүйесін жоспарлау	Нақты мақсат және күтілетін нәтиже
Тапсырма бөлу, жұмыс мерзімін белгілеу, орындалуын талқылау	Тапсырманы сапалы орындау бағдары мен тәсілдер. Топтық жұмыстың тиімділігі мен ерекшелігі
Жобаны қорғауға дайындау	Жұмыстың аяқталуы, мазмұндылық сапасы

Бұл кесте негізінде студенттер еңбектің үш нұсқасы бойынша ақпараттарды жинақтап көрсетті. Сызба кестелерді қолдана отырып, өз жобаларын қорғады. Осы бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесінде «Құтты білікті» бүгінгі күндегі менеджмент ұғымына қатысты қарастырып, мемлекет басқару ісіндегі заманауи жоба ретінде ұсыну идеялары айтылып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алатын жоба ретінде оқыту, зияткерлік болмыстағы ұлт тұлғасын дайындау жобасы ретінде қарастыру жөніндегі ұсыныстар проблемалық оқыту тұрғысынан талқыланды.

Жобалық оқыту (PBL) барысында студенттер білімділік пен іскерлікті қатар алып жүруді үйренді. Жоба қорғау қорытындысында студенттер инновациялық технологияларды қолдану сапалы білім мен нәтижелі жұмыс негізі және педагогикалық процестің қарқынды әрі тиімді жүргізілуіне әсері мол екенін айтып, Қ. Бітібаеваның: «таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды тұжырым жасата білуде» деген сөздерімен маңыздылығын тұжырымдады» [175].

Оқытудағы әдіс-тәсілдердің түрлерінің тәжірибеге еніп, белсенді қолданылуы оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасының тұсында қарқынды басталды. Білім алушы әрекетін дамытуды көздеген жоба педагогтердің қолданысына жүзден астам стратегияны (әдіс, тәсіл) ұсынды. А. Рысбаева: «RWCT философиясының негізінде ұйымдастырылған педагогикалық процесс білім оқушыға білім табудың әдіс-тәсілдерін іріктеп алуға, әр түрлі формаларын таңдап алуға мүмкіндік туғызады» деп атап көрсеткеніндей, оқу процесін интерактивті түрде ұйымдастыру қадамдары да айтулы нәтижеге қол жеткізді. "Интерактивтілік" ұғымы (ағылш. әрекеттесу) әлеуметтану мен әлеуметтік психологияда пайда болды. Психологияда бұл термин өзара әрекеттесуді, үздіксіз диалогтағы не әлеуметтегі өзара әсері. Шын мәнінде, бұл жобада қарастырылатын стратегиялар - "ми шабуылы", "жүзім шоғыры", "Ойлан, жұптас, пікірлес бол" және т. б. Дж. Мидтің әлеуметтік психологиясында ескерілгендей, адамдардың өзара қарым-қатынасы ("символдармен алмасу"), оның ең маңызды ерекшелігі – адамның "өзге адамның рөлін алу" қабілетін

тану, өзін қарым-қатынас серіктесі (болмаса топ деңгейінде) қабылдайтындай етіп көрсету [176]. Бұл жағдайда білім беру процесінің тиімділігі келесі принциптерді жүзеге асырумен байланысты: коммуникативті және ситуациялық оқыту, интерактивтілік, оқушының ана тіліне бағытталған жұмыс кестелерінің әртүрлілігі. Интерактивтілік принципі – оқу процесінде студент тек кәсіби маңызды білім алып қана қоймай, "олар пәндік іс-әрекеттің нәтижесінде өзгереді"[177, б.46].

Жоғарыда айтылған ойларға студенттер орындаған тапсырмалар бойынша мысалдар келтіре кетейін:

БББ кестесі студенттің зейінін бағдарлау, қызығушылық деңгейі мен өзіндік ерекшелігін байқауға мүмкіндік береді. Мектептен келген студент бұл кестемен жұмыс істеп дағдыланған болса, оған еш қиындық келтірмейді. Әр сабақтың басында тақырыпқа қатысты «Білемін» бағаны толтырылады, ал өткізілетін тақырыпқа қатысты материал туралы (жеке, жұптасып, топта) танысып, талқылағап, пікірлескеннен кейін, кестенің «Білдім» бағаны толтырылады. Барлық (жеке, топта, жұптасып) толтырылған кестелер (толтыра білмейтін студенттің көріп, үйренуі үшін) «Білу бекетіне» (аудиториядан оңтайлы орын тауып: үстел бетіне жайып немесе қабырғаға іліп т.т.) жинақталып, студенттердің оқуына, танысуына мүмкіндік тудырылады. Енді үшінші баған «Білгім келеді» толтырылады. Ол студенттің ойын қозғау нүктесі десек те болады. Осы қарапайым кесте студенттің білім қорын біліп, оны толықтыруға жол ашып, тіпті болашақта ізденетін қадамдарын анықтауға көмек береді.

Кесте 9 – БББ әдісінің кестесі

Білемін 1	Білдім 2	Білгім келеді 3
М. Қашғари тіл туралы деректер жинаған; Ол Қарахан дәуірінде өмір сүрген; Еңбегі: «Диуани лұғат ит түрк»; Еңбек мазмұнын мақал-мәтелдер, түркі сөздері мен аңыз, әңгіме, тарихи деректер құрайды.	Махмұт Қашқаридың еңбегі сегіз кітаптан тұрған екен. Хижра есебі бойынша 464 жылы бастап 466 жылы аяқтап шыққан. 242 жыр, 200 даналық сөз, мақал-мәтел бар. Өзі осы деректерді қолжазбасында жазып, көрсетіп кеткен.	Қашғари әл-Фарабидің еңбектерімен таныс болған ба? Өз еңбектерін жазғанда қандай ғылыми негізге сүйенген, әлде өз жүйесі ме (онда ол реформатор болғаны ма)?

9 – кестенің жалғасы

1	2	3
---	---	---

<p>Оның дөңгелек картасы туралы тарих сабағынан өткенбіз. Кітап көшірмесі Стамбулда сақталған.</p>	<p>Жазған кезде төрт рет жазып, түзетіп, толықтырған екен. Өзі туралы «шешен, батыл, өжет, найзагер» деп айтып өткен.</p>	<p>Қашғари еңбегінде атаған ру, тайпалардың бұл күнде мұрагерлері қай ұлт (қазақ рулары бар ма)? Картасын неге негіздеп жасаған? Сол кезде Орта Азияда карта жасаған ғалым бар ма? Несімен ерекшеленеді, дұрыс па, бұрыс па?</p>
--	---	--

Біз бір топтың жұмысынан жинақталған кестені беріп отырмыз. Біздің бұл әдісті қолдану мақсатымыз – студенттің қызығушылығын оятып, ізденісіне бағдар беру еді. Енді «Білу бекеті» туралы айтып өтсек.

«Білім бекеттері» студенттермен бірлесе отырып ойластырған тәсілдердің бірі. Идея бастауы – «Қазақ тілі» ОӘК авторы А. Қасымбектің кітаптарынан алынған «Көмек аралы». Автор әдістемелік құралдарында оқушыға бағдар беру мақсатында қолданыс әдісі ретінде ұсынған. Керекті мақал, дәйексөз, нақыл сөздер, қанатты сөздер, ғалымдар пікірін қойып, оқушы таңдауына мүмкіндік береді екен [178]. Ол студенттер үшін қарапайым болғандықтан, біз үш бөлімнен тұратын білім меңгеру тәсілін ойластырып, атқарылатын жұмыс бағыттарын межеледік. Біз студенттермен талқылай отырып, жалпы атауын «Білім бекеттері» деп атадық. Ол үш бөлімнен тұрады: 1) материалдармен танысып, ақпаратты білу бастауы болатын «Білу бекеті». Белгілі бір тақырыпты (мәселені) талқылаған соң, жасалған кесте, жазылған пікірлер мен орындалған сызбаларды бір жерге жинақтап, студенттер бір-бірінің жұмысын немесе өзіне ерекше ұнаған пікірді, орындалған тапсырманы алып танысады. Білу, түсіну, материалды игеру бөлімі. 2) «Білім бекіту бекеті» – ақпаратты талдау, күмәнді тұстарын деректерді салыстыру арқылы анықтау, қажетті мәліметті сұрыптау, ой тұжырымдау жұмыстары атқарылатын берік білім қалыптастыру алаңы. 3) «Білім дамыту бекетінде» атқарылатын жұмыс бағыттары – игерілген білімді қолдану, тың идеялар туындату, тың деректер табу, мәселені басқа қырынан көре білу, батыл болжамдар жасау, зерттеу т.т.

Білім дамыту бекетіндегі тапсырмалардың бірі Махмұт Қашғари еңбегі бойынша 3 бағытта жоспарланған ізденіс, зерттеу жұмыстары.

Кесте 10 - 1. Шығармалар тарихын зерттеу жұмыстары

<p>Географиялық, тарихи мәдени кеңістік ауқымы</p>
<p>Шығыс Қарахан мемлекетінің территориясы – Жетісу өңірі, Қашқар, Хотан аймағы және Ферғананың бір бөлігі.</p>
<p>Орталығы – Қашқар қаласы, астана – Күзорда (Баласағұн). Батыс Қарахан мемлекетінің ордасы Тараз қаласында, кейіннен Самарқанд қаласында орналасты.</p>

Махмұд Қашғари саналы ғұмырын түркі халықтарының екінші ордасы Қашқар қаласында өткізген. Ол Қашқардан бастап бір жағы Жетісу, Мауереннахр, Хорезм, ал екінші жағынан Римге дейінгі ұланғайыр жерді аралап, мол материал жинайды.

Жүсіп Баласағұни Іле мен Шу өзені аңғарындағы үлкен өлкеде өмір сүрді. Мемлекеттің бір кездегі астанасы, Қарахан мемлекетінің әкімшілік және сауда-саттық орталығы Баласағұн шаһарында туған. Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу өлкелерін билеп тұрған Боғрахан тұсындағы тұғырлы тұлға.

Махмұд, Жүсіп және сайрамдық Ахмет Яссауидың еңбектері төрткүл дүниеге тараған, көшірмелері Каир, Вена, Рим, Стамбул кітапханаларынан орын алғаны да географиялық, тарихи-мәдени зерттеу ауқымын өрістетете түседі.

2. Шығарма тарихын зерттеу.

Өмір сүру кезеңі	Қамтылған мәліметтер
X – XXI ғғ	Көне түркі мәдениеті, даму кезеңдері; Қарахан дәуірі мәдениеті, түркі мәдениетінің өркендеуі; Еңбектердің көшірілу, таралу, зерттелуі.

3. Шығарма деректерімен жұмыс.

Тақырыптар, деректерді талдау	Метабілімділік
Қарахан дәуірі Ренессансы	Еуропа Ренессансы: ерекшелігі мен ұқсастықтары
Деректердің бағалылығы, құндылығы мен маңызы	Зерттеу еңбектері негізінде қорытындылар даярлау, шығарма деректеріне қатысты тың идеялар топтамасын ұсыну.
Қашғари картасы	Бүгінгі карталар дерегімен салыстыру қорытындылары

Осы бағытта орындалған жұмыстар нәтижесінде студенттердің филологиялық білімін толықтырып, тереңдету мүмкіндігі жүйелі және нәтижелі жүзеге асырылды. Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы мазмұн, бейнелілік пен полемика, сөз саптау, ізгілік иірімдерін Азиядағы түркі әдебиеті өкілдері (Ахмет Яссауи, Мұхаммед Баха ад-Дин, Руми және Бабарахим Машраб) шығармаларынан бастап, заманауи ақындар поэзиясымен де байланыста қарастырды [179]. Студенттер кері байланыстарында түркологтар еңбегін қарастырып, тұлға еңбегін тану, бағалау зерттеу шынайылығымен айқындалатынын, оны түсініп, жеке пікірге тоқталу көптеген ғылыми еңбектерді қарастырудан бастау алатынын айтып өтті. Көшбасшы тұлға туралы ойларын қай заманда да «ел билеушісінің, ел тұлғасының бойындағы басты қасиет – адамдарға, қоғамға қызмет ету» деп ой қоғағағн зерттеу еңбектерінен нақты дәлелдер келтірді. Сонымен бірге А. Бомбачи мақаласындағы түркі поэзиясы ерекшеліктері, Л. Базеннің көне түркі ескерткіштері туралы мақалаларынан алынған үзінділер де да тың пікірлерге негіз болды [180]. Студент ізденісіндегі түркі халықтары фольклоры, көне түркі әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің салыстырмалы жұмыстары ізденіс пен зерттеу аясын кеңейте түсетініне көз жіткізілді. Әдебиетті оқыту әдістемесіне негіз болған зерттеулер, әдебиетті оқыту

бағытындағы тәжірибе нәтижелері, педагогикалық білім аспектілерін жан-жақты қарастыруға негіз болған ежелгі әдебиетті зерттеу еңбектері, салыстырмалы оқыту мәселелеріне қатысты, әдебиетті оқыту негізінде ұлттық білім беру мәселелерін қамтыған ғалымдар еңбектері бойынша толық әрі терең қарастырылып, тұжырымдалды.

Қарахан дәуіріндегі жазба ескерткіштермен танысу барысында әдеби туындылардың түркі әдеби тілін қалыптастыруға үлес қосқаны, тарихи-әлеуметтік кезеңдегі мемлекеттік басқару ісіндегі түркілік басқару сипаты басым екендігі де назардан тыс қалмады. Ол бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылатын әдеби тілдің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің кепілі болып табылатынын айтып өткен студенттер бұл әдеби шығармалардың халыққа түсінікті әрі жылдам таралуының бір себебі болуы мүмкін деген пікірлерін дәлелдеді. Әдеби шығармалардың сол кезеңдегі тарихи үдерісті, сол кезеңдегі халықтың тыныс-тіршілігін және озық ойы мен дүниетанымын танытатынын да өзекті мәселе етіп көтерген студенттер Қарахан дәуірі мәдениетінің, әдебиетінің өзіндік ерекшелігін айқын көрсете білгені туралы мақаламыз жарық көрді.

Арнайы таңдалған проблемалық тапсырмаларды өз бетінше шешудің нәтижесі, надандықтан білімге көшу динамикасы осы бөлімдерде мүмкіндігінше дәйекті түрде жарықтандырылады. Ол топтық және жеке деңгейлерде өмірлік маңызды ақпаратпен алмасуды, сондай-ақ заманауи коммуникация құралдарын қолдану арқылы үйлестіруді қамтиды: жаңа идеяларды, жинақталған білімді электрондық қорға енгізу, презентация, жоба құру және т.б. Мұғалім оқушылардың бүкіл оқу кезеңінде мотивация мен ақыл-ой белсенділігін сақтау, әдістемелік әдістер мен мотивацияның әртүрлі әдістерін таңдауда еркін болу қабілетін үнемі ескеріп отырды. Студенттің педагогикалық білімі мен психологиялық біліктілігін бір уақытта дамыту үшін жағдайлар жасалды.

Оқытудың интерактивті әдістері тұлғаның шығармашылық жағын дамытуға мүмкіндік береді. Әдістердің мәні жеке тұлғаның когнитивті күш-жігері мен ұмтылыстарын жұмылдыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тәуелсіз білімге деген ұмтылысты оятуға және қызметте өз іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағыттау болып табылады.

Ғылыми тәсіл материал бойынша тұжырымдамалық идеялармен алмасу барысында қалыптасады. Талқылау барысында талдау, талқылау, пікір алмасу, өз пікірінің позитивтілігін немесе негативтілігін бағалау жүзеге асырылады. Сонымен бірге пікірталас (латын *discussian* – зерттеу, қарастыру) пайдалы болады. Студентке ауызша еркін білім, идеялар алмасуға, белгілі бір мәселе, шағын топ алдындағы мәселе бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік береді. Оның ерекшелігі-әртүрлі ұстанымдар, пікір қайшылықтары, пікірталастар мен пікірталастар бар, олардың маңыздылығы-бұл дәлелдеуге, салыстыруға және түпкілікті ойларға жағдай жасайды.

Ғалым Ж. Дәулетбекова өз сабақтарында пікірталас ұйымдастыратын мұғалімдерге келесі тармақтарды ескеру қажет екенін көрсетеді:

- 1) пікірталас барысын диалогқа қатысушылар айтқан пікірлердің даму бағытына сәйкес келтіріңіз;
- 2) теориялық тұжырымдарды практикалық жаттығулармен бекіту;
- 3) қатысушылардың өзара қарым-қатынасын қолдау;
- 4) қатысушыларға талқылау барысында айтылған сөздердің, ұсыныстардың, идеялардың, сұрақтардың мәнін түсінуге көмектесіңіз;
- 5) айтылғандарды дұрыс тыңдай білу, талқылауға қатысушылардың өзара тыңдау мәдениетін көтермелеу;
- 6) пікірсайыс барысында өз пікірлері мен дәлелдерін ұтымды жеткізе алатын мақұлдаушы қатысушылар;
- 7) қатысушылардың әр сөзі басқаларды ойландыратынына көз жеткізіңіз;
- 8) қатысушыларға рефлексия үшін жеткілікті мүмкіндіктер беруге тырысу;
- 9) әңгімелерге, диалогқа, пікірталастарға өз күштерін көрсетуге жол бермеңіз;
- 10) пікіріңізді түсінікті ету үшін талқылау барысын бұрмалаудан аулақ болыңыз [181, б.232].

Ежелгі әдебиетті оқытуда қолданылған бұл әдіс туралы А. Қыраубаева:

1. Студенттің өз ойының шеңберінде ғана қалмай, басқалардың пікірімен салыстырып, ақылдаса отырып жауап беруіне мүмкіндік туады.

2. Ең ұяң шәкірттің өзі ашылып сөйлей алады. “Ұжымдық мүдде үшін сөйлеймін”, – деген ой жан дүниесін тыныштандырады, ой қозғауға итермеші болады.

3. Бәсекелестік жарыс адам бойындағы мүмкіндіктерінің ашылуына себепші болады, селсоқтыққа орын қалмайды.

4. Сабақтың пайдалы жағымен бірге қызықтылығы артады. Эмоционалдық әсерлер іске қосылады.

5. Әр студент мұғалім болудың дәмін татады. Шәкірттерін ұйымдастыра білудің, топты басқарудың, ішкі қарым-қатынасты жауапты бағалаудың түрлі жағдаяттарын сезеді.

6. Мәселені талқылау, пікірлесу мәдениетін үйренеді» деп атап көрсетеді [182, б.138].

Өз тәжірибемізде белсенді қолданылған бұл әдіс негізінде Жүсіп Баласағұни шығармалары бойынша пікірталасталас ұйымдастырылды. Студенттерге алдын ала ұсынылған тақырыптардан өз таңдаулары бойынша ««Құтты білік» қазіргі ұрпаққа қызмет ете алады ма?» деген тақырып ұсынылды. Пікірталасқа қатысушылар, ең алдымен, мектеп, колледж, басқа мамандық салаларына қатысты білім алып жүрген студенттерге таңдаулы үзінділерді таныстырып, талқылау ұйымдастырды. Сол үзінділер негізінде өздері маңызды немесе аса қажет емес деген бәйіт жолдарын көрсетуді,

түсіндіруді өтінді. Оның қаншалықты назар аудартып, әсер ететіні жөнінде пікір қалдыруды сұрады. «Пікірлестер мен қарсыластар» жұптарын құрып, шығарманың қажеттілігі, маңыздылығы немесе қоғам талабына жауап бере алмайтыны т.б. жөнінде өзара пікір таластырды. Жұптар ортақ топқа біріктірілгенде тұлғатану, қоғамтану, елтану философиясына толы шығарма туралы қорытынды жасалып, оның тұлға болмысын қалыптастыратын рөлі анықтауға тырысты. Ал біз қосқан тағы бір: «Ақиқат па, аңыз ба?» деген әдісі бойынша қорытынды ойларды бағалауға Күнтуды, Айтолды, Ұғдүлміш, Одгүрміш және Хас Хажыб Жүсіп шығуы студенттерді ерекше әсерге бөледі. Бұрын сарапшы, ғалым, жай оқырман және т.б. жүздесіп жүрген студенттерге бұл кейіпкерлер шығуы тосын болды және олардың не айтатыны, қандай баға беретіні қызықты болды. Жүсіп рөлінде келген студент: «Басқаларға оңайлау болған шығар сәл де болса. Мен қатты қобалжыдым. Маған сұрақ қойылса, мен олар білгенді де, білмегенді де білуім керек деп ойлады. Сөйтіп, барлық көзіме түскен Баласағұни шығармалары туралы жұмыстарды оқи бердім. Дастан аудармасын да бірнеше рет оқып, керек деген ойларды дәптеріме жазып отырдым. Тіпті отырыс, тұрысыма, қалай кіретініме шейін дайындалдым. Мен болашақ педагогтің образын Жүсіп Баласағұни ретінде қабылдадым» деп жазды. Біз «Қарахан әдебиеті және тұлғалар» деген дөңгелек үстел ұйымдастырғанда осы кейіпкерлер қатысты. Олардың сол пікірталасқа дайындығы мен пікірталастағы әсерлерді бөліскен жазбалары интербелсенді тақтада шығып тұрды. «Ең қиын рөл меде деп ойлады. Дәруіш болу оңай ма? Ондай таза тақуа болып, тек білім, адалдық, адамдықпен өмір сүру, байлығымен, басқасымен қызықтыратын дүниеден безу қазіргі адамдар түгіл сол кезде патша мен Ұғдүлмішті де ойландырған. Ал осы неліктен туды деген сұрау туса, мен Одгүрмішті қай қырынан, қалай нанымды танытамын деп дәруіштер философиясына ден қойып, таныстым. Түсіншім: дәруіш – дана адам, ғарыштық деңгейде өмір сүретін, уақыттан озған адам. Әр тұлғада болады осы қасиет. Тек олар оны өзінің ішкі әлемінде ұстайды. Ал менің Одгүрмішім шынайы» деп жазды келесі кейіпкерді сомдаған студент ағынан жарылып. Көріп отырғанымыздай, пікірталасқа дайындық барысындағы жауапкершілік тудыратын тапсырма беру аса маңызды екен.

Пікірталас – интербелсенді әдіс түрі. А. Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО–да қолдану» атты кітабында М.Новик бойынша төмендегідей жіктейді.

Кесте 11 - 15 Оқытудың интербелсенді әдістерінің жіктелуі

Тектері	Түрлері
Имитациялық емес	Проблемалық лекциялар Проблемалық семинарлар

	Тақырыптық топтық пікірталастар Ой қозғау (breinstorming) Дөңгелек үстел Педагогикалық ойын жаттығулары Стажировка
Имитациялық (ойын түрінде емес)	Нақты ситуацияларды талдау (кейс-стади) Имитациялық жаттығулар Тренингтер Рөлдік ойындар
Ойын түрінде	Іскерлік ойындар 1) Оқу ойындары - блиц-ойындар - мини-ойындар - компьютерде өткізілетін ойын сабақтары 2) Өндірістік ойындар - проблемалық-іскерлік ойындар 3) Зерттеу ойындары - проблемалық-іскерлік ойындар Ойын түрінде жобалау

Осылай жіктей отырып, пікірталасқа дайындық, ережелері мен студент үшін маңыздылығын Новик жақсы талдап көрсеткен: «Оқытушы пікірталастың келесідей ережелерін қадағалауды талап етуі керек:

1. Пікірталаста тұлғаның жеке қасиеттері сыналмай, тек пікірлер, көзқарастар мен пайымдаулар ғана сыналуы тиіс.

2. Пікірталаста басты мақсат жеңу емес – ақиқатқа жету.

3. Басты этикалық ереже: басқа пікірлермен келіспеуге болады, алайда оларды сыйлау керек.

4. Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлуге болмайды.

5. Басқа пікірлермен келіспеушілік болған жағдайда, оларға жалаң түрде баға бергеннен гөрі («Бұл дұрыс емес!», «Бұл қате ұстаным!», «Мен мұнымен келісе алмаймын!», «Біздің пікір ғана дұрыс!» деген тәрізді), олардың мағынасы мен мазмұнын айқындайтын сұрақтар қойған орынды.

Сонымен қатар оқытушының «*Пікірталас ойын емес, ол - өмірдің өзекті проблемалары бойынша даудамай*» деген ұғымды ескере отырып, өз позициясын жасырмауы орынды» деп нақты көрсетеді [175, б.278-283].

Студенттің қызығушылығы мен сенімділігін арттыратын интерактивті Әдістеменің түрі-іскерлік оқыту ойындары. Іскерлік оқыту ойындарында студенттер сценарий құру, рөлдерді масштабта бөлу, зерттеулер жүргізу және деректерді талдау арқылы нақты практикалық мәселелерді бірлесіп шешеді. Ол ойын, "ойнау", қиялды белсендіру тұрғысынан күрделі мәселелерді шешуге бағытталған.

А. Әлімов білім беру ойындарының екі түріне назар аударды:

1. сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге негізделген қысқа жағдайларды ойнаңыз (мұғалімдер мен оқушылардың өздері жазған).

2. Компьютерді қолданатын ойындар

- мультимедиялық ойындар,

- Интернеттен ақпарат табуға тырысуыңызға негізделген ойын іздеу.

Компьютерлік ойындарда оқушыларды бірнеше топқа бөлуге, бөлек сыныптарда отыруға және интернет арқылы бір-бірімен байланысуға болады. Біз екі түрді екі топқа бөлу арқылы қосуды шештік.

Оқу ойындарының сценарийлері кез-келген ақпаратқа негізделген (күжат, оқиға, мәтін, оқулықта немесе басқа ақпарат көздерінде келтірілген мәліметтер). Оқиға сценарийде өзінің нақты формасын жоғалтып, студенттерге рөлдерге бөлінуге және ойнауға мүмкіндік беретін қызықты оқиғаға айналуы керек.

Білім беру ойындарында бірінші қадам-оқушылардың қиялы мен қиялына жол ашу. Бұл әсіресе саяхат ойындарында сәтті жасалады. Саяхат ойындарында оқушылар тарихи, географиялық, өлкетану тақырыптары бойынша өнер туындылары мен кітаптар, тарихи оқиғалар, аңыздар, карталар, құжаттар бойынша ғылыми "экспедициялар" ұйымдастырады, олардың қиялынан туындаған оқиғалар мен жағдайлар арқылы "ғасырлар тоғысады". Мұндай саяхат кезінде студенттер өздерінің шығармашылығына жол ашып, өзара бөлген ойын рөлдеріне сәйкес әрекеттерді орындайды. Мұндай рөлдерге тарихшы, ғалым немесе кәсіпқой (кітапхана қызметкері, археолог, ғарышкер, түркітанушы, топограф, дінтанушы және т.б.) жатады.

Саяхат ойындары кезінде оқушылар әртүрлі формада есеп бере алады, күнделік жүргізе алады, қылмыс болған жерлерден репортаж жасай алады, өз жұмыстары немесе "жаңалықтары" туралы ақпарат дайындай алады, хат жаза алады және әртүрлі ақпарат жинай алады. Әрине, олар қиял мен фантастика негізінде жазылған.

Оқыту ойынын оқытушы оқушылармен бірлесіп құрастыруы және келесі ережелерге сәйкес болуы тиіс:

1. Ойын барысында оқушылардың қандай дағдылар мен дағдыларды үйренетінін анықтаңыз, сюжетті таңдап, ойынға қатысатын оқушылардың іс-әрекеттерін бағалау критерийлерін орнатыңыз;

2. Ойын студенттердің білімін нығайтып, семестрдің соңына дейін Қорытынды жұмысты сәтті жазуға көмектесуі керек.

3. Сценарий жазу кезінде оқушылардың қызығушылығын арттыратын келесі тармақтарға назар аудару керек:

- Қызықты кейіпкерлер (олардың саны топтағы оқушылар санына сәйкес келгені жақсы);

- Іс-шараны өткізу уақыты мен мекен-жайы; (ойында ұсынылған оқиғалар қай кезеңге жатады? Ол қайда болды?)

- Сюжет қызықты болуы керек.

- Қатысушылар шешуі қажет кем дегенде бір мәселені анықтау қажет.

- Нақты мәселелер. Қатысушылар: "бұдан әрі не істеу керек? Біз қалай таңдау жасаймыз? Мұның салдары қандай болуы мүмкін? ең бастысы-оны асыра алмау.

- Оқиғаларды шешу. Мұнда қатысушылар да өз таңдауын жасап, шешім қабылдайды.

- Ойынды аяқтаңыз. Ойын аяқталғаннан кейін оның логикалық аяқталуы керек.

4.Ойыннан кейін. Қатысушыларға ойын соңында ойын туралы өз ойларын айтуға мүмкіндік беру орынды. Талқылауға жеткілікті уақыт бөлген дұрыс (15-тен 30 минутқа дейін). Әр топ өз ойларын постерге түсіреді, содан кейін жариялайды: қабырғаға іліп қойыңыз, өзіңізді қорғаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз. Г. Қажиева оларды "сөйлейтін қабырғалар" деп атайды, олардың жадымен жұмыс істеудегі маңыздылығын атап өтіп, оқушы оларды қабылдағанға дейін іліп қою керектігін ескертеді [183, б.50]. Ауызша талқылаудан кейін студенттер өз ойынында қандай тәжірибе жинағаны туралы жазуы керек.

Оқушылардың ойыны қандай дағдылар мен дағдыларды үйрететініне байланысты нәтижені бағалайтын жүйені әзірлеу қажет. Дәл осы жүйе әр оқушының жетістіктерін және мұғалім жұмысының тиімділігін бағалау қабілетін анықтайды. "Ойыннан кейінгі" кезең ерекше маңызды рөл атқарады, өйткені бұл кезде оқушылар ойыннан алған әсерлерімен бөліседі және өз ойларын жазбаша түрде жеткізеді.

Біз бұл әдісті орындау барысында студенттерді шағын жұмыс топтарына бөліп, өз таңдауымен Ахмет Яссауи, А. Йүгінеки және Сүлеймен Бақырғани тақырыптарында сценарий жазуға тапсырма бердік. Бір сценарийді студенттермен талдап қарап, қаншалықты әсерлі болғанына баға берілді. Бұл талдау келесі сценарий жазғандардың ерекшелігін, маңыздылығын танып білуге өз септігін тигізді.

Кесте 12 – «Ахмед Йүгінеки – даналардың көш басы немесе даналық әлеміне саяхат» сценарийінің жоспары

Сценарий бөлімдері мен мазмұны	Ой тастау және түсіндірмесі	Ойыннан кейінгі ойлар
Бірінші бөлім Слайдта: – орта ғасырлық белгісіз өлке; – дүниеге келген бала; – уайымдаған ана; – абыз қарт шежіреші	Жүйнек қаласының орналасқан орны туралы әр түрлі пікірлерге қатысты. Зағип баланың дүниеге келуі. Қосымша ақпараттар берілуі	Пікірлер: Слайд өте ұтымды шықты, ойландырды; Тың мәліметтер іздегені көрінді; Әсіресе абыз қарттың аяны бізге жақын әрі ыстық болды,

<p>Екінші бөлім: – «Уақыт көлігін» мінген кітап, саяхаттаған мекендері; – Хуснихатшылар еңбегі; – Әлем ғалымдарының зерттеулері</p>	<p>Дастанның таралуы, бүгінгі күнде сақталған орны, таралу себептері; Хуснихатшылардың мәліметтерді жанынан қосуы т.т.; Зерттелуіне қатысты ақпараттар</p>	<p>Кітапты «Уақыт көлігіне» мінгізіп, сол жерлерге біздің де баруымыз әсер берді. Әсіресе, ақпаратты құруға өзіміз қатысқанымыз. Музей, кітапхана суреттері де шынайы.</p>
<p>Үшінші бөлім: Ахмед дананың «Даналық мектебінің» сабақтары; Сен үйренген үш даналық</p>	<p>Ахмед Йүгінеки дастаны бойынша бір үзінді талдау; Дастан желісі бойынша студент таңдаған үш жолмен (ақыл, кеңес беру т.б.) жұмыс істеу</p>	<p>Үлестірме материалдар тез жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Дастан мазмұнымен қатар, өз өмірімізге керек деректер алдық.</p>

Біз ежелгі әдебиетті оқыту барысында елуге тарта интербелсенді әдіс-тәсілдерді және бес технологияның элементтерін қолдандық. Жалпы технологияларды сұрыптап, қажетті элементтерімен жұмыс істеу өте орынды. Алайда барлығын бей-берекет қолдана беруге болмайды. Біз таңдаған модульдік технология сабақтарды бөліп өту, сабақ құрылымын сауатты білуге ықпал етсе, Ақпараттық технологиялар АКТ құзыреттілігін дамыту кепіл болды. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы (Дж.Стилл, Куртис С.Мереди, Ч.Темпл) және ТРИЗ технологиясы шығармашылықты өрістетуге қызмет етсе, А. Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасын жүзеге асыруға негізделген авторлық технологиясы ежелгі әдебиетті оқыту барысында түзілген тәжірибе қоры.

Интербелсенді әдістер мен технологияларды қолданып, процесті ұйымдастырудың жетекші қағидалары:

- ойлау қызметін ұйымдастыру;
- мазмұн шығарушылық қызметті ұйымдастыру;
- таңдау еркі;
- рефлексияны ұйымдастыру.

Әдістемелік жұмысты жүзеге асыру төмендегідей алгоритммен жүзеге асты.

1. Бастапқы қадам

(тақырыбын, мақсатын анықтап, шығармашылық топтар құру)

2. Жұмыс бағыттарын анықтау 6. Қорғау

(проблемаға талдау жасау, (жүргізілген жұмысқа ұжым-міндеттер қою, қосымша талдау жасау)

ақпараттар жинау)

3. Шешім қабылдау 5. Тексеру, нәтижесін бағалау

(пікірлесу, идея баламаларын (аяқталған жұмысқа талдау

талқыға салу, тиімді жолдарын жасау, жетістіктері мен кем-табу) шіліктерінің себептерін анықтау)

4. Орындау

(жоба бойынша жұмыс жасау)

Интербелсенді әдістерді тиімді қолдану төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

1. Оқу әрекетіндегі ықпалдастық пен белсенділік оған қатысушылардың өзара қарым-қатынасының жақсаруына, бірлесе отырып тың шешім табуға әсерін тигізді;

2. Топта бірлесе жасаған жұмыс барысында студенттер ынтамақтастың негізінде ізденіп, дереккөздермен жұмыс жасау белсенділігіне қол жеткізді. Оқуға қызығушылығын күшейді, зерттеу дағдыларын меңгерді;

3. Оқу әрекетіндегі ықпалдастық психологиялық ахуалды қалыптастырып, тұлғаның танымдық әрекеті артып, шығармашылық қабілеттері өрістеді және өзгенің жұмысын бағалау, өзін-өзі бағалау т.б. іскерлік болмыстары қалыптасты.

4. Топтарда жұмыс жасау оқу материалын меңгеруге де жағымды ықпал етті әрі өнімді, нәтижелі, нақты жұмыс істеуге мүмкіндік етті.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша айтарымыз, Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда қолданылған интербелсенді әдістер танымдық қабілеттер мен таным процестерін дамытуда тыңдау, жазу, көру, айту әрекеттерін өрістетуге зор ықпал ететіне көз жеткіздік; студент шығармашылығын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттарын айқындау қажеттілігі бар екенін анықтадық. Ондай шарттардың бірі - білім беруді гуманизациялауды жолға қоятын, шығармашылықты дамытып, сапалы білім беруге қол жеткізетін инновациялық технологияларды қолдану болып табылады.

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы ғылыми-практикалық тәжірибенің рөлі айқындалды:

– *біріншіден*, тұлғаның өмірін, қызметін бағалау, сақтау студент болмысында тек ізгілікке негізделген оқу процесі арқылы ғана толығып, қалыптасады;

– *екіншіден* – студенттердің шығармашылығы, педагогтік шеберлігі мен ғылыми зерттеушілік қабілет-қарымы қалыптасып дамуы үшін инновациялық технологияларды қолданумен қатар, студенттер мүмкіндігіне үйлесімді тың әдістермен жұмыс жасау жолдары қарастырылуы керек;

– *үшіншіден*, студенттің шығармашылық болмысын ашып, ойлау логикасы мен іскерлік әрекеттерін дамыту процесінің прогрессивтілігі инновациялық технологияларды барынша зерделеп қолдану және оқыту әдістемесін қолдану, оқыту процесін жоспарлы әрі шебер ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынымен айқындала түседі.

Біз өз тәжірибеміз негізінде оқыту әдістемесі мен оқыту технологияларын салыстырып карап, салыстыру өлшемдерін анықтадық. Тың әдістермен студентке аса қажет «Ой зертханасын» құрдық. Студенттің белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру алгоритмін айқындадық.

Сонымен, біздің теориялық зерттеулеріміз бойынша, білім беру процесі біз жұмыс істеген жүйеге сәйкес ұйымдастырылса, студенттердің өзін-өзі дамытуына, мүмкіндіктерін өз бетінше іске асыруына, дара режимде жұмыс жасауына мол мүмкіндік туады, шығармашылық белсенділігі артады деп тұжырымдаймыз. Ұсынылған жүйе негізінде жүргізілген эксперимент пен тәжірибе қорытындылары келесі тарауда баяндалады.

3.3 Қарахан дәуірі мұраларын жеке пән ретінде оқыту эксперименті: 1 жұмыстар жүйесі, нәтижелер мен қорытындылар

Уақыт есебімен ғасырлардың аражігі алыстаған сайын ежелгі дәуір әдебиетінің әр туындысы құндылығын еселей түсті. Ежелгі әдебиетті оқыту барысында көтерілген проблемалар мен зерттеуге негіз болған мәселелер Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде тереңдете оқыту идеясына жол ашты. X-XII ғғ аралығындағы Қарахан дәуірі әдебиетінің де феномендік сипаты айқындалып, жеке пән ретінде қарастыруға болатын әдіснамалық, әдістемелік негіздерін нақтылап алған соң, эксперимент жүргізу мүмкіндігі туындады. Кез келген бағытта, кез келген мәселе бойынша эксперимент жүргізу мәселесі орын алады және оның бірыңғай үлгі немесе сызбасы жоқ. Яғни белгілі бір идеяны жүзеге асыру үшін оның негіздемесін жасаудың теориялық, практикалық сынама нәтижесі керек. Ғылыми жүйесін айқындап алу эксперимент түрін және оны жүзеге асырудың нақты жоспарын таңдауды анықтайды. Эксперименттің жалпы құрылымына мыналар кіреді: 1) таным субъектісі және оның қызметі; 2) эксперименттік зерттеу объектісі; 3) зерттелетін объектіге әсер ету құралдары. Осы айтылғандар педагогикалық экспериментке де қатысты болып табылады.

Педагогикалық экспериментті жүргізудің негізгі кезеңдері мен құрамдас бөліктері болады. Эксперимент жүргізу барысы мен нәтижелеріне әсер ететін барлық факторларды есепке алып, өлшей білу аса маңызды.

Эксперимент келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

1. Мәселе туралы мәлімдеме. Жалпы зерттеу гипотезасын тұжырымдау.

2. Гипотезаны, оның барлық құрамдас бөліктерінің (жүзеге асырылу жағдайлары, оларды талдаудың логикалық принципі, зерттеу объектісі, зерттелу үлгісі, эксперименттік және бақылау топтарына бөлу, алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу әдісі, оларды талдау принциптері т.б.) анықтамаларын тексеру және болашақ эксперименттік зерттеудің жобасын әзірлеу қажет). Сонымен қатар, осы кезеңде зерттеудің жалпы гипотезасы жұмыс гипотезасына айналуы керек.

3. Ұйымдастыру-техникалық дайындық кезеңі: қажетті эксперименттік материалдарды таңдау (оқу эксперименттік тапсырмалар, тесттер, сауалнамалар және т.б.), оларды қайталау, тәжірибелік және бақылау топтарын тәжірибе жүзінде меңгеру.

4. Зертханалық экспериментте қолдану болжанатын белгілі бір әдістерді алдын ала сынау (ынталандырушы тапсырмалар, сынақтар және т.б.). Оларды түсіндіру және жетілдіру.

5. Жоспарланған жобаны іс жүзінде жүзеге асыру.

6. Алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу, оларды талдау және түсіндіру. Қорытындыларды тұжырымдау.

7. Эксперимент нәтижелерін жариялау.

Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 ақпандағы № 61 бұйрығында: «Эксперименттік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді педагог қызметкерлер, ғалымдар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер жүзеге асырады. Эксперименттік білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде

мақсаты, мазмұны және оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру құрылымы; эксперименттік алаңның жұмыс істеу және дамыту режимі; Қазақстанның білім беру-ақпараттық, ғылыми және әлеуметтік мәдени кеңістігін қамтамасыз ету үшін проблемалардың өзектілігі мен маңыздылығы және білім беру мазмұнын жаңарту және жаңғырту, білім беру процесінің ұйымдастыру құрылымын (оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру нысандары, әдістері, тәсілдері мен құралдары) дамыту және жетілдіру жөніндегі міндеттерді шешуге арналған білім беру бастамалары авторларының инновациялық қызметінің бағыты» екені көрсетілген [184]. Осы негізде эксперимент жұмысының бағыттарын анықтадық.



Сурет 17 – эксперименттің жүзеге асырылу жүйесі

Эксперименттік жұмыс барысында біз міндеттерге сәйкес мынадай үш негізгі бағытты айқындадық.

Бірінші бағыт – Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мүмкіндіктерін, әлеуетін (әдеби мұралар, авторлар шығармашылығы мен материалдардың оқытылу көлемінің жеке пәнді оқыту жүктемесіне сәйкестігін) анықтау.

Екінші бағыт – инновациялық технологияларды қолдану арқылы студент шығармашылығын, педагогтік қабілет-қарымын, тұлға ретінде қалыптасу қасиеттерін дамыту.

Үшінші бағыт – Қарахан дәуірі әдебиеті бойынша сапалы, нәтижелі білім алуға оңтайлы жағдай тудыру, шығармашылық, зерттеушілік, іскерлік пен ынтымақтастық ортасын құру.

Эксперименттік жұмыс бөлігі үш кезеңде өтті:

I кезең – нақтылау: педагогикалық тәжірибеде тексерілетін мәселенің жағдайын анықтау;

II кезең – талдау: білім беру процесінде көзделген мақсатқа қол жеткізудің жоспарлы әрекеттерін тәжірибе-сынақтан өткізу;

III кезең – түзетуші: алынған сараптама мәліметтерін талдау; сараптама нәтижелері бойынша статистикалық мәліметтер өңдеу; тәжірибе негізінде жұмыс кешендерін (силлабус, бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар т.б.) әзірлеу.

Эксперимент жүргізу алдында тексеруге жататын гипотеза, эксперименттік жұмыстың бағдарламасы құрылып, әдістері мен тәсілдерін анықталып, жүзеге асырудың жоспары (бағдарламасы) қатысушы студенттермен талқыланды. Тәжірибе басталар алдында Қарахан дәуірі әдебиеті ежелгі әдебиет құрамында оқытылатын болғандықтан, эксперимент көлемі, тәжірибелер саны, оларды орындау ретін негіздеу; зерттеу объектісіне әсер ету факторларын және олардың эксперимент кезінде қандай реттілікпен өзгеретінін анықтау; тәжірибелік материалдарды өңдеу және талдау әдістерін айқындау мәселелері нақтыланды. Психологиялық қолдау көрсету мәселелері де ескерілді.

Педагогикалық экспериментті жоспарлауға сәйкес төмендегідей жұмыс көлемі белгіленді:

1 экспериментке қатысушылар саны – 150

2 Таңдалған технология түрі – 5, әдіс-тәсілдер – 30;

Біз эксперимент жоспары қамтуы керек мәселелерді ескеріп, жұмыс құжаттарын төмендегідей бағытта жүргіздік:

1) эксперименттің мақсаты мен міндеттері;

2) эксперименттің орны мен уақыты және оның көлемі;

3) экспериментке қатысатындардың (студенттер) сипаттамалары;

4) эксперимент үшін қолданылатын материалдардың сипаттамасы;

5) эксперимент жүргізу әдістемесінің сипаттамасы;

6) эксперимент барысын бақылау әдістемесі;

7) эксперимент нәтижелерін өңдеу әдістемесінің сипаттамасы.


Эксперименттік сынақ 2020-2023 жж аралығында іске асырылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты өткізу үшін жұмыс бағытында өз тарапымынан:

1 Қарахан дәуірі әдебиеті материалдары бойынша тапсырмаларды жағдаятқа сай сұрыптау;

2 студенттердің қабілеті, қызығушылығы, белсенділігін арттыру бағытында шығармашылық, іскерлік орта қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру;

3 жұмыс барысында нәтижелерге сараптама жасау, диагностика жасау жұмыстарында студенттердің белсене қатысып, педагог маман ретінде жұмыстың теориялық, тәжірибе және эксперименттік негіздерін, нәтижені қорытындылау, бағалау өлшемдерін үйреніп, білуіне жағдай тудыру.

Эксперимент жұмыстарының саны нақты 10 деп белгіленгендіктен, жалпы оқу процесіне кедергі болмас үшін Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашғари, Ахмед Йүгінеки, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани еңбектері бойынша әрқайсысынан эксперименттік екі сағатты алсақ, сабақтан тыс уақытта студент таңдауы бойынша орындалған жұмыстарға 10 сағат бөлінді. Сонымен қатар шығармашылық топтар ұйымдастырылып, топтың құрамы мен қызмет аясы анықталды.



Сурет 18 – зерттеу тобы және рөлдік қызмет түрлері

Топ жұмысының негізіне «Сократтық» және «Жеті қадам» әдістері алынды. Сократ өзінің даналығымен адамның қабілеттеріне ерекше назар аударды. Ол өз оқушыларының қабілеттерін дамытуға әрдайым дайын ұсыныстар бере отырып, өзіне "ақиқатқа жетуді" сеніп тапсырғаны байқалды. Сондықтан ғылымда бұл әдіс "Сократтық" әдіс деп аталады. Ол көп жағдайда тұлға сенімділігі мен еркіндігін ұштауға, өз қабілетіне сенуіне және шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді. Ал «Жеті қадам» әдісін А. Қасымбектен алдық. Алғашқы үш қадам: танысу, қабылдау, ойлану (материалды қарапайым қабылдау деңгейі); салыстыру, ерекшелігін, айырмашылығын дәлелдеу (орта деңгей); осы ақпаратты қолданылмайтын деңгейде қолдана білу шеберлігін дамыту (креативті деңгей). Бұл біздің жұмысымыздың педагогикалық–психологиялық бағытын нақтылауға ықпал етті. Тұлғаның қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс топтары мен әдістерді айқындауға себеп болды.

Кесте 13 – Эксперимент барысындағы топтар мен әдістердің қолданыс сызбасы (СТО жобасы стратегиялары негізінде берілген)

Топтар	Әдістер топтамасы		
	1Ә	2Ә	3Ә
1Т			
2Т			
3Т			

Көріп отырғандарыңыздай, әр топ әдістер топтамасынан өз мүмкіндіктеріне қарай төменде көрсетілген әдістерді таңдап, талғап қолданады. Әдістерді таңдап қолдану зерттеу кезеңдеріне қатысты қарастырылады.

Кесте 14 – әдіс топтамалары

№	Әдіс топтамалары
1	2
1Ә	<p>«Бес сұрақ» әдісі Бұл әдіс ақпарат жинақтауға арналған, ол сондай-ақ мәселені терең зерделеуге немесе оны шағын тақырыптарға немесе тармақтарға бөлуге мүмкіндік береді. Күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Аталған әдіс іс-әрекетті жоспарлауға және мақсат белгілеуге ықпал етуі мүмкін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыруды көздейді. Ақпарат жинақтауға арналған тапсырмалар үшін осы әдіспен бірге «Идеялар тасқынын» мен «Стикерлер топтамасын» қолдануға болады.</p> <p>Жұмыс алгоритмі Үлкен қағаз бен маркер керек. «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады. Ұсыныстар оқу плакатында жазылады. Мұғалімдер идеяларды дамытып, одан арғы идеяларды зерделеу үшін бір сұрау есімдігін пайдаланады. Мұғалімдер идея/ұсыныс толық қарастырылғанша дейін бірдей сұрағы бар сұрақтарды пайдалануды жалғастыра береді.</p> <p>Ойын жинақтау әдісі Түсінік- бұл логикалық түрде ресімделген зат туралы жалпы бір нәрсенің идеясы. Ойын жинақтау әдісі оқытылатын пән немесе зат құбылыс туралы терең және толық мәлімет береді. Ойын жинақтау 3 кезеңмен өткізіледі. 1) Әр топ кіріспе ретінде ұғымдарға сипаттама береді. 2) Келесі кезеңде талқылап, қосымша ақпараттармен толықтырады. 3) Жалпы талқылап, дұрыс не бұрыс екенін анықтап, дәлел, дәйектердің орынды қолданылғанын анықтайды. Осы бойынша әр топ қорытынды жасайды.</p> <p>«Сүйсіну» әдісі. Тарихи қайраткерлерді толық тану мақсатында қолданады. Әр тұлғаның: – еркеше қасиеттерін; – еңбегінің маңыздылығын; – өзін сүйсіндірген, таңдандырған ерекшелігін атап көрсетіп, сүйсіне түсіндіреді.</p>

14 – кестенің жалғасы

1	2
1Ө	<p>Р А Ф Т</p> <p>Оқыған шығарма негізінде өзіне рөл таңдайды яғни мәтінді сол тұлғаның атынан құрастырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Р – рөл, кімнің атынан құралған мәтін - А- аудитория, кімге жолданған мәтін - Ф- форма (ойын беру формасы: хат, монолог т.т.) - Т – тақырып <p>«А Ә Б В»</p> <p>Студенттердің әрқайсысына А, Ә, Б және В әріптерімен қоса төрт-төрттен үлдірленген карточкалардың жинағы дайындалады. Жауаптың төрт нұсқасы бар сұрақтар қойылып, дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларды әркім жанындағыларға қарамай, жедел түрде дереу көрсетуі керек. Сонан кейін жүйпен жұмыс істейді, талқылайды.</p> <p>1-қадам. А Б, В Г; 2-қадам. А В, Б Г; 3-қадам. А Б В Г бір топқа бірігіп, ақпарат туралы ой қорытады.</p> <p>«А,В,С»</p> <p>А-сұрақ қояды. В-жауап береді.</p> <p>С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады. Әр топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды пікір айтады.</p> <p>«Пирамида тарихы» әдісі</p> <p>Жолдың номерін сөздің саны білдіретін, «пирамидаға» сыйғызылған ерекше құрылым жатыр:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) басты кейіпкердің аты (тақырыптың); 2) мінездеме немесе сипаттама; 3) әрекеттің орны (пайдалану); 4) проблема; 5) жағдайдың өрісін сипаттау; 6) проблеманы шешу үшін не қолданылды. 7) проблеманы шешу және ары қарай не болатынын болжау.
2Ө	<p>«БІР МИНУТ» әдісі</p> <p>Бұл әдіс оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ белсенді тыңдау дағдысын дамытады. Аталған әдісті «Ыстық орындық» тапсырмасымен байланыстыруға болады. Топқа қаратып бір «ыстық» орындық қойылады. Сондай-ақ барынша жайлы қарым-қатынасты қамтамасыз ету мақсатында «ыстық» орындықты дөңгеленіп отырған балалардың ортасына қоюға болады.</p> <p>Әдісті жүзеге асыру алгоритмі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Материалмен танысып, өздері негізгі деп санайтын ақпаратты атап көрсетеді. Оны топта немесе жеке зерттеуіне болады. - Оқуға берілген уақыттан кейін «ыстық» орындыққа отырып, бір минуттың ішінде өздерінің басты қорытындысын/ақпаратын ұсынады. - Басқалар мұқият тыңдаулары керек, егер де олар «ыстық» орындықтағы білім алушының тақырыптан ауытқығанын немесе қайталанғанын, күмәнді деректер келтіргенін аңғарса, олар наразылық білдіре алады. Мұндай жағдай орын алса, уақыт тоқтатылады.

14 – кестенің жалғасы

1	2
2Ә	<p>- Ұйымдастырушы наразылықтың дұрыс/бұрыстығын шешіп, өз шешімін дәйектеуі қажет.</p> <p>- Егер де наразылық дұрыс деп танылса, онда «ыстық» орындықтағы студент орындықты босатады. Наразылық танытқан студент ұпай алады.</p> <p>- Егер де наразылықтан бас тартылса, онда басқа адам наразылық білдірілгенше дейін немесе бір минут аяқталғанша өз сөзін жалғастырады. Егер студент өзіне тиесілі минут бойынша «ыстық» орындықта отыра алса, ұпай алады.</p> <p>- Қосымша тапсырма ретінде оқушылармен «Тұжырымдамалық карта» ойынын ойнауға болады, ойын барысында олар «Бір минут» тапсырмасын орындаған кезде алған барлық ақпаратты жинақтайды және құрылымдайды.</p> <p>«Мозаика» Өткізу кезеңдері А. Үзінді түріндегі тапсырмамен жұмыс істеу үшін студенттер 4-6 адамнан құрылған топтарға ұйымдастырылады (логикалық немесе мағыналы блоктар). Шағын топтың әрбір мүшесіне бір бағытта ақпарат немесе дерек (тарихи, биографиялық, ғылыми пікірге негіздеу, өмірдегі мысалмен байланыстыру, өзге шығармамен салыстыру, ой қорыту т.т.) табу тапсырылады, әркім өз бөлімі бойынша материал дайындайды. В. Содан кейін бір сұрақты зерттейтін, бірақ әр түрлі шағын топтың мүшелері осы мәселе бойынша өзге топтың мүшелерімен кездеседі және ақпаратпен алмасады. Бұл «сарапшылар кездесуі» деп аталады. С. Ары қарай сарапшылар өздерінің шағын топтарына қайтады және басқа шағын топтардың мүшелерінен үйренген барлық жаңа білгендерін үйретеді. Яғни, өз кезегінде, өз тапсырмасының бөлігі туралы баяндайды. Бұл студент мәнді еңбек алаңы, материалды барлық фрагменттерімен меңгерудің жалғыз жолы: ол өз еңбегіне сену, әріптестерін мұқият тыңдау және жазып отыру, барынша мол ақпаратқа қол жеткізу. Д. Қорытынды кезеңде топтар өз қорытындысымен таныстырады, идеяларымен бөліседі.</p> <p>«Аквариум» Мақсат: проблеманы талқылау еркіндігіне мүмкіндік тудыру. Өткізу кезеңдері Екі шеңбер құрады: сыртқы (бақылаушылар) және ішкі (белсенді қатысушылар). Ішкі шеңбердің мүшелері ұсынылған сұрақты талқылауға белсенді қатысады. Басқа оқушылар бақылайды және олардың айтылған нұсқасы қызықтырғанда ғана сөз сөйлейді; олар толықтырады, сұрақтар қояды, нақтылайды. Сонымен қатар оны өз нұсқасымен қызықтырған «бақылаушы» белсенді қатысушының қасына тұруға тиіс. Бір проблеманы (сұрақты) талқылағаннан кейін, орындарын ауыстырады (шеңберден алыс тұрғандар шеңберге отырады). Мүмкіндігінше, барлығы шеңберге кіріп шығуы керек. Құрылымдалған қайшылықтар әдісі Өткізу кезеңдері А. Төрт адамнан шағын топта оқушылардың екі жұбы айқындалады. В. Шағын –топ қарама –қайшы сипаттағы проблемаға айшықталған және қарсы шешімі бар тапсырма алады.</p>

14 – кестенің жалғасы

1	2
2Ә	<p>С. Жеңу үшін емес, проблеманы толық түсіндіру үшін қажетінше көп материал жинау мақсатында, әр бір жұп проблеманың бір жағын талқылайды.</p> <p>Д. Содан кейін әр бір жұп проблеманың қарсы жақтарын талқылайды.</p> <p>Қорытындысында барлық шағын топтың проблемаларын біртұтас шешу мүмкіндігі туады.</p> <p>«Алаңдардағы белгілер» әдісі</p> <p>Талқыланатын мәтінге тиісті белгілерді қояды:</p> <p>“+” – сіздің оқып отырғаныңыз сіздің білгеніңізге сәйкес болса, тұсындағы алаңға белгіні қойыңыз;</p> <p>“-” – сіздің оқып отырғаныңыз сіздің білгеніңізге қарсы болса немесе бұны білемін деп ойласаңыз, шетіндегі алаңға елгісін қойыңыз;</p> <p>“V” - сіздің оқып отырғаныңыз жаңа болып табылса, тұсындағы алаңдарға қойыңыз;</p> <p>“?” - сіздің оқып отырғаныңыз, түсініксіз болса немесе бұл сұрақ бойынша сіз нақты мәліметтерді алғыңыз келсе алаңға сол белгіні қойыңыз.</p> <p>Осылайша, мәтінді оқу барысында өз білімдері мен түсініктеріне сәйкес алаңдарға төрт түрлі белгі қойылады. Ол мәтіндегі мәселелрді анықтауға, толық түсініп қабылдауға жол ашады.</p>
3Ә	<p>Өткізу кезеңдері:</p> <p>А. Пікірталастың проблемасы мұғаліммен тұжырымдалады.</p> <p>Б. 6-8 адамнан шағын топтарға бөлінеді.</p> <p>В. Әр бір шағын топтың мүшелері өкілін немесе төрағасын сайлайды, олар пікірталас барысында олардың позициясын жақтайды.</p> <p>Г. 15-20 минут барысында шағын топта проблемалар талқыланады және жалпы көзқарас өңделеді.</p> <p>Д. Топтардың өкілдері шеңбердің ортасына жиналады және топтың ойын айтуға олардың позицияларын жақтауға мүмкіндік алады. Басқалары шағын топтың өкілдерінің жалпы позицияны қаншалықты айшықтай алатындығын талқылау мен тақырыптың барысын қадағалайды. Олар жеке ойларын айта алмайды тек қана талқылау барысында өз пікірлерін білдіретін жазбаларын ғана жолдай алады.</p> <p>Е. Топтардың өкілдері басқа мүшелермен ақылдасу үшін үзіліс ала алады.</p> <p>Ж. Панельді талқылау берілген уақыт аяқталғанда немесе шешім қабылданғаннан кейін аяқталады.</p> <p>З. Пікірталас аяқталғаннан кейін топтардың өкілдері талқылаудың барысы туралы сыни талқылау жүргізеді, ал шешім барлық студенттермен қабылданады.</p> <p>Кейс-стади</p> <p>Case-study өткізу кезеңдері</p> <p>Кесте 1</p> <p>Кезеңдер. Оқытушы әрекеті. Студент әрекеті</p> <p>Сабакқа дейін</p> <p>А. Кейсті алады (нақты жағдай).</p> <p>В. Студенттерді дайындау үшін көмекші материалдар мен негізгілерді анықтайды .</p> <p>С. Сабактың сценариін өңдейді.</p> <p>А. Ұсынылған әдебиеттің тізімі мен кейсті алады.</p>

14 – кестенің жалғасы

1	2
	<p>Д. Жағдайды талқылауға дайындалады. Сабақ барысында А. Кейсті алдын ала талқылауды ұйымдастырады. В. Жеке топтарға бөледі. С. Кейсті топтарда талқылауға жетекшілік етеді, оқушыларды қосымша мәліметтермен қамтамасыз етеді. А. Кейсті және проблеманың түсінігін тереңдететін сұрақтарды қояды. В. Шешімдердің нұсқаларын өңдейді, басқалардың ойларын назарға алады. С. Шешімдерді қабылдауға қатысады. Сабақтан кейін А. Жұмыстар бағалайды. В. Қабылданған шешімдерді және қойылған сұрақтарды бағалайды. Берілген үлгі бойынша сабақ туралы жазбаша есеп құрайды. Белсенді оқылым тәсілдері Бастапқы танысу Құрылымы мен мазмұнын түсіну үшін тақырыбын, тараушаларын, фотосуреттерберілген жазбаларды және т.б. зерделеуді көздейді. Мысалы:Мәтінді оқыр алдында оқушыларға тек тақырып беріледі. Студенттер ассоциациялық тізбек құрады. Осы тізбек бойынша мәтін не туралы болатыны туралы еркін пікір айтады. Бұл ой қозғау тәсілі.</p>
3Ә	<p>Болжау Мазмұны қалай өрбитінін болжау тәсілі. Мысалы: мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, тоқтап, ары қарай не болатыны, қалай өрбитіні болжанады. Студенттер оқылған мәтіннің жалғасын болжаммен жалғастырып, өз болжамдарын дәлелдеулері тиіс. Танысу үшін оқу және сканерлеу Бұл тәсіл мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін керек. Мәтінді тез көз жүгіртіп оқуды көздейді. Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшін де пайдалануға болады. Мысалы: Мәтінді оқыр алдында қандай негізгі ақпарат іздейтінін анықтап алуы керек. Ол үшін мәтіндегі тірек сөздерге назар аударуы тиіс. Тірек сөзбен жұмыс істей білген студент мәтіннен ақпаратқа қатысты сөзді жылдам табады, ойын дәлелдеу үшін қажет сөйлемге де назар аудара алады. Мәнмәтіндегі ескертпеге қарап болжам жасау Бұл тәсіл таныс емес сөздердің мағынасын анықтап, мәтіндегі ишараларды түсініп, өзінің білім дағдыларын пайдалануына мүмкіндік тудырылады. Ситуация туындату, тексеру үшін оқытушы ойдан шығарылған сөз қосуына немесе қосылмаған немесе аса маңызды емес ишара, белгі туралы ескертіп қоюына болады. Студент ескертпені табу үшін мәнмәтінді ұғынып алып, сосын белгісіз сөздің немесе қойылмаған белгі, ишараның бұл тұста қаншалықты мән беретініне болжам жасайды, шындықты анықтайды және т.б.</p>

Бұл әдістерден өзге ғалым-педагог, «Сенім» авторлық бағдарламасының авторы, Гуманитарлық қазақ мәдениеті авторлық мектебінің негізін қалаған А.Қыраубаеваның іс-тәжірибесінен алынған «Үшбу хат», «Өрнекті ой», «Таңғалдыру сәттері», «Шиыршық», «Ой күмбезі» әдістер қолданылды.

«Үшбу хат» әдісі – кері байланыс көзі. Студенттер сабақ барысында өзін ойландырған сұрақтарын жазып, жауап алады. Егер студенттен хат келмесе, бірінші қадам – мұғалімнен. Ол өз атынан жазады ма, әлде қиялды қанаттандыру мақсатында студентті қызықтыратын кейіпкердің атынан жазады ма, ол өз таңдауы. Бұл – әдіс білім алушының өз ойын жүйелеп қағазға түсіру, жазу сауаттылығын меңгеру ғана емес, оның жан-дүниесінің тетіктерін табуға көмектесетін психологиялық әдіс. Студент пен оқытушы арасында терең байланыс орнатуға, өзара түсіністікке, достыққа ықпал етеді. Баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашады. Сабақ барысында бостандық пен сенім туралы хаттар тақырып аясында қалады, ал сабақтан тыс жазылған хаттар сабақ барысында ашылмайтын алаңдаушылық тудыратын сұрақтар мен ойларды қамтиды. Қарапайым хабарлама хаттары уақыт өте келе мағыналы және маңызды, сауатты ескертулер ретінде қабылдануға арналған. Сонымен қатар, мұндай хаттар "идеялар аралы" болып табылады, онда мұғалімнің ойлары, бағыты, жарқын ойлары және оқушының еркін пікірлері келтірілген.

«Өрнекті ой» әдісі. Бұл материалды түсіну үшін сурет, көрнекілік, өнер және т.б. қолданған студент мүмкіндіктері іске қосылады. Өз танымының белсенді әлеуетін жұмсаған студентке жеңілдік пен еркіндік, батылдық қосылады десек те болады. Сандық түсініктен сапалы түсінікке жетелейді. Болашақ маман ретінде өзінің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруға ықпал етеді. Көркем бейнелер арқылы оқыту бала қиялын дамытады, жан сезіміне әсер етіп, рухтандырады. Баланың тілмен жеткізе алмаған ойларын басқа мүмкіндіктерді (рөлде ойнау, қолөнер мен бейнелеу өнері арқылы өзі ұқсататын бейнені жасау немесе нышандар арқылы түсінігін жандандыру, саз өнерімен үндестіру, т.б.) пайдалана отырып жеткізуіне жағдай туғызады. Бұл – жазылым дағдысын да, айтылым дағдысын да қалыптастыруға көмек беретін әдіс. Бұл қолданыс студенттің өзіндік қасиеттерін ашу арқылы сенімділікке жетелеп, ой-пікірін батыл айту еркіндігін қалыптастыруды үш деңгейде қамтуды қарастырады:

Кесте 15 – оқу дағдыларының қалыптасып даму деңгейлері

Даму деңгейлері	Қолдану ерекшелігі	Нәтиже
1	2	3
1) қарапайым деңгейде ақпаратты қорытып, қалыптасқан ой-пікірді өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып жеткізу еркіндігі мен мүмкіндігін ұштауға жағдай туғызу	Оқыған мәтінді сурет түрінде салып (сызба), ойын құрылымдық конструкция түрінде жеткізу. Өзге студенттер идеясымен танысу, оны өз өлшемдерімен салыстырып қарай алады.	- Ойын конструкциялы түрде суретпен жинақтап көрсетеді; - Өз құрылымына өзге студенттер пікірін үйлестіреді, тың идея алады.

15 – кестенің жалғасы

1	2	3
2) өз ойын күрделендіре түсу үдерісіне жол ашу: салыстыру, талдау, ой түйю, нақтылығын тексеру, т.б.	Қойылған сұраққа бір мысалды салыстыра, ұқсата, талдай отырып жауап іздеу. Мысалы кейіпкерді тек адамға ғана емес, табиғаты мүлдем басқа дүниемен салыстыру.	Мысалды тек мәтіннен ғана іздемей өмірмен байланыстырады; Жан-жақты қырын тану, ойды түйіндеп, теңеу, метафора таба алады.
3) айтылған ой-пікірлерді тұжырымдау, қосымша мәлімет, дәйексөздерді орынды пайдалана отырып, өз жанынан түйінді ой-пікір айту және оның өміршеңдігі мен қажеттілікке жарамдылығы, идеяны жүзеге асыру мүмкіндіктері	Сурет, қолөнер туындысы немесе ән-күйді пайдалана отырып ой тұжырымдау. Қолданыс дұрыстығын дәлелдеу аргументтерін келтіре білу т.т. Өзгелердің ойлары немесе өзі ұсынатын идея мәні, мақсатын ашу.	Нақты дәлел келтіруге үйренеді: - Түрлі жағдаятқа қажетті мысалды ұтымды келтіреді; - Ойын дәлелдейтін аргументтер таба біледі; - Қорытынды ой, өңделген идея алуға дағдыланады.

«Шиыршық» әдісі. Жаңа материалды игеру кезінде сабақ материалының негізгі пікірлері мен сабақтастығын есте сақтау, өзара байланыста өткен материалды есте сақтау әдісі. Ең маңызды сәттерді іздеуге мүмкіндік беретін маңызды сәттердің тізімін жасау қажет. Бұл ойларды тұжырымдауға жақсы көмек.



Сурет 19 – ойтұжырым орамы

«Ой күмбезі» әдісі. Бұл әдіс мәтінді немесе тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындауға негізделген. Ол келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: " ой сызығы " – айтылған ойдың негізгі сөздерін табады, қарапайым ұғымдар мен ұғымдардың табиғатын анықтайды–аналогтар;" ой

сызығы " - негізгі сөзден дамиды ойды талдайды, алынған білімді қолдануға және оны егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді. "Ой өрісі" - оқушылардың пікірлері мен ойлау түйіндерін жинақтайды, салыстыру, дәлелдеу, дәлелдеу, басқа ұқсас (ұқсас емес) құбылыстармен салыстыру, ойдың көркемдік және құрылымдық табиғатын анықтау, кем дегенде екі дәлел келтіру қабілетін қалыптастырады. Эссе жазуға даярлық ретінде де үлкен көмек.

«Таңғалдыру сәттері» әдісі. Қызығушылық негізіндегі ізденіске, тапқырлық пен ұшқыр қиялға негізделген. Студент өзі қызықтырған тақырып туралы ең қызық ақпараттарды даярлап әкеліп, екі минут ішінде қысқаша (тезис, слайд, сурет, өлең т.б.) таныстыру керек. Үш минут оқушыларға беріледі, ақпаратқа (сөз, сөйлем, сурет т.т.) қатысты өзіндік пікірлерін айтып, өз әсерлерімен бөлісе отырып талдайды. Сабақ тақырыбымен де байланыстырады.

Авторлық ізденістегі әдістердің білім алушының тыңдалым, айтылым, интерпретация жасау, өзіндік пікір айту немесе сенімсіздік кешендерінен арылуына ықпал ететін бір түрі – **"Әуезді өрімдер"** әдісі. Музыкалық өнер-қазақ халқының құнды қазынасы, ұлт тілі мен менталитетінің рухани айнасы, ұлт мәдениетінің коды. Ең бастысы-әндер мен күйлерді тыңдауға кететін уақытты асыра алмау. Яғни, сөзді бұрылыспен айту, әуенді бір - бірімен тоқу-бұл керемет көмек көзі. Сонымен қатар, біздің студенттер көптеген адамдардың алдында пайда бола алмайтындығынан ұялатыны және әнді орындай алмайтындығынан ұялатыны да рас. Біз сондай-ақ өрілген тілі бар немесе ойды жеткізе алмайтын, үндемеуді жөн көретін және әнді толқумен орындаудан тартынатын сәттерді бірнеше рет байқадық.

Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда ақын сөздерін әндете орындау әр сөздің мағынасын әуен арқылы тербей, жүрегімен сезінген студентті басқа қырынан таныдық, тәтті болдық. Жалпы сабақта тыңдалым материалын музыка мен өнер салаларына қатысты бейнежазба, дыбыстық жазба түрінде ұсынып, жұмыс істеудің де өз реті бар.

«Құпиясы жоқ қабырға» әдісі. Аты-жөнін көрсетпей, қабырғаға тақырыпқа қатысты өлең үзінділерін немесе өз өлеңін, суретін, жазбаларын, қолөнер туындысын қабырғаға (немесе арнайы орынға) қалдыруға болады. Өзге оқушылар асықпай танысып, жазбаша пікір қалдыру мүмкіндігін ие болады. Өз жұмысы туралы пікірлерді естіген студент кейінде батылдыққа ие болып, өз құпиясын ашуына, авторлық құқығын алуына болады.

«Ғажайыптар көрмесі» әдісі. Бұл күтпеген тапқырлыққа негізделген ең жақсы жұмыстар мен әрекеттерден ләззат алуға мүмкіндік беретін білім беру көрмесі. Белгілі бір бөлім туралы білімін жинақтауға өте тиімді. Мәтін мазмұнын, айтпақ ойын түрлі әрі ерекше формада беруге шек қойылмайды: кроссворд, эссе, инфографика, сұлба-кескін, пішін, математикалық формула, робот, өзі ойлап тапқан ойын және т.б. Бұл жердегі басты шарт – автор өз

туындысының қандай ұғым-түсінікке байланысты жасалғанын, идея қалай туындағанын айтып беруі.

«Еркін пікір» алаңы. Жарыс түрінде жүзеге асырылатын бұл әдіс тақырып бойынша идеяларды білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар арнайы презентация схемасын қамтиды: қозғалыс, би тілі, шахмат тілі, басқа заттардың терминдері, өрнектер мен тас мүсіншелер, кесінділер, жіптерді тоқу және т.б. Әр өткізілетін сайыс кезеңі белгіленіп, талаптары: топтың киінуі, дене қимылы мен сөйлеу талаптарын сақтауы, көпшілік алдында өздерін әдепті ұстауы алдын ала келісіледі. Бұл тыңдарман алдында сөз толғаумен қатар, киіну мәдениетін қалыптастырады, сөйленген сөз бен дененің ырғақты қимылы үйлесімін сақтау, яғни көпшілік алдындағы мәдениетке үйретеді, студенттің ашылына, дарыны ұшталуына зор көмек [185].

Символ, тірек белгілері, сызбалары арқылы оқыту Ж. Жеткізгеннің әдістемесінде жақсы әрі жүйелі берілген. Талдау, есте сақтау жұмыстарында тірек сызбалар үлкен көмек көзі болды [186].

Эксперименттік жұмыста қолданылған авторлық ізденісімнің ең тиімдісі – «Ой зертханасы». Бастапқы негізді А. Қыраубаева еңбектерінен алғанмен толықтыра отырып, өзімізге керек жүйені жасадық, студенттермен біріге отырып оны ой шығармашылығы зертханасы ретінде дамыттық. Әркез бір идея қосылып отырды, тың сипат алды.

Зертхананың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес оқыту процесін, шығармашылық, зерттеушілік жұмыстарын (құрылған эксперименттік бағдарламаға сәйкес) жүйелі жүргізуге негіз болды.

Оқу-тәрбие процесін қарқынды жүзеге асыруға негіз болған «Ой зертханасымен» жұмыс оқытудың талап қою деңгейіне сәйкес білім алушылардың білімін жан-жақты бағалау, жүйелі оқыту технологиясының қазақстандық модификацияланған нұсқасын қарастыру (қарапайым түсініктен бастап, білімін басқа салалармен байланыстыра білу, студенттің педагогтік дағды-машығын қалыптастырудан ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға, жетекшілік етуге дейінгі) міндеттерді жүзеге асырады. Зертхана құрылымы оқу процесін технологизациялауға негізделген, оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігіне кепілдік береді. Зертхана әрбір студенттің пәнді жоғары деңгейде меңгеруіне және маңызды мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуларына жағдай туғызады; оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін педогогикалық диагностика арқылы жүйеге келтіруге ықпал етеді; оқу-тәрбие процесінде жеке тұлғаның дамуын жан-жақты (таным процесінің ерекшеліктері мен жеке тұлғаның негізгі қасиеттері) зертеуді ұйымдастыруды жүзеге асырады; жеке тұлғаның рухани және эстетикалық дамуына бағытталған іс-әрекеттер жүйесін құру, іскерлік қабілеттерін арттыру т.б. жұмыс бағыттарын жолға қояды.

Зертхана мәртебесіне сәйкес оқу процесі шеңберінде көпқырлылығымен танылды: тәуелсіз орталық, ғылыми-зерттеу ордасы, жеке экспериментті

бақылау құралы, шығармашылық кеңістігі, «еркіндік пен батылдыққа баулу мектебі» болды. Басқару жүйесі оқытушы мен студент ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылуы да үлкен нәтиже берді. Оны студент құрған сызбадан көре аласыздар.



Сурет 20– Кері байланыс: «Ой зертханасы» туралы студент сызбасы

Студент сызбасында көрсетілгендей, зертхана – оқылатын пәннің деректерін, оның қысқаша мазмұны, тақырыбы мен әрбір сабақтың ұзақтығын, өзіндік жұмыстардың тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, аралық бақылау кестесін және әдебиеттер тізімін құрайтын оқу бағдарламасын меңгертуде үлкен көмек көзі. Ол – оқытушыға да, білім алушыға да қолайлы жұмыс арнасы.

Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда бес технологияны таңдадық деп жоғарыда айтып өттік. Апробация өткізу нақтылықты талап етеді. Инновациялық технологияларды қолданудың талабы бойынша бір технологияны жүйелі пайдалануға болады немесе жұмыс жүйесінде технологиялардың тиімді тұстарын, элементтерін қолдану жүйесіне үйлестіруге болады. Біз таңдаған технология түрлері:

- А. Қыраубаеваның «авторлық мектеп» технологиясы;
- Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту технологиясы (Қ.Бітібаева);
- «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы (Дж.Стилл, Куртис С.Мереди, Ч.Темпл);

– «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» әдістемесі (ТРИЗ) (Г.Альтшулер);


– Өз бетімен білім алу (компьютерлік варианттар).

А. Қыраубаеваның «авторлық мектеп» технологиясын таңдау себебіміз Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиетті оқыту» мақаласымен танысудан басталды. Алма Мүтәліпқызы: «Егер біз жазбаша мұраның мазмұнымен танысқымыз келсе, әдебиет тарихын оқу тым үлкен мақсат болар еді. Әдебиет-әлемді тану, қоршаған өмірді зерттеу, адаммен танысу. Студент әдебиет тарихын оқығанда, ол оны толғандыратын өмірлік мәселелерге жауап іздейді. Әдебиет өзінің проблемасымен қызықты. Егер ежелгі әдебиетті оқыту “тақырыпты өту” деген үстірт тұжырымдамаға айналса, онда әдебиет тарихы студент өмір сүретін уақыттың қажеттілігінен тыс қалады. Егер біз оқушыны толғандыратын көптеген сұрақтарға жауап бере алсақ, әдеби шығарманың жазылу тарихын зерттеп, сабақта проблемалық жағдай туғызсақ, онда мақсатқа қол жеткізіледі.

Ежелгі әдебиетті өмірге енді келе бастаған жас ұрпақты толғандыратын мәселелермен қалай байланыстыруға болады? Ол үшін баланың жаны қандай сұрақтарға жауап іздейтінін түсінуіміз керек. Өмір қаншалықты мәңгілік болса, өмір сүру мүмкіндігімен байланысты мәселелер де соншалықты Мәңгілік. Сонымен, бүгінгі студент келесі сұрақтарға қызығушылық танытпауы мүмкін бе? Мысалы, өмірдегі басты құндылық қандай? Әлемдік байлық па, әлде рухани байлық па? Әлем қылмыс па? Біздің қоғамда рухани байлық жинаған адамды кедей ететін не? Бұл уақытша ма? Егер адам қайтып оралса, бақытты бола ма? Адам өз бақытын елдің бақытынан таба ала ма? Ол өз бақытын елдің бақытына айырбастай ала ма? Мен туысым, жора-жолдасым, көршім, ағам-жегжатпен бөлісуім керек пе? Әркім тек өзі үшін өмір сүреді деп айтатын Макиавеллиге қалай қарайсыз? Адамның қадір-қасиеті дегеніміз не? мен кіммін? Сіз нені жақсы көресіз және нені жек көресіз? Неліктен мен дүниеге келдім? Студент белгілі бір дәрежеде осындай өмірлік сұрақтарға жауап алуы керек. Ежелгі әдебиеттің тарихи уақыт контекстінде көтерген мәселелерін қарастыра отырып, бізбен кеше ғана болған ағымдағы кезең мен тарихи оқиғалардың жаңғырығын табу керек. Біз бұл аспектке ретімен көбірек назар аударғымыз келеді. Бұл білім беру фактісі де даусыз» деп жазады. Бұл мақала Алматы қаласы М.Әуезов ауданындағы Ахмет Ясауи атындағы мектепте 1997-98 оқу жылында «Ежелгі әдебиет – ата мұрамыз, асыл қазынамыз» атты онкүндік өткізілгенде жазылған екен. Онкүндікте ғалым-педагогтің Сорос фонды қолдауымен жарық көрген, мектепке арналып жазылған «Ежелгі әдебиет» оқулығы бойынша факультатив сабақтары жүргізілген. Алма Қыраубаеваның әдістемесі – баланың ерекше ойлауын, әр баланың бойындағы ерекшелікті дамытудың ізденісі. Тап осы ізденіс бізге араға жиырма жыл салып жаңартылған білім мазмұны ретінде оралды. Авторлық мектебінде тіл мен әдебиетті оқыту арқылы өзге пәндерді меңгерту

әдістерін қолданғанын университеттегі шәкірті, педагог, психолог А. Қасымбектің еңбектерінен байқаймыз.

Ал А.Қыраубаеваның жұмысына, ғалымның педагогикалық тұжырымдамасына профессор Ф.Ш. Оразбаева толық талдау жасап, тың идеясы «Қазақ құбылысы» екенін атап көрсеткен.



Сурет 21– «Қазақ құбылысы» А. Қыраубаеваның тұлға тәрбиелеу жүйесі

Филология ғылымының докторы, профессор Алма Қыраубаева педагогика саласында тұңғыш ұлттық мектеп моделін ұсынды. Мектепке «Ежелгі әдебиет», «Ислам мәдениеті», «Тілашар», «Әдеп», «Әлемтану», «Елтану» пәндерін енгізген. Мектеп тәжірибесі негізінде қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың «Бейнелі қазақ тілі», «Тіл–тұғыр», «Әдебиет әлемі», шешендік өнерге қатысты «Тіл логикасы» атты бағдарламалар дүниеге келген. «Қазақ тілі» ОӘК жазылған. Ежелгі әдебиетті және әдебиет негізінде тілді оқыту әдістемесі өзімнің пікіріме жақын болғандықтан А.Қыраубаеваның әдістемесін жиі қолдандық.

А.Қыраубаеваның әдістемесі ежелгі әдебиет, Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуға етене жақын болса, Бітібаеваның әдістемесі – әдебиетті оқытуда, шығарманы жіктеп тануда студенттерге таныс мектеп әдістемесі. Қ.Бітібаеваның «Ой астау, ойланту» технологиясы – негізге алынған екінші

7. «Керісінше ойлау» қағидаты

Бұл орын алған оқиға тығырыққа тірелгенде нақты, орынды шешім табу үшін керек:

Мысалы:

Мәселені оң қырынан емес, бұрыс жақтарынан қарастыру;

Атқарылатын қызмет, орындайтын рөлінен қарама-қайшы күйде қарастырады;

«Шығатын есікті» таппаған жағдайда «Кіретін есік» қызметін пайдалану.

8. Өзге өлшемге ауысу қағидаты.

а) бір жазықтықтың бойында орналасқан нысандарға қатысты есептің мәні екінші, үшінші өлшемде жойылуы мүмкін (мысалы, 3D әсері);

б) бірқабат нысанның орнына көпқабатты нысанды қарастыру;

в) нысанды қисайту немесе «қырынан» жатқызу.

9. Аздаған немесе шамадан тыс шешімдер қабылдау принципі.

Егер 100% тиімді нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмаса, «аздаған» немесе «сәл көбірек» нәтижеге қол жеткізуді ойлау керек. Сонда қиындық жүгі жеңілдейді.

Креативті ойлау – нәтижелі ойлау. Ал оны өңдеп, айтылатын ойға негіз ету, оны компьютер көмегімен безендіру, даярлауда қажет. Өз бетімен білім алу (компьютерлік варианттар) да студенттердің ізденісіне, өз жұмыстарын компьютерде өңдеуге, жұмыс жобаларын жасауға үлкен көмек. Тандалған технологияларды қолдану нәтижесі жоғары болды: студенттердің қызығушылығы артты, шығармашылықтары шыңдалды, өз бетімен ізденіс бағыттары бастау алды.

Атқарылған жұмыстар бойынша оқу процесінде инновациялық технологиямен оқыту нәтижесі бақыланып, қорытындыланып отырды. Әдеттегі оқыту жүйесі жағдайындағыдан гөрі оқу процесі анағұрлым белсендірек екені, яғни, психологиялық өлшемдердің өзгеруін талдау интербелсенді оқытудың студенттердің Қарахан әдебиеті материалдарын мазмұнды, сапалы меңгеруіне, шығармашылығын дамытуына жағымды әсер ететінін көрсетті.

Эксперимент Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Шымкент университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттеріне жүргізілді. Білім алушылардың 2-курс 3-семестрінде «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні жүргізілетін. Бірінші кезеңде эксперимент жасауға дайындық кезеңі болды, яғни эксперименттің мақсаты мен міндеті анықталып жоспар құрылды. Университет студенттерінің бір тобына әдеттегідей «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні оқытылса, екінші бір тобына таңдау пәні ретінде «Қарахан дәуірі әдебиеті» оқытылды. Бақылаушы топ пен эксперименттік топта да инновациялық технологияларға негізделген әртүрлі жаңа әдіс-тәсілдермен сабақ жүргізілді. Сараптама аясында жеке тұлғаның, шығармашылығының дамуын көрсететін төмендегідей оқу себептілігі, ойлау,

қабылдау әрекеттілігі мен білім сапасы туралы психологиялық мониторинг жүйесі жасалды.

Кесте 16 – ойлау, қабылдау әрекет деңгейлерінің артуы

Жылдар	көрнекі-бейнелей ойлау	іс-әрекетті нышанды (символ) қабылдау	логикалық ойлау
2021-2022 оқу жылы	78 %	59 %	65 %
2022-2023 оқу жылы	84 %	66 %	78 %

Кесте 17 – инновациялық технологиямен оқытылу кезіндегі білім сапасы туралы мәлімет

Оқу жылдары	50 студент		50 студент		50 студент		Барлығы	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
1	2	3	4	5	6	7	8	9
2021-2022	66%	80%	46%	68%	65%	80%	56%	75%
2022-2023	70%	82%	57%	78%	59%	72%	69%	82%


Эксперимент нәтижесін талдау негізінде студенттердің оқу қабілеті, іскерліктерінің қалыптасуы қарқынды жүрді және олардың 78%-ы шығармашылық деңгейде әрекеттенді.

Қарахан дәуірі әдебиеті материалдарын меңгеру деңгейі мен сапасын, инновациялық технологияларды енгізудің нәтижелілігін бақылау мақсатында мынадай нәтижелер талданды:

- Қарахан дәуірі әдебиеті материалдары бойынша тапсырмалардың орындалуы;
- интеллектуалдық іскерлігі мен танымдық қызығушылығының қалыптасу деңгейі;
- тұлғаның өсу деңгейін анықтайтын психологиялық тексеріс мәліметтері.

Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту барысында студенттерге 10 арнайы тапсырма ұсынылды. Ол студенттердің әдебиет материалдарын қаншалықты деңгейде игергенін, түркі тіліндегі әдеби қолданыстарды қаншалықты айыратынын анықтау мақсатында берілген. Анықтау эксперименті бойынша

ұсынылған тапсырмаларды орындау кезінде студенттер түркі тілімен терең немесе керекті деңгейде танысу қажеттілігін байқатты. Яғни әдебиетті ғана меңгерту біржақты білім болып қалатынын байқатты. Тапсырмалар бойынша анықтау экспериментінің нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті.



Сурет 23 – Қарахан дәуірі әдебиеті бойынша берілген тапсырмалардың жалпы нәтижесі

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңі – 2021-2022жж. Қалыптастыру кезеңінде студенттер инновациялық технологиялармен танысып, алгоритмін меңгеруіне, тапсырмаларды орындауда қабылданған технологияны кезеңмен, жүйелі пайдалануына жағдай тудырылды. Сол кезеңдегі оқу материалын меңгеру деңгейлерін, қолданылған технологияның тиімділігін анықтауға басымдық берілді. Студенттің инновациялық технологияларды қолдана отырып шығармашылық ізденісін дамытуға басымдық берілуі нәтижесінен шыққан қорытындысында инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігін айғақтайды. Оқу процесіндегі белсенділігі 30 %-ға көтерілген.

2022-2023 оқу жылында өткізілген қалыптастыру сынақтамасы. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту, пән материалдарын меңгерудің белсенді әдістері бойынша жұмыс нәтижесінен шыққан **қорытынды:** өткізілген сынақтамалық тәжірибе жұмысы инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігін айғақтайды. Оқу процесіндегі белсенділігі 40 %-ға көтерілген.

Сонымен екі жылдық сынақтамалық тәжірибе нәтижесінен шыққан **қорытынды:** өткізілген тәжірибе жұмысы инновациялық технологияны пайдалану тиімділігін, атап айтқанда, оқу материалын мазмұнды меңгеру деңгейінен шығармашылық деңгейде жан-жақты талдап-танып, өз көзқарасы

мен тұжырымдарын жетік бере алатын студенттер санының пайыз көрсеткішінің ұлғайғанын айғақтайды.

Эксперимент жұмысы психологиялық қолдау көрсету арқылы кең өріс алды. Студенттің жұмысы психологиялық ахуал тудырумен қатар психологиялық даярлық болуымен маңызды бола түседі. Сол себепті студенттің жұмыс барысында оның психологиялық даярлығы мен жұмыс жүргізу қызығушылығына қатысты психологиялық тексеріс те жүргізілді. Психологиялық тексеріс жүргізуде нәтиженің тиімді болуы – қажетті экспериментальды әдістемелерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Зерттеу жұмысының болжамдарын анықтау мақсатына сәйкес төмендегі негізгі әдістемелік процедуралар іріктеліп алынды:

1. Дж. Таусендтің «Мәдени-құндылық бағдарын анықтау» тесті;
2. Тест-фреймдер (М.Еркінбекованың бейімделген нұсқасы).
3. Экспресс-сауалнамалар.

Дж.Таусендтің „Мәдени-құндылық бағдарын“ анықтау тесті құрылымы жағынан өте қолайлы және қарапайым. Тест 5 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа үш нұсқалы жауап берілген. Тест нәтижесі төмендегі кілт бойынша есептеледі:

Сұрақ №	ДМ	ҚМ	ДДМ
1	a	b	c
2	a	b	c
3	a	b	c
4	a	b	c
5	a	b	c

Тест нәтижесін өңдеуде респондент жауаптарының мәдениет типтеріне қарай орташа пайыздық көрсеткішін шығару қажет. Алынған нәтиже бойынша топ мүшелерінің қай мәдениет типіне жатқызу керектігін анықтауға болады және бұл жаһандану жағдайында студенттің мәдениет туралы ой, өрісінің деңгейін байқатады.

Тесті түсіндіру келесі үш деңгейді бөлуге мүмкіндік береді:


Бірінші түрі – дәстүрлі мәдениет (ДМ) – адамдардың тарихқа, мәдени-тарихи мұраға, дәстүрлерге, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығының жоғары деңгейімен сипатталады. Мәдениеттің осы түріне жататын адамдар жұмбақ күштерге, табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады, дегенмен оларды шешуге деген құлшынысы жоқ деп айтуға болады. Ол өзінің отбасы мен діни сенімдерін жоғары бағалайды. Мәдениеттің бұл түрінде адамдардың ішкі әлемінің бостандығына жол берілмейді, өйткені адамдар теріс қылықтар жасамау, оғаштықтар жасамау үшін өз қауымдастығының қатаң бақылауында болуы керек деп саналады. Шешімді қоғамдастық қабылдайды және бұл шешімнің нәтижесі аға буынға байланысты болады.

Екінші түрі – қазіргі заманғы мәдениет (ҚМ) – уақыт өте келе өзгерістерге ұшырайды. Ол табиғатпен үйлесімді өмір сүруге, табиғат заңдарын сақтауға тырысады. Мәдениеттің бұл түрінде басты фактор-адам және оның

құқықтары, тұлға ретінде дамуы, өмірде өз орнын табу. Адамдар арасындағы қарым-қатынас олардың әлеуметтік жүйедегі рөлі мен мәртебесіне байланысты қалыптасады. Достық өте баяу дамып келе жатқанымен, уақыт өте келе терең мағынаға ие болады. Мұндай қоғамда адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттері моральдық, этикалық нормалар мен ережелермен реттеледі. Олар тұлғааралық қарым-қатынаста өзін қалай ұстау керектігін біледі, рөлдік ойын мен әлеуметтік қашықтықты сақтауға тырысады. Кез келген жеке шешімдерді қабылдау кезінде топтардың, отбасылардың және еңбек ұжымы мүшелерінің мүдделері, жоспарлары, қажеттіліктері мен келісімдері ескеріледі. Ол өз жұмысының нәтижесі үшін материалдық емес, моральдық сыйақы (Даңқ, тану, сәттілік) алуға тырысады.

Үшінші түрі – қарқынды дамып келе жатқан мәдениет, немесе динамикалық дамушы мәдениет (ДДМ) – адамдардың болашаққа деген көзқарасын, нәтижелерге жылдам қол жеткізуді көрсетеді. Ол жоспарларын қысқа және жылдам шешімге келетіндей етіп жоспарлауға тырысады. Мұндай адамдар үшін “уақыт - ақша”. Ол табиғатқа “жұмбақ”, жұмбақ әлем ретінде қарамайды, керісінше табиғат адамға бағынуы керек деп санайды. Ол еркіндікті өзінен жоғары қояды, Тәуелсіздіктің, даралықтың, Тәуелсіздіктің маңыздылығын түсінеді. Ол жұмыстың нәтижесін материалдық тұрғыдан бағалау қажет деп санайды. Көбінесе саналы түрде табысқа жету жолында, материалдық құндылықтарға жету жолында өзін құрбан етуге дайын [180, б.].

Зерттеу жұмысымыздың алғашқы жеке болжамын анықтау мақсатында, яғни Қарахан дәуірі әдебиеті материалдарын қолданудың нәтижелі болуына олардың мәдени-құндылық бағдары қаншалықты әсер ететіндігін анықтау үшін Дж. Таусендтің «Мәдени құндылық бағдарын анықтау» тесті жүргізілді:



Сурет 24 – Студенттердің жалпы мәдени-құндылық бағдарын анықтау

Дж.Таусенд әдістемесін сыналушылардың мәдени-құндылық бағдарын анықтау мақсатында мүмкіндігіміз болды. Олар:

1) топтар бойынша сыналушылардың жалпы мәдени-құндылық бағдарын анықтау (сурет -17);

Әдістеме нәтижесі көрсеткендей, жалпы топтық экспериментке қатысушылардың 39,4 %- ы дәстүрлі мәдениетті, 33,8 %- ы қазіргі мәдениетті таңдаса, ал 26,6 %- ы динамикалы дамушы мәдениетке таңдау білдірді. Бұл байқауды біз өз сабақтарымызда да айқын байқап отырдық. Біздің студенттерді Қарахан мәдениеті мен әдебиетін қазіргі кездің тұрғысынан жоғары бағалау үнемі көрініп отырды.

Сонымен, сараптаманың нәтижелері бойынша эксперименттік топтарда білім сапасының артқаны байқалды. Зерттеу барысында білім сапасының диагностикасы негізінде мынадай қорытындылар жасалды:

- біріншіден, студенттердің жеке-дара қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес базалық құрамды толық меңгеруіне және білім сапасын арттыруға қол жетті;

- екіншіден, пәндерге тұрақты танымдық қызығушылық және рефлексия негізінде өзін-өзі талдауды іске асыра білуін қалыптастыруға қол жетті;

- үшіншіден, студенттердің интеллектісі артты, коммуникативтік іскерлікке үйренді, өз мамандығының кәсіби құзыреттілік сапаларын меңгерді.

Сараптама нәтижелері студенттердің өз шығармашылығын дамытудың неғұрлым жоғары дәрежесіне көтерілгенін, танымдық процестерінің дамығандығын, өз шығармашылық мүмкіндіктерін өзектілендіру дәрежесінің артқанын көрсетті.

Сынама барысында студенттердің тапсырмаларды таңдау еркіндігін назарда ұсталды. Ол, біріншіден, оқу процесінің ағымдағы нәтижелері мен оны түзету мүмкіндіктерін; екіншіден, педагогикалық кадрлардың шынайы деңгейін, олардың инновациялық міндеттерді шешуге даярлығын айқындауға мүмкіндік берді.

Осы жоғарыда айтылған ойымызды жинақтап, талдай келе, *төмендегідей ой түйіндейміз:*

- білім беру процесінде студенттердің материалды игерудегі шығармашылық қабілетін дамыту өлшемдерін жеткілікті деңгейде дамыту және өзін-өзі шығармашылық дамытудың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуіне мүмкіндік тудыру; оқушылардың шығармашылық қуатын өзектілендіру дәрежесін инновациялық оқыту тәсілдері мен құралдары арқылы жетілдіру;

- студент білімінің потенциалы мен шығармашылығын дамыту дәрежесін талдау үшін жеке тұлғаның шығармашылығын дамыту өлшемдері мен деңгейлерін жаңаша өлшемдер және студенттердің өзіндік бағалауымен санаса отырып талдау бағыттарын дамыту қажет.

Нәтижесінде эксперименттік топта бақылаушы топқа қарағанда білім деңгейінің 35% ға көтерілгенін айтуға болады.

Сонымен, зерттеуімізде Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту үлгісін сынақтан өткізудің зерттеушілік нәтижелері бойынша оқу процесінде студенттердің білім алу, Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде қарастыру, оқу мүмкіндіктері, нәтижелі білім сапасы мен шығармашылығын дамыту үлгісін жүзеге асыру үшін зерттеуде студенттер мен педагогтің бірлескен және жеке қызметінің деңгейінде басқару жүйесі; психологиялық-педагогикалық қызмет жұмысының процесі; болашақ кәсіби мамандармен жұмыс ерекшеліктерін көрсететін оқу процесінің мақсатты түрде бағытталған жұмысы әзірленді. Осы бағытта оқу бағдарламаларын дайындау жұмыстары күн тәртібіне қойылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Сол себепті де маман дайындайтын әрбір ЖОО орындарында Білім беру Бағдарламаларын жасаған кезде оқытылатын пәндердің саны емес, сапасына тереңнен мән берілуі керек екендігін уақыт өзі көрсетіп отыр. Зерттеу диссертациямызда болашақ Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлауда Қазақ әдебиеті тарихы пәндерін оқытудағы мәселелерге тоқталып, «6B01701- Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау білім бағдарламасы» бойынша білім бакалавры мамандық иесінің «Қарахан дәуіріндегі әдебиеті» пәнін оқыған да игеретін құзыреттіліктеріне жан-жақты тоқталдық.

Білім бағдарламасына «Қарахан дәуіріндегі әдебиеті» курсы енгізіп, жеке пән ретінде оқытқан да жас маман елінің рухани құндылықтарын меңгерген, ғылыми деректермен жұмыс жасай алатын, білім мен білігі қалыптасқан тұлға болып табылатынын дәлелдедік. Жалпы Қарахан дәуіріндегі әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін білу, түркі халықтарына ортақ әдебиет дәуірінен бастап, хандық кезең әдебиетінің даму арнасы мен оны дамытуға үлес қосқан ақын-жыраулардың шығармаларын талдау, тарихи кезең тұлғаларының шығармаларында көтерілген адами құндылықтарға қатысты студенттің өз іркімен шығармашылық жұмыс жасауының жолдарын ұғындыру. Студенттің біліктілік алып шыққанан кейін жас маман ретінде тек қызмет орнында ғана емес, қоғамдық ортада да өз орнын табуына ықпал ететін тәрбие процесінің де сапасын мен маңызына да жан-жақты тоқталып, басты талаптар талданып көрсетілді.

Жаһандану жағдайында елдігіміздің негізі, тарихымыздың бастауы болып табылатын ұлтымыздың әдеби, мәдени мұраларын кейінгі ұрпақтың іждаһаттылықпен жинақтап, таным мен тағылым таразысында салмақтап, зерттеп-зерделеп, оны болашақ игілігіне жаратуға үлес қосуы – дәстүрлі түрде орындалуы тиіс, қиянат жасауға болмайтын, ғасырдан ғасырға жалғасқан аманаттық ұғым. Әдеби мұралардың сақталуы және адамзаттың әдеби қазынасына қосылуы, лайықты орында болуы үшін еңбек ететін ертеңгі ұлт тұлғасына берілетін білім мемлекеттік ресми, ғылыми, іскери стандарт, бекітілген бағдарлама аясында қалып қоймай, заманауи өзгерістер мен әлемдік даму кеңістігіне сай білім көзі болуы керек. Білім дағдылары шеберлікпен, білім көзі оқу, зерттеу арқылы толығып отыратын шынайы білім иесі қоғамға аса қажет. Тәжірибеміздің барысында кемел тұлға қалыптастыру жан-жақтылықты: білім мазмұнын меңгерудің ғылыми-теориялық, тәжірибелік-танымдық білім негіздерін берумен бірге креативті шығармашылық пен зерттеушілік ізденісті дамытуды талап ететініне көз жеткіздік. Қазіргі кезеңде білім беру саласында әдебиет пен тілдің байланысын ұштастыра зерделеу, оны білім беру үрдісінде ұтымды қолдану айрықша маңызға ие болып отыр, өйткені әдебиет пен тілдің, әдебиет пен мәдениеттің, әдебиет пен тарихтың,

әдебиет пен болмыстың, әдебиет пен ділдің байланысын білім алушыға меңгерту, оның метақұзыреттілігін: әлеуметтік-мәдени, ақпараттық, лингвомәдени және коммуникативтік т.б. құзыреттіліктерін қалыптастыру өмір қажеттілігінен туындап отыр.

А. Қыраубаеваның «*Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл*» деген сөзі білім алушының білімді игеріп, білігі мен дағдысын дамытуына ғана басымдық беріп қоймай, оның сол білімді өз бойынан өткеріп, жүрегімен түйсініп сіңіруіне жағдай тудыру қажеттілігін, оның тұлғалық болмысын білім алу дағдыларымен үйлестіруге көп көңіл бөлу керек дегенді айғақтайды.

Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту бойынша жүзеге асырылған эксперименттік тәжірибе кезеңінде білімді шынайы меңгерту мен студент шығармашылығын, зерттеушілік және аналитикалық қарым-қабілетін жан-жақты дамытуға байланысты жүргізілген теориялық және тәжірибелік зерттеу жұмысымыздың нәтижелері мынадай *қорытынды тұжырым* жасауға мүмкіндік берді:

1. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту бойынша эксперименттік бағыттағы педагогикалық-психологиялық тәжірибені терең зерделеу студенттің білімді меңгеруі мен шығармашылығын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттарын айқындау және әдістемелік негіздерін бекіту қажеттілігі бар екенін көрсетті. Осындай шарттардың бірі – білім беруді ізгілендіру мен толық меңгертуді жолға қоятын инновациялық технологиялар. Студенттің шынайы білім көзін меңгеруін, шығармашылық ізденісін инновациялық технология мен интербелсенді оқыту арқылы дамытудағы ғылыми-практикалық тәжірибенің рөлі: *біріншіден*, өз ісіне сүйіспеншілікпен қарайтын кәсіби маман мен тұлға болмысын қалыптастыру әдеби мұраны меңгерту мен өмір құндылықтарын бағалау, сақтау студентте тек ізгілік құндылықтары мен жаңашылдық ізденістерге негізделген оқу процесі арқылы ғана қалыптасуының; *екіншіден* – студент шығармашылығы дамуы үшін тұлға қабілеттері мен инновациялық технологияларды тиімді қолдану жолдары қарастырылып жүйеленуінің; *үшіншіден*, экспериментке қатысу мен ізденістің өнімді жұмыс көзі екенін сезіну студент шығармашылығын дамыту процесінің прогрессивті бағыты, қайнар көзі болып табылатындығымен айқындалады.

2. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту процесін философиялық-педагогикалық тұрғыдан талдай келіп, эксперимент кезеңдерін жүйеледік, жеке тұлғаның меңгеру белсенділігі мен даму деңгейлерін айқындадық.

3. Оқу процесіндегі инновациялық технологиялардың ролі анықталып, олардың түрлері мен тәсілдері Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту ізденістеріне, тақырыптарға сай таңдалып, қолданылып, нәтижесі талданды.

4. Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мақсатында оқу процесін бақылау мен белсенді меңгеруді бір ізге салу және гуманитарлық білім беру ісін жүзеге асыруда бірыңғай ақпараттық, әдістемелік кеңістік құруға ықпал ету мүмкіндігін беретін педагогикалық-психологиялық диагностиканы қолдану оң нәтижеге жеткізді.

5. Білім беру процесінде оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын тең құқылы ынтымақтастық пен жеке жауапкершілік негізінде құруға және студенттердің коллаборативті орта құрып, өз шығармашылығын тиімді дамытуына және оларды тұтастай сүйемелдеп отыруға мүмкіндік беретін психологиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру тиімді болды.

6. Қарахан әдебиетін оқытуға негізделген, мектепте элективті курс ретінде оқыту бағдарламасы жасалып, мектеп практикасында сыннан өткізуге ұсынылды.

7. Негізінен студенттердің құзыреттілігі мен шығармашылығын дамытудың мынадай 7 құрамын дәлелдеуге тырыстық:

- оқу себептілігі;
- өзара қарым-қатынас;
- зейін, есте сақтау;
- ойлау ерекшелігі;
- креативті ізденіс;
- зерттеу, нәтижемен жұмыс;
- болашақ маман ретіндегі іскерлік және білім сапасы.

Студенттерден сауалнамалық сұрақ-жауап өткізу негізінде бұл құрамдардың жүйелілігін реттілігін анықтауға мүмкіндік алдық. Яғни психологиялық тұрғыдан студенттердің қызығушылық сезімдерін қалыптастыру тырыстық. Содан кейін барып оқуға зейінін бұрдық. Осылардың нәтижесінде студенттердің білім деңгейлері эксперименттік топтарда өзге топтармен салыстырғанда 30%-ға артқанын, студенттердің оқу қабілеті, іскерліктерінің қалыптасуы қарқынды жүріп, олардың 78 % -ының шығармашылық деңгейде әрекеттене бастағанын байқадық.

Біздің эксперимент жұмысымыздың нәтижелері мынадай *перспективалық зерттеулерді* қажет етеді:

Студенттің өз бетінше жүзеге асырылатын ғылыми-ізденушілік, танымдық іс-әрекетін дамыту үшін пәнді оқыту әдістемесі мен оқытушының кәсіби шығармашылық шеберлігін жетілдіру бағытында жеке шығармашылық ізденістерді зерттеп, әдістемелік топтама жасау керек;

Әдебиеттің жеке бір саласын оқытуда өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып сапалы білім беру мен студент шығармашылығын дамытуға арналған оқытудың үздік әдіс-тәсілдерін анықтау және жинақтау;

Жаһандық білім беру кеңістігі мен еліміздегі білім беру саласындағы болып жататын жаңашылдықтарға сәйкес пән оқытушысының жеке шығармашылық ізденісіне қолдау көрсету, біліктілігін үздіксіз жетілдіруіне жағдай тудыру;

Диссертациялық зерттеу материалдары бойынша оқу бағдарламаларын, әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, сондай-ақ орта және жоғары педагогикалық білім беретін оқу орындарында элективті пәндер курсы даярлау.

Қорыта келгенде, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамы тәжірибе-эксперименттік жұмыста дәлелденді деуге болады. Себебі, эксперименттік бөлімдерде оқытылу деңгейінің айырымы 20%-ға жетті.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру кеңістігінде де жаңа бағдарлардың басымдыққа ие болуын қажет етуде. Түркі тілдес халықтар арасындағы сан салалы байланыстардың қарқынды өрістеуі, жаһандану екіні әр халық, әр ұлттың өз табиғи белгілері мен рухани құндылықтарын, әдебиеті мен тілін, мәдениетін сақтап қалудың маңыздылығын айқын көрсетіп отыр. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту білімді ғана емес, «қазақы құбылыс» – ұлттық тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Қарахан дәуірі әдебиетін орта білім беру жүйесіне енгізу еліміздің білімді, ұлтжанды болашақ тұлғаларын даярлауда көкейкесті сипатқа ие.

3. Бәсекелестікке қабілетті студент – құзыреттіліктері қалыптасқан тұлға. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту коммуникативтік, проблеманы шешу, ақпараттық, мәдени-танымдық құзыреттіліктерден құралатын жан-жақты құзыреттілікті қалыптастырудың мәнін тереңдетеді.

4. Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипаты мен ағартушылық сипаттағы, тұлға қалыптастырудағы рөлі ЖОО–да жеке пән ретінде оқытуға ғана емес, мектепте элективті курс пәні ретінде оқытуға мүмкіндік береді.

5. Ақпарат тасқыны мен технологиялардың заманында студенттердің қарым-қатынас жасауын кеңейту, шығармашылық қарым-қатынас жасауы үшін коллаборативті ортадағы зерттеу, белсенді іс-әрекет негізінде жүргізілу тиімділігін көрсетеді.

Қарахан дәуірі әдебиеті қазіргі қазақ тілі мен әдебиетінің негізі болып табылатын ұлттық-мәдени құбылыс, ғасырлардан жалғасқан ұлттық код. Ол – жеке адамның, ұлт тұлғасының, концептуалды жүйе мен қоршаған ортаның барша сипатын танып-білуіне, пайымдауына және қорытуына, дамытуына мүмкіндік беретін өріс. Қарахан дәуірі әдебиеті ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін айқындап, ұлт мұрасы ретінде эталон-үлгілерді, символ-нышандарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді, ұлт әдебиетін дамытуға қызмет етеді.

Біздің зерттеулерімізден мынадай *практикалық ұсыныстар* жасауға болады:

– Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқытуға, оқу процесінде студент білімділігі мен шығармашылығын дамытудың біз ұсынған жүйесін басшылыққа алуға болады;

– Қарахан әдебиетін түркі тілі ерекшеліктерін ескере отырып, тығыз байланыста оқыту аса маңызды;

– Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту негіздерін А. Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиетті» мектепке енгізген тәжірибесін ескере отырып, элективті курс ретінде мектептен бастаған жөн;

- оқу процесінде білім сапасы мен студент шығармашылығын дамытуда ұлт педагогтерінің әдістемелік тәжірибесі мен әлемдік инновациялық оқыту технологиясын пайдалану тиімді.

- Студенттің ұлттық мәдени санасын дамыту үшін әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың критерийлерін жасауды жалғастыру керек. Осы ұстанымға сай даярланған оқу-әдістемелік кешен Қарахан дәуірі әдебиетінің мәдени-рухани құндылық ретіндегі маңызы мен мәнін арттыра түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы бойынша бекітіліген “Білімді ұлт” сапалы білім беру” ұлттық жобасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/> 24.11.2021ж
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде N 3058. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы // Концепция этно-культурного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 32 б. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058>
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Концепция гуманитарного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1994. – 40 б.
- 4 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы. Астана, 2017. 12 сәуір. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
- 5 Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. // Егемен Қазақстан 2018. 21 қараша.
- 6 Владимир Даль. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 томах (комплект). - М.: ТЕРРА-Книжный клуб, 1998. – 912 с.
- 7 Кононенко Б.И. Большой толковый словарь по культурологии - М.: Вече: АСТ, (ОАО Ярослав. полигр. комб.). 2003. – 509 с.
- 8 Қозыбаев М. Академик. Мерейтойлық жинақ. Алматы: Атамұра, 2001. - 136 б.
- 9 Байпаков К.М. Городская культура Южного Казахстана и Семиречья в эпоху Караханидов // Казахская цивилизация. Алматы, 2002. - №1 - 47 с.
- 10 Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» (Қарасөз түрінде) ауд. Бекарыс Нұрیمان Астана, 2023. - 208 б.
- 11 Қашғари М. Түрік сөздігі, 3 томдық, / аударып, баспаға даярлаған филология ғылымдарының докторы А.Егеубай / «Арда+7», Алматы, 2017. – 600 б.
- 12 Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы, 1993. – 194 с.
- 13 Кляшторный С.Г. Эпоха «Кутадғу билиг». Советская тюркология – М., 1970. - №4. – 82 с.
- 14 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1967. – 504 с.
- 15 Массон В.М. Раннесреднековая археология Средней Азии и Казахстана // Успехи среднеазиатской археологии. Вып.4.Л., 1979. – 130 с.
- 16 Сенигова Т.Н. Среднековый Тараз. Алма-Ата, 1972. – 218 с.

- 17 Караев О. История Караханидского каганата [X- нач. XIIв.в.] Фрунзе, 1983. – 301 с.
- 18 Байпаков К.М. Городская культура Южного Казахстана и Семиречья в эпоху Караханидов // Казахская цивилизация. Алматы, 2002. - №1. - 42 с.
- 19 Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. «Қаржы-қаражат», Алматы, 1995. – 200 б.
- 20 Radloff W., Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Balasagun T.II. Text und Ubersetzung nach den Handschriften von Wien und Kairo, 1900 - 1910. - 549 с.
- 21 Мелиоранский П.М. По поводу новой археологической находки в Аулиеатинском уезде,— ЗВОРАО, 1899. - 271 с.
- 22 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.– Л., 1951. – 451 с.
- 23 Стеблева И.В. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. – М, 1993. – 180 с.
- 24 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. - Изд. 2-е, доп. и испр. Наука. Ленингр. отд-ние, 1982. - 360 с.
- 25 Короглы Х. Алп Ер Тонга и Афрасияб по Юсуфу Баласагуну, Махмуду Кашгари и другим авторам. «Советская тюркология», 1970. - №4. – 77 с.
- 26 Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих) ауд. Төтенаев Б., Жолдасов А.. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 27 Байтұрсынұлы А. Классикалық зерттеулер. Алматы, 2012. - Т. 9. - 235 б.
- 28 Досмұхаммедұлы Х. Классикалық зерттеулер. Алматы, 2012. – Т.9. - 261 б.
- 29 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, «Санат», 1997. – 928 б.
- 30 Айдаров Ғ. «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» Алматы, – 1986. – 180 б.
- 31 Өмірәлиев Қ. VIII-XI ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1985. - 37 б.
- 32 Қыраубаева А. «Ежелгі дәуір әдебиеті» Астана, «Елорда». – 2001. – 374 б.
- 33 Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті» Оқулық. А; – 2005. – 336 б.
- 34 Баласағұн Жүсіп. /ауд. А. Егеубай./ «Құтты білік».-Алматы,1986. Қашқари М. Түрік сөздігі / Ауд.А. Егеубай./ – Алматы: Арда, 2017. – 39 б.

- 35 Уәли Н. Қазақтың дәстүрлі сөз саптамы. Алматы, «Қазақ тілі», 2020. – 250 б.
- 36 Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. /Түсініктерін жазған Ә. Құрышжанов. / – Алматы: Жазушы, 1987. – 208 б.
- 37 Nurimanov B., Mamayt A. Kazakistan'da Yapılmış Kutadgu Bilig Çalışmalarının Kronolojik Kaynakçası Hakkında Bir Deneme //Millî Folklor, 2019. (124) - 30-50.
- 38 Tilavov Abdumurad. *Özbekistan'da Kutadgu Bilig Çalışmaları*. Doğumunun 990. Yılında Yusuf Has Hacib ve Eseri. Kutadgu Bilig Bildirileri (26-27 Ekim 2009). Haz. M. Duman. Türk Dil Kurumu Yayınları. Ankara, 2011. – S. 535-539.
- 39 İmin Tursuncan. *Çin'de Kutadgu Bilig Araştırmaları*. Doğumunun 990. Yılında Yusuf Has Hacib ve Eseri. Kutadgu Bilig Bildirileri (26-27 Ekim 2009). Haz. M. Duman. Türk Dil Kurumu Yayınları. Ankara, 2011. – S. 253-259.
- 40 Yasin Yusufcan. Uygur Özerk Bölgesi'nde Kutadgu Bilig Araştırmaları-I. // Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Türkiyat Araştırmaları Dergisi, (35) 2014. - S. 81-109.
- 41 Wamberry H. Cagataische Sprach-Studien. Philo Press, Amsterdam, Neudruck 1975 der Ausgabe Leipzig Choga Ahmed Jesewi. Hikmet, 1867. - S. 115-123.
- 42 Березин И.Н. Турецкая хрестоматия. Т. 1-3. Казань: Тип. Казанского университета. 1857. - Т. 1.
- 43 Ильминский Н.И. Вступительное чтение в курс турецко-татарского языка. – «Уч. зап. Казанского ун-та». 1861. - кн. 3, - С. 1-59.
- 44 Flügel G. Die arabischen, persischen und türkischen Handschriften der Kaiserlich-Königlichen Hofbibliothek zu Wien. Dritter Band. Wien: Verlag der K. K. Hof- und Staatsdruckerei, 1867.
- 45 Vambéry H. Üigürische Sprachmonumente und das Kudatku Bilik. – Innsbruck, 1870. – 264 p.
- 46 Abel Pavet de Courteille. “Uigurische Sprachmonumente und das Kudatku Bilik, uigurischer Text mit Transcription und Uebersetzung nebst einem uigurisch-deutschen Wörterbuche und lithografirten Facsimile, aus dem Originaltexte des Kudatku Bilik, von Hermann Vambéry”. // Journal Asiatique. Septième Série. Tome Premier: - 1873. - P. 377-412.
- 47 M. Fuad Köprülü. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar (haz. Orhan F. Köprülü), Ankara 1966. - S. 101-121.
- 48 Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. – Petersburg, 1910. – 561 s.
- 49 Alberts, O. Aristotelische Philosophie in der türkischer Literatur de XI. Jahrhundert. Archiv für Geschichte der Philosophie. 1910. - Vol. 13, Issue 4. - P. 319-336.
- 50 Grenard M.F. La Légende de Satok Boghra Khân et l'histoire. Journal Asiatique. 1910. - Vol. 15. - P. 5-79.

- 51 Hartmann M. Zur metrischen Form des Kutadku Bilik // Keleti Szemle, 1902. - Vol. 3. - P. 141-153.
- 52 Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. – Petersburg, 1891. – 252 p.
- 53 Самойлиевич А.Н. Из поправок к изданию и переводу «Кутадгу билиг». – Доклады Россической Академий наук СССР. 1924. - С. 148-151.
- 54 Thury J. Ondördüncü Asır Sonlarına Kadar Türk Dili Yadigârları. Çev. R. Hulusi. Milli Tetebbular Mecmuası. 1912. - Vol. 2, Issue 4. - P. 81-133.
- 55 Brockelmann C. Alttürkestanische Volksweisheit. Ostasiatische Zeitschrift. 1920. - Vol. 8. - P. 50-73.
- 56 Самойлиевич А.Н. Из поправок к изданию и переводу «Кутадгу билиг». – Доклады Россической Академий наук СССР. 1924. - С. 148-151.
- 57 Schuyler E. Turkistan: Notes of a Journey in Russian Turkistan, Khokand, Bukhara and Kuldja. New York, 1876.
- 58 Залемань К. Легенда про Хакимь-Ата // Известия Императорской Академий Наук, 1898. - Том 9, №2. - С. 105-150.
- 57 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері [Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін]. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1967. – 388 б.
- 58 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің жазба тілі. – Алматы: Мектеп баспасы, 1971. – 272 б.
- 59 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
- 60 Айтенова Д., Мынбаева А.П., Байгутова Д.Н., Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы, Педагогика сериясы. 2022. - № 6. – Б. 37-44.
- 61 Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 360 б.
- 62 Библер В.С., Бахтин М.М. Поэтика культуры. М.: Прогресс, 1991. - 164 с.
- 63 Быстрова А. Н. “Мир культуры (Основы культурологии)” М.: Изд. Федора Конюхова; Новосибирск: ЮКЭА, 2002. — 712 с.
- 64 Межуев В.М. Идея культуры: Очерки по философии культуры. М., 2006. - 326 с.
- 65 Вежбицкая А. Семантические универсалии «примитивное мышление // Язык. Культура. Познание. – 1996. – С. 291-325.
- 66 Гоббс Т. Сочинения в 2 т. Т. 1 /Пер. с лат. и англ.; Сост., ред. изд., авт. вступ. ст. и примеч. В. В. Соколов.— М.: Мысль, 1989.— 622 с.
- 67 Еділбаева С.Ж. Білім беру философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138 б.
- 68 Гегель. Философия духа // Энциклопедия философских наук: В 3 т. – М.: Мысль, 1977. – Т.3. – 471 с.

- 69 Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік және философиялық талдау. – Алматы: Раритет, 2010. – 181 б.
- 70 Веселова В.С. Ценности современного общества и образования // Ценности и смыслы. 2010. - № 2 (5). - С. 64–73.
- 71 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. –Алматы: «Өлке», 2006. – 640 б.
- 72 Ахметжанова З. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира // Этнос және тіл. Академик Ә. Қайдардың 85 жас мерейтойына арналған халықар. конф. материалдары. – Алматы, 2009. – Б. 175-179.
- 73 Келімбетов Н. «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» А; – 2019. – 904 б.
- 74 Нұрышева Г. Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау. – Алматы: ЖШС «Инжу-Маржан», 2011. – 348 б.
- 75 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 76 Философиялық сөздік – Редкол.: Нұрғалиев Н.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ., Әбділдин Ж.М. ж.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 77 Джон Дьюи. Реконструкция в философии. Пер. с англ. М. Занадворова, М. Шикова. – М.: Логос, 2001. – 168 с.
- 78 Маслова В.М. Лингвокультурология: Учебное пособие / В.А.Маслова. – 2-ое изд., стереотип. – М.: Академия, 2004. – 208 с.
- 79 Сыбанбаев Қ.Ү. Философия: оқу құралы. Алматы: Экономика және құқық академиясы, 2012. – 224 б.
- 80 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. 2005. – 332 б.
- 81 Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.
- 82 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық, –Алматы, «Санат», 1997. – 928 б.
- 83 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 54 б.
- 84 Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. 13.00.02 – Алматы, 2008. – 290 б.
- 85 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 86 Педагогика тарихы (білім беру және педагогикалық ойлар тарихы). Оқулық. - Алматы: 2013. – 494 б.
- 87 Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих) Ауд. Б. Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992.–304 б.
- 88 Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, «Ана тілі», 1993. – 192 б.
- 89 Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
- 90 Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан

Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы, №205 Жарлығы. <https://egi.edu.kz/wp-content/uploads/2020/12/Gosprogramma-2020-2025-gody.-kaz.pdf> 27.10.22ж.

91 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

92 Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениеті және шешендік: оқыту теориясы мен әдістемесі. Монография. – Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014. – 210 б.

93 Рахметова Р. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. 13.00.02 Алматы, 2010. – 230 б.

94 Кудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. Алматы, 2008. – 328 б.

95 Кондурар М.В. Понятия компетенция и компетентность в образовании. – Вектор Науки ТГУ. 2012. - № 1(8). – С. 189-191.

96 Мұхамеджанова Г.Т. Оқушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру // Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму бағыттары: I Халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2016. – Б. 91-94.

97 Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті. – Алматы: Толағай, 2007. – 316 б.

98 Бисенғали З., Манкеева Ж. Қазақ филологиясы: егіз негіз. – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.

99 Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: филол. ғыл. докт. ... дисс. автореф. 13.00.02 – Алматы, 2007. – 47 б.

100 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.

101 Ахмет Йүгінеки Ыбат-ул хақайық – X II ғасыр ескерткіші: «Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі» арнаулы (XI-XII ғғ) курсының оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 184 б.

102 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. өңд., 3 - бас.– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

103 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан». 1997. – 288 б.

104 Мұхамеджанова Г.Т., Алдаш А. Қазақ тілін оқытудың лингвомәдени бағыты: аспектілер және әдіс-тәсілдер // Materials of the III International scientific-practical conference «Innovation management and technology in the era of globalization». – Sharjah, United Arab Emirates, 2016. – Б. 599-605.

105 Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления: Пер. с нем. – М.: Республика, 1993. – 445 с.

106 Абай және қазақ социумы. Төртінші том. «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының жобасы. Нұр-Сұлтан: Алаш Орда, 2020. – 347 б.

107 Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.

- 108 Сәтбаева Ш.Қ., Уәлиханов Ш. – филолог. Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.
- 109 Маковский М.М. Сравнительный словарь мифологической символики в индоевропейских языках: образ мира и миры образов. – М.: Владос, 1996. – 416 с.
- 110 Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПИК «Дәуір», 2011.– 368 б.
- 111 Колосова О.Ю. Философия экологии в формировании новой мировоззренческой парадигмы // Наука и современность. – 2011. – № 8-3. – С. 114-118.
- 112 Гончаров В.Н. Информатизация образования современного общества: социально-антропологический аспект // Фундаментальные исследования. – 2009. – № 1. – С. 87-88.
- 113 Жанадилова Қ.Б., Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш сынып педагогтерінің метақұзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ерекшеліктері. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. 2020. №3(83). – 158 б.
- 114 Шэпер Х. Ключевые компетенции в обучении и профессии. О приобретении ключевых компетенций и их значении для профессиональной деятельности выпускников вузов // Болонский процесс: Результаты обучения и компетентностный подход (книга-приложение) / Под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. 2009. - С. 289-297.
- 115 Қыраубаева А. Ұстаздық ұлағаты мен ғылыми мұрасы // республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары 2022. – 96 б.
- 116 Оразбаева Ф.Ш. Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары. А. Қыраубаеваның 70 жылдық мерейтойындағы баяндама – 2019. – 249 б.
- 117 Қыраубаева А. Жаным садаға. 5 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: Өнер, 2011. - 344 б.
- 118 Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы. Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. - №1 (62). - 2020. – Б. 4-5.
- 119 Бордовский В.А. Теория и практика организационно-методического обеспечения инновационного развития высшего педагогического образования. – СПб, СПбГУ им.Герцена, 1998. – 179 с.
- 120 Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Том первый. Собрание сочинений. Академия педагогических наук. Москва - Ленинград. - 1950. – 777 с.
- 121 Жұмабаев М. Педагогика.- 3-ші бас.- Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
- 122 Выготский С.Л. Собр. Сочинений - М.: Педагогика, 1983 - 45 с.
- 123 Эльконин Д.Б. Психология игры. –М.: Педагогика, 1996. – 226 с.
- 124 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М., 1986. - 154 с.

- 125 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. - М.: Педагогика, 1980. – Т.1. - 20 с.
- 126 Занков Л.В. Избранные педагогические труды –М., 1990. – 424 с.
- 127 Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! - М., 1983. - 208 с.
- 128 Волков И.П. — М.: Педагогика, 1982. — 88 с.
- 129 Шаталов В.Ф. “Эксперимент продолжается” - М. Педагогика, 1989. - 336 с.
- 130 Ильин Е.Н. Путь к ученику: Раздумья учителя-словесника. Кн. для учителя: Из опыта работы. — М.: Просвещение, 1988. - 224 с.
- 131 Хмель Н. Д., Хайруллин Г. Т., Муканова Б. И. Педагогика. Оқулық / Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы – Алматы: Print-S, - 2005.– 430 б.
- 132 Фридман Л.М. Педагогический опыт глазами психолога: кн. Для учителя. –М. Просвещение, 1987. – 224 с.
- 133 Роджерс К. К науке о личности // История зарубежной психологии (30-60 гг.): Тексты. - М., 1986. - С.200-230.
- 134 Орақова А.Ш. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттары: педагог.ғылым.канд... дис. автореф. 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика Алматы, 2006. – 27 б.
- 135 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. - 358 б.
- 136 Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. – Б. 30 - 32.
- 137 Психология. Словарь. – М.: Политиздат, 1990. - 494 с.
- 138 Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М.: Просвещение, 1969. – 659 с.
- 139 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.–М., 1975. - 301с.
- 140 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Педагогика, 1989. - 488 с.
- 141 Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М.: Педагогика, 1991. – 461 с.
- 142 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды – М.: Педагогика, 1989. - 560 с.
- 143 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды в 2 т. - М., 1980. – 288 с.
- 144 Кеттелл Р. Способности: их структура, рост и действие. Нью-Йорк: Хоутон Миффлин. 1971. – 298 с.
- 145 Караев Ж.А., Нурахметов Н.Н., Дуйсенбаев Б.М., Жадрина М.Ж., Байжасарова Г.Ж. Дидактические требования к разработке и экспертизе программ, учебников и элементов УМК – Алматы: Респ. изд. каб., 1998. – 54 с.
- 146 Джадрина М.М. Вопросы повышения качества школьного образования. // Материалы международной научно-практической

конференции: «Среднее образование в XXI веке: состояние и перспективы развития».-Астана, 2002. - С.15-19.

147 Кэрролл Л., Тоубер Дж. Дети Индиго. 10 лет спустя. — К.: София, 2009. — 384 с.

148 Мирошкина М. Интерпретация теории поколений в контексте российского образования // Ярославский педагогический вестник – 2017. - №6. – 143 с.

149 Бернс Р. Развитие Я-концепции. Монография. Пер. с англ. - М.: “Прогресс”. 1986. – 422 с.

150 К. Тутушкина Практическая психология: Учебник / Издательство «Дидактика Плюс», 2001. - 368 с.

151 Виноградов В.В. О теории художественной речи– М.: Высшая школа, 1971. – 240 с.

152 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис: пер. с англ. ред. и предисл. А.В.Толстых. 2-е изд. - М.: Флинта: МПСИ: Прогресс, 2006. – 352 с.

153 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998. – 224 б.

154 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1993. – 130 б.

155 Бабаев С.Б. Жалпы және тұлғалық психология. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: NURPRESS, 2013. – 352 б.

156 Айтенова Д., Мынбаева А.П., Белгибаева Г.А. ЖОО-да «Қазақ әдебиеті тарихы» курсының бойынша әдістемелік ұстанымдар // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы, Педагогика сериясы. №2, 2023. – 25-37 б.

157 Бердібай Р. Түбі бір түрікпіз.4-том. / Құраст. Д. Ысқақұлы. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2018.– 350 б.

158 Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Алматы:2009.– 400 б.

159 Строкова Т.А. Индивидуальная стратегия обучения: сущность и технология разработки // Образование и наука. 2005. - №4. - С. 17-26.

160 Тарханова И.Ю. Интерактивные стратегии организации образовательного процесса в вузе : учебное пособие. Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2012. - 67 с.

161 Павельева Н.В. Коллаборативное обучение как модель эффективной реализации образовательного процесса // Образование. Карьера. Общество. Кемерово, 2010. – № 3 (29). - С. 30–37.

162 Фрайсин Ж. Обучение в цифровых сетях: кооперативное обучение, коллаборативное обучение и педагогические инновации // Непрерывное образование XX I век. Петрозаводск: ПетрГУ, 2016. - № 4 (16). - С. 1–18.

163 Куликов А.В. Системы дистанционного коллаборативного обучения и некоторые аспекты технологии их разработки // Инновации и современные технологии в системе образования: материалы II Междуна-

родной научно-практической конференции 20–21 февраля 2012 г. Пенза–Ереван–Шадринск: Научно-издательский центр «Социосфера», 2012. - С. 105–107.

164 Асилова Ш.С. Влияние коллаборативной среды на познавательную активность учащихся // European research. 2016. - № 5 (16). - С. 87–88.

165 Қасымбек А., Дуйсебаева Р.М. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту ізденісі: Әдістемелік құрал. Алматы: 2020. – 40 б.

166 Фридман Л.М. Концепция личностно-ориентированного образования // Завуч. – 2000. - №8. – С.77-87.

167 Левитес Д.Г. Практика обучения: современные образовательные технологии. – М.: Изд-во: «Институт практической психологии»; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1998. – 288 с.

168 Taxonomy of Educational objectives. The classification Educational Coals/Ed. B.S.Bloom. Handbook I: Cognitive Domain. New York: Longmans, Creen and Co, 1956. – 207 p.

169 Беспалько В.Л. Слагаемые педагогической технологии – М.: Педагогика, 1989. - 192 с.

170 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. - 256 с.

171 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. - М.: Народное образование, 1996. - 160 с.

172 Жайтапова А.А. Центр педагогических исследований РИПК СО: интеграция науки с практикой. // Материалы научно-практического семинара-совещания ЦПИ «Интерактивные технологии обучения в учебно-воспитательном процессе: Поиск, решения, опыт». – Алматы, 2002. - С. 6-21.

173 Хасанұлы Б., Қасымбек А. т.б. Қазақ тілі: Әдістемелік құрал. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныптың мұғалімдеріне арналған.–2-бас.өнд. Астана: «Арман-ПВ», 2014. – 112 б.

174 Медетбекова Г.О., Даутбекова А.М. Инновационные технологии в процессе профессиональной подготовки будущих учителей Қазақ Білім Академиясының баяндамалары. Журнал Общественного объединения ученых и педагогов РК Казахской Академии Образования. Астана. 2011. - №2. – С.139

175 Айтенова Д., Базарбекова Н. Әдебиетті оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың педагогикалық аспектілері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы 2023. –№1(77). - Б. 133-139.

176 Мид Дж. От жеста к символу. В кн.: Американская социологическая мысль: Тексты. М.: МГУ, 1994. –216 с.

177 Двучичанская Н.Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций – М.: Наука и образование, 2011. – 213 с.

178 Қасымбек А.А. Дүйсебаева Р.М. Қазақ тілі: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Астана, 2010. – 116 б.

179 Айтенова Д., Ченгел Х.К., Турсуманова Ф.Ж., Исакулова М.М. Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы, Педагогика сериясы. 2023. - №1. – Б. 29-40.

180 Телицина Н.Н., Шена Й.Н. - Актуальные вопросы тюркологических исследований. К 180-летию кафедры тюркской филологии Санкт-Петербургского государственного университета СПбГУ, 2016. – 592 с.

181 Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. ...дисс. 13.00.02 – Алматы, 2008. – 290 б.

182 Қыраубаева А., Қасымбек А., Мәтбек Н.Қ. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 350 с.

183 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану. Оқу құралы. Алматы, 2013. – 448 б.

184 Қажиева Г.Т. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде мектептегі тәрбие жұмысы мазмұнын жаңарту жолдары. Әдістемелік нұсқаулық. Алматы: 2017. – 151 б.

185 Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 ақпандағы № 61 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 ақпанда № 18283 болып тіркелген. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010916> 24.04.2022ж.

186 Қасымбек А.А., Дүйсебаева Р.М. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту ізденісі: Әдістемелік құрал. _Өнд. эл.бас. Алматы: 2022. – 50 б.

187 Жеткізген Ж. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері. Әдістемелік құрал. Алматы. «Алматыкітап» ЖШС, 2006 – 40 б.

188 Еркінбекова М.А., Саметова Ф.Т. Конфликтология. Издательство «Қайнар»: Алматы, 2015. – С. 48-55.

ҚОСЫМША А

САУАЛНАМА №1

1. Пәнді оқыту барысында нені аса аса маңызды деп санайсың?

- А) пәнге қызығушылық;
- Ә) тақырыпты жете меңгеру;
- Б) сабаққа қатысу.

2. Пәнді оқытуда инновациялық технологияны қолдану несімен тиімді:

- А) инновациялық технологияларды біледі;
- Ә) сабаққа қатысу белсенділігін үстейді;
- Б) білім сапасын арттырады.

3. Сенің ойыңша оқу процесіндегі ең өнімді еңбек нәтижесі қай кезде бой көрсетеді?

- А) жеке ізденіс жұмысы барысында;
- Ә) шығармашыл топпен жұмыс барысында;
- Б) жұптастырылған жұмыстар орындау барысында.

4. Тапсырма таңдауда төмендегідей көрсеткіштердің қайсысы зор мүмкіндікке жол ашады?

- А) тапсырма тақырыбын өз қызығушылығымен таңдау;
- Ә) ізденіске негізделген күрделі тапсырманы таңдау;
- Б) тапсырманы біреудің кеңесімен таңдау.

5. Пәнді (ежелгі әдебиет) оқу барысында игерілген білімді қолдану өрісі туралы пікірің қандай?

- А) тек әдебиетке қатысты бағытта қолданылады;
- Ә) туындаған жағдаятқа қатысты кез келген ортада қолдануға болады;
- Б) ғылыми зерттеу бағытында ғана қалады.

САУАЛНАМА №2

Ежелгі әдебиетті оқу барысында қандай қасиеттер қалыптасады?

1. Материалды меңгеру арқылы:

- А) философиялық-танымдық көзқарасқа басымдық беру;
- Ә) тарихи құндылықтарды меңгеру;
- Б) талдау, ой қорыту, ойтұжырым жасау.

2. Сабақ барысындағы жұмыс пәнге, тақырыпты зерттеуге деген қызығушылықты тудырады деп ойлайсың ба?

А)

иә,

Ә) жоқ,

3. Қарахан дәуірі әдебиетін бөлек оқу керек деп ойлайсың ба және қандай екі себебін айтар едің?

САУАЛНАМА №3

1. Қарахан дәуірі әдебиетінің ерекшелігі неде деп ойлайсың?

2. Қарахан дәуірі әдебиеті бойынша алған біліміңіздің көлеміне қанағаттанасыз ба?

3. Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту қандай бағытта тиімді болар еді деп ойлайсыз?

САУАЛНАМА №4

1. Қандай инновациялық технологияларды білесіз? (Жазыңыз)

2. Білім игеруде нәтижелі болған қандай инновациялық технологияны атап көрсетер едіңіз? (Жазыңыз)

3. Пәнді оқытуда инновациялық технологияларды қолдануға қатысты қандай ескертулер, тілектер айтқыңыз келеді? (Жазыңыз)

САУАЛНАМА №5

Нұсқау: әрбір берілген пікірді байыптап оқыңыз. Тек Сіз оны дұрыс деп санағанда ғана «Иә», дұрыс емес деп санасаңыз «Жоқ» деп жазыңыз.

1. Инновациялық технология – сапалы білім көзі.
2. Инновациялық технология – тек техникаға қатысты ұғым.
3. Кейс стади тақырыпты жан-жақты меңгеруге ықпал етеді.

4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – жазу мен оқу арқылы шеберлікті ұштау.
5. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы – тұлғаны дамыту арнасы.
6. Технология тек шаблонмен жұмыс істеу деген сөз.
7. Технология – мұқият жоспарлау.
8. Инновациялық технологияны қолдану – пәнді қызықты әрі нәтижелі оқыту.
9. Пәнді оқытуда тиімді әдіс тәсілдерді қолдануды жоспарлау қажет емес.
10. Пәнді оқытуда шығармашыл орта құру арқылы зор жетістікке жетуге болады

ҚОСЫМША Ә

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ «Оқушылардың жеке тұлғасын зерттеу әдістемелері» (әдістемелер әртүрлі дерекнамалардан алынған)

Студенттің жеке тұлғасының ес процесін зерттеу «Оқушылардың жеке тұлғасын зерттеу әдістемелері»

I. Естің түрлерін зерттеу техникасы

Жүргізілу тәртібі:

